

С.Б. Стамбулов

**ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ
ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК**

Монография

Қарағанды
2018

ӘОЖ 327.7
КБЖ 66.4(0)3
С76

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік
университетінің Ғылыми кеңесімен ұсынылған*

Сын пікір бергендер

С.Б. Кожирова, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының профессоры, саясаттану ғыл. д-ры;

Л.К. Шотбақова, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың Археология, этнология және отан тарихы кафедрасының доценті, тарих ғыл. канд.

Стамбулов С.Б.

С76 Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы және аймақтық қауіпсіздік: монография / С.Б. Стамбулов. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2018. — 217 бет.

ISBN 978-9965-07-787-6

Монографияда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздік мәселелері қарастырылады. Автор ШЫҰ құрылу кезеңінен бастап қазіргі уақыт аралығындағы ұйымның аймақтық қауіпсіздік саясатының қалыптасуы мен дамуын зерттейді. ШЫҰ-ның аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі қызметінің негізгі бағыттарына, Ұйымның негізгі құжаттарына талдау жасайды. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің мәселелеріне сарапталып, ШЫҰ-ғы Қазақстанның бастамалары мен атқаратын рөлі зерттеледі.

Студенттер, магистранттар және оқытушыларға, аймақтық және ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне қызығушылық танытатын оқырмандарға арналған.

ӘОЖ 327.7
КБЖ 66.4(0)3

ISBN 978-9965-07-787-6

© Стамбулов С.Б., 2018

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ	4
КІРІСПЕ.....	6
1 ҚАУІПСІЗДІКТІҢ АЙМАҚТЫҚ КЕШЕНІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ.....	27
1.1 «Қауіпсіздік» түсінігінің теориялық аспекті: зерттеудің негізгі мектептері мен қазіргі заманғы тенденциялары	27
1.2 Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы: мәні мен маңыздылығы	59
2 ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫНЫҢ ДАМУЫ (1996–2017 жж.).....	84
2.1 Шанхай ынтымақтастық ұйымының аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясатының дәстүрлі тәсілі (1996–2001 жж.)	84
2.2 «Шанхай үрдісі» үлгісіндегі қауіпсіздіктің жаңа механизмінің қалыптасуы (2001–2006 жж.)	92
2.3 Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі ынтымақтастықтың антитеррористік векторының тәжірибелік нәтижелері.....	100
2.4 Human security контекстіндегі Шанхай ынтымақтастық ұйымының аймақтық қауіпсіздік саясатының кеңеюі (әлеуметтік–гуманитарлық және экологиялық қауіпсіздік мысалында).....	114
2.5 Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық: жетістіктері мен мәселелері.....	131
3 ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ ЖҮЙЕСİNДЕГІ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ КЕШЕНІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	147
3.1 Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің қалыптасуы	147
3.2 Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің мәселелері және Шанхай ынтымақтастық ұйымының рөлі	158
ҚОРЫТЫНДЫ.....	186
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	191

*Ата-анам -
Стамбулов Бердібай Жаналыұлына,
Джолдыбаева Тұрсын Джолдыбайқызына
арнаймын*

АЛҒЫ СӨЗ

Оқырманның назарына ұсынылып отырған монографияда PhD диссертациясын қорғаумен аяқталған ғылыми ізденістердің нәтижелері мен қорытындылары берілген. Автор отандық тарихнамадағы өзекті мәселелердің бірін - Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздік, сонымен қатар Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мәселелерін зерттейді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздікті зерттеу қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясын қамтитын структуралистік және постструктуралистік методологияға негізделді.

Монографияның географиялық шеңбері тұрақты мүшелері – Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан мемлекеттері және 2017ж. ШЫҰ Астана Саммитінде мүше мәртебесіне ие болған Үндістан мен Пәкістан кіретін Шанхай ынтымақтастық ұйымымен анықталып, Орталық Азия аймағына, Еуразия кеңістігіне қатысты қауіпсіздік мәселелермен байланыстырыла зерттелді.

Еуразияның орталығында орналасқан көпұлтты және көп конфессионалды мемлекет бола отырып, Қазақстан Республикасы халықаралық құқықтың жалпыға танымал принциптеріне, соның ішінде мемлекеттердің теңдігі, территориялық тұтастығы, халықаралық қатынастарда күш қолданбау, мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау, халықаралық даулар мен шиеленістерді бейбіт жолмен шешу принциптеріне негізделген тату-көрші, қауіпсіздік пен тұрақтылық зонасын құруға қызығушылық танытады.

Мұндай қызығушылықтың нәтижесі Қазақстан Республикасының жаһандық деңгейдегі (Біріккен Ұлттар Ұйымы), сонымен қатар аймақтық деңгейдегі (Ұжымдық Қауіпсіздік Келісім Ұйымы (ҰҚКҰ), Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы (ЕҚЫҰ), Азиядағы Өзара Сенім Шаралары жөніндегі Кеңес (АӨСШК), Шанхай Ынтымақтастық

Ұйымы (ШЫҰ) халықаралық қауіпсіздік пен ынтымақтастық жүйесін құруға бағытталған сыртқы саяси бағыты бола алады. Қазақстан Республикасы АӨСШК құрудың инициаторы және ҰҚКҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ-ның белсенді мүшесі болып табылады.

Жоғарыда аталған ұйымдардың әрқайсысы өзіндік ерекшелікке ие және олардың әрқайсысы терең зерттеу мен арнайы ғылыми еңбектерді қажет етеді. Осыған тұрғыдан алғанда, аталған монографияда Қазақстан Республикасының сыртқы саяси бағытында маңызды орын алатын және құрамына халықаралық қатынастардың негізгі қатысушылары - Қытай мен Ресей кіретін ШЫҰ шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздік мәселелерін зерттеу үлкен қызығушылық тудырады.

Сондықтан, автор ШЫҰ қауіпсіздік саясатының нормативтік және институционалдық негізінің қалыптасуын, 1996–2001 жж. «Шанхай форумының» құжаттарын талдаудың және бұрынғы КСРО мемлекеттері мен Қытай арасындағы территориялық межелеу үрдісін зерттеудің негізінде «Шанхай бестігінің» қауіпсіздік саясатының дәстүрлі құрамдас бөлігін айқындап, 2001–2018 жж. аралығындағы аймақтағы объективті өзгерістердің көрінісіне айналған ШЫҰ-ның қауіпсіздік саясаты, террористік қауіп–қатермен күресуге бағытталған ШЫҰ саясатының негізгі кезеңдері зерттеледі. Автор монографияның негізіне алынған PhD диссертация жұмысын қорғау барысында ақыл-кеңестері мен қолдау танытқандары үшін профессор Бейсенбекова Нұрсахан Ахметовнаға, доцент Шотбакова Ляззат Касымовнаға, доцент Смагулова Гульнара Муратбековнаға, профессор Батурина Людмила Леонидовнаға, доцент Досова Бибигуль Аралбаевнаға және доцент Тулеуова Бахытгуль Тулеубаевна мен Жармагамбетова Светлана Адельевна бастаған Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың Бүкіл әлем тарихы және халықаралық қатынастар кафедрасының ұжымына үлкен алғысын білдіреді.

Сонымен, автор материалдарды жинақтау, PhD диссертацияны жазу және қорғау барысында моральдық, материалдық көмек көрсеткендері үшін туған-туысқандарына алғыс айтады.

КІРІСПЕ

Қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар жүйесінің өзгеруі ХХ ғ. аяғы – ХХІ ғ. басында кең тараған аймақтандыру үрдісімен тығыз байланысты. Аталған үрдістердің шеңберінде қазіргі әлемдік саясаттың объекті және субъекті ролін атқара бастаған және халықаралық қатынастар жүйесінде халықаралық жүйенің жаһандық деңгейі мен ұлттық мемлекет деңгейі арасындағы «орта» деңгейді иеленген жаңа акторлар – аймақтар халықаралық аренадағы маңызды орынға ие.

Сондықтан, халықаралық қатынастарды зерттеудің ерекше объектісі ретінде қауіпсіздіктің аймақтық құрылымына деген қызығушылық алдымен «қырғи–қабак» соғыстан кейінгі халықаралық қатынастар жүйесінің аймақтандыру сипатына ие болуымен анықталды. Аймақтық деңгейдегі негізгі шешімдерді қабылдаудағы аймақ дербестігінің қалыптасуы және жаһандық деңгейдегі шиеленушіліктің төмендеуі ұлттық/аймақтық деңгейлердегі аймақтық қауіпсіздік жүйесінің қалыптасу мәселелерін өзекті етті.

Орталық Азия аймағы халықаралық қатынастар жүйесінде тұрақты негізгі орынға ие. Қазіргі уақыттағы басқа аймақтардағы (Шығыс Азия, Таяу Шығыс және Украина) оқиғалар әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарындағы басты тақырыпқа айналуына қарамастан Орталық Азияның маңыздылығы төмендеген жоқ. Керісінше, негізгі аймақтық державалар – Ресей мен Қытай үшін бұл аймақтың ролі мен маңыздылығы бұрынғыдан да ұлғая түсуде. Географиялық тұрғыдан маңызды стратегиялық жағдай мен айтарлықтай ресурстық қуатқа ие болған Орталық Азия аймағы тек қана аймақтық емес, сонымен бірге географиялық жағынан жекелеген басқа аймақтардың (АҚШ, ЕО) геосаяси қызығушылықтары ұштасатын аренаға айналды.

Сонымен бірге Орталық Азия аймағы көптеген қауіп–қатерлер мен шиеленістердің қайнар көзі болып отыр және бұл аймақтың таяу арадағы тұрақсыздық қуаты өсуі мүмкін. Әрине, бұған ішкі жағдайлар мен сыртқы факторлар (Ауғаныстан, «ұлы державалардың» аймақтық бәсекелестігі т.б.) ықпал етеді. Халықаралық қатынастардағы экономикалық және экологиялық

мәселелердің күн тәртібі, трансұлттық қылмыс мәселелеріне деген алаңдаушылықтың өсуі «қауіпсіздік» түсінігінің кеңеюіне алып келді. Егер, 1998 ж. дейін Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселесі тек қана аймақ мемлекеттерін сыртқы қауіп–қатерден (қауіпсіздіктің әскери қауіп–қатері ретінде Тәжікстан мен Ауғанстандағы шиеленістер қарастырылды) қорғауды қамтамасыз ету ретінде түсіндірілсе, XX ғ. аяғында өзара әрекеттестік пен өзара байланыста қалыптасқан «халықаралық қауіпсіздіктің жаңа өлшемдері» (жаппай қырып–жоятын қару–жарактың таралуы, миграция, демографиялық мәселелер, есірткі заттар, заңсыз қару–жарак сату, трансұлттық сипаттағы ұйымдасқан қылмыс, діни экстремизм, терроризм) бірінші орынға қойылды.

Орталық Азияның жаңа тәуелсіз мемлекеттерінің құрылуы және олардың арасындағы аймақтық деңгейдегі өзара байланыс тәуелсіздік пен егемендікті сақтау, саяси құрылыс үрдістерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету, экономиканы реформалау, қауіпсіздіктің ұлттық және ұжымдық жүйесін құру сияқты ұлттық және аймақтық қауіпсіздік мәселелерінің өзекті болуымен қатар жүрді. Сондықтан, Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздікті күрделелендіретін және қауіп–қатер төндіретін мәселелер кешенінің бар болуының өзі зерттеу тақырыбының маңыздылығы мен өзектілігін айқындай түседі.

Аталған жаңа қауіп–қатерлердің ықпалының арқасында халықаралық қауіпсіздіктің құрылымы өзгеріске ұшырады. Әлемдік қауымдастықтың өмірінде және жаһандық қауіпсіздік күн тәртібінің қалыптасуында халықаралық институттардың рөлі артты. Қазіргі уақытта Орталық Азия аймағында мамандандырылған аймақтық немесе субаймақтық ұйымдар түріндегі бірқатар жобалар қалыптасты. Солардың ішінде барлық аймақтық бастамаларда Орталық Азиядағы «жаңа түрдегі» халықаралық қауіпсіздіктің маңызды тізбегі болуға қабілеті бар Шанхай ынтымақтастық ұйымы ерекше орынға ие. Осы тұрғыдан алғанда аймақтық қауіпсіздік мәселелерін қайта ұғынудағы халықаралық ұйымдардың қосқан үлесін зерттеудің өзі ШЫҰ мүше–мемлекеттердің қауіпсіз және тұрақты дамуды қамтамасыз

етудің жаңа механизмдерін анықтауға мүмкіндік беріп, зерттеу тақырыбының маңыздылығын білдіреді.

XXI ғ. басында мемлекеттер өздерінің қауіпсіздігін нығайтуға және экономикалық ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік алатын халықаралық ұйымдардың маңыздылығы артты. Осыған байланысты, ШЫҰ қазіргі Еуразияның жетекші аймақтық ұйымы ретінде зерттеудің өзекті объектісі бола алады және қауіпсіздік, сонымен бірге экстремизм, сепаратизм, терроризмге қарсы тойтарыс беру салалары бойынша мемлекетаралық байланыстарды ұғынуға мүмкіндік береді.

Сондықтан, зерттеу тақырыбының өзектілігі 1996 ж. бастап қазіргі уақытқа дейінгі ШЫҰ–ның қалыптасу тарихы мен дамуын толықтай қарастыру арқылы оқиғаларды талдап, таяу арадағы болашағын болжауға сүйене отырып, ШЫҰ аймақтық қауіпсіздіктің кешені ретінде зерттеуменен дәлелденеді. Сонымен бірге, ШЫҰ мүше–мемлекеттер үшін қауіпсіздіктің социетальды секторы, әсіресе жеке тұлғалық өлшемі (жеке тұлға қауіпсіздігі) өте маңызды болды. Қауіпсіздіктің геосаяси және тарихи талдауы – жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігі тезисінен бастау алады және мемлекеттік саясаттың тиімділігін бағалаудың жалғыз өлшемі болып саналады.

ШЫҰ шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздіктің кешенін зерттеу Қазақстан Республикасы үшін де өте маңызды. Өзімізге белгілі, Қазақстан Республикасының сыртқы саясатының принциптерінің бірі – қауіпсіздіктің бөлінбейтін принципі болып саналады. Бұл қауіпсіздікке қатысты барлық мәселелер кешенді түрде шешімін табу керектігін білдіреді, яғни, біз ұлттық қауіпсіздікті аймақтық және жаһандық қауіпсіздіктен ажырата алмаймыз және бұл әлемнің тұтастығымен, интеграцияның өз субъектілерінің дамуының басты бағытына айналуымен және қауіпсіздіктің барлық мәселелері бір–бірмен тығыз байланысты болуымен түсіндіріледі. ШЫҰ Қазақстанға «қауіпсіздіктің контурын» құруға, өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында дәстүрлі және дәстүрлі емес қауіп–қатерлерге ұжымдық тойтарыс беруді нығайтуға мүмкіндік берді, гуманитарлық байланыстарды нығайтудың қосымша мүмкіндіктерін құрды. Ал ұйымның шеңберінде Қытаймен

ынтымақтастық экономикалық ұтқырлық пен жалпы динамизм береді. Сонымен бірге, 2017 ж. 10 маусымда Астанада өткен ШЫҰ мемлекет басшыларының Саммиті нәтижесінде ШЫҰ-ға Үндістан мен Пәкістанды мүше етіп қабылдау шешімі, 2018 ж. 10 маусымда Циндаода өткен ШЫҰ Саммитіне Үндістан мен Пәкістанның мүше ретінде қатысуын ескерсек, ШЫҰ-ның 16 жыл бойы қалыптасып дамыған қауіпсіздік саясатын зерттеу қызығушылық танытады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев постсоциалистік мемлекеттер жетекшілерінің ішінде алғашқы болып бейбітшілікті сақтау және аймақтық/халықаралық қауіпсіздікті нығайтуды басты міндет деп санады. Бұған ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың өз еңбектерінде [1–2] және БҰҰ БА 47–ші сессиясындағы сөйлеген сөздерінде [3] көрсетіп берген идеялары мен тәжірибелік ұсыныстары дәлел бола алады. Оның пікірінше, бір мемлекеттің қауіпсіздігі екінші мемлекеттің қауіпсіздігіне, сонымен бірге аймақтық, жаһандық қауіпсіздікке нұқсан келтірмеуі тиіс және қазіргі заманның қауіп–қатерлерінен барлық мемлекеттер тең дәрежеде қорғалуы қажет.

Сонымен бірге, ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Қазақстан–2030 Стратегиясы»– ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасында «Мемлекеттің тұрақты дамуы барысындағы қажетті шарттардың бірі ұлттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және мемлекеттілікті сақтау екендігін адамзат өркениетінің даму тәжірибесі көрсетіп берді» [4] деп атап өтсе, «Қазақстан–2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Қазіргі уақытта адамзат жаңа қауіп–қатерлермен бетпе–бет келуде. Егер біз өз дамуымызда жаңа табыстарға одан әрі қол жеткізуді жоспарлайтын болсақ, олардың әрқайсысын міндетті түрде ескеруге тиіспіз»,– деп [5] Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығын атап өтіп, қылмысқа қарсы күресті, терроризм мен экстремизмге қарсы әрекет етуді жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударды.

Бірақ, қазіргі әлемде орын алып отырған ахуал мен ішкі мемлекеттік жағдайлар Қазақстанның қауіпсіздік мәселелеріне басқаша қарауға міндеттейді. Ұлттық қауіпсіздік мәселелері сыртқы саясат, қорғаныс, саяси тұрақтылық сұрақтары, әлеуметтік экономикалық дағдарысты құбылыстар, экологиялық және техногенді апаттар, мемлекет ішіндегі және жақын шетелдегі әлеуметтік, демографиялық, этникааралық мәселелер, қылмыс деңгейінің өсуі, есірткі саудасының ұлғаюы сияқты жаңа қауіп-қатерлермен қиындай түсті деуге болады. Осының нәтижесінде 1998 жылы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңының орнына 2012 жылы 6 қаңтарда «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік туралы» жаңа Заңы қабылданды. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің мәселелері Қазақстанның ШЫҰ-ның шеңберіндегі ынтымақтастық жағдайымен тығыз байланысты. Аймақтық қарым-қатынардың дамуы және ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің арасындағы өзара байланыс жаңа қауіп-қатерлерге тойтарыс берудің арнасында жатыр және Қазақстанның қауіпсіздіктің халықаралық және аймақтық құрылымдарындағы (ШЫҰ) өзара әрекеттестігі оның сыртқы саясатының маңызды бағыты мен ұлттық қауіпсіздігінің факторы болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты. ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздіктің аймақтық кешенін зерттеу, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің факторларын анықтау болды.

Зерттеу жұмысының мақсатына қол жеткізу үшін алға төмендегі міндеттерді шешу қойылды:

– аймақтық қауіпсіздікті зерттеудің теориялық-әдіснамалық мәселелеріне, негізгі мектептері мен қазіргі заманғы тенденцияларына талдау жасау;

– Шанхай ынтымақтастық ұйымының аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясатының дәстүрлі тәсілін зерттеу (1996–2001 жж.);

– «Шанхай үрдісі» үлгісіндегі қауіпсіздіктің жаңа механизмінің қалыптасуын сараптау (2001–2006 жж.);

– Шанхай ынтымақтастық ұйымы қызметіндегі ынтымақтастықтың антитеррористік векторының тәжірибелік нәтижелерін зерттеу (2001–2018 жж.);

– Human security контекстіндегі Шанхай ынтымақтастық ұйымының аймақтық қауіпсіздік саясатының кенеюін (әлеуметтік–гуманитарлық және экологиялық, экономикалық қауіпсіздік мысалында) қарастыру;

– Қауіпсіздіктің аймақтық кешені түсінігін анықтап, оның Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі қалыптасқанын көрсету;

– Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мәселелерін, ондағы ШЫҰ-ның рөлін қарастыру.

Зерттеу жұмысының нысанына ШЫҰ шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздіктің кешені алынды.

Зерттеу жұмысының пәніне қауіпсіздікті қамтамасыз етудің аймақтық және ұлттық деңгейлерінің қалыптасу мен даму үрдісі жатады.

Зерттеу жұмысының методологиялық және теориялық негізін структурализм және постструктурализм шеңберіндегі тәсілдер мен тұжырымдамалар құрады. Мұның негізінде ШЫҰ шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздік кешенінің қалыптасуы мен дамуы зерттелді.

О. Вэвер (O. Wæver), Б. Бузан (B. Buzan), Дж. де Вайлд (J. de Wilde) [6], И. Ньюманн (I. Neumann) [7] секьюритизация/десекьюритизация концепциясына сәйкес қауіпсіздік сөйлеу актісі ретінде әлеуметтік өзара әрекеттестіктің ерекше алаңын (қауіпсіздік алаңы) болжайтын, құрылымы мен кодтар жиынтығы (ережелер) бар дискурсивті үрдіс болып саналады. Осының негізінде секьюритизация түсінігі – «саяси қауымдастықта субъектаралық түсінік пен кез–келген бір нәрсеге құнды рефенентті объектіге экзистенционалды қауіп–қатер ретінде қараудың құрылымдалатын және қауіп–қатерді жоюға бағытталған жедел және ерекше шараларды қолдануға мүмкіндік беретін дискурсивті үрдіс [8]. – секьюритизация түсінігі енгізіледі [9]

Халықаралық қатынастардың деңгейлік талдауы алғашқыда М. Каплан (M. Kaplan) [10], К. Уолц (K. Waltz) [11] және

Д. Сингердің (D. Singer) [12; 13]. еңбектерінде өңделген. 1960 ж. бастап талдаудың деңгейі жөніндегі пікір–таластар халықаралық қатынастар теориясының көпшілігінде, осының ішінде қауіпсіздікті – қауіпсіздіктің ұнамды референтті объектілері (жеке тұлға немесе мемлекет) жөніндегі сұрақ арқылы, немесе шиеленістердің себептерін (жүйелік құрылым, мемлекеттің табиғаты немесе жеке тұлғаның табиғаты) жөніндегі сұрақ арқылы зерттеу барысында қалыптасты. Сонымен бірге, ережеге сәйкес деңгей деп аздан көпке қарай кеңістік көлемінің ауқымы арқылы анықталатын талдаудың объектілері түсіндіріледі. Ережеге сай, келесі бес деңгей бөлініп көрсетіледі [6, p.5–6]: халықаралық жүйе; халықаралық ішкі жүйе; бірліктер; суббірліктер; жеке тұлға.

Халықаралық қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, зерттеу жұмысының көлемінде біз үшін территориялық жағынан байланыстырылған (аймақтар немесе аймақтық кешендер) халықаралық ішкі жүйе деңгейі қызығушылық танытады.

Б. Бузан мен О. Вэвердің қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясының негізгі түсінігі – қауіпсіздік мәселесі бір–бірінен жеке шешілмейтін немесе талданбайтын секьюритизация, десекуритизация үрдістері бір–бірімен тығыз байланысты халықаралық қатынастар бірліктерінің (мемлекеттерінің) жиынтығын білдіретін «қауіпсіздіктің аймақтық кешені» болып табылады. [6, p. 204].

Қауіпсіздік секторларының концепциясы талдаудың мақсаты және жекелеген–құрылымдардың өзара байланысын анықтау үшін тұтастықты (қауіпсіздік концепті) бөлуге бағытталған. Мұның міндеті – зерттеуді жүйелеу және қарастырылатын мәселелерді қысқарту арқылы жеңілдету болып табылады. Сондықтан, зерттеу жұмысында қауіпсіздіктің секторларын (әскери, саяси, экономикалық, социетальды, инвайроменталды) қарастыру әдістері қолданылды. Бұл концепция Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мәселелерін секторларға бөліп талдауға мүмкіндік берді.

Сонымен бірге, зерттеу барысында аймақтық және ұлттық қауіпсіздіктің өлшемдерінің күрделілігін, құрылымдық және функционалдық компоненттерін ескере отырып, ғылыми

мәліметтерді өңдеу, талдау және сипаттау үшін әртүрлі әдістер қолданылды. Теориялық таным әдістерінің ішінен диалектикалық, жүйелілік, сонымен бірге ШЫҰ мүше-мемлекеттеріндегі қауіпсіздікке байланысты жинақталған деректер мен материалдарды зерттеу жұмысында қолдану үшін формализация әдістерін де пайдаландық. Бұл әдістер саяси регионалистикада қолданып, олар аймақтық саяси үрдістердің қарама-қайшылығын, аймақтық және ұлттық саяси өмір компоненттерінің өзара байланысын ескере отырып, аймақтағы саяси шындық құбылыстарын қарастыруға мүмкіндік береді. Формализация әдісі аймақтық ортадағы саяси үрдістер мен құбылыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын ажырату үшін бір-бірімен салыстыруға мүмкіндік берді. Эмпирикалық таным әдістері нақты аймақтық саяси құбылыстар мен үрдістер немесе нақты бір мемлекеттің саяси үрдістері мен құбылыстары жөніндегі жаңа білім алудың құралы болды. Зерттеу барысында жүйелік әдісі кеңнен қолданылды. Сонымен қатар, қоғам мен мемлекеттегі үрдістерді, олардың даму тенденцияларын, әртүрлі субъективті және объективті факторлардың рөлін жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берген жүйелеу әдісін қолдандық.

Осымен қатар, зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық негізін объективтіліктің, тарихи ұстанымның жалпы ғылыми принциптері құрады. Бұл қазіргі кезеңдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық үрдістердің ШЫҰ саясатына ықпал етуін қарастыруға, ұйымның дамуының заңдылықтарын және оның қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған тәсілдерінің эволюциясын ашып көрсетуге мүмкіндік берді. Мысалы, ШЫҰ-ның халықаралық қатынастардағы алып отырған орнын, қауіпсіздік саясатының бағыттарын көрсетуде объективтілік принципін пайдаландық. Ол негізінен зерттеу тақырыбына байланысты деректерді және тарихи құбылыстарды барлық қайшылықтарымен, күрделіліктерімен, сан қырлылықтарымен қоса жан-жақты зерттеуге негіз болды. Мемлекетаралық қатынастарды зерттеуде негізінен деректік сипаттағы мемлекет және үкімет басшыларының, мемлекет қайраткерлерінің сөздерін, саяси мәні бар баяндамаларын, түрлі кездесу кездерінде берген сұхбаттардың, сондай-ақ келісім-

шарттардың мазмұндарын саралауда контент–анализ әдісі қолданылды. Контент–анализ жүргізу әдісі К. Боришполецтің [14] ұсынған ержелері негізінде өңделді.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері 1996-2017 жж., яғни ШЫҰ–ның құрылуы кезеңінен бастап қазіргі уақыт аралығын қамтиды, бірақ бірқатар мәселелерді талдау мен түсіндіру үшін хронологиялық шеңберден тыс оқиғалар мен үрдістерді қарастыру қажет болды.

Зерттеу жұмысының деректік негізі. Алға қойған міндеттерді шешу үшін деректердің келесі бірнеше топтарын бөліп қарастырдық:

- 1) Заң актілері;
- 2) ШЫҰ мүше–мемлекеттері үкіметінің құжаттары;
- 3) бағдарламалық және доктриналық сипаттағы мемлекеттік құжаттар;
- 4) ШЫҰ құжаттары;
- 5) Мемлекеттік және саяси қайраткерлердің сөйлеген сөздері, арыздары, жолдауы, берген сұхбаттары;
- 6) Статистикалық мәліметтер;

Деректердің бірінші тобын Конституция, заңдар, заңдық күші бар Президенттің жарлықтарынан тұратын ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің заңнамалық құжаттары құрады. Ұйымға мүше–мемлекеттердің Конституциясында және 2014 ж. ҚР сыртқы саясат концепциясында мемлекеттің сыртқы саясаты мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізін анықтайтын басты ұстанымдар мен ережелері көрсетілген [15–17].

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің механизмдері мен принциптері, қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы азаматтардың, лауазымды тұлғалардың, институттар қызметінің міндеттері мен функцияларының регламенті ұлттық қауіпсіздік жөніндегі Заңында және Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Заңдарында да анықталады [18–21].

Деректердің екінші тобын ШЫҰ мүше–мемлекеттер үкіметінің нормативтік–құқықтық сипаттағы құжаттары құрады. Үкімет қаулысы қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Заң

немесе Президент Жарлығын іске асыру шараларының нақты бағдарламаларын көрсетеді [22].

Сонымен бірге, деректердің бұл тобына үкімет деңгейіндегі немесе жекелеген министрліктер арасындағы қол қойылған Келісімдер жатады. Мұндай келісімдер есірткі заттарының заңсыз таралуына қарсы күресу т.б. шенберіндегі ШЫҰ мүше-мемлекеттердің ынтымақтастығының әртүрлі аспектілері мен бағыттарын реттейді [23–25].

Деректердің үшінші тобын бағдарламалық және доктриналық сипаттағы құжаттар, соның ішінде, қазіргі заманның қауіп-қатерлеріне тойтарыс беруді қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің 2012–2016 жж. арналған Стратегиясы [26], Қазақстан Республикасының әскери доктриналары [27–29] құрады. Аталған құжаттарда жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мемлекеттің ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғану саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары көрсетілген.

Деректердің төртінші тобын ШЫҰ құжаттары құрады. ШЫҰ Хартиясында [30] ұйым қызметінің бағыттары, мүше-мемлекеттердің арасындағы өзара байланыс принциптері көрсетілген. ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің жыл сайын қабылдайтын Декларациялары [31–36] және көп жақты Келісімдер [37–40] ШЫҰ Хартиясының ережелерін кеңейтеді. Антитеррористік конвенциялар [41–42] ШЫҰ-ның әдістерін реттейді және бұл құжаттарда терроризм, сепаратизм және экстремизм сияқты түсініктердің теориялық негізі беріледі. ШЫҰ мүше-мемлекеттердің арасындағы дипломатиялық үрдістердің барысында қабылданған екі жақты және көп жақты Келісімдер аймақтағы қауіпсіздік саясатының ерекшеліктерін, қауіпсіздіктің аймақтық жүйесін құру үрдісіндегі мүше-мемлекеттердің ұстанымдарын анықтауға көмегін тигізді. ШЫҰ мүше-мемлекеттердің территориялық межелеу жөніндегі Келісімдері [43–45] ШЫҰ-ның қалыптасуының бастапқы кезеңіндегі қауіпсіздік саясатының тәжірибелік жетістіктерін бағалауға мүмкіндік берді.

Деректердің бесінші тобына мемлекет және саяси тұлғалардың халықаралық форумдарда, ұйым шеңберінде кездесу барысында, самиттерде сөйлеген сөздері, берген сұхбаттары жатады. Мемлекеттік даму стратегиясы Президенттің жыл сайынғы сөйлеген сөздері шеңберінде айтылады. Онда міндетті түрде мемлекеттің даму мәселелері, әлеуметтік–экономикалық және саяси құрылысының бағыттары, ұлттық қауіпсіздік мәселелері көрсетіледі. Бұл деректердің қатарына Қазақстан Республикасының Президентінің жыл сайынғы халыққа Жолдауын жатқызуға болады [46–49].

Ресми тұлғалардың сөздері мен сұхбаттары ШЫҰ–ның жүзеге асырып жатқан бастамалары мен механизмдерінің тиімділігі жөнінде қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Бұл контекстінде ресми тұлғалар мен ШЫҰ бас хатшыларының сөйлеген сөздері мен берген сұхбаттары маңызды болып саналады [50–57].

Деректердің алтыншы тобын мемлекеттік және әскери құрылыс мәселелері, демографиялық және миграция мәселелері, әлеуметтік–экономикалық даму жөнінде айтарлықтай мәлімет беретін статистикалық мәліметтер құрайды [58–60]. Статистикалық мәліметтер ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің дамуының салыстырмалы талдауын жасауға мүмкіндік берді.

Зерттеу тақырыбының зерттелу деңгейі. ШЫҰ аймағы және оның айналасындағы ұлттық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері шетел және отандық тарихнамада кеңінен қарастырылған. Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттерінің қалыптасуы мен дамуы кезеңінде аймақтық және ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне арналған зерттеу жұмыстарының саны көп. Сондықтан, зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттеріне сәйкес олар бір жүйеге келтірілді. Сонымен, зерттеу тақырыбының тарихнамасы елдік және мәселелі–хронологиялық принциптер бойынша топтастырылды.

Шетел тарихнамасы. 1990 ж. посткеңестік Орталық Азия және оның ішіндегі болып жатқан үрдістер шетел зерттеушілерінің зерттеу объектісіне айналады. Посткеңестік кеңістіктегі Орталық Азияға арналған алғашқы еңбектер Ш. Акинер (S. Akiner) [61], А. Дани (A. Dani) [62] Г. Глисон

(G. Gleason) [63] сияқты авторларға тән. Орталық Азия мемлекеттерінің өзіндік дамуының бастапқы кезеңдерін талдауға және бұл мемлекеттердің эволюциясын болжауға талпыныс жасалған Г. Фуллердің (G. Fuller) еңбегін атап көрсетуге болады. [64]. 1990 ж. басында Дж. Кричлоу (J. Critchlow) [65], Ф. Джиллет (Ph. Gillet) [66] сияқты батыс зерттеушілері Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саясатының қалыптасуындағы этникалық фактордың маңыздылығын атап көрсетеді. Мемлекеттік құрылыс үрдісіндегі этникалық фактордың маңыздылығы 1990 ж. екінші жартысында басылып шығарылған еңбектерде де орын алады [67]. Сонымен бірге, Орталық Азия мемлекеттеріндегі зайырлы тәртібіне және әлемдік қауымдастық үшін әлеуметтік қауіп-қатер ретінде діни фактор өзекті бола бастайды, бұл (Р. Барыльский (R. Barylski) [68] Д. Пайпс (D. Pipes) [69], Дж. Кричлоу (J. Critchlow) [70] еңбектерінде қарастырылады. 1994 ж. Батыста Орталық Азиядағы ұлттық және аймақтық қауіпсіздікті анықтайтын факторлардың спектрлерін жүйелі түрде қарастыратын кешенді сипаттағы зерттеу жұмыстары пайда бола бастайды. Олардың ішінен Р. Даннройтердің (R. Dannreuther) еңбегін атауға болады [71].

Зерттеушілердің бірқатары аймақ елдерінің әлеуметтік-мәдени және саяси дамуының мәселелерін, олардың қауіпсіздік саласындағы үрдістерге ықпалын қарастырады. Орталық Азиядағы ұқсастылықтың қалыптасу мәселелерін О. Рой (O. Roy)[72] зерттейді.

Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелерін зерттеген көптеген авторлар қауіпсіздіктің жекелеген аспектілеріне назар аударады. Соның ішінде радикалдық ислам тақырыбы кеңінен тараған, А. Рашид (A. Rashid) [73] Тәжікстандағы азамат соғысына, исламдық қайта өрлеу партиясы, Өзбекстан ислам қозғалысы, Хезб ут–Тахрир сияқты діни ұйымдардың қызметіне талдау жасайды.

1990 ж. ортасында ғылыми-талдау әдебиеттерінде «жаңа Үлкен ойын» түсінігін қолдану басталады. Бұл түсінікпен байланысы бар концепция көрші аймақ елдерінің аймақтарға ықпал ету үшін бәсекелестігімен байланысты шиеленістердің пайда болу мүмкіндігін көрсетті. Мысалы, Х. Пиемани

(H. Peimani) [74] аймаққа іргелес ірі ойыншылардың ықпал ету мүмкіндігін ескере отырып, Орталық Азия аймағындағы қауіпсіздік саласындағы жағдайларға талдау жасайды. Неміс зерттеушісі Б. Хойер (B. Heuer) [75] қауіпсіздік саласындағы аймақтық саясатқа ықпал етуге қаблеті бар ішкі күштердің, сонымен қатар Орталық Азиядағы жағдайды талдайды.

Сонымен бірге, зерттеушілердің қызығушылық саласына Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы мемлекетаралық қатынастар ене бастайды. Мемлекетаралық бәсекелестікке – аймақта жетекшілік үшін Қазақстан мен Өзбекстанның бәсекелестігі, немесе аймақтың «интеграциялық қуаты» мәселелеріне назар аударылады [76]. Либерализация мен демократизация үрдістері сияқты ішкі саяси үрдістерге көңіл бөлінеді [77–78].

Батыс тарихнамасында Орталық Азиядағы қауіпсіздіктің әскери секторы кеңінен орын алады. Посткеңестік кеңістіктегі әскери құрылыс тенденцияларын алғашқылардың бірі болып зерттеген Р. Барыльский (R. Barylski) [79] және Р. Аллисон (R. Allison) [80–81] болды. Қауіпсіздіктің әскери секторы одан әрі Р. МакДермотт (R. McDermott) [82–83], У. Омалей (W. O'Malley) [84] және Р. Гирагосян (R. Giragosian) [85] сияқты зерттеушілердің жұмыстарында қарастырылады.

Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселесіне арналған батыс зерттеулерінің көпшілігі 1990 ж. геосаяси тәсіл тұрғысынан жүргізілді. Мұның толық күйінде іске асырылуының нәтижесі З. Бжезинскийдің (Z. Brzezinski) «Великая шахматная доска» [86] атты еңбегі болды. Аталған концепциялардың кемшілігі схемалылық және бір жақты тұрғыдан қарастырылғандығымен сипатталады. Дегенмен, олар Орталық Азия мемлекеттерінің дамуының кейбір ерекшеліктері мен тенденцияларын қарстыруға мүмкіндік береді.

Орталық Азиядағы болып жатқан үрдістерге арналған еңбектер аймақ мемлекеттерінің белгілі-бір кезеңдегі қалыптасуы мен дамуына арналған. Бұл еңбектерде Орталық Азиядағы үрдістер сараптамалық баға беру және геосаяси тұрғысынан қарастырылады. Мұндай авторлардың қатарына М. Олкотты (M. Olcott) [87] жатқызуға болады. Автор 2001 ж. 11

қыркүйегінен бастап 2005 ж. көктем–жаз оқиғаларына дейінгі кезеңдегі Орталық Азияның дамуын (Қырғызстандағы А.Ақаев тәртібінің құлауы, Өзбекстандағы Әндижан оқиғасы) баяндайды.

Ұжымдық монографиялардың ішінен Р. Аллисон (R. Allison) және Л. Йонсон (L. Jonson) [88] редакциясымен шыққан зерттеу жұмысын атап айтуға болады. Аталған басылымның ерекшелігі – геосаяси талдау тұрғысынан алшақтап, Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселесін жаңа теориялық–әдіснамалық тұрғысынан – қауіпсіздіктің аймақтық кешені арқылы қарастырылған.

Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы теориялық–әдіснамалық негіз ретінде Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелерін зерттеу барысында негіз ретінде 1990 ж. екінші жартысынан бастап Б. Коппитерс (B. Coppieters) [89], Ф. Роедер (Ph. Roeder) [90], П. Йотун (P. Jotun) [91], Б. Бузан (B. Buzan) және О. Вэвер (O. Wæver) [8; 92] сияқты авторлардың тарабынан зерттеледі.

Бірақта, бұл зерттеушілердің еңбектерінде Орталық Азия қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің өзіндік кешені (B. Coppieters, H. Peimani, L. Jonson and R. Allison) ретінде, немесе Ресейдің айналасында қалыптасқан қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің құрамдас бөлігі (Ph. Roeder) ретінде, Б. Бузан және О. Вэвер (B. Buzan & O. Wæver) анық субкешен ретінде қарастырады.

Сонымен бірге, ШЫҰ қауіпсіздік саясатының дамуы батыс тарихнамасында орын алды. Негізінен, батыс ғылымында ШЫҰ қатысты негізгі үш ұстанымды бөліп көрсетуге болады. Бірінші ұстаным – геосаяси қарсы тұру деуге болады. Сын көзбен қарайтын батыс авторлары – Р. Элисон [93], Т. Мерфи [94] ШЫҰ «Шығыстық анти–НАТО» деп атайды. Олар АҚШ және ШЫҰ геосаяси бәсекелестігіне назар аударады. ШЫҰ Орталық Азиядағы НАТО мен АҚШ–тың ықпалына қарсы тұруға бағытталған Қытай мен Ресейдің одағы деп қарайды. Б. Голдсмит [95] ШЫҰ «автократтар клубы» ретінде сипаттайды. Ол адамның негізгі бостандықтары мен құқықтарының жиі бұзулуын және либералдық–демократиялық әлсіз дамыған деген сын пікір білдіреді. Автор мысал ретінде 2005 ж. Өзбекстандағы Әндижан

оқиғасы барысында ШЫҰ–ның жергілікті биліктің әрекеттерін қолдағандығын келтіреді.

Батыс ғылымындағы екінші ұстаным – ШЫҰ «қағаз жолбарысы» деген сөз тіркесі арқылы бағаланды. Орталық Азия бойынша АҚШ мемлекеттік хатшысының көмекшісі Э. Фейгенбаум [96] ШЫҰ–ның қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуден бастап мәдени ынтымақтастыққа дейінгі кеудемсоқтық мақсатының тізімі іс барысында тек тізім ретінде қалады, ал кез–келген бір маңызды жобалар екі жақты келіссөздер барысында жүзеге асырылады деген баға береді.

Үшінші ұстанымның шеңберінде батыс сарапшылары ШЫҰ әскери ұйым немесе «пікір–талас клубы» ретінде емес, халықаралық құрылыстың жартылай өркениеттік үлгісі және жаңа көпжүйелі әлемнің стандарттарына жауап беретін өзара құрметтеу мен төзімділік принциптеріне сай құрылған жаңа үлгідегі ұйым ретінде қарастырады. М. Лантейн [97] ШЫҰ алғашқылардың бірі болып Өзбекстанның, Тәжікстанның ислам сепаратистеріне, және ислам экстремистеріне тойтарыс бере бастады деген тұжырым жасап, ШЫҰ–ның қызметін байсалды және тиімді деп бағалайды.

Сонымен бірге, ШЫҰ–ның қызметі еуропалық және американдық халықаралық қатынастарды зерттеу орталықтарының назарында болып отыр: «Foreign Policy in Focus» (АҚШ), «The Heritage Foundation» саяси зерттеулер орталығы (АҚШ), Халықаралық қатынастардың француздық Институты, Халықаралық қатынастардың «Клингендел» Нидерланды институты, Хоккайдо университетінің жанындағы славян зерттеу Орталығы (Жапония).

ШЫҰ–ның қауіпсіздік саясатын зерттеген қытайлық зерттеушілердің ішінен Син Гуанчэн [98], Пан Гуанның [99] зерттеулерін атап көрсетуге болады. Син Гуанчэннің пікірінше ШЫҰ мүше–мемлекеттер 2001 ж. 11 қыркүйек оқиғасына дейін терроризм, экстремизм және сепаратизм сияқты құбылыстардың қауіп–қатерін сезінді, сонымен бірге Ауғанстандағы тұрақсыздық және аймақтағы наркотрафиктің көлемінің ұлғаюы ШЫҰ–ның аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы Ұйымның көрегендік саясатын дәлелдеп берді. Пан

Гуанның пікірінше, 2001 ж. 11 қыркүйек оқиғасы және антитеррористік кампания ШЫҰ жаңа мүмкіндіктерін ашып берді, Ұйымның алдына жаңа міндеттер қойды.

Ресейлік тарихнама. Ресейлік академиялық және сараптамалық ортада Орталық Азиядағы қауіпсіздік саласы бойынша үрдістерге деген қызығушылық әрқашан жоғары болды. Бәрінен бұрын, Орталық Азиядағы жағдайдың Ресей сыртқы саясатына ықпал ету мәселелеріне назар аударылды. 1994 ж. М. Хрусталеv [100] еңбегі басылып шықты. Автор өз еңбегінде аталған мәселені жүйелі талдау жасау тұрғысынан қарастырады.

Жүйелі талдау жасау дәстүрі К. Боришполец [101] тарапынан жалғасын табады. 2000 ж. Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саясатының әртүрлі векторларын талдауға, Ресей сыртқы саясатының эволюциясы мен оның қауіпсіздік саласындағы аймақтық саясаттың қалыптасуындағы рөлі А. Воскресенский және Н. Малетина [102], Р. Мукамджанова [103], О. Боронин [104] зерттеулерінде қарастырылады. 1990 ж. ресей тарихнамасында Орталық Азиядағы этникалық факторларға және Орталық Азиядан шыққан орыс тілді миграцияның әлеуметтік–саяси үрдістер мен қауіпсіздік саласындағы жағдайларға ықпалын С. Поляков [105], С. Панарин [106] зерттейді. 1990 ж. аяғына қарай діни факторға назар аударыла бастайды. Орталық Азия елдерінің саясатындағы исламның рөлін А. Малашенко [107] және С. Дружиловский қарастырады [108]. Ресей тарихнамасындағы аймақтық қауіпсіздікке қатысты өзекті мәселелердің бірі – АҚШ, ЕО сияқты жаһандық аймақтық акторлардың қатысуын талдау, олардың аймақтағы қауіпсіздік мәселесіне ықпалын қарастыру болды. Бұл мәселелері Д. Малышева [109], С. Шарапова [110], Д. Трофимов [111], И. Зонн және С. Жильцов [112] сияқты ресейлік авторлардың тарабынан зерттеледі.

ШЫҰ тақырыбы аймақтық қауіпсіздіктің әртүрлі аспектілеріне және аймақтағы ресей–қытай саясатына арналған зерттеу жұмыстарында қарастырылады. Ресейлік Г.Д. Агафоновтің [113] монографиясында ШЫҰ шеңберіндегі саяси және экономикалық ынтымақтастықтың негізінде және ұйымға бақылаушы–мемлекеттердің шеңберіндегі ынтымақтастықты

нығайту арқылы аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелерін ашып көрсетеді. Л.Е. Васильевтің [114–115] зерттеу жұмыстарында Орта, Оңтүстік және Оңтүстік–Шығыс Азиядағы терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресудің жағдайы мен болашағы қарастырылып, бұл бағыттағы аймақтық халықаралық ұйымдардың, соның ішінде ШЫҰ–ның қызметі зерттеледі. Ресейдегі ШЫҰ мәселесіне арналған алғашқы монографиялардың бірінің авторлары Ресей стратегиялық зерттеулер институтының ғылыми қызметкері И.Н. Комиссина мен А.А. Куртов [116] болды. Авторлар ШЫҰ–ның құрылу себептері мен үрдістерін, оның болашағын зерттейді. Монографияда Орталық Азиядағы шекара мәселесін шешудің үрдістеріне талдау жасалып, ШЫҰ құрудағы Қытайдың рөліне ерекше назар аударылады. Ресейлік зерттеуші А.Ф. Клименко [117–119] ШЫҰ–ның даму болашағын кешенді түрде зерттеп, аймақтағы Ресей, Қытай, АҚШ қызығушылықтарына талдау жасайды. Автор ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің әскери–саяси саладағы ынтымақтастығына және басқа интеграциялық институттарды (ҰҚШҰ, ЕурАзЭк) дамыту арқылы аймақтық қауіпсіздіктің шынайы жүйесін қалыптастыру мүмкіндіктеріне назар аударады. ШЫҰ–ның генезисі мәселелері, институционалдық қалыптасуы және ұйымға мүше–мемлекеттердің арасындағы қарым–қатынас В.Р. Боровой [120], Г. Логвинов [121], В.В. Совастеев [122], Е.Ф. Троицкийдің [123–124] еңбектерінде қарастырылады. ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен әскери–саяси ынтымақтастықтың әртүрлі аспектілері А. Болятко [125], А.В. Змеевский [126] мақалаларында қарастырылады.

Ресейлік зерттеушілер Ю. Морозов [127], О. Ф. Русакова, В. М. Русаков [128], В. Воробьев [129], К. Барский К. [130], С. Лузянин [131] ШЫҰ–ның Таяу Шығыс мәселесіне назар аударып, ШЫҰ құжаттарына дискурс–талдау жасаудың негізінде мүше–мемлекеттердің «жұмсақ күш» стратегиясының негізгі идеяларын қарастырады. ШЫҰ–ның ресейлік–қытайлық өлшемдеріне назар аударады. Келесі бір ресейлік зерттеуші А.И. Быков [132] өзінің монографиясында ШЫҰ–ның даму кезеңдерін, болашағын, ұйымның шеңберіндегі көпжақты

экономикалық ынтымақтастықтың құрылымын, оның даму мәселелерін зерттейді. Автор ШЫҰ шеңберіндегі ресей–қытай ынтымақтастығының ерекшеліктеріне назар аударады.

Отандық тарихнама. Орталық Азиядағы қауіпсіздіктің кешенді талдауын жасаған алғашқы зерттеушілердің бірі У. Касенов [133] болды, автор геосаяси талдау тұрғысынан қауіпсіздіктің ұлттық, аймақтық және жаһандық аспектілерін, Орталық Азияның қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы рөлін, қарулы күштер мен әскери саясат мәселелерін қарастырады.

Қазақстандық зерттеуші М. Лаумулин ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздікке қатысты мәселелерді және Қазақстандағы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жалпы аспектілерін [134], Орталық Азиядағы АҚШ, ЕО, Қытай мен Ресейдің қызығушылықтары мен ұстанымдарына [135] талдау жасайды. М. Лаумулин ұлттық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша шетел тарихнамасын қарастырады [136–137], автор 1991–2005 жж. арасындағы аталған еңбектің толық шолуын жасайды. Сонымен бірге М. Лаумулиннің ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздік саясатына қатысты зерттеу жұмыстары бар [138]. Автор ШЫҰ–ғы Қазақстанның қызығушылықтарын – геосаясат, қауіпсіздік, экономика және аймақтық саясат аспектілері бойынша қарастырады.

Орталық Азиядағы қауіпсіздіктің әскери–саяси аспектісі М. Ашимбаев [139], Л. Бакаев [140], Г. Дубовцев [141–142], Е. Карин [143], Р. Бурнашев [144–145] сияқты қазақстандық зерттеушілердің еңбектерінде талданды.

Отандық зерттеушілерінің бірқатары Орталық Азия мемлекеттерінің сыртқы саясатының жекелеген векторларын - Ауғанстанға қатысты зерттеуші С. Акимбеков [146], Қытайға қатысты зерттеуші К. Сыроежкин [147–149] Орталық Азияның қауіпсіздік саласының жағдайларын, ШЫҰ–ның қауіпсіздік саясатын зерттейді. Қауіпсіздіктің жаһандық құрылымдарын Т. Тұрсынбаев [150–151] қарастырады. Қытайдың Шыңжаң Ұйғыр Автономиялық ауданындағы (ШҰАА) ұйғыр сепаратизмінің мәселелері және оның қауіпсіздік саласындағы жағдайларға ықпалы К. Хафизованың [152] еңбектерінде

зерттеледі. Орталық Азия мемлекеттері мен жаһандық құрылымдардың арасындағы өзара байланысу мәселелеріне Ж. Ибрашев [153], Қ. Байзакова [154–156], Ф. Кукеева [157–158], М. Губайдуллина [159–161], Г. Мовкебаева және А. Курганбаева [162], С. Сапанов [163] сияқты қазақстандық зерттеушілер талдау жасайды.

Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ШЫҰ рөлін зерттеген қазақстандық ғалым және әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінде ашылған ШЫҰУ-нің оқу Орталығының аймақтану бағыты бойынша мүшесі К.Н. Макашева өз зерттеулерінде аймақтық қауіпсіздік механизмін құрудағы ШЫҰ мен АӨСШК қызметін бағалап, аталған екі ұйымның ортақ жақтарын бөліп көрсетеді. Сонымен бірге, автор ШЫҰ шеңберіндегі білім саласындағы интеграция мәселелеріне талдау жасайды [164-165]. Қауіпсіздіктің жаңа қауіп-қатерлері – терроризм мен діни экстремизмге тойтарыс беру мәселелері және бұл құбылыстармен күресудегі АҚШ пен НАТО-ның тәжірибесі Қ. Байзакова және Ф. Кукееваның редакциясымен басылып шыққан жинақ материалдарында кеңінен талданған [166]. Сонымен бірге, отандық ғалым Қ.И.Байзакова ШЫҰ-ның аймақтық қауіпсіздіктің қауіп-қатерлеріне тойтарыс берудегі рөліне, ұйымның шеңберіндегі Ауғанстан мәселесін реттеу сұрақтарына талдау жасайды [167–170]. Қазақстандық ғалым Ж. Ибрашев ұсынған паназицентризм идеясы үлкен қызығушылық тудырады. Бұл идеяға сәйкес, Орталық Азия геосаяси, мәдени-тарихи, тілдік және діни факторларға байланысты тиімді интеграциялық үрдістерді дамытуға «душар» болды [171–172]. Зерттеушінің пікірі бойынша, интеграция – Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ықпалды құралы болып саналады. И. Черных Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік саясатының қалыптасу тарихын зерттеген [173–174]. Автор өз еңбектерінде Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздік саясатының негізгі бағыттарын, соның ішінде халықаралық терроризмге тойтарыс беру мәселелеріне кеңнен назар аударады.

Сонымен бірге, Орталық Азиядағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үрдісіндегі халықаралық ұйымдардың саяси қызметін қарастырған зерттеуші Ж.Р. Жабинаның [175–176]

еңбектерін атап өтуге болады. Орталық Азиядағы интеграция, ұлттық және аймақтық қауіпсіздік мәселелерін зерттеген ғалым Г.М. Смағұлованың [177–178] еңбектері бар. Автор өзінің ғылыми басылымдарында Қазақстанның интеграциялық саясатын, Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелерін қарастырады.

Ұлттық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әртүрлі мәселелеріне арналған Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы стратегиялық зерттеулер институтының тақырыптық басылымдары [179] және институт тарабынан ұйымдастырылған конференция материалдарының [180–181] маңызы зор.

Қырғызстандық тарихнама. Ұлттық және аймақтық қауіпсіздік мәселелерінің әртүрлі аспектілерін зерттеумен айналысатын қырғызстандық зерттеушілердің ішінен Н. Омаровты атап көрсетуге болады. Автор Қырғызстанның сыртқы саясатын жан-жақты талдап, оның жаһандық қауіпсіздікке трансформациялануын [182–183], Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздік жүйесінің қалыптасуы және қауіпсіздіктің жаңа қауіп-қатерлеріне тойтарыс беру мәселелерін [184–185] зерттейді. Аймақтағы ұжымдық қауіпсіздікті қалыптастырудағы Орталық Азияның рөлі мен алатын орнын М. Иманалиев [186] қарастырады. Діни экстремизм және оның Орталық Азиядағы қауіпсіздік мәселелеріне ықпалын О. Молдалиев [187] және И. Мирсайитов [188] зерттейді. Сонымен бірге Ауғанстандағы жағдайлардың қауіпсіздік мәселесіне ықпал етуіне талдау жасаған автор А. Князев [189–190] болды.

Өзбекстан тарихнамасы. Аймақтық қауіпсіздік мәселелерін қарастырған өзбек зерттеушілерінің ішіннен Е. Абдуллаевтің еңбегін атауға болады, автор қауіпсіздіктің діни факторларына талдау жасайды [191]. Қауіпсіздікті басқару жүйесінің қалыптасу мәселелері Р. Сайфулиннің [192] зерттеу жұмысында орын алған. Орталық Азиядағы жаһандық державалардың саясатын Э. Арипов [193], Ф. Хамраев [194], В. Киндалов және О. Лиманов [195] қарастырады. Орталық

Азиядағы діни экстремизмнің ұлттық және аймақтық қауіпсіздікке ықпалын Б. Бабаджанов [196] зерттейді.

Сонымен, зерттеу тақырыбының мәселесіне қатысы бар еңбектерді талдаудың нәтижесінде отандық және шетелдік тарихнамада айтарлықтай ғылыми басылымдардың жинақталғанына, Орталық Азиядағы ұлттық және аймақтық қауіпсіздік мәселелеріне үлкен назар аударылуына қарамастан, 1991–2017 жж. арасындағы ШЫҰ шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздік кешенінің барлық деңгейлерін қамтитын жүйелі кешеді зерттеу жұмыстар жоқ деген қорытынды жасауға болады.

1 ҚАУІПСІЗДІКТІҢ АЙМАҚТЫҚ КЕШЕНІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ–МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Қауіпсіздік мәселесін зерттеу, алдымен, халықаралық қатынастар теориясындағы негізгі тенденцияларды анықтауды қажет етеді. Сондықтан, монографияның аталған тарауында «қауіпсіздік» түсінігінің теориялық тәсілдерінің дамуы және оның қауіпсіздік деңгейлерімен (аймақтық, ұлттық) өзара байланысы жөніндегі жалпы көріністі қалыптастыруды мақсат етті. Алдымен, қауіпсіздік мәселесіне қатысты «қырғи қабақ» соғысы кезеңінде басым болған негізгі теориялар қарастырылып, соңынан ұжымдық қорғаныс, ұжымдық қауіпсіздік, кооперативті қауіпсіздік және адамзат қауіпсіздігінің концепцияларына талдау жасалды. Аймақтық қауіпсіздікті зерттеу барысындағы маңызды теория – қауіпсіздік қауымдастығы теориясының мәні мен маңыздылығы зерттелді.

Сонымен бірге, бұл тарауда постпозитивизм шеңберіндегі тәсілдерге, қауіпсіздіктің аймақтық кешені мен секьюритизация принциптерінің тұжырымдамалық негізіне басты назар аударылды. Аймақтық қауіпсіздікті зерттеудің тәсілі ретінде қауіпсіздікті деңгейлік және секторлық талдаудың маңыздылығы анықталып, тақырыпты зерттеу барысында қолданылды.

1.1 «Қауіпсіздік» түсінігінің теориялық аспекті: зерттеудің негізгі мектептері мен қазіргі заманғы тенденциялары

Бірнеше он жылдың ішінде қауіпсіздіктің жаңа аспектілерін және оны қамтамасыз етудің үлгілерін тұжырымдамалық тұрғыдан қайта ұғыну академиялық топтардағы пікір–таластардың ажырамас бөлігіне, сонымен бірге халықаралық ұйымдар (жалпы әлемдік деңгейде – БҰҰ, Азия–Тынық мұхиты аймағында – АСЕАН, Орталық Азия аймағында – ШЫҰ) мен форумдардың шеңберіндегі жоғары деңгейдегі кездесулер кезіндегі күн тәртібінің маңызды бөліміне айналды.

Мұндай пікір–таластардың туындауына халықаралық жүйенің жаһандық трансформациялануымен қатар «қауіпсіздік»

түсінігін қайта ұғынуға ықпалын тигізген жекелеген нақты оқиғалар (мысалы, 1997 ж. қаржы тоқырауы, 2001 ж. 11 қыркүйектегі террористік шабуыл т.б.) өз әсерін берді.

Теориялық тұрғыдан талдау үшін мұндай өзгерістер төменде көрсетілген бірнеше мәселелердің қайнар көзіне айналды. Олар:

1) жаңа қауіп-қатерлердің пайда болуы халықаралық қауіпсіздік түсінігін қалай өзгертеді, жаңа қауіп-қатерлер кешенінің пайда болу себептері және олардың ескі қауіп-қатерлермен арақатынасы жөніндегі мәселені теориялық деңгейде қалай талдауға болады;

2) Ғылыми дискурстағы қауіпсіздіктің дәстүрлі түсінігіне қарама-қарсы қойылған «қауіпсіздіктің дәстүрлі емес қауіп-қатерлер» түсінігін қалай анықтау;

3) дәстүрлі емес қауіпсіздік қатерлерінің жаһандық, аймақтық көріністерін қандай теориялық жабдықтың көмегі арқылы талдауға болады деген сұрақтар болды.

Бұл сұрақтарға байланысты теориялық тұжырымдаудың алғашқы талпыныстары 1980 ж. басында болғанына қарамастан, қазіргі уақытта қауіпсіздіктің дәстүрлі емес аспектілеріне қатысты эмпирикалық зерттеулер мен теориялық-әдіснамалық деңгейдегі қайта ұғыну көлемінің сәйкессіздігі байқалуда.

Айта кету керек, отандық және шетелдік зерттеулерде қауіпсіздіктің біріңғай түсінігі қалыптаспаған, мұның өзі әртүрлі теоретиктердің өзіндік критерилерін және бұл құбылысты анықтауды талдаудың өзіндік деңгейлерін ұсынуға мүмкіндік берді.

Британ тарихшысы Э. Ротшильд теориялық тұрғыдан қауіпсіздікті рим кейінірек еуропалық философтардың еңбектеріндегі «жеке мақсат» және «жеке мүдде» деп түсінуден еуропалық революция мен Наполеон соғысы кезеңінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі тәсілі дипломатиялық және әскери құралдар болып табылған мемлекеттік мақсаттың негізгі дәрежесіне шығаруға дейін дамыған философиялық және тарихи категория ретінде қарастыруға болады [197, p.60] деп көрсетеді.

Әртүрлі көзқарастарға қарамастан, халықаралық қатынастар теориясындағы өзіндік бір бағыт ретінде қауіпсіздіктің қазіргі заманғы түсінігі 1970 жылдары Батыста қалыптасты. 1991 ж. әйгілі саясаттанушы С. Уолт [198; 199] қауіпсіздікті зерттеу эволюциясының екі фазасын – «Алтын ғасыр» (Golden age), «Ренессанс» (Renaissance) бөліп көрсетеді. Бірінші фаза 1939 жылы басталып, шамамен 1960 жылдың аяғына қарай аяқталады. Екінші фаза 1970 жылы басталады. АҚШ пен КСРО арасындағы шиеленістің (1970 ж.) әлсіреуі соғысты зерттеу маңызды емес деген түсінік қалыптастырса, ал АҚШ–тың экономикалық ұстанымының нашарлауы халықаралық саяси экономика мәселелеріне деген қызығушылықты арттырды. Бірақ, С.Уолттың қауіпсіздікті зерттеудегі Ренессанс Вьетнам соғысының аяқталуымен байланысты. Оның пікірінше, әйгілі Форд қоры АҚШ–ғы қауіпсіздік мәселесін зерттеуге демеуші болған және «International Security» журналының негізінің қалануы қауіпсіздік мәселесін талқылаудың алаңын құрды. Ренессанс қауіпсіздік туралы ілімнің кейбір жетістіктерімен белгілі болды. Ғалымдар тарихқа сүйеніп, бірінші ағым сипатындағы тарихи емес көзқарастармен салыстыру үшін салыстырмалы ситуациялық талдау әдісі жасалды.

Ресейлік саясаттанушы Т.А. Алексеев қауіпсіздіктің батыстық талдау эволюциясын қарастыра отырып, оның дамуының үш сатысын бөліп көрсетеді: 1) предлибералдық саты; 2) лок сатысы; 3) постлокк сатысы. Бірінші саты (XVI–XVII ғғ.) «предлибералдық» және «локк» фазасын біріктіріп, жеке тұлға қауіпсіздігіне төнетін физикалық қастандыққа (жеке зорлық қауіп) қарсы тұруға екпін жасалды. Оның пікірінше полиция, судья, биліктің мемлекеттік монополиясы азаматтардың қауіпсіздігін қорғау үшін құрылған. Екінші «постлокк» кезеңінде (XVIII ғ. аяғынан бастап) мемлекеттің тарабынан жеке тұлға үшін төнген қауіп–қатерді анығырақ ұғыну басталады, яғни жеке тұлға қауіпсіздігін мемлекеттің тарабынан қамтамасыз ету керектігі байқалып, мұндай қауіпсіздікке еркіндік пен теңдікті дамыту арқылы қол жеткізуге болады деген көзқарас қалыптасады. Үшінші саты (XX ғ.) нарықтық апат пен жеке тұлғаға деген экономикалық теңсіздік қауіп–қатерлерімен байланыстырылды.

Ресейлік зерттеуші П.А. Цыганков [200] халықаралық қатынастар теориясын жіктеп, оларды парадигмааралық және парадигмалық деп бөледі. Парадигмааралық теорияға қауіпсіздік мәселесін («қатан» аспект – неореалистер; ішкі мемлекеттік – либералистер) және шиеленіс мәселелерін (мемлекетаралық – реалистер; ішкі мемлекеттік – либералистер) және ынтымақтастық мәселелерін, ал парадигмалық теорияларға – реалистік күш және қауіп–қатер тепе-теңдік теориясы; либералистік демократиялық әлем, тәртіптер мен институционализм, гуманитарлық интеграция; марксистік тәуелділік және антигегемондық теорияларды жатқызады.

Келесі бір зерттеуші, А.Д. Воскресенский қауіпсіздікті оның ішкі және сыртқы жақтарын анықтау арқылы түсіндіреді. Сыртқы жағы объектінің ортаға деген қатынасын анықтайды. Ішкі жағы объектінің ортаның әрекеттеріне қатысты қарсыласу қасиетін сипаттайды. Бұл жүйенің толықтығын, оның сыртқы және ішкі жағдайларда жұмыс жасауын қолдау қабілетін сипаттайды. Яғни, А.Д. Воскресенскийдің пікірінше, қауіпсіздіктің міндеті жүйенің ыдырау (құлау) қауіпін анықтау және бұл үрдісті болдырмау үшін өз уақытында тиісті шараларды жүргізу болып саналады [201].

Ресейлік саясаттанушы К.А. Ефимованың пікірінше жүйе тұрақтылығының шеңберінде көптеген қауіпсіз жағдайларды бөліп көрсетуге болады, яғни гомеостазды қолдай отырып, жүйенің өтемдеуіш механизмі ішкі және сыртқы ауытқуды сәтті түрде бейтараптандыратын параметрлерді және көптеген қауіпті жағдайларды, яғни жүйені бұзатын ауытқудың арқасында жағдай тұрақсыз болып саналатын параметрлерді бөліп көрсетуге болады. Қауіпсіздік саласының шеңберінде тұрақтылық зонасы анықталады және мұндағы жүйе параметрлерінің мәні тұрақты болып қалады, ал жүйенің өзі бастапқы қалыпқа келу қабілеттілігін сақтап қалады. К.А. Ефимова өзінің қорытындыларын халықаралық деңгейге таратып, егер қалыптасқан мемлекетаралық қатынастардың үлгісі кез-келген бір себептерге байланысты айтарлықтай мемлекеттердің көңілінен шықпаса, мемлекетаралық жүйе өзінің тұрақтылығын жоғалтады деп көрсетеді. Мұндай жағдайда, жүйенің

құрылымдық конфигурациясын қолдайтын жүйенің өтемдеуіш механизмі тиімді жұмыс жасауын тоқтатады, параметрлік ауытқу шегі ұлғайып, жүйе тұрақтылық шеңберіне жақындай отырып, бастапқы тепе-теңдік жағдайынан әсте ақырын жойыла бастайды [202, 63 с.].

Айта кету керек, халықаралық жүйе қауіпсіздігін жіктеуге, ондағы жаһандық, аймақтық, халықаралық және ұлттық арақатынасына қатысты әртүрі көзқарастар бар. Кейбір зерттеушілер халықаралық қауіпсіздікті аймақтық қауіпсіздікпен салыстырғанда жоғары деңгейдегі түсінік деп қарастырады. Олардың пікірінше, аймақтық қауіпсіздіктің халықаралық қауіпсіздікпен ортақ сипаты бар және қазіргі заманғы аймақтардың нақты ерекшеліктерін, ондағы күш тепе-теңдігі конфигурациясын, олардың тарихи, мәдени, діни дәстүрлерін ескеретін басқару формасының көптігімен ажыртылады. Зерттеушілердің тағы бірі зерттеу тұрғысынан алғанда қауіпсіздікті халықаралық, аймақтық және ұлттық деп бөлудің пайдасы жоқ деген өз ойларын айтады. Ресейлік Т.В. Юрьевтің пікірінше, қалыптасқан аймақтық қауіпсіздік жүйесінің келесі компоненттері: мемлекеттердің географиялық тұтастығы; аталған топтағы қауіпсіздік қауіп-қатерінің сипаты мен оларды анықтаудың әдістері жөніндегі консенсус; қауіп-қатерге тойтарыс берудің институционалдық механизмі болу керек.

Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында – субъект пен объектінің рөлі маңызды саналады. Аймақтың қауіпсіздікке деген субъектті-объекті көзқарасты талдау қауіпсіздікті қатысушының мотивациясы тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің басты субъектілері – мемлекет пен халықаралық институттар (БҰҰ, ЕЫҚҰ, НАТО, ШЫҰ) саналады. Аймақтық қауіпсіздіктің объектісі ретінде аймақ пен оның институттары, мемлекет, қоғам және адам саналады. Қауіпсіздікті қамтамасыз етуге деген субъектінің қатынасы бұл жүйедегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үрдісінің даму динамикасын қалыптастыратын механизм болып табылады. Бұл концепциялардың (көзқарастардың) тұжырымдау, тәртіптерді (норма мен принциптер) мәмілелеу және аймақтық қауіпсіздіктің

институционалдық құрылымын құрумен сипатталады. Аймақтық қауіпсіздіктің құрылымы қауіпсіздіктің деңгейінен (вертикалдық) және қауіпсіздік саласынан (горизонталдық) тұрады. Біріншісі қауіпсіздіктің құрылымдық қасиетін, ал екіншісі оның функциясын анықтайды.

Сонымен, қазіргі заманғы теориялық зерттеулерде қауіпсіздік түсінігінің екі ортақ анықтамасын (қауіп–қатердің жоқтығын сипаттайтын жағдайдағы қауіпсіздік және қауіпсіздік қауіп–қатердің жоқтығын сипаттайтын жағдайды қолдау үшін іс-шаралардың кешені ретінде) кездестіруге болады. Бір жағынан «қауіпсіздік» «тұрақтылықпен» тығыз байланысты. Мысалы, ресейлік зерттеуші А.Д. Богатуров «тұрақтылық» түсінігінің эволюциясын талдай отырып, тұрақтылық деп жүйенің қозғалысын түсіндірсе, ал қауіпсіздік деп оның мән-жағдайын түсіндіреді [203].

Жаңа кезеңнен бастап қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі объектісі – мемлекет, ал үстемдік етуші қауіп–қатердің түрі – мемлекетаралық соғыс немесе кез-келген басқа бір мемлекеттің тарапынан күш көрсету әрекеті болды. Ережеге сәйкес, халықаралық қатынастар тәртібінің ауысуы негізгі державалардың, негізгі жүйе қалыптастырушы элементтердің қатысуымен жүрген ірі көлемдегі әскери шиеленістердің салдарынан болды, ал күш тепе-теңдігі жүйе теңдігін сақтаудың механизіміне айналды. Биліктің монополиялық құқығына ие болған мемлекет қана ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз ете алады және халықаралық қауіпсіздіктің әрекет етуші субъекті болады деген көзқарасқа негізделген ұлттық қауіпсіздік концепциясының ортасында мемлекет тұрды. Ұлттық қауіпсіздіктің негізгі артықшылығы мемлекеттің территориялық тұтастығын сақтау, ал қауіпсіздіктің үстемдік етуші аспектісі оның әскери құрамдас бөлігі болды.

XX ғ. қауіпсіздіктің және қауіпсіздіктің қауіп–қатері анықтамасында әскери аспект алдыңғы жоспарға шығарылды. Халықаралық қатынастарда бұл көзқарас өзінің концептуалдық көрінісін мемлекетті біртекті саяси бірлік және халықаралық қатынастардың негізгі қатысушысы ретінде қарастырған саяси реализм теориясынан табылды.

Негізінен, әлемдік тарихтың барлық кезеңінде қауіпсіздік мәселесі тәуелсіз мемлекеттің басты назарында болып келеді. Мысалы, «қауіпсіздік» түсінігі антикалық ойшылдардың еңбектерінде әртүрлі контексте қарастырылған. Антикалық кезеңде қауіпсіздік адам үшін жалпы мүдде категориясы ретінде түсіндірілді. Аристотель мемлекетті қарым-қатынастың ерекше түрі ретінде анықтап, мемлекет өзара зәбір немесе айырбас ыңғайлылығының алдын алу үшін емес, игі өмір үшін құрылады [204, 236 с.] дейді.

Орта ғасырларда қауіпсіздік деп кез-келген қауіптен қорғалған деп есептелетін адам рухының бір қалыпты жағдайын түсінген. Бұл билік пен саясатты теологиялық тұрғыдан ұғынуға сәйкес келді. Адам табиғатының күнәқарлығы жөніндегі көзқарас мемлекет пен шіркеуге адам бостандығы мен қауіпсіздігінің шеңберін анықтауға мүмкіндік берді.

Тарихи жағынан алғанда, ежелгі дәуірде және орта ғасырларда мемлекеттің қауіпсіздігі қауіпсіздіктің уақытша халықаралық «прото-тәртібі» шеңберінде іске асырылды. Мысалы, грек жарты аралындағы Парсы рөлінің нығаюы грек полистерін алаңдатты. Мұның өзі аймақтық қауіпсіздікке деген сезімнің сол кездің өзінде-ақ болғанын көрсетеді. Мұндай ерекшелік орта ғасырларға да тән болды, мысалы, ислам әлемінің Еуропа аймақтарына (Испания, Византия) кеңеюін христиан әлемі күйзеле қарағандығын және бірінғай еуропалық діни-мәдени аймақтың тарылуын келтіруге болады. Христиан әлемінің негізгі реликтерін қайта қалпына келтіру идеясының төңірегіне жиналған Крест жорықшылары әр мемлекеттің азаматтарының биресми бірлестіктігінің мысалы бола алады. Отыз жылдық соғысқа дейін рухани-мәдени қауіпсіздік еуропа мемлекеттерінің сыртқы саясатының негізгі құрамдас бөлігі болып қала берді.

Жаңа және Қазіргі заман тарихындағы аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әдеттегі түрі ретінде Қасиетті Одақ (1815–1918 жж.), Үштік Одақ (1882–1945 жж.), Анти блок (1941–1945 жж.) және т.б. келтіруге болады. Әдетте, мұндай бірлестіктер әлсіз қызмет істеген одақтар болғандықтан оған мүше мемлекеттер кез-келген жағдайға байланысты бір лагерден екінші бір лагерге ауысып отырды. Біздің ойымызша, мұндай

жағдайдың өзі кез–келген бір аймақтағы қауіпсіздікті іске асыру арналарының болмағандығын көрсетеді.

Сонымен, ХҮІІ–ХҮІІІ ғғ. Батыс Еуропа мемлекеттерінің ғылыми және саяси аясында «қауіпсіздік» түсінігі шынайы қауіптің болмауы нәтижесінде қалыптасқан тыныштық жағдайын білдіріп, Т. Гоббс [205] , Дж.Лок [206], ЖЖ.Руссо [207], Ш. Монтескьенің [208] философиялық концепцияларының арқасында кеңінен тарай бастайды. Дәл осы кезеңде «қауіпсіздік» түсінігін тұжырымдаудың алғашқы қадамдары жасалды. Нақты адамға қатысты жеке қауіпсіздік, мемлекетке қатысты ішкі (қоғамдық) және сыртқы (сыртқы жаулардан шекараны қорғау) қауіпсіздік жөнінде көзқарастар қалыптасты.

Гоббстық интерпретация бойынша қауіпсіздік түсінігі халықаралық қатынастардағы реалистік концепцияның, соның ішінде күш тепе–теңдігі және қауіп–қатер тепе–теңдігі теорияларының негізін салды. Мұнда адамның қадір–қасиеті жекелеген мемлекетке ауысатын агрессивті, эгоистік тірішілік иесі ретінде қарастырылады. Бірақ жеке қауіпсіздікке қол жеткізу үшін ол табиғи жағдай – «барлық соғыс барлығына қарсы», «адам адамға қасқыр» – қоғамдық келісімнің негізінде мемлекет құру үшін ынтымақтастық жағдайына ауысады. Сонымен бірге, Левиафан тәріздес абсолюттік монархиясы бар күшті мемлекет құрудың бірден–бір шарты жеке тұлғаның этакратияның қамтамасыз ете алатын қауіпсіздігі мен қорғауына айырбас ретінде өзінің еркіндігінің бір–бөлігінен бас тарту болды.

Дж. Локк халықтың қорғалуынан басқа заң мен биліктің бөлінуіне негізделген мемлекетті құру барысындағы азаматтардың жеке меншігін сақтау жөніндегі мәселені қояды. Егер, Гоббс бойынша азаматтарды қалай қорғайтынын және олар үшін еркіндік шеңберін қалай анықтайтынын мемлекеттің өзі шешетін болса, онда Локк үшін азаматтардың еркіне сай заңды өкімет құру маңызды саналды. Мұнан қауіпсіздік үшін доминанттық аспектіні анықтау ісіндегі екі бастаманың (мемлекеттің немесе халықтың/ұлттың мүддесінің басымдылығы) күресін байқауға болады.

Хронологиялық тұрғыдан алғанда, реалистік парадигма қауіпсіздікті, соның ішінде мемлекеттік қауіпсіздікті зерттейтін

бағыттардың алғашқысы, бастамасы болып саналады және бұл Н. Макиавелли [209], Г. Моргантау [210; 211] еңбектерінде орын алды. Реалистер қауіпсіздікті ұлттық мүдде түсінігі бойынша қарастырады. Реалистік ойдың мәні мен алғышарттары бойынша мемлекеттің іс-әрекеті қажеттіліктен туындайды: әлемдік саясат анархиясы қауіпсіздік дилемасына алып келеді және мұны шешу барысында тек қана өзіндік күшке сену керек болды. Яғни, Н. Макиавелли, Т. Гоббс және К. Клаузевицтің философиялық жүйесінен басту алған саяси реализмнің теоретиктеріне сәйкес халықаралық қатынастар анархиялық және бірыңғайсыз сипатымен ерекшеленді, ал әскери шиеленіс әртүрлі мемлекеттердің ұлттық мүдделерінің қақтығысуының табиғи көрінісі болып саналды. Реалистік бағыт ұлттық деңгейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуде күш факторларына акцент жасайды, бұл қозғалыс Дж. Мишеймер, К. Уолтц, С. Уолттың еңбектерінде орын алды. Реалистердің пікірінше, өзінің эгоистік мүддесін басшылыққа ала отырып, мемлекет тиімді таңдау теориясының шеңберінде өз қауіпсіздігін қалай қамтамасыз ете алады деген тұрғыдан шешім қабылдайды. Осыдан бір мемлекет өзінің қауіпсіздігін басқа бір екінші мемлекеттің қауіпсіздігі арқасында нығайтады деген «қауіпсіздік дилеммасы» пайда болды. Яғни, бір мемлекет күшейген сайын, басқа мемлекеттер соншама әлсірейді. Тарихтан белгілі, қауіпсіздікті мұндай тұрғыдан түсіну қару-жарак жарысы мен қырғи қабақ соғысына алып келеді.

Саяси реалистердің оппоненті И. Кант, Г. Гроцияның еңбектерінен бастау алған либералдық-идеалистік бағыт өкілдері болды. Либерализм теоретиктері халықаралық қатынастардың анархиялық сипатын демократиялық идеалдар мен ынтымақтастықтың және халықаралық ұйымдардың рөлін кеңейту арқылы жеңу мүмкіндігін көрсетті.

Идеализмнің басты идеясы әлемдік саясаттағы мүдделердің үйлесімдігі, қауіпсіздікті соғыссыз және ұлы державалардың үстемдігінсіз қамтамасыз ету болды. Бұл ағым неміс философы И. Канттың тарабынан қалыптастырылды. И. Кант «К вечному миру» жобасын жариялап, онда ол халықтардың арасындағы бұзылмайтын бейбіт қарым-қатынастардың әдістерін бекітті.

Өзінің осы еңбегінде И. Кант халықаралық келісімдерді сақтауды, мемлекеттердің ішкі істеріне араласпауды, олардың арасындағы сауда және мәдени байланыстарын дамытуды жақтады [212].

Сонымен, реалистер (қазіргі кезеңде неореалистер) дәстүрлі түрде қауіпсіздікті әскери–саяси аспектіде, ал мемлекетті ұлттық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жауапты болатын сыртқы саяси үрдістер мен халықаралық қатынастардағы негізгі актор ретінде қарастырады. Қауіпсіздікке деген бұл көзқарасты «қатаң» (hard security) деп атайды.

Либерализм (неолиберализм) бойынша қауіпсіздіктің мәнін түсіну Realpolitic шеңберінен шығу керек, ал оның өлшемі міндетті түрде экономика, мәдениет, әлеуметтік өмір, азаматтық қоғаммен өлшенуі керек. Бұл көзқарас «жұмсақ» (soft security, немесе common security) деп аталады.

Бірақ, «қырғи қабақ» соғысы жағдайындағы халықаралық қатынастар теориясында биполярлық әлемнің шындықтарын көрсеткен және саясаткер–тәжірибешілердің іс–әрекеттері үшін ығайлы негіз жасап берген реалистік парадигма бірінші орынға қойылды.

Соңынан саяси реализм идеялары К. Уолтцтың [213] тарабынан дамып, оның еңбектері құрылымдық реализм (неореализмнің) бағытының негізін құрады. К. Уолтц өзінің «Теория международной политики» [214] (1979 ж.) атты еңбегінде реализм теориясының дәстүрлі ережелерін қайта ойластырып, мемлекетті халықаралық қатынастардың элементі ретінде қарастырып, мемлекетке деген халықаралық жүйенің ықпал етуін түсіндірді.

Құрылымдық реализмнің қалыптасуы жүйелілік тәсілдің ағымында пайда болып, XX ғ. екінші жартысында тек қана жаратылыстану емес әлеуметтану ғылымында белседі түрде қолданыла бастады.

XX ғ. басында ғылыми танымдағы құрылымдық–жүйелілік тәсілдің негізін Л. Бергаланфи салды. Саясаттану мен әлеуметтану саласында бұл тәсілді Т. Парсонс [215], Д. Истон [216], және Г. Алмонд [217] өңдеп қолданды. Халықаралық қатынастардағы жүйелілік тәсілі К. Уолц пен Капланның

еңбектерінде орын алды. К. Уолц пен М. Каплан мемлекетті негізгі элемент ретінде көрсете отырып, халықаралық қатынастарды жүйелілік негізінде талдау жасауға ұмтылды.

Сонымен бірге, XX ғ. бірінші жартысы агрессордың алдында мемлекеттердің ұжымдық күшін біріктіруді қарастырған ұжымдық қауіпсіздік концепциясының қалыптасып, дамуымен белгілі болды.

Ұжымдық қауіпсіздік концепциясының ерекше тән белгісі оның нормативті сипаты, сонымен бірге агрессорға қатысты мұндай жүйенің қатысушылары арасындағы реакция жөніндегі мәселеге қатысты консенсус болып саналады. Айта кету керек, ұжымдық қауіпсіздік концепциясының да объектісі мен субъектісі мемлекет болып саналды, ал негізгі қауіп-қатер ретінде агрессия акті болса, онымен күресудің тәсілі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін коалиция және ұйымдар құру болды.

Ұжымдық қауіпсіздік ішке бағытталды және белгілі бір топтың ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатына ие болды. Қазіргі заман тарихының алғашқы ұжымдық қауіпсіздік ұйымы – Бірінші Дүниежүзлік соғыстан кейін құрылған Ұлттар Лигасы болды. Оның мүшелері бір бірін кез-келген басқа бір мемлекеттің шабуылынан қорғауды міндет етті.

Бірақ биполярлы жүйенің құлауымен байланысты болған әлемдегі өзгерістер неолибералдық бағыттағы теориялық көзқарастарды тағы да сұранысқа ие етті, ал «қырғи қабақ» соғысы кезеңіндегі халықаралық қатынастардың ерекшелігін ғана білдірген неореализм сынға ұшырады. Осылайша либералдық тәсіл трансұлттық қаржы және өнеркәсіптік құрылымдардың, үкіметтік емес ұйымдардың, террористік ұйымдардың белсенді араласуына алып келген халықаралық қатынастардың негізгі акторы мемлекет қана емес екендігін көрсетті.

Неореалистер мен неоидеалистердің арасындағы дау философиядғы ежелден келе жатқан және талқыланып келген – «мәнді мен тиістінің арақатынасы» мәселесі болып саналады. Мәні жағынан реалистер істің қалыптасқан және шынайы жағдайын (моральдық және өнегелі нұсқауға қарамастан) ескермеу дұрыс емес десе, либералистер, керсінше, әлеуметтік болмысты «лайықты» түсіну керек деп қабылдады.

Неореализм өкілдері қауіпсіздікті қамтамасыз етудің институционалдық факторына назар аударып, қауіпсіздіктің өзін күрделі және көп деңгейлі феномен ретінде қарастырады. Бұл бағытты жақтаушылардың қатарына А. Вендт [218], Р.Уолкерді [219] жатқызуға болады. Зерттеушілердің пікірінше тек қана бейбітшілікті қамтамасыз етудің институционалдық негізінің бар болуы ғана тұрақтылықтың кепілі бола алады. Олар БҰҰ, ЕҚЫҰ, НАТО–ны реформалаудың маңыздылығын айта отырып, қауіпсіздіктің аймақтық және субаймақтық құрылымын құру қажеттілігін ескереді. Жаңартылған неореализмнің (постклассикалық реализм П.А. Цыганков бойынша) бір түрі С. Хантингтонның [220] «өркениеттер қақтығысы» теориясы саналады. Бұл теория реалистік негізге сүйенді, бірақ ондағы мемлекет өркениетке жарым–жартылай орын береді. Неореалистік парадигманың ағымында бүгінгі таңда өзекті болып саналатын гегемонистік тұрақтылық теориясы қалыптасты, бұл теорияның өкілдері К. Уолцтың идеялары мен еңбектерін толықтырды. Бұл бағыт өкілдерінің бірі Р. Гилпин [221] неореализмнің негізгі ережелерін сақтап, акторлардың мүдделері бір мақсатқа (қауіпсіздікке) түйспейді деген идеяны толықтырды. Р. Гилпин бойынша мүдде тұрақты түсінік емес, мемлекеттің басымдылық шкаласы әрбір уақыт кесіндісінде өзгеріп отырады. Ал, құрылым деп Р. Гилпин мен оның жақтастары бағындырудың белгілі бір түрі деп түсінді және тұрақтылық негізінен гегемонның үстемдік етуі кезеңінде болды деп есептейді.

Бірақ, гегемон халықаралық тұрақтылықты сақтауға оң әсерін әрқашанда тигізбейтінін қазіргі кезеңнің тәжірибесі көрсетіп отыр. Кейбір зерттеушілердің пікірінше, әлем бойынша аймақтандырудың тереңдеуі гегемонистік тұрақтылықтың көру бұрышын қауіпсіздіктің халықаралық құрылымы (НАТО) шеңберіндегі гегемонның іс–әрекеті арқылы өзгертеді.

Кейбір неолибералдардың дәстүрлі зерттеу тақырыбы – «демократиялық әлем теориясынан» басқа, өзара тәуелділіктің тереңдеуі экономикалық қатынастардағы қауіпсіздіктің орталық орнын қайта қарастырудың жаңа бастамасын қалыптастырды. Неолибералдық теория «қырғи қабақ» соғысы кезеңінен кейінгі

қауіпсіздік жөніндегі ілімдер эволюциясына өз үлесін қосты. Неолибералдардың көзқарастары бойынша, мемлекет халықаралық қатынастардағы негізгі актор болып саналады. Неолиберал К. Лорд экономикалық қауіпсіздікті ұлттық қауіпсіздіктің аспектісі ретінде қарастырып, мемлекеттің өз тәуелсіз экономикалық қызметін қауіп–қатерден қорғау мүмкіндігі арқылы анықтайды. Мұндай жағдайда экономикалық қауіпсіздік күш пен әлсіздіктің функциясына айналып, қауіп–қатердің екі типіне ұшырайды: қысқа мерзімді ұзақ мерзімдігі қарсы, ішкінің сыртқыға қарсы. Қысқа мерзімде мемлекет сыртқы қысымға ұшырайды (шетел нарығы, шикізат, экономикалық шок) және өзінің автономиясын жоғарлатуға немесе қауіп–қатермен күресу үшін қажетті күшке мұқтаж болады. Ұзақ мерзімде мемлекеттің қауіпсіздігі өзіндік экономикалық күш пен байлыққа байланысты, бұл мемлекетке өзінің мүддесін қорғауға қуатты қаруды қалыптастыруға мүмкіндік тудырып, одақтастары мен қарсыластарына ықпал етудің негізін жасайды, өз мақсаттарына қол жеткізудің кең саяси құралдарын береді.

Халықаралық қатынастар теориясындағы келесі бір үстемдік етуші неолибералдық теория – институционалдық теория болып саналады. Бұл теория бойынша, институттар мемлекеттік стратегияға ықпал етіп, қабылданған қағидалар мен нормаларға мойынсұнуға шақырып, қауіпсіздікке қатысты жетекші рөл атқарады.

Либералдық институционалистер институт деп тәртіпке, одан соң формальды ұйымға трансформацияланатын қағидалар жиынтығын түсінеді. Бұл мағынада, қауіпсіздік институттары мемлекеттердің территориялық тұтастығын сыртқы қатерден қорғау, олардың автономиясын сақтау, мемлекеттің өмірлік мүддесіне қауіп төндіретін жағдайлардың алдын алуы үшін құрылады. Мысалы, либералдық зерттеушілер қирғи–қабак соғысынан кейінгі НАТО–ның өзін–өзі сақтап қалуының себептері ретінде бұл ұйымның жоғарғы дейгейдегі институционализациялануын айтады.

Сонымен, қауіпсіздік мәселесіне, оның негізгі акторларына, аспектісіне деген көзқарастар эволюциясының үш кезеңін бөліп көрсетуге болады. Бастапқы кезеңі (1918 ж. – 1940 ж. аяғы)

«security studies» қауіпсіздікті зерттеу. Бұл кезеңде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің әдісі мен формасы суверенитет категориясы арқылы түсіндірілді. Яғни, мемлекеттік суверенитеттің қамтамасыз етілуі ғана ұлттық қауіпсіздіктің кепілі бола алады. Еуропа елдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің болашағы ұлы державалардың арасындағы «күш тепе-теңдігі» мен статус-квоны сақтау идеясын тәжірибелік тұрғыдан енгізумен байланыстырылды. Осылайша, барлық зерттеушілердің назары кез-келген мемлекеттің қауіпсіздігінің ұлттық деңгейіне аударылды.

Келесі кезең (1950 ж. басы – 1980 ж. ортасы), бұл кезеңді қауіпсіздікті зерттеудің «алтын ғасыры» деп атайды. Қырғи қабақ соғысы державалардың арасындағы қару (ядролық) тепе-теңдігін сақтауға назар аударуды талап етті. «Қауіпсіздікті зерттеу» «стратегиялық зерттеудің» синониміне айналып, оның шеңберінде ядролық қару мен қарапайым қарулану арасындағы арақатынас, «тежеу» концепциясы, стратегиялық тұрақтылықты қолдау мәселелері маңызды болды. Халықаралық қауіпсіздікті түсіндіру тенденциясы «стратегиялық зерттеудің» шеңберінде жалғасып, дамыды. 1980 ж. ортасына дейін мұндай көзқарас қайта тексеріс пен сынға алынбады.

Бірақ, халықаралық қатынастардың дамуына байланысты ғылыми ортада «соғыс пен бейбітшілік мәселесі өте маңызды», мұны стратегиялық зерттеуге жатқызуға болмайды деген көзқарастар пайда болды. Сонымен бірге, өткен ғасырдың 70 жылдарындағы мұнай тоқырауының экономикалық жүйеге әсер етуінің нәтижесінде экономикалық қауіпсіздік мәселесі ұлттық және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің кешенінде маңызды рөл атқарды.

Қауіпсіздіктің қазіргі заманғы кең мағынадағы түсінігі 1980 ж. қалыптаса бастады. Қауіпсіздікті зерттеудің үшінші кезеңінде (1980 ж. ортасы – қазіргі кезеңге дейін) қауіпсіздікті «вертикалдық» және «горизонталдық» өлшем бойынша қарастыру орын алды. Қауіпсіздіктің «вертикалдық өлшемі» – әлеуметтік-экономикалық, саяси, физикалық (индивид үшін), әскери (мемлекет үшін), ақпараттық, рухани-мәдени қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласын қамтыды. Қауіпсіздіктің

«горизонтальдық» өлшемі қауіпсіздіктің халықаралық, аймақтық, ұлттық, қоғамдық және жеке тұлғалық деңгейлерін сипаттады.

Қауіпсіздіктің әртүрлі деңгейлерін салыстыру мәселесін американдық зерттеушілер Ричард Ульман және Барри Бузан дамытты, олар қауіпсіздіктің экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени өлшемдерін анықтап, бір жүйеге келтірді.

1983 ж. Пристон университетінің професоры Р. Ульман «Заново определяя понятия безопасность» [222] атты мақаласын басыпадан шығарады. Р. Ульман аталған мақаласында «қауіпсіздік түсінігі (әскери–саяси аспект) әскери емес қауіп–қатерді ескермеді, мұның өзі ұлттық және халықаралық қауіпсіздікке кері әсерін тигізеді» деп мәлімдейді. Сонымен бірге, мақалада автор қауіпсіздіктің дәстүрлі анықтамасы (сырттан келетін қауіпке акцент жасағанда) ұлттық қауіпсіздік қауіп–қатердің мемлекеттің өзінің ішінен шығу мүмкіндігін ескермейді деп көрсетті.

Осымен қатар, 1983 ж. Ұлыбританияда Б. Бузан өзінің әйгілі «Народ, государство и страх» [223] атты мақаласын жариялайды. Б. Бузан қауіпсіздікті горизонталды өлшемде зерттеп, өзінің талдауын қарапайым деңгейден – жеке тұлғадан бастайды. Қауіпсіздіктің ұлттық және жеке тұлғалық деңгейлерін салыстыра отырып, Б. Бузан олар әрқашанда бір–біріне ұқсамайды, сәйкес келмейді және бірі екіншісінің механикалық жалғасы болып саналмайды деген қорытынды жасайды. Оның пікірінше, қауіпсіздік бірінші болып адамзат қаумдастығының тағдырына, соңынан екінші кезекте ғана жекелеген адамдардың жеке қауіпсіздігіне қатысты болады. Б. Бузан қауіпсіздікті вертикалды түрде келесідей деңгейлер бойынша құрылымдайды:

- индивидум;
- субьбірліктер (бюрократиялық, лоббистік топтар);
- бірліктер (мемлекет, ұлт, ірі халықаралық корпорациялар);
- халықаралық ішкі жүйелер (аймақтық топтар, ұйымдар);
- халықаралық жүйе.

1970 ж. аяғы – 1980 ж. басына дейін «қауіпсіздік» түсінігі концептуалдық және философиялық тұрғыдан кең түрде түсіну үшін сынға ұшырамады. Көптеген сарапшылар үшін

қауіпсіздіктің бұрынғы түсінігі айтарлықтай анық болып көрінді. Жоғарыда аталған екі зерттеу жұмысының арқасында қауіпсіздіктің қазіргі заманғы кең түрдегі түсіндірмесі қалыптасты және бұған 1970 ж. оқиға ықпал етті. Өзімізге белгілі, бұл уақытта әлемдік экономикалық жүйеде мұнай тоқырауы басталды және экономикалық қауіпсіздік мәселесі аймақтық және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінің кешенінде негізгі орынға шықты. Яғни, бұл мәселелені кең ғылыми категория дәрежесіне алғашқылардың бірі болып енгізген және қауіпсіздіктің экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени өлшемдерін анықтаған Р. Ульман мен Б. Бузан болды деп айтуға болады.

Осындай 1983 ж. халықаралық және ұлттық қауіпсіздіктің аспектілерін теориялық қайта түсіну мәселесіне арналған екі ғылыми зерттеудің пайда болуы қауіпсіздікті кең мағынада түсінуге мүмкіндік туғызды. Р. Ульман қауіпсіздік қауіп-қатерін әскери негізде түсіндіруден алшақтауды ұсынып, ұлттық, аймақтық және халықаралық қауіпсіздікке қауіп төндіретін (тек қана әскери-саяси сипаттағы емес) басқада құбылыстардың бар екенін атап көрсетті. Б. Бузан да қауіпсіздік мәселесінің кең түсіндірмесін ұсынып, қауіпсіздікті тек қана қамту саласы тұрғысынан емес, сонымен бірге талдау деңгейлерін (халықаралық, аймақтық, ұлттық және жеке тұлғалық) анықтауды ұсынады.

Мысалы, қауіпсіздік саласындағы американдық маман А. Руссо Р. Ульман мен Б. Бузанның жұмысына талдау жасай отырып, олардың идеясы қауіпсіздік мәселесін зерттеудің жаңадан дамушы поствестфальдық көзқарастың негізін қалап, «адамзат қауіпсіздігі» ретінде танымал болды деп көрсетеді.

Сонымен бірге, 1980 ж. басында ортақ қауіпсіздік концепциясының идеялары қалыптаса бастады. Бұл концепция сол кезеңнің ядролық қарулар жарысының болашағы жоқ деген түсінікке негізделді. Концепцияның негізгі ережелері Улфа Пальманың баяндамасында көрсетілді:

- 1) Қауіпсіздікке деген барлық мемлекеттердің тең құқығы;
- 2) Халықаралық шиеленістерді шешудегі әскери күшті заңсыз деп мойында;

3) Әскери үстемдік ету тәсілі арқылы қауіпсіздікке қол жеткізудің мүмкін еместігі;

4) Ортақ қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды шарты қару–жарақты қысқарту және шектеу.

Ортақ қауіпсіздік идеясымен биполярлық күш тепе-теңдігіне негізділіп, қырғыи қабақ соғысы кезеңіндегі қауіпсіздік логикасынан қауіпсіздікті көпжақты ынтымақтастық арқылы қамтамасыз ету логикасына ауысуды ұстанған ынтымақтастыққа негізделген қауіпсіздік концепциясы ұқсас болып келді.

1980–1990 жж. либералдық дәстүрдің шеңберінде халықаралық–саясаттануда кооперативті қауіпсіздік немесе ынтымақтастықтың негізіндегі қауіпсіздік концепциясы пайда болды. Аталған концепцияның мазмұны жағынан П.А. Цыганков [200, 102 с.] оның «гроциандық» (рационалистік) және «кантиандық» (революционаристік) түрін бөліп көрсетеді. Кооперативті қауіпсіздіктің гроциандық түрін өңдеуге Буркинг университеті қатысса, кантиандық түрін өңдеуге еуропалық Маршал орталығының мамандары ат салысты. Оларды ішкі әскери қақтығыстар тек қана олардың пайда болған мемлекеттерде емес, сонымен бірге өздерінің қауіпсіздігін қаамтамасыз ету үшін кооперативті қауіпсіздік жүйесін құруға және оның шеңберінде сәйкес келетін шараларды қабылдауға мәжбүр болатын көрші мемлекеттерге, әлемдік қауымдастыққа қауіп–қатер төндіреді деген көзқарас біріктіреді.

Мұндай шаралар ретінде гроциандық бағыт халықаралық институттардың құрылуы мен қызметін (БҰҰ) және халықаралық құқықтық нормаларды қабылдауды қарастырады.

Кантиандық бағыттың айырмашылығы – оның жақтастары керсінше БҰҰ–ның тиімсіздігі жөніндегі көзқарасты ұстанады. Олар қауіпсіздік ортасының өзгеруі жағдайында жұмыс жасап жатқан халықаралық–құқықтық нормалар мен принциптердің негізінде емес, гуманитарлық құндылықтар мен идеалдарды қорғау арқылы әрекет ету керек деген пікір білдірді. Сарапшылардың пікірінше, екі бағыттың арасындағы мұндай айырмашылық үлкен және оларды екі тәуелсіз концепция ретінде қарастыруға болады.

Сонымен, кооперативті қауіпсіздіктің гроциандық концепциясы 1980 ж. аяғында АҚШ Буркин университетінің ғалымдары тарабынан өңделді. Концепцияның негізін салушылардың көзқарастарына сәйкес «кооперативті қауіпсіздік – бұл қарама-қарсы қауіп-қатер құру арқылы агрессияға тежеу жасау және оған тойтарыс беру механизмі» болып саналады.

Гроциандық үлгі жақтастарының қолдайтын кооперативті қауіпсіздік мазмұнының негізгі элементтері төмендегідей:

- кооперативті қауіпсіздікке қол жеткізуге бағытталған іс-шаралар күшке қарағанда келісімнің негізінде қалыптасуы керек, ал кооперативті қауіпсіздіктің жүйесі қоғамдастықтың тарабынан заңды деп қабылданатын алғышарттарға негізделуі тиіс;

- кооперативті қауіпсіздіктің мақаты барлық қару-жарақты жою, зорлық-зомбылықтың алдын алу және барлық саяси құндылықтарды үйлестіру емес, ұйымдастырылған, қасақана және маңызды агрессия үшін тәсілдердің алдын алу;

- кооперативті қауіпсіздік жүйесі басқа мемлекеттер (егер кооперативті қауіпсіздік принциптерін мойындаса) үшін ашық болуы тиіс;

- кооперативті қауіпсіздік концепциясы қарапайым қарулы күштердің қорғаныс конфигурациясы, агрессияға деген келісілген халықаралық жауап, әскери инвестицияны төмендету, барлық іс-шаралардың ашықтығы сияқты принципті компоненттерден тұрады. Кооперативті қауіпсіздіктің рационалистік (гроциандық) түрі БҰҰ, ЕҚЫҰ, ШЫҰ негізін салды.

Негізгі ережелері Р. Коэнның тарабынан өңделген кооперативті қауіпсіздіктің кантиандық концепциясы кооперативті қауіпсіздікті ұжымдық қауіпсіздік, ұжымдық қорғаныс және жаңа кезеңнің шиеленістерін шешудегі ынтымақтастықпен байланысты жаңа тәсілді синтездеу түрінде көрсетеді. Р. Коэн ынтымақтастықтың негізіндегі қауіпсіздік түсінігінің өзіндік жеке төрт шеңберден тұратын түсіндірмесін береді. Ол мұнда алғаш рет адамзат қауіпсіздігін (өз территориясындағы адамның құқығын қорғау), ұжымдық қауіпсіздікті (ортақ кеңістіктегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау), қорғанысты (әскери агрессиядан өзара байланысты қорғану), тұрақтылықты қамтамасыз етуді (саяси, ақпараттық,

экономикалық, қажет болған жағдайда әскери тәсілдердің көмегі арқылы басқа шиеленіс қауіпі төнген аймақтардағы тұрақтылықты қамтамасыз ету) біріктіруге талпыныс жасайды. Р. Коэнның пікірінше, кооперативті қауіпсіздік либералдық–демократиялық мемлекеттердің айналасында қалыптасқан және саяси, экономикалық, әскери салалардағы ынтымақтастықты жүзеге асыратын, ортақ құндылықтары бар ресми және биресми одақтар мен институттардың желісімен біріктірілген стратегиялық жүйені құрайды. Ынтымақтастықтың негізіндегі қауіпсіздік жүйесінің шеңберінде ұлттық қауіпсіздік саласындағы жекелеген мемлекеттердің мақсаты қауіпсіздіктің төрт шеңберімен өзара байланысты [224, 10 с.].

М. Михалканың пікірінше ынтымақтастықтың негізіндегі қауіпсіздік – бұл нақты бір мемлекетке немесе мемлекеттердің коалициясына қарсы бағытталмаған соғыстың пайда болу қаупін төмендетуге күш салу болып саналады. Оның пікірінше, ынтымақтастықтың негізіндегі қауіпсіздік сәйкес келетін мемлекеттер өздерінің болашағын тұтас деп мойындаған кезде қана мүмкін [225, 58 с.].

Сонымен, кооперативті қауіпсіздіктің кантиандық концепциясы ортақ идеологиясы бар белгілі бір мемлекеттер үшін арналған және бұл мемлекеттер өздерінің ортақ мүдделерін қорғау үшін бұл жүйеге мүше емес мемлекеттерге қатысты күш қолданудан тайынбатын қауіпсіздік жүйесі болып саналады. Кооперативті қауіпсіздіктің кантиандық концепциясы радикалды және қазіргі халықаралық–құқық жүйесіне оппозиция болып табылады.

Р. Коэн мен М. Михалка пікірінше ынтымақтастықтың негізіндегі қырғи қабақ соғысынан кейінгі кезеңде қалыптасқан жоқ, шын мәнінде И. Кант ХУІІІ ғ. аяғында бұл идеяны өзінің «Мәңгілік бейбітшілікке» деген мақаласында айтқан болатын және бүгінгі таңда бұл ынтымақтастықтың негізіндегі түсінік әйгілі болып отыр [226, 68 с.]. деп көрсетеді.

Одан әрі қарай, тәжірибеде қауіпсіздік концепциясы қауіпсіздіктің халықаралық тәртібінде орын алды. Мұның зерттеу бастамасы 1970–1980 жж. (нео–либерализм мен нео–реализмге кезекті сын) басталды. Қауіпсіздіктің халықаралық тәртібі

концепциясынның бастауында либералдық ағымның өкілдері тұрды. Жалпыға танымал, олар 1970–1980 жж. саяси–экономикалық зерттеуіне өздерінің үлестерін қосып, алғаш рет халықаралық ұйымдарды халықаралық қатынстардың салмақты факторы мен субъектісі ретінде зерттейді. Либералистермен қатар, қауіпсіздіктің халықаралық тәртіп мәселесіне саяси реализм мектебінің өкілдері де назар аударды. Яғни, халықаралық тәртіптің көптеген концепциялары реалистер мен либералистердің зерттеулерінің ортақ жемісі болып саналды деп айтса болады.

Халықаралық тәртіпті зерттеген батыс ғалымдарының қатарынан С. Краснер [227], Р. Кохейн мен Дж. Най [228], Дж. Миршаймер [229], Дж. Раги [230], О. Янгты [231] атап көрсетуге болады.

Қауіпсіздіктің халықаралық тәртібі түсінігін алғаш рет 1975 ж. батыс саясаттанушысы Дж. Раги қолданып, оның классикалық анықтамасын: «қауіпсіздіктің халықаралық тәртібі дегеніміз – мемлекеттердің тобы тарабынан қабылданған өзара қағидалардың, жоспарлардың, ұйымдастырушылық және қаржы нұсқауының жиынтығы» [230, 380 с.] деп көрсетті.

Сонымен аймақтық қауіпсіздікті зерттеу барысындағы келесі бір маңызды теория – К. Дойчтың қауіпсіздік қауымдастығы теориясы болып табылады. «Қауіпсіздік қауымдастығы» — бұл өздерінің қарам–қайшылықтарын соғыссыз шешетін, бір–бірімен тығыз байланысты мемлекеттердің тобы болып табылады. Карл Дойчтың қауымдастық қауіпсіздігі теориясы қауіпсіздік жүйесінің бірнеше мемлекеттердің ынтымақтастығының негізінде қалыптасу себептерін түсіндіруге мүмкіндік береді. К. Дойч Екінші дүние жүзлік соғысынан кейінгі Батыс Еуропадағы халықаралық қауымдастығының қалыптасу себептерін анықтауға тырысты. К. Дойчтың пікірінше аталған жағдайда мемлекеттердің бейбіт қайта құрылуларға сенім артқан «қауіпсіздіктің плюралистік қауымдастығы» орын алды. Қауіпсіздіктің плюралистік қауымдастығына кіретін мемлекет бұл қауымдастықтың басқа мүше–мемлекеттерінен шиеленістерді шешудің құралы ретінде әскери күштерді қолданбауды күтеді. Мұндай қауымдастық ортақ құндылықтар мен нормалардың

жұмылдырылуына ықпалын тигізетін өзара әрекеттестік пен байланыстардың белсенді үрдісі барысында қалыптастады. Бұл күнделікті өзара әрекеттестік ортақ құндылықтардың дамуына ықпал ететін және өзара байланыстың кеңейюінің қосымша жағдайын туғызатын ынтымақтастықтың арқасында күшейеді.

Қазіргі кезеңде К. Дойчтың идеяларын жалғастырушылар Эмануэл Адлер мен Майкл Барнетт болып табылады [232]. Олар өздерінің қауіпсіздік қауымдастығы теориясын халықаралық қатынастарды зерттеудің конструктивистік көзқарасына жатқызып, Дойчтың әлеуметтік ұстанымына сүйенеді. Адлер мен Брентт қауіпсіздікті қамтамасыз ету және әлемдік тәртіп мәселелерін зерттеудегі реализм мен идеализмнің қарама-қайшылықтарын жеңуді міндет етеді. Олардың пікірінше, халықаралық қауіпсіздік материалдық және нормативтік факторлардың ықпалының астында өзгеріске ұшырайды, ал саясаткерлер бұл үрдісті түсінсе, қауіпсіздікті «қауіпсіздік қауымдастық» арқылы қамтамасыз ете алады. Адлер мен Брентт өз зерттеуінің негізі ретінде қауіпсіздіктің плюралистік қауымдастығын қарастырып, мұны тәуелсіз мемлекеттерден тұратын трансұлттық аймақ ретінде анықтайды. Халықаралық-саяси зерттеулердегі «қауымдастық» түсінігіне қатысты тұрақталған анықтаманың жоқтығын ескере отырып, авторлар өзіндік интерпретацияны ұсынады. Олардың пікірінше қауымдастық келесі үш негізгі сипатқа ие болуы тиіс:

1) ортақ құндылықтардың, шынайы байланыс үшін маңызды ортақ түсінушілік (мысалы, «суверенитет» дегеніміз не деген сұрақ бойынша ортақ түсінушілік) пен бірегейліктің бар болуы;

2) кез-келген мәселелер бойынша қауымдастықтың әр мүшелері арасындағы қарым-қатынас;

3) қауымдастықтың басқа мүшелеріне деген жауапкершіліктің болуы. Сонымен бірге, қауіпсіздік қауымдастығы мүшелерінің арасында қарама-қайшылықтар мен шиеленістердің жоқ болуы міндетті емес, бар болған жағдайда, бұл мәселелер ендігі кезекте қауіп пен күш қолдану арқылы шешілмейді.

Қауіпсіздік қауымдастығының негізін құрайтын жекелеген аймақтардың шекарасын анықтау күрделі болып саналады. Егер К. Дойч қауіпсіздік қауымдастығын географиялық аймақ бойынша анықтаса, конструктивизм шектелген географиялық кеңістікке мойын сұнбайтын қауымдастық туралы айтып, мысал ретінде қауіпсіздік қауымдастығы деп «батыс демократиялық мемлекеттерін» келтіреді. Яғни, қауіпсіздік қауымдастығының негізінде географиялық белгіленген аймақ болу міндетті емес, бұл «қиялдағы» немесе «когнитивтік» аймақ болуы мүмкін.

Адлер мен Барнетт қауіпсіздік қауымдастығы дамуының үш фазасын бөліп көрсетеді [232, p.15]:

- 1) пайда болу;
- 2) өрлеу;
- 3) жетлу.

Пайда болу кезеңінде қауіпсіздік қауымдастығының болашақ мүше–мемлекеттері қауымдастықты құруға ұмтылмайды, олар өзара қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында өзара қарым–қатынасты үйлестіруді бастайды. Ортақ қауіп–қатердің бар болуы, аймақтық ұйым құру және қуатты аймақ мемлекеттерінің іс–әрекеті бұл кезеңнің негізгі факторы болып саналады. Бұл кезеңде ортақ құндылықтар мен ортақ бірегейліктің әлі қалыптаспау себебінен қауіпсіздік қауымдастығын стратегиялық одақтан ажыратудың қиындық тудыруы талдау жасауды күрделендіреді.

Өрлеу фазасы әртүрлі бағыт бойынша байланыстың дамуымен, әскери сала бойынша тығыз ынтымақтастық жасауға мүмкіндік беретін ұйымның құрылуымен, ұжымдық бірегейлік пен өзара сенімнің пайда болуымен сипатталады. Ұжымдық бірегейлікті авторлар акторларды өздерінің дамуын қауымдастық үшін ортақ сызық шеңберінде дамуға дайындық ретінде қарастырады. Бірақта, Ч. Тиллидің пікірінші, Адлер мен Барнеттің ұжымдық трансұлттық бірегейлігі аяғына дейін анықталмаған концепция деп атайды. Қауіпсіздік қауымдастығының пайда болуы барысында кімнің бірегейлігі (элиталардың, үкіметтің, жеке азаматтардың) алмасатынын түсіндірмейді, одан басқа ережеге сәйкес кез–келген актор бірегейліктің бірқатарына ие (мысалы, ломбардиндық–

итальяндық–еуропалық), мұның өзі талдау жасауды қиындатады [233, 93 с.] деп мәлімдейді.

Өрлеу кезеңі қалыптасқан ортақ бірегейліктің бар болуы және қауымдастық мүшелерінің арасындағы қарым–қатынаста күш қолданудың ақылға симайтындығымен сипатталады. Бұл кезеңде қауіпсіздік қауымдастығын қалыптстыратын индекатор – шешім қабылдау (консенсус принципі); шекаралардағы бекіністердің болмауы; ортақ қауіп–қатерге қатысты консенсус; қауымдастықтың ішкі нормаларына қатысты ортақ дискурс болып саналады.

Сонымен бірге, авторлар қауіпсіздіктің қалыптасқан қауымдыстығын қатаң және еркін деп бөліп көрсетеді [232, р. 49]. Қауіпсіздіктің қатаң қауымдастығы келесі сипатқа ие:

- сыртқы қауіп–қатерге қатысты ұжымдық қауіпсіздік принциптерін және қауымдастықтың ішіндегі өзара байланыста кооперативті қауіпсіздік принциптерін сақтау;
- әскери интеграцияның жоғары деңгейі;
- қауымдастық үшін «ішкі» қауіп–қатермен күресу саласындағы өзара байланысты үйлесімдеу;
- халықтың еркін қозғалысы;
- құқықтық нормаларды үйлестіру және құқық жүйелерін үйлесімдеу.

Қауіпсіздік қауымдастығын құру барысында Адлер мен Барнет халықаралық ұйымдардың функциясын қарастыра келе, халықаралық ұйымдар мемлекеттің кез–келген бір аймақтың бөлігі екенін сезінуге мүмкіндік береді және ұйым мемлекетке өздерінің мүддесін іске асыруына көмектесіп қана қоймай, мүше мемлекеттердің бірегейлігін қалыптастырады деген тұжырым жасайды.

Ендеше қауіпсіздік қауымдастығы теориясы қауіпсіздікті қамтамасыз етудің халықаралық механизмінің іске асуын көрсетіп, қауіпсіздік қауымдастығының пайда болу мәселелерінің нормаларын, құндылықтары мен ұқсастықтарын қолдануға мүмкіндік беріп, қауіпсіздікті түсінудің әлеуметтанулық тәсілін қалыптастыруға мүмкіндік береді деп айтуға болады.

Сонымен, ұжымдық, ортақ және ынтымақтастыққа негізделген қауіпсіздік концепцияларының және қауіпсіздік

қауымдастығы теориясының пайда болуы әлемдегі мемлекеттердің өзара тәуелділігін және қауіпсіздіктің жаһандануының ұлғаюын көрсетіп, аталған концепциялар өзінің мәні жағынан мемлекетті қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз ете алатын рационалды актор ретінде қабылдауға негізделді.

«Қырғи қабақ» соғысының аяқталуы, халықаралық жүйенің трансформациялануы және жаһандану үрдістері күрделі жағдайдың туындауына алып келді: бір жағынан, дүние жүзлік соғыстың пайда болу қаупі минимумға теңестірілді, әскери қауіп-қатерлер өзінің мәнін сақтап қалды, бірақта дәстүрлі әскери-стратегиялық қауіп-қатерлердің бірқатарның трансформациялануы жүрді, одан басқа трансформациялық импульстың кері аспектілерімен байланысты қауіпсіздіктің жаңа әскери емес қауіп-қатерлері пайда болды. Мұндай қауіп-қатерлердің мысалы ретінде ішкі істерге араласпау принципі ұстау барысында шешімін таба алмайтын және босқындардың орын ауыстыру санының өсуі, заңсыз қару-жарақ сатудың, экономиканың қылмыстануы, наркотрафиктің т.б. өсуі сияқты гуманитарлық сипаттағы мәселелерді атап көрсетуге болады. Аталған өзгерістердің мәнін түсіндірудің бірден бір талпынысы қауіпсіздіктің жаңа референттік объектісін (адам) ұсынған қауіпсіздік мәселелерін зерттеудегі бағыт болды.

Адамның жағдайына көңіл бөлген тәсіл 1990 ж. басында қауіпсіздікті зерттеу бағытының негізін салып, «адам қауіпсіздігі/жеке тұлға қауіпсіздігі» (human security) деп аталды.

Бұл концепцияның тұжырымдамалық негізі (human security) «адам – барлық нәрсенің өлшемі» деген ежелгі нақыл сөзден тұрады. Бұл концепцияның тұрғысынан адам (жеке тұлға) жүйенің негізі болып саналады және қауіпсіздіктің барлық деңгейіндегі (корпоративті, қоғамдық, ұлттық, аймақтық және жаһандық) объекті және субъекті болып табылады. Негізінен, халықаралық ұйымдар, мемлекеттер мен қоғам адамның қауіпсіздігін қорғау үшін құрылған. «Адамзат қауіпсіздігі» түсінігі алғаш рет 1994 ж. БҰҰ-ның адамзаттық даму Есебінде қолданылды, ал оның енгізілу негізін Канаданың сыртқы істер министрі Л. Эксуорсидің БҰҰ Бас Ассамблеясының 53-ші сессиясындағы шығып сөйлеген сөзі құрады.

Мемлекеттің қауіпсіздігінен тыс адам мен оның қауіпсіздігін қарастыру Қайта өрлеу дәуірінің кезеңінің гуманистерінің дәстүрі саналады, бірақ бұл концепцияға жақын көзқарастарды ежелгі грек жақтаушылары болды. Бірақ дәл Қайта өрлеу дәуірінің ағартушылары, кейінірек И. Кант адамзат өмірінің құндылықтарын аса жоғары деңгейге көтерді. Олар адамды мемлекеттік машинаның құрамдас бөлігі (Лефиафан) ретінде емес, өзінің құндылығы мен құқығы бар жеке тұлға ретінде қарады. Аталған концепцияның бастапқы кәсіп қауіпсіздікке деген көзқарасты жоққа шығару болып саналады, яғни мемлекеттің қауіпсіздігі мен адам қауіпсіздігі тепе-тең. Бұл жорамалды уақытында Р. Ульман Б. Бузан, сонымен бірге «традиционалистер», реализм классиктері Н. Макиавелли, Т. Гоббс, К. Фон Клаувиц, О. Бисмарк қолдап, мемлекетті адамның еркін және аман-есен өмір сүруіне кепіл беретін жалғыз ғана инструмент деп санады.

Адам қауіпсіздігінің концепциясы өзінің мәні жағынан мемлекеттік суверенитеттің дәстүрлі түсіндірмесінен алыстауды білдіріп, ХҮІІ ғ. еуропалық философтардың еңбектеріндегі қауіпсіздікті философиялық тұрғыдан қабылдауға қайтып оралуды көрсетті. Қауіпсіздік объектісінің мемлекеттен жеке тұлғаға ауысуы барысында қауіпсіздік жағдайына қол жеткізу тәсілінің қалай болу керектігін бағалауда да өзгерістер болды: яғни, қауіпсіздікті қамтамасыз ету арсеналына тек қана сыртқы қауіп-қатерден қорғану мен ішкі тұрақтылықты қамтамасыз ету емес, сонымен бірге халықтың қауіпсіздігіне қауіп төнген жағдайда ішкі құрылысты ауыстыру мүмкіндігі енеді.

Біздің ойымызша, қауіп-қатерлердің, оны қамтамасыз етудің шараларының жиынтығы, сонымен бірге талдау деңгейі қауіпсіздіктің субъектісі мен объектісін таңдауға байланысты екендігі көрініп тұр. Адам қауіпсіздігінің концепциясы халықаралық қатынастардың гуманизация мен демократияландыру тенденцияларын білдірді, бірақ қауіпсіздіктің жаңа аспектілерінің (мысалы, қауіпсіздіктің трансұлттық сипаты) кейбір айтарлықтай ерекшеліктері тұрғысынан және халықаралық қатынастар жүйесіне жаңа қауіп-қатерлердің ықпал ету сипаты жөніндегі мәселеге және

жүйе үшін бұл қауіп-қатерлердің есесін қайыру мүмкіндіктері тұрғысынан айтарлықтай түсіндірмелі қаблетке ие бола алған жоқ. Сонымен бірге, халықаралық қатынастардың жаңа акторларының бар болуы мен адам мемлекет пен халықаралық ұйымдармен бірдей тең деңгейде халықаралық құқықтың субъектісі ретінде қарастырылу керек деген пікір-таластардың орын алуына қарамастан, қазіргі уақытта әлі күнге дейін халықаралық жүйенің негізгі элементі мәртебесін сақтап отыр, ал мемлекет қауіпсіздікті қамтамасыз етудің маңызды факторы болып отырғандығын назарға алу керек. Сондықтан, индивидтің, мемлекеттің немесе жүйенің (мысалы халықаралық қатынастар немесе оның аймақтық жүйесі) қауіпсіздік қатерлері әртүрлі сипатқа ие және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету әдістері де әртүрлі болады.

1 кесте – Қауіпсіздіктің негізгі концепцияларының салыстырмалы сипаты

	Ұлттық қауіпсіздік	Ұжымдық қауіпсіздік	Ынтымақтастыққа негізделген қауіпсіздік	Ортақ қауіпсіздік	Жеке тұлға (адам) қауіпсіздігі
1	2	3	4	5	6
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері	Мемлекеттің қорғаныс қаблеттілігін, ішкі саяси тұрақтылығын, қорғау, достықты органы қамтамасыз ету	Коалиция, қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ұйым	Көпжақты ынтымақтастық, пре-вентивті дипломатия, сенім шаралары	Барлық мемлекеттердің дамуы үшін әділ және тең жадай туғызу	Лайықты физикалық, экономикалық, әлеуметтік жағдай құру
Қауіп-қатер түрі	Әскери агрессия, территориялық тұтастықтың ішкі қатерлері	Мемлекеттердің, мемлекеттер блогының әскери агрессиясы	Әскери қауіп-қатерлер, әскери емес қатерлердің кейбір түрлері	Әскери қатерлер, дамуға төнетін қауіп-қатерлер	Физикалық, экономикалық, әлеуметтік жағдайдың қауіпсіздік қауіп-қатерлері

Негізгі субъект	Мемлекет	Мемлекет	Мемлекет	Мемлекет, үкіметтік емес ұйым, жергілікті басқару топтары, индивид	Индивид
Қауіпсіздік типі	Әскери аспектілер	Әскери аспектілер	Әскери және әскери емес аспектілер	Әскери және әскери емес аспектілер	Әскери және әскери емес аспектілер

Сонымен, 1990 ж. басында қалыптасқан қауіпсіздіктің бірқатар дәстүрлі концепцияларын талдаудың нәтижесінде XX ғ. аяғындағы халықаралық қауіпсіздікке деген тәсілдердің ерекшелігі «қауіпсіздік» түсінігі, сонымен қатар «қауіпсіздік қауіп-қатерлері» көп мағыналы (полисемантикалық) сипатта болған деген қорытынды жасауға болады.

Осымен бірге, тек қана әскери-саяси салаға қатысты ғана емес, сонымен бірге әртүрлі қауіп-қатерлердің кең секторы терминологиялық жағынан қауіпсіздіктің «жаңа» немесе «дәстүрлі емес» қауіп-қатерлері деп белгілене бастады. Бірақта қауіпсіздік қауіп-қатерінің «кеңейтілген түсіндірмесі» жаңа қауіп-қатерлер және бұрын, мысал үшін, денсаулықсақтау саласына қатысты құбылыстар қалайша ұлттық немесе халықаралық қауіпсіздікке қауіп-қатер төндіретін параметрге ие болатындығы жөнінде толықтай көрініс бермейді.

Осыған байланысты, жаңа қауіп-қатерлерге назар аударатын тәсілдерді қарастырып және оларды қауіпсіздіктің дәстүрлі емес аспектілерінің жаһандық және аймақтық көріністерін қарастыру үшін қолдану тұрғысынан бағалауды қарастырған жөн.

Қазіргі уақыттағы зерттеу еңбектерінде қалыптасқан қауіпсіздіктің кең түсіндірмесін екі блокқа бөліп көрсетуге болады:

1) Жаңа қауіп-қатерлердің пайда болу себептерін, олардың ерекшеліктері мен мемлекет тарабынан қауіпсіздікті қамтамасыз ету үлгілерін түсіндіретін тәсілдер;

2) Аталған мәселелерді халықаралық қатынастардағы жүйелік тұрғысынан қарастыратын тәсілдер.

Мемлекет қауіпсіздігінің дәстүрлі емес аспектілерін талдаудың негізі ретінде қарастырылатын тәсілдерді екі концепцияның мысалында қарастыруға болады. Біріншісі, БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннан құрған өзгерістер, қауіп–қатерлер жөніндегі топтың баяндамасында көрсетілген. «Более безопасный мир: наша общая ответственность» атты топтың баяндамасында «адамдардың жаппай өліміне алып келетін немесе өмір сүріу мүмкіндіктерін шектейтін кез–келген үрдіс мемлекетті халықаралық жүйенің негізгі элементі ретінде әлсіретеді, халықаралық қауіпсіздікке қатер тудырады» [197, p.98] деп көрсетілген.

Аталған анықтаманы ескере отырып, қазіргі заманғы қауіп–қатерлердің алты тобын бөліп көрсетуге болады: Экономикалық және әлеуметтік қауіп–қатерлер; Мемлекетаралық шиеленіс; Ішкі шиеленіс (азамат соғысы); Ядролық, химиялық және биологиялық қару; Терроризм; Трансұлттық ұйымдасқан қылмыс.

Екінші концепция, Б. Бузан, О. Вевер және Я. Де Вилдтың [6] («копенгаген мектебінің» өкілдері) секьюритизация концепциясы халықаралық қатынастар теориясының конструктивистік бағыты контекстіндегі қауіпсіздіктің кеңейтілген түсінігін қарастырады. Аталған концепцияның ережесі мемлекеттің қызметін бірінғай субъект ретінде талдаудан алшақтауды және қауіпсіздік саласындағы кез–келген бір құбылыс жекелеген мемлекеттердің саяси қауымдстығыныын тарабынан қалайша қабылданса солай қарастыруды ұсынады.

Б. Бузан, О. Вевер және Я. Де Вилддің қауіпсіздік аспектілерін зерттеудің концептуалдық негізін конструктивизм зерттеулері, сонымен бірге А. Вендт идеялары құрады. А. Вендт неореалистер мен неолибералдар өздерінің назарын «күш», «мүдде», «институт» түсініктеріне аударып, оларды материалдық фактор ретінде қабылдады деп көрсетеді. Ал, конструктивистер халықаралық–саяси зерттеулер айналымына ұқсастық, дискурс және идеялар сияқты аспектілерді енгізуді ұсынып, шешім қабылдау үрдісіне құндылық пен ұғым шешім қалай ықпал ететінін болжауды ұсынады.

Аталған концепцияның құндылығы оның аймақтық және ұлттық қауіпсіздікті («қатаң» және «жұмсақ» аспектінің арақатынасы) қамтамасыз етудің күн тәртібіне қоғам мен саяси элиталардың тарабынан қандай сұрақтар енгізілетінін, сонымен бірге сонымен бірге қауіпсіздіктің қандай дәстүрлі емес қауіп-қатерлері саяси қауымдастықтың көз аясында болады немесе оның тарабынан керсінше ескерілмей қалатынын талдауға мүмкіндік береді.

Секьюритизация үрдісі – бұл дискурсивті үрдіс, мұның шеңберінде саяси қауымдастық кез-келген бір факторға маңызды қауіп-қатер ретінде қарап, ол туралы түсінік қалыптастырады және аталған қауіп-қатерге қарсы тұрудың жедел және төтенше шараларын қабылдауға шақырады. Үрдіс бірнеше кезеңнен өтеді: бастапқыда саяси қауымдастық бір мәселені қауіпсіздіктің қауіп-қатері ретінде жайғастырады, соңынан қоғам мәселенің мұндай қойылуын мақұлдайды (немесе мақұлдамайды), соңғы кезеңінде мәселені шешудің тәжірибелік шараларын қабылдайды. Бұл концепцияның шеңберінде зерттеушілер терминологиялық тұрғыдан қауіпсіздіктің әскери секторынан басқа экономикалық, экологиялық, қоғамдық (социеталдық) және саяси секторларын ұсынады.

Сонымен, секьюритизация концепциясы дәстүрлі емес қауіп-қатерлерге қатысты белгілі бір түсіндірмелік қаблетке ие, себебі оның көмегі арқылы қоғам мен саяси элиталардың қауіпсіздіктің жаңа қауіп-қатерлерін қайта басқаша ойлау үрдісін талдауға және қауіпсіздік саласындағы шешім қабылдау үрдісін талдаудың негізін салуға болады деп айтуға болады. Аталған концепцияның оң жағы тек қана қауіпсіздіктің кеңейтілген түсіндірмесін беру емес, сонымен бірге қауіпсіздіктің дәстүрлі емес аспектілерін саяси күн тәртібінің бір бөлігі ететін саяси үрдіс үлгісін құруға деген талпынысы болып саналады.

Мұндай концепцияның айтарлықтай субъективті негізі оны қолдануға шектеу қояды. Аталған концепцияға сәйкес қауіпсіздіктің кез-келген мәселесі күн тәртібіне саяси акторлардың қалауы бойынша енгізіледі. Сондықтан, егер қауіп-қатер қауіптілік төндірсе, бірақ саяси қауымдастықтың тарабынан қауіптілік ретінде қарастырылмаса не болады деген

сұрақ шешімін таппады. Бұл концепцияның батыс (демократиялық) мемлекеттерге қатысты өңделгендігі және көпшіліктің алдында талқыланбайтын қауіпсіздік мәселесі жұртшылықтың дәулеті болады деген логикаға негізделуі бұл концепцияның айтарлықтай шектегіші болып саналады.

Сонымен, жоғарыдағы теориялық мектептерді талдаудың негізінде, қауіпсіздікті кешендік көзқарастың негізінде зерттеу маңызды болып саналады деген қорытынды жасауға болады. Қауіпсіздік саласындағы нео–реалистердің, нео–либералдардың, сонымен бірге нео–марксистердің көзқарастарының маңыздылығы қандайда бір күдік келтірмейді. Бірақта, аймақтық қауіпсіздікті зерттеу барысында жоғарыда аталған бағыт–тәсілдердің жиынтығы (яғни кешендік тәсіл) азды–көпті зерттеу нәтижесін береді. Неореалистік тәсіл аймақтағы күш тепе–теңдігі мәселесін анықтауға; нео–либералдық – қоғамды демократияландыру және қарым–қатынасты институционализациялауға; неомарксистік – мемлекеттердің өзара симметриялы емес тәуелділігін анықтауға мүмкіндік береді. Қауіпсіздікті анықтау мен түсіну мәселенің қойылу уақытына және халықаралық қатынастарға деген көзқарастарға байланысты өзгеруі мүмкін. Мысалы, Р. Коэн мен М. Михалка «қырғи қабақ соғысының аяқталуынан кейін мемлекеттің өмір сүру мәселесіне деген батыс еуропалықтардың қамкөңілі экономикалық өрлеу мәселесіне ауды. Мұндай іргелілеу КСРО–дан және оның мирасқоры Ресейден шыққан қауіпті өткірлікпен қабылдауды жұмсартты» [226, р. 64] деп жазады.

Қауіпсіздік түсінігінің коннотациясы ғасырдан ғасырға өзгеріп және оның түсіндірмесі этакратияның күрделілігі мен ұйымдасу түріне және әлемдегі күш тепе–теңдігі мен халықаралық қатынастар жүйесінің архитектурасына тікелей байланысты болды. Вестфаль жүйесі мемлекетті халықаралық қатынастардың орталық бірлігі ретінде қойғанымен халықаралық қатынастар жүйесінің күрделіленуіне және мемлекеттік емес акторлардың пайда болуына байланысты нео–Вестфаль жүйесі қауіпсіздік категориясы мен дәстүрлі емес қауіп–қаатерлердің тізімін кеңейтті. Этакратияның жеке тұлғаның құқығына,

жалпының жекеге, мемлекеттіктің жеке тұлғаға үстемдік етуі мемлекеттік қауіпсіздік концепциясын XX ғ. дейін үстем етті.

«Қауіпсіздік» түсінігі қауіп-қатердің жоқтығын, сенімділіктің жағдайын білдіреді. Сонымен қатар, қауіпсіздік мемлекет пен қоғамның, жеке тұлғаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша әлеуметтік қызмет нәтижесі ретінде социумның өмірлік маңызды мүдделерінің дамуының және оның құрылымының ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғалу жағдайы мен тенденциясын білдіреді.

Яғни, аталған түсіндірмеде қауіпсіздіктің екі өлшемі – бір жағынан институт ретіндегі мемлекеттің, екінші жағынан, ұлттың мүдделері немесе құндылықтарының қауіпсіздігін байқауға болады. Осы екі көзқарас классикалық мемлекеттік және ұлттық қауіпсіздік концепциясының негізіне айналды.

Халықаралық қатынастар жүйесіне деген жүйелілік тәсілінің шеңберінде жүйенің бөлігін халықаралық өзара байланыстың өзіндік заңдылықтарына ие ішкі жүйе сонымен бірге аймақтық ішкі жүйе ретінде қарастыру мүмкіндігі қалыптасқан. Аймақтық ішкі жүйенің жұмыс жасауына деген зерттеу көзқарастары төмендегідей тәсілдер арқылы көрсетілді:

1) халықаралық саяси динамиканың параметрлері барлық әлем үшін бірінғай, аймақтық ішкі жүйе өзінің сипаты жағынан жаһандық жүйеге ұқсас төменгі деңгейдегі халықаралық өзара байланысты қалыптастырады;

2) аймақтар бірігей және бір аймақтық ішкі жүйені зерттеу басқада аймақтық ішкі жүйенің жұмыс жасауын зерттеу шектеулі мәнге ие болуы мүмкін;

3) аймақтар талдаудың жеке деңгейі ретінде қарастырылады және бір аймақтық ішкі жүйенің жұмыс жасауының ерешелігі басқа аймақтарды түсінуге мүмкіндік туғызады.

Осы зерттеу жұмысы үшін үшінші тәсіл орынды деп есептейміз. Себебі, бұл тәсіл жаһандық мәселелердің аймақтық кескінін қарастыруға мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, ШЫҰ шеңберіндегі дәстүрлі емес қауіп-қатерлермен байланысты

жекелеген аймақтық мәселелерге қатысты түсінік беруге қаблеті бар концепцияларды талдауды дұрыс санаймыз.

Халықаралық қатынастардағы ұлттық мемлекет пен халықаралық жүйе арасындағы аралық (аймақтық) деңгейдің теориялық концепциясын құру талпыныстары 1960 ж. басталды. Мысал ретінде О. Янгтың «саяси алшақтық», Б. Рассеттің халықаралық аймақтар концепциясын, М. Бричердің аймақтық ішкі жүйелерді бөлу концепцияларын атап көрсетуге болады.

Жекелеген кеңістік/аймақ/аймақтық ішкі жүйелерді аналитикалық бөліп көрсетудің бірнеше негізі болды.

Біріншіден, сол кездің өзінде халықаралық үрдістерді негізгі биполярлы шиеленістік осі тұрғысынан қарастыру олар туралы толық көрініс бейрмейді, ал бұл үрдістердің өзі супердержавалардың өзара байланысында жүйрмейді немесе мұндай өзара байланысқа белгілі бір қатысы болады. Осыған байланысты О. Янг кез-келген бір мәселе бойынша жаһандық немесе аймақтық сәйкестіктің немесе алшақтықтың қай факторы үстем екендігін анықтау міндеті шеңберіндегі халықаралық саясатты талдау үлгісін ұсынды.

Екіншіден, кез-келген бір аймақ шеңберіндегі өзара байланысты талдау елтану шеңберін кеңейтуге және салыстырмалы талдау жасаудың кең мүмкіндіктерін алуға жағдай жасады. Үшіншіден, жаһандық, аймақтық және ұлттық арақатынасты талдау халықаралық жүйе шеңберіндегі кез-келген мәселені талдаудың жаңа мүмкіндіктерін туғызды.

Сонымен, ұзақ уақыт бойы аймақтандыру үрдісі мен қауіпсіздік мәселелері арасындағы өзара байланыс дәстүрлі, әскери-стратегиялық қауіп-қатерлерге қатысты немесе биполярлылықтың аймақтық кескінін талдау шеңберінде белгіленді. Осымен қатар, жаһандық трансформация жағдайындағы аталған ескі аймақтық концепциялар жаһандық үрдістердің жаңа аймақтық өлшемдерін талдаудың толықтай негізін бере алмады.

Қауіпсіздік саласындағы жаңа аймақтық үрдістерге деген жаһандық және жеке тәсілдердің шектелуінің орнын толтыру қажеттілігі жаңа параметрлерді ескеретін аймақтық деңгейдегі қауіпсіздік концепциясын құру бағытындағы зерттеу ойларының

дамуын ынталандырды. 1980 ж. аяғында ақ британдық зерттеуші Б. Бузан қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің қалыптасуына алып келген аймақтық кеңістік шеңберіндегі қауіпсіздік мәселелерінің және онымен байланысы бар саяси үрдістердің көріну тенденциясын атап көрсеткен болатын.

1.2 Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы: мәні мен маңыздылығы

«Қырғи қабақ» соғысының аяқталуынан кейін халықаралық қатынастар жүйесіндегі қауіпсіздіктің аймақтық деңгейінің маңызы арта түсті. «Қырғи қабақ» соғысынан кейін әлемдегі қауіпсіздік саласының үрдістері ұлттық және жаһандық деңгейлердің қиылысатын жері – аймақтық деңгейде өріс алады деп айтуға болады.

Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі уақытта қауіпсіздіктің аймақтық деңгейін зерттеудің тиімді және өңделген әдіснамасы – қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы (ҚАКТ) саналады. Бұл теорияның авторлары Барри Бузан (Barry Buzan) және Оле Вэвер (Ole Waever), халықаралық қатынастардың Копенгаген мектебінің негізін салды.

ҚАКТ алғаш рет Б. Бузанның «Люди, государства и страх» [223] атты еңбегінде тұжырымдалды. Бұл теорияның айтарлықтай толық сипаттамасы аталған еңбектің екінші басылымында [6] орын алып, соңынан теорияның тұжырымдамасы қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің классикалық теориясы деп аталды.

Сонымен, отарлық жүйенің ыдырауы кезеңінен бастап аймақтық деңгейдегі қауіпсіздік үрдісі дербес сипатқа ие болды, ал «қырғи–қабақ» соғысының аяқталуы халықаралық қатынастар жүйесінің құрылымына әсер еткен бұл үрдісті одан әрі тездетеді. Б. Бузан мен Оле Вэвердің пікірінше, Кеңес Одағының ыдырауынан кейін пайда болған қауіпсіздік саласындағы халықаралық қатынастар жүйесінің құрылымы неореализмнің түсініктерінде (бір полярлы және көп полярлы ретінде), не жаһандану концепциясының көмегі арқылы сипатталған жоқ. Осыны ескерген авторлар жаһандану мен аймақтандыру

үрдістерінің ықпал ететін қауіпсіздіктің постбиполярлық құрылымын түсіндіруге мүмкіндік беретін өздерінің қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясын ұсынды.

Б. Бузан мен Оле Вэвер неореализм мен жаһандану зерттеулерінің кемшілігі ретінде олардың халықаралық жүйенің әр деңгейінде болып жатқан оқиғаларды бірыңғай түсіндірме схемасы бойынша сипаттайтынын көрсетіп, ал, АҚКТ теориясы үрдістерді бір бейнеге келтіру үшін оларды әр деңгейде жеке-жеке қарастырады деп мәлімдейді.

Б. Бузан мен Оле Вэвер қауіпсіздіктің постбиполярлы жүйесінің құрылымын төмендегідей етіп сипаттайды: алып державалар және ұлы державалар жүйелік деңгейде, ал аймақтық державалар аймақтық деңгейде әрекет етеді. Алып державалар өздерінің ықпалын барлық халықаралық жүйеге тарату мүмкіндігіне ие. Авторлардың пікірінше, қазіргі уақытта мұндай мүмкіндікке ие мемлекет АҚШ саналады. Ұлы державалардың айырмашылығы, басқа ірі мемлекеттер оларға жүйелік деңгейде ықпал ететін державалар ретінде қарайды. Ұлы державалар өздерін аймақтық державалардан жоғары санайды және олардың бір аймақта ықпал ету мүмкіндігі мен алып державаға айналу қуаты бар. «Қырғи–қабақ» соғысының аяқталуынан кейін Ұлы державалардың қатарына Еуропалық Одақ (Ұлыбритания, Франция, Германия), Жапония, Ресей, Қытай кірді.

Аймақтық державалар кез–келген қауіпсіздіктің аймақтық кешені шеңберінде қарама–қарсылықты анықтайды: Оңтүстік Африкадағы бірполярлы жүйе, Оңтүстік Азиядағы биполярлы, Таяу Шығыс, Оңтүстік Америка мен Оңтүстік–Шығыс Азиядағы көпполярлы жүйе. Жоғары деңгейдегі державалар аймақтық державаларға нақты бір аймақтың шеңберіндегі секьюритизация үрдістерін анықтайтын мемлекет ретінде қарайды.

Осылайша, Б. Бузан мен Оле Вэвер жаһандану зерттеулеріне тән деңгейлерді біріктіру және жүйе деңгейінің неореалистік қарама–қарсы қою көзқарасынан алшақтап, қауіпсіздіктің халықаралық қатынастар жүйесі деңгейіндегі күштердің бөлінуінің өзіндік нұсқасын 1+4 (бір алып держава және 4 ұлы держава) формуласы бойынша ұсынады. Б. Бузан мен Оле Вэвер халықаралық жүйені Орталық–Периферия, яғни

шеткері аймақ карама–қарсылығы немесе бірполярлылық арқылы сипаттағанан гөрі өздерінің көзқарастарын өзгеше және реалистік, либералдық парадигма шеңберіндегі халықаралық жүйе құрылымын талдауға үйлесімді деп санайды.

Сонымен бірге, аталған теорияның авторлары кез–келген аймақ мемлекетінің сипаты мен ерекшелігі қауіпсіздік саласындағы динамиканы анықтайтын негізгі аспект екендігін дәлелдейді. Мұнан басқа, теориядағы қазіргі заманғы мемлекеттерді әлсіз және күшті ретінде топтастыру мемлекеттік институттар мен азаматтық қоғамның даму деңгейінің сәйкестігі тұрғысынан қауіпсіздіктің ішкі және сыртқы табиғатын түсіндіреді: күшті мемлекеттер тұтастықтың (ынтымақтастықтың) жоғарғы деңгейіне ие, сонымен бірге әлсіз мемлекеттердегі көптеген акторлар өзінің жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін күрес жүргізеді.

Осылайша, қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы жекелеген аймақтарды зерттеудің әдіснамасын ғана емес, сонымен бірге жаңадан қалыптасып келе жатқан әлемдік тәртіптің көрінісін ұсынады.

Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясын Б. Бузан алғаш рет 1983 ж. үшінші әлем елдеріндегі үрдістерді талдау үшін ұсынды. Бұл кезде қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясының анықтамасы келесідей сипатқа ие болды: қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы дегеніміз ұлттық қауіпсіздігі бір–бірінен жеке талдана алмайтын, қауіпсіздік саласындағы мүдделері бір–бірімен тығыз байланысты мемлекеттердің тобы [223, р. 102]. Бірақ, «Қырғи қабақ» соғысының аяқталуынан кейінгі қауіпсіздіктің күн тәртібінің өзгеруіне байланысты, 1998 ж. Б. Бузан мен Оле Вэвер қауіпсіздіктің әскери–саяси аспектісіне екіпін жасап, аталған анықтаманы кең мағынадағы анықтамаға ауыстырды, оған сәйкес қауіпсіздіктің аймақтық кешені дегеніміз – секьюритизация немесе десекьюритизацияның негізгі үрдістері бір–бірімен тығыз байланысты элементтердің тобы және бұл элементтердің қауіпсіздік мәселелері жеке–жеке өз алдына шешіле алмайды [6, р.63]. Яғни, бұрынғы анықтамасымен салыстырғанда мемлекеттік емес акторларды талдауға енгізу үшін «мемлекет» сөзі «элемент» сөзіне ауыстырылған.

Халықаралық қауіпсіздіктің күн тәртібінің өзгеруін ескере отырып, Б. Бузан мен Оле Вэвер секьюритизация түсінігін анықтамаға қосады.

Сонымен, қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы – бұл қауіпсіздік призмасы арқылы талдау жасалатын аймақтар екенін атап өткен жөн. Яғни, талдау қауіпсіздік арқылы аймақ кешенінің шекарасын анықтаудан басталып, соңынан ҚАКТ басқа қырынан қарастырылады.

Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясының негізгі міндеттерінің бірі – аймақтық қауіпсіздікті эмпирикалық талдаудың шеңберін қалыптастыру және аймақтардың салыстырмалы талдау мүмкіндігін жасау болып саналады.

Кешен құрылымының маңызды аспектісі – кешенге кіретін бірліктердің арасындағы күштің бөлінуін анықтайтын оның қарама-қарсылығының параметрі саналады.

Аймақтық кешен теориясы қауіпсіздікті кеңінен түсіндіруге қарамастан, халықаралық қатынастардағы достық-дұшпандыққа басты назар аударып, қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің стандартты түрін аймақ шеңберіндегі бәсекелестік, күш тепе-теңдігі немесе одақ үлгісі ретінде қарастыруы кешенді қалыптастыратын негізгі мәселе болып саналады.

Аймақтық кешеннің идеялық (конструктивистік) өлшемі А. Вендттың зерттеулеріне негізделіп, аймақтық кешеннің әлеуметтік құрылымындағы басым болатын үлгілерді (дұшпандық, бәсекелестік, достық) анықтау мен талдаудан тұрады.

Б. Бузан мен Оле Вэвер қауіпсіздіктің аймақтық кешенін зерттеу барысында ішкі мемлекеттік, мемлекетаралық, аймақаралық және жаһандық – төрт деңгейде талдауды ұсынады. Халықаралық қатынастардың барлық жүйесін авторлар қарама-қарсылық түсінігі бойынша талдауды керектігін айтады. Әр кешендегі жекелеген мемлекеттерге қатысты мәселенің алдын алуы үшін авторлар қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясының шеңберінде қалыптасқан субкешен түсінігін енгізеді.

Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы посткеңестік кеңістіктегі үрдістерді зерттейтін теория болғандықтан, біз

аталған теорияның негізгі қорытындылары мен салыстырмалы талдау нәтижелерін қарастырамыз.

Б. Бузан мен Оле Вэверге сәйкес, посткеңестік кеңістік Ұлы держава – Ресейдің айналасында орналасқан және 4 субаймағы бар (Балтық елдері, батыс фланг, Кавказ және Орталық Азия) қауіпсіздіктің аймақтық кешенін құрайды. Зерттеу кезеңінде Балтық елдері Еуропалық Одақтың құрамына әлі кірмеген еді, бірақ авторлардың пікірінше олардың еуропалық қауіпсіздіктің аймақтық кешеніне қарай қозғалысы байқалады. Қауіпсіздік саласындағы Еуропалық Одақ пен ТМД кешендерінің арасындағы өзара тәуелділіктің төмен болуына қарамастан, авторлар еуропалық кешеннің шығысқа қарай дамуын (эволюциясын), бірінғай суперкешеннің құрылуын болжайды. Бірақ, зерттеудің келесі тарауында ШЫҰ–ның қызметін талдау барысында қауіпсіздіктің аймақтық посткеңестік кешенінің Оңтүстік Азия мен Таяу Шығысқа қарай дамуын (эволюциясын) байқауға болады.

ҚАКТ аймақтық зерттеулер үшін матрица ретінде қарастырылып, мемлекеттердің ішкі жағдайлары, аймақтағы басқа акторлар мен мемлекеттердің арасындағы және көрші аймақтармен қарым–қатынасты, аймақтық динамиканың қазіргі державалармен ара–қатынасты байланыстырып зерттеуге мүмкіндік береді.

Халықаралық қауіпсіздік мәселесі бойынша дәстүрлі еңбектер сияқты қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы негізгі бірлік ретінде мемлекетке, сондай–ақ, саяси және әскери секторларға тоғыстырылды. Теорияның бастапқы алғышарттары төмендегідей:

Халықаралық қатынастар жүйесіндегі барлық мемлекеттер қауіпсіздік саласында өзара тәуелділіктің жаһандық желісіне енгізілген. Бірақ саяси және әскери қауіптің көпшілігі ұзақ қашықтыққа қарағанда қысқа қашықтықта оңай берілуіне байланысты (объект қаншама жақын болса, соншама үлкен қауіп төндіреді) қауіпсіз (небезопасность) қашықтықтың жақын болуымен байланыстырылады. Көптеген мемлекеттер жекелеген державаларға қарағанда өздерінің көршілерінен қорқады. Сондықтан да, халықаралық жүйедегі қауіпсіздік саласындағы

өзара тәуелділік бір текті емес: географиялық әркім, анархиялық халықаралық жүйедегі өзара тәуелділіктің әдеттегі құрылымы аймақтық топтардың құрылымы болып табылады, яғни «қауіпсіздік және оны ұғыну мәселесі өзара тәуелді және ұлттық қауіпсіздік мәселесі бір–бірінен жеке талданбайтын, шешілмейтін мемлекеттердің тобы [6, p.12].

Қауіпсіздік саласындағы өзара тәуелділік кешеннен тыс мемлекеттерге қарағанда кешеннің ішіндегі мемлекеттердің арасында қарқынды болып саналады. Қауіпсіздік кешенінің құрылымы және даму динамикасы бұл кешеннің мемлекеттерінің тарабынан – олардың қауіпсіздік саласындағы бір–бірін қабылдауы мен бір–бірімен қарым–қатынасы арқылы қалыптасады. Аймақтық кешен төмендегідей сипатқа ие: [6, p. 15]:

Кешен екі немесе одан да көп мемлекеттерден тұруы керек;

Бұл мемлекеттер территориялық жағынан байланыстырылған топты құрайды;

Бұл мемлекеттердің арасындағы қарым–қатынас қауіпсіздік саласындағы өзара тәуелділікпен белгіленеді;

Қауіпсіздіктің өзара тәуелділік құрылымы терең әрі берік болуы тиіс.

Кешеннің талдау бірлігі мемлекет болғандықтан, қауіпсіздіктің кешені ережеге сәйкес көлемді феномен болып табылады, олардың көпшілігі субконтинентальды немесе континентальды бірлестіктерге жақын, мысалы Оңтүстік Азия, Таяу Шығыс, Оңтүстік Африка, Еуропа, Оңтүстік Америка [6, p. 15–16].

Қауіпсіздік кешенінің ішкі динамикалары кешенді құрайтын мемлекеттердің арасындағы достық/дұшпандық дәрежесіне сәйкес градирленеді. [6, p. 12]. Спектрдің бір аяқ жағында қорқыныш, бәсекелестік және өзара қауіп сезімінің арқасында болатын өзара тәуелділік бар шиеленстік жағдай болса [234, p. 337], спектрдың ортасында қауіпсіздік тәртібі бар, мұнда мемлекет бір–біріне қатер ретінде қарап, өзара қауіпсіздік дилемасын төмендету үшін келесім қабылдайды. Спектрдің екінші бір аяқ жағында қауіпсіздіктің плюралистік қауымдастығы жатыр [235, p.73], мұнда мемлекеттер бір–біріне қатысты қауіп–

қатерді көрмейді, бұған сәйкес бір–бірінің арасындағы қатынас барысында күш қолдануды қарастырмайды.

Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы қауіпсіздік кешені күш тепе–теңдігі сияқты анархиялық халықаралық жүйенің ішкі өнімі болып саналады. Қауіпсіздік кешенінің жоқтығы үш фактор арқылы анықталады:

1) Кейбір кеңістік облыстарында мемлекет аздаған ресурстар мен мүмкіндіктерге ие, сондықтан да олардың шекарадан тыс ықпал етуі айтарлықтай емес немесе мүлдем жоқ. Бұл мемлекеттер қауіпсіздіктің ішке бағытталған динамикасына ие, сондықтан олардың қауіпсіздік саласындағы өзара байланысы қауіпсіздіктің кешенін қалыптастыруға жеткіліксіз. Мұндай жағдайда қауіпсіздіктің шағын–кешені немесе қауіпсіздіктің құрылымдалмаған аймағы туралы айтуға болады: «Шағын–кешен – көлемі жағынан ауқымды емес, аз көлемдегі субмемлекеттерден, акторлардан құралатын қауіпсіздік кешені сипатындағы формация [8, р. 490]. «Қауіпсіздіктің құрылымдалмаған аймағы – күші өз шекарасынан аспайтын, әлсіз жергілікті мемлекеттер қауіпсіздіктің аймақтық кешені құрылымын қалыптастыру үшін қауіпсіздіктің жеткіліксіз өзара тәуелділігін тудырады» [8, р. 492].

2) Қауіпсіздіктің кешені мемлекеттер тобы тарабынан қалыптасып, өз мүшелерінің арасындағы қарым–қатынасты анықтап қоймай, сонымен бірге аймаққа сыртқы державалардың енуін шарттастырады. Бірақ, кейбір кезде аймаққа сыртқы державаның енуі маңызды болып саналады, себебі бұл қауіпсіздік кешенін қалыптастыратын мемлекеттердің арасындағы қауіпсіздік саласындағы байланыстар мен динамикасын басып тастайды. Мұндай жағдайды қабаттасу (overlay) ретінде белгілейді [223, р. 219–221]. Қабаттасу ұлы державалардың қауіпсіздіктің кешеніне «бір қалыпті» түрде араласу үрдісіне қарағанда айырмашылыққа ие. Араласу (қол сұғу) қауіпсіздіктің аймақтық динамикасын нығайтады; қабаттасу оларды ұлы державалардың арасындағы бәсекелестіктің құрылымына бағындырады. Қабаттасу жағдайында қауіпсіздіктің аймақтық динамикасын нақты бөліп көрсету және қауіпсіздік кешенін теңдестіру мүмкін емес.

3) Аймақтық динамикаға аймақтық державалар мен көрші аймақтардың динамикалары қосылатын жағдайлар да болады. Мұндай жағдайда ажыратқыш туралы айтуға болады: «Ажыратқыш – қауіпсіздіктің аймақтық кешені арасында тұратын және қауіпсіздіктің аймақтық динамикасының бір-бірінің артында орналақан жерін анықтайтын мемлекет немесе шағын-кешен [8, р. 490].

Қауіпсіздіктің жекелеген кешені тұрақты, ал халықаралық жүйенің фигуралары тұрақсыз болып саналады. Қауіпсіздіктің аймақтық кешені сыртқы шекара және мазмұндық құрылыммен анықталады. Қауіпсіздік кешеніндегі мазмұндық құрылымның үш негізгі компонентін бөліп қарастыруға болады:

- мемлекеттердің орналасуы және олардың арасындағы айырмашылық;

- достық (amity) және дұшпандық (enmity) құрылымы;

- кешеннің негізгі бірліктері арасындағы биліктің бөлінуі.

Бұл компоненттердің кез-келгенінен ілгерілеу кешеннің трансформациялануына алып келеді. Сонымен, қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы аймақтық қауіпсіздікті тұрақты және динамикалық түсініктерде зерттеуді мүмкін етеді.

Қауіпсіздіктің кез-келген кешенінде пайда болатын өзгерістер айтарлықтай көп. Мұнда, бұл өзгерістердің кешеннің мазмұндық құрылымын қолдауға алып келе ме немесе олар оны ауыстыра ма деген сұрақ маңызды болып табылады. Қауіпсіздіктің аймақтық кешеніндегі құрылымдық өзгерістердің үш бағытын көрсетуге болады [6, р. 13–14]:

- кешеннің мәндік құрылымының өзгермейтінін білдіретін статус-квоны сақтау. Әрине, бұл ешқандай өзгерістің болмайтынын білдірмейді. Бірақ болып жатқан өзгерістер өзінің жиынтығы бойынша құрылымды аз түрде өзгертеді немесе қолдайды;

- қалыптасқан сыртқы шекараның шеңберіндегі кешеннің мәндік құрылымы өзгерген кезде іске асатын ішкі трансформация. Мұндай өзгеріс аймақтық саяси интеграцияның және «достық-дұшпандық» құрылымындағы өзгерістердің немесе күштің бөлінуінің ауытқуы нәтижесі ретінде іске асады;

- кешеннің құрылымдық мазмұны сыртқы шекараның кеңеюі немесе қысқаруына байланысты өзгерген кезде іске асатын сыртқы трансформация. Кешен шекарасының айтарлықтай өзгеруі мазмұндық құрылымға көп әсерін тигізбейді. Бірақ, кешеннен алдыңғы қатарлы мемлекетті алып тастау немесе кіргізу биліктің бөлінуіне және достық/дұшпандық құрылымына айтарлықтай ықпал етеді.

Қауіпсіздік кешенінің трансформациялануы сыртқы ықпалдың арқасында, яғни аймақтық кешенге бір немесе бірнеше сыртқы державалар араласып, қауіпсіздіктің жергілікті динамикасын басып тастау арқылы іске асуы мүмкін.

Қауіпсіздікті зерттеудің аймақтық деңгейін белгілеп, қауіпсіздікті талдаудың толық біртекті бөліктерінің диапазонын суреттеуге болады. Жекелеген қоғам мен мемлекеттердің ішкі қауіпсіздігі бірінші біртекті бөлік болып табылады. Соңынан, екінші біртекті бөлік қауіпсіздіктің аймақтық кешені саналады. Анықтамасы бойынша қауіпсіздік қатынасы кешеннің ішінде қарқынды және кешеннің арасында біршама аз болады. Бірақ, кейбір жағдайларда бір кешенді екінші бір кешеннен алыстататын шекара арқылы айтарлықтай өзара байланыс кездесуі мүмкін. Мұндай қатынастар талдаудың үшінші бір біртекті бөлік (аймақаралық байланыс) болып саналады. Соңғы төртінші біртекті бөлік – бұл қауіпсіздіктің аймақтық кешеніне ықпал ететін және олардың ісіне араласатын ұлы державалардың кешенін құрайтын ұлы державалардың арасындағы қауіпсіздік қатынасы. Аталған шеңберлердегі талдау жасаудың әдісі – әрбір біртекті бөліктің шеңберіндегі қауіпсіздік динамикасының ерекшеліктерін анықтау және түсіну, соңынан әрбір біртекті бөліктің құрылымының бір–бірімен байланысын көру.

Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясының трансформациялануының бірінші линиясы қауіпсіздіктің күн тәртібінің кеңеюімен (әскери және саяси секторға ғана емес, сонымен бірге экономикалық, социетальды және инвайромталды секторларға, сәйкес келетін референтті объектілер мен секьюритизацияланған акторларға назар аудару) байланысты.

Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы біріншіден, мемлекеттердегі ішкі жағдайларды, екіншіден аймақ

мемлекеттері арасындағы қарым-қатынасты, үшіншіден аймақтардың арасындағы қарым-қатынастарды, төртіншіден аймақтар мен қазіргі жаһандық ұлы державалар арасындағы қарым-қатынасты зерттеуді байланыстырады. Қауіпсіздіктің аймақтық кешені зерттеуді құрылымдау үшін қолданылады. Бұл теория тұрақты және динамикалық талдау жасаудың түсініктерін ұсынады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясының ШЫҰ шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздік кешенін зерттеуге қаншалықты маңызды әрі қолдануға болатынын біз үшінші тарауда қарастырамыз.

Айта кету керек, қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы Орталық Азиядағы қауіпсіздіктің динамикасын зерттеу барысында Б. Коппитерс, Ф. Роедер, Х. Пиемани, Л. Йонсон және Р. Аллисон, П. Йотун, сонымен бірге Б. Бузан и О. Вэвер сияқты авторлардың тарабынан пайдаланылған. Бірақ, көптеген жағдайларда Орталық Азия қауіпсіздіктің өзіндік аймақтық кешені [74], немесе Ресейдің айналасында қалыптасқан қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылған [90, p.220], ал, Бузан және Вэвер [6, p. 428] Орталық Азияны айқын субкешен ретінде түсіндіреді.

Қазақстандық зерттеуші Черных И. бұл қауіпсіздіктің құрылымдалмаған аймағы немесе аймақтық қауіпсіздіктің Шығыс-Азиялық, Оңтүстік-Азиялық және Таяу Шығыстық кешендері арасындағы ажыратқыш функциясын атқаратын шағын-кешен болып табылатын қазіргі Орталық Азия айналасындағы қауіпсіздік динамикасының ерекшелігін толықтай баламасын бермейді [174, 44 с.] деп көрсетеді.

Сонымен бірге, Б. Бузан мен Оле Вэвер теориясының маңыздысы секьюритизация (1.1 тараушада қарастырылған) болып саналады. Секьюритизация үрдісі дегеніміз – кез-келген мәселе саясиландырылмаған және қоғамдық дискурсқа енгізілмеген мәселеден алдымен саясиландырылып, соңынан секьюритизациялану үрдісіне көшеді, бұл мемлекет мәселені шешу үшін стандартты саяси рәсімдерден тыс төтенше іс-шараларды қабылдауға мәжбүр болған жағдайда пайда болады. Мәселе мемлекет немесе саяси және әскери элиталар, не

азаматтық қоғам (секьюритизация акторлары) кез келген бір саясиландырылған мәселеге референтті объектінің (мемлекет, қоғам) өмір сүруіне қауіп ретінде қарастырыла бастаған кезде секьюритизацияланған деп саналады. Бұған сәйкес, десекуритизация – бұл кері үрдіс. Мемлекет пен элиталар кез-келген бір мәселені стандартты құралдар мен іс-шаралардың көмегімен шеше алмаса, бұл мәселені секьюритизациялай алады. Мысалы, секьюритизацияланған мәселелердің бірі ретінде миграция мен наротрафикті айтуға болады.

Сонымен, Б. Бузан бойынша қауіпсіздікті зерттеудің негізі секьюритизация мен десекуритизация мәселелері болу керек [6, p. 57–58]:

– басқарушы элиталар мәселе мен оқиғаны қауіпсіздік мәселесі ретінде қашан, не себептен және қалайша белгілейді?

Басқа элиталардың тарабынан секьюритизация мен десекуритизацияның қандай әрекеттері қабылданып жатыр?

Яғни, секьюритизацияны зерттеудің мақсаты – бұл үрдістің қалай болып жатқанын түсіну, секьюритизацияны қалай іске асырып жатыр, қандай мәселелер секьюритизацияланып жатыр, секьюритизация қандай референтті объектілерге бағытталып отыр, оның нәтижелері қандай екенін суреттеу. [6, p. 33].

Теоретиктер кез-келген бір мәселені саясиландырылмаған, саясиландырылған, сонынан секьюритизацияланған ауқымда қарастырады [6]:

– *саясиландырылмаған* – мемлекеттің жұмысы (ісі) жоқ сала, бұл сала көпшіліктің алдында талқыланатын немесе шешімін табатын мәселе болып табылмайды;

– *саясиландырылған* – мемлекеттік шешімді және ресурстарды қайта бөлуді талап ететін көпшілік саясат саласы немесе көпшіліктің алдында талқыланатын және шешімін табатын басқа сала;

секьюритизацияланған – төтенше және барынша көп жігерді жұмылдыру шараларын және «қалыпты» саяси рәсім шеңберінен тыс әрекеттерді талап ететін экзистенциалды қатер ретінде қарастырылатын сала.

Мұндай жағдайда «қалыпты» саяси рәсім деп либералды–демократиялық рәсім (билік пен үстемдік үшін ашық жарыс)

қарастырылады, түсіндіріледі [236, р. 30]. Зерттеушілердің бір қатары мұны вайолизация (violisation) түсінігін енгізу арқылы жалғастырады [7].

Түптеп келгенде, аталған ауқым шеңберіндегі мәселелер негізсіз болып саналады. Жағдайға байланысты кез–келген мәселе саясиландырылмаған, саясиландырылған немесе секьюритизацияланған болады.

Кейбір мағынада секьюритизация кез–келген бір мәселенің одан әрі қарай саясилануының күшеюі ретінде қабылдануы мүмкін. Секьюритизация саяси тәртіптің жойылу мүмкіндігін көрсетіп және мемлекет рөлін нығайтуды талап етіп, атқарушы биліктің өкілеттігін кеңейтудің және заң шығарушы, сот билігінің тарапынан бақылауды мүмкіндігінше қысқарту талпынысы болып саналады [237, р.131]. Бірақ, екінші бір жағынан алғанда, секьюритизация саясиландыруға қарсы тұрады, себебі секьюритизация мәселені ерекше саясат мәселесі ретінде тұжырымдап, саяси ойынның жалпыға мәлім қағидасынан тыс шығарады, яғни, саяси тәртіпті бұзады. Секьюритизацияланған мәселе десаясиландырылады [237, р. 131]: күрделі мәселелер мен сұрақтар билік саясаты мен мүддеден бөлініп, қауіпсіздік пен қауіптің антисаяси шеңберіне кіргізіледі [236, р.93]. Мұндай аспектілердің айырмашылығы құқықтық мемлекет мемлекетке тепе–тең емес, сондықтан тәртіпке төнетін ішкі немесе сыртқы қауіптің бар болуы жағдайында «қалыпты» құқықтық тәртіптің құрамдас бөлігі уақытша жойылады. Саясиландыру кез–келген бір мәселені шешімін табуға болатын әрі таңдау мәселесіне айналдыруға деген талпынысты білдіреді. Керісінше, секьюритизация кез–келген бір мәселені қарапайым саяси рәсімдердің шеңберінде шешілмейтін, мемлекеттің саяси жетекшілері тарабынан аса маңызды назарды талап ететін жедел мәселе екенін көрсетуге тырысады [6, р. 29].

Табысты түрде іске асырылған секьюритизация үш кадамнан тұрады:

- референттік объектіге төнетін қауіптің мәнін көрсету;
- аса қажетті іс–әрекет үшін құқыққа ие болу;
- ережені бұзу негізінде қауымдастықтағы қарым–қатынасқа ықпал ету.

Дж. Остин табысты сөйлеу актінің келесідей шарттарын көрсетеді: 1) белгілі бір шартты нәтижеге әкелетін және жеке тұлғаның белгілі бір жағдайлардағы сөйлеген сөздерінен тұратын жалпыға ортақ шартты рәсім болуы тиіс; 2) нақты тұлға және жағдай нақты рәсімді жүргізуге жарамды болуы керек; 3) рәсім барлық қатысушылардың тарабынан дұрыс және толығымен орындалуы тиіс; 4) егер рәсім белгілі бір ойды немесе сезімді қозғайтын тұлғаның тарабынан орындауға арналған болса немесе кез-келген қатысушылар бастамасының жаңа кезеңі болса, онда рәсімге қатысушы әрбір тұлға, қатысушылар бұл ой мен сезімді шынымен басынан өткізу керек, сонымен бірге барлық қатысушылар сәйкес келетін істерді жүзеге асыру үшін шынайы ниетке ие болу қажет; 5) олар іс барысында өздерін сәйкес ұстау қажет [238, 32 с.].

Кез-келген сөйлеу акті секьюритизация сияқты табысты немесе табыссыз болуы мүмкін, бұл екі топ фактормен анықталады: акттің өндірілетін ұстанымын анықтайтын ішкі, контекстік фактор; референттік немесе функционалдық ретінде белгіленетін объект ерекшелігі; акт ережесі мен рәсімін ұстану қажеттілігін білдіретін ішкі, лингвистикалық фактор.

Секьюритизацияның сыртқы аспекті үш негізгі шарттың болуын ұйғарады:

1) секьюритизациялаушы актор мен аудитория арасындағы билік қатынасы, сәйкес келетін аудиторияға тән секьюритизациялаушы актордың (аудиторияға секьюритизация талпынысын қабылдануға) беделінің болуы;

2) қауіп ерекшелігі және функционалды актор ретінде қауіпсіздіктің аталған өрісіндегі «қауіп төндіруші» деп саналатын құбылысты бөліп көрсету;

3) референттік объектілердің ерекшелігі.

Секьюритизацияның табысты болу мүмкіндігі секьюритизациялаушы актордың ұстанымына тікелей байланысты. Қауіпсіздік саласы құрылымдалған сала болып табылады, мұнда кейбір акторлар қауіпсіздік мәселесін анықтаудың билігін иелене отырып, айтарлықтай тиімді ұстанымдарда орналасқан [290]. Бірақ бұл билік абсолютті емес. Секьюритизациялаушы акторлар белгілі бір нәрсемен

белгіленбеген, бір секьюритизациялаушы актордың орнына басқасы келуі мүмкін. Сөйлеуші ұстанымының күші/әлсіздігі қауіпсіздіктің сәйкес келетін құрылымымен анықталады. Мысалы, әскери сектордағы күшті ұстаным әскери және саяси элитаға (мемлекетке) байланысты.

Сөйлеу акті тек қана лингвистикалық емес, ол әлеуметтік және сөйлеушінің мәртебесіне байланысты болады. Сөйлеу актісіндегі сөйлеушінің әлеуметтік ұстанымының маңыздылығы, сөйлеу актісінің ішкі ерекшеліктері П. Бурдые [239] еңбегінде дәлелденген.

Элиталардың өз мүдделерін «ұлттық қауіпсіздік» формасында ұсынуы сарапшылардың тарабынан жиі көрсетілген. Сонымен бірге, олар шынайы «нақты» қауіпсіздік элитаға байланыссыз анықталатыны дұрыс емес деп көрсетті. Халықтың «объективті мүддені» анықтау талпыныстарының барлығы сәтсіз аяқталды. Қауіпсіздік саяси және басқарушы элиталардың тарабынан ғана табысты түрде артикуляцияланады.

Анықтамаға сәйкес, белгілі бір нәрсені басқарушы элита (мемлекет) қауіпсіздік мәселесі деп мәлімдесе, бұл нәрсе қауіпсіздік мәселесі бола алады. Бұл О. Вэвердің пікірінше «кейбір үрдісті қауіпсіздік мәселесі деп атай отырып, «мемлекет» аяғында бәрібір мемлекет және оның элитасының тарабынан анықталатын арнайы құқықты талап ете алатынын білдіреді [9, p. 54]. Басқарушы элита бақылау орнату мақсатында мәселенің секьюритизация механизмін әрқашан пайдалана алады.

Мәселені аудитория қабылдаған кезде ғана ол мәсле секьюритизацияланады. Бұл, қауіптің бар екені туралы пайымдаудың дәлелденуі керектігін және аса қажетті шараларды заңды деп тануға негіз қалыптастыру әрі ойынның «қалыпты» ережесін бұзу үшін қауымдастықтың ішінен кейбір қажетті жаңғырықты (резонансты) алуы керектігін білдіреді. Аталған шартты орындамайынсыз, секьюритизацияланған туралы емес, тек қана секьюритизация талпынысы туралы айтуға болады. Аталған мәселенің қауіпсіздік мәселесіне қатысы бар екені алқа арқылы шешеді. Секьюритизация интерсубъективті және әлеуметтік конструктивті болып саналады.

Егер секьюритизацияланатын мәселе басқа мәселелерге қарағанда аса маңызды болса және оны қарастыру мен шешімін табу барысында абсолютті басымдық берілетін болса секьюритизация мүмкін. Бұл «төтенше жағдай» концепциясына сүйеніп, секьюритизацияланып жатқан мәселе драмалану қажет және басымдылыққа ие мәселе ретінде ұсынылуы тиіс, мұндай жағдай мәселені төтенше тәсілдермен шешу құқығын және дәлелдеу қажеттілігін анықтайды. Секьюритизацияланып жатқан мәселе салыстырудың барлық үрдісін бұзатын болғандықтан, ол «қалыпты» саяси ойдан тыс шығарылады: «Егер біз бұл мәселені дер кезінде қолға алмасақ, қалғандарының барлығы қажет болмай, керексіз болады, себебі бұл мәселе біздің өміріміздің негізіне қатысты болғандықтан, біз оны шешпейінше өз еркімізде бола алмаймыз және бұрынғыдай әрекет ету мүмкіндігінен айырылып, өмір сүре алмаймыз» (бұл төтенше әрекеттер қабылданбаған жағдайда болу мүмкіндігін білдіретін бағыт). Сонымен, «төтенше жағдайға» бағытталудың негізінде қауіпсіздікті қорғау үшін ерекше әрекеттердің қажеттілігі пайда болады, ойынның қаліпті саяси қағидасын бұзу арқылы төтенше және әдістер арқылы секьюритизацияланған мәселені шешу құқығы туады. «Төтенше жағдай» алдын ала қалыптастырылған заңға бағына алмайды және оған шектеу қойылмайды [240]. Қауіпті артикуляциялай отырып, секьюритизациялаушы актор өздеріне ешкім қарапайым әдістер арқылы қарсы тұра алмайды деп сендіреді, сондықтан ереже бұзылады. Секьюритизациялаушы актор қабылданған ережелердің қорына емес, өздерінің жеке қорына сенеді. Осылайша, секьюритизация ереженің бұзылуын заңды ететін экзистенциалдық қатердің арқасында іске асырылады.

Секьюритизациялаушы актордың экзистенциалдық қатердің маңыздылығы мен артықшылығына назар аударуып, ережені бұзу құқығына ие болған кезде ғана табысты секьюритизация жөнінде айтуға болады.

Секьюритизация ситуациялық немесе институционалдандырылған болуы мүмкін. Егер қауіптің бір түрі әрқашан артикуляцияланса оған деген реакция мен сезім институционалдандырылған болып есептеледі. Мұндай жағдай

мемлекет ұзақ мерзімді әскери қауіп-қатерге немесе агрессияға тап болып және оған жауап ретінде тұрақты рәсімдер мен әскери мекемелер қалыптастыратын әскери секторда байқалады.

Үрдістен тыс акторлардың секьюритизация мәселесін қалай бағалайтыны да маңызды. Бір қауымдастықтағы секьюритизация үрдістері екінші бір басқа қауымдастықтың қабылдау тәсілі халықаралық жүйедегі өзара байланыстың қалыптасуына өте маңызды әсерін береді. Сөйтіп, мысалы, қауіпсіздіктің аймақтық кешені секьюритизация, десекьюритизация үрдістері өте тығыз байланысты және олардың қауіпсіздік мәселесі бір-бірінен жеке талдана немесе шешіле алмайтын халықаралық қатынастардың бірліктерінің (мемлекеттерінің) жиынтығынан тұрады [6, p 204] (Бастапқыда Б. Бузан (Barry Buzan) қауіпсіздіктің аймақтық кешенін ұлттық қауіпсіздігі бір-бірінен жеке талдана алмайтын, қауіпсіздік саласындағы мүдделері бір-бірімен тығыз байланысты мемлекеттердің тобы ретінде анықтады [223, p. 106]).

Сөйлеу актісінде перформативті күш бар, оның дағдылықты сындыруға, контекстінен тыс маңызды қалыптастыруға – актінің перформативті жетістіктері арқылы контексті қайта өңдейді немесе өндіреді. Дегенмен, табысты сөйлеу актілерінің әлеуметтік жағдайларын зерттеу маңызды саналады, сонымен бірге барлық талаптарға сай келетін бұрынғы табысты болған акт сәтсіздікке, немесе керісінше, жаңа акторлар бұрын іске асыруға мүмкін болмаған актінің орнын басуы мүмкін екенін ескеру керек.

Секьюритизацияның ішкі жағдайында қауіпсіздіктің түрі мен грамматикасын ескеру өте маңызды: қауіпсіздіктің сюжеті референтті объектіні, экзистенциналды қауіпті, төтенше жағдайға деген бағытты ескере отырып құрылуы тиіс [223, p.102].

Қауіпсіздік туралы қазіргі заманғы пікір-таластарды қарастыру барысында субъект тарапынан манипуляцияланатын объектінің әсерленуі, зерттеушімен ойнайтын алаң пайда болады. Мәселенің өзі «қауіпсіздік» түсінігіне байланысты диалогты міндеттейді және бұл қауіпсіздіктің біздің ойлау қабілетімізге ықпалы күшейеді. Сонымен бірге, секьюритизация ереженің бұзылуымен байланысты болса да, ол қандай да бір шектеусіз

іске асырылмайды. Мүмкін болатын секьюритизацияға деген шектеу дискурс тарапынан таңылады, себебі дискурс айтылатын нәрсені шектейді. Бартельсон «дискурс – бұл пайымдауды қалыптастырудың жүйесі» деп жинақтайды [241, р. 70].

Сондықтан да секьюритизацияны зерттеу сәйкес келетін дискурсты талдаудан және оның құрылымдық үлгісінен тұруы керек. Мұның мақсаты оның риторикасының және семиотикалық құрылымы қандай жағдайда аудиторияның ереженің өзгеруін қабылдайтынын анықтау болып саналады. Сондықтан, талдаудың орталығында секьюритизация тәжірибесі және ұлттық дискурстың құрылымдық үлгісі болуы қажет.

Саяси мәдениетте құрылымдар мен кодтар бар және бұлардың негізінде мүдде саясатқа құрастырылады және ауысады. Сондықтан, дискурстан тыс құрылымда мүдде саяси акторлардың тарабынан ұсынылмайды. Бұл деңгейдегі зерттеу үш пайымдауға сүйенеді:

- құрылымдар мен кодтар мүмкін болатын саясатқа шектеу қояды;

- құрылымдар мен кодтар айтарлықтай оқшаулы, сондықтан олар саясатқа қатысты «себепті» фактор ретінде қарастырылуы мүмкін;

- белгілі бір актордың әрекет ететін дискурсивті кеңістігі шектелген болуы мүмкін.

Дегенмен, секьюритизация бойынша әрбір жекелеген шешім дискурс құрылымы мен кодтарының нұсқасына сәйкес келеді және соңғысының тарабынан секьюритизация көзқарастардың белгіленген алаңында іске асатындай қысым жасалады. Дискурс құрылымнан шығатын түрлердің (вариация) жиынтығы, ал дискурсивті талдау қандай түрлердің қалыптасқанын белгілеуге мүмкіндік береді, сонымен қатар ол егер олардың қайсысы мүмкін болатынын айта алмаса да, ортақ құрылым негізінде оның әрқайсысына мән береді, себебі не нәрсенің айтылуы, болмаса айтылмауы керектігін анықтайтын ережені айқындайды. Екінші бір жағынан, бұл ережелер пікірден тәуелсіз бола алмайды.

Сондықтан, саяси сөйлеудің қарапайым үлгісінің орнына белгілі бір мәселе бойынша саяси дәлел қоғамдағы қалыптасқан

негізгі концептуалды логикаға – кодқа байланысты болады деген идея бекітілген. Сонымен бірге, бұл концептуалды кодты саяси сөз шығарады немесе өзгертеді.

Мәні жағынан секьюритизацияны жағымсыз кері үрдіс және кейбір әлеуметтік мәселені жалпыға ортақ ереженің («қалыпты» саясат аясында) шеңберінде қарастыру және шешу барысындағы сәтсіздік үрдісі ретінде бағалау керек: секьюритизация кез–келген бір мәселені саяси аренадан шығарып тастаудың тәсіліне айналады. Саясат ерекше мәселені «қауіп» деңгейіне жеткізбей, қабылданған рәсімдер мен ережелерге сәйкес өрістеуге қаблетті болуы керек. Әрине, кейбір жағдайларда секьюритизациядан қаша алмайсың (мысалы, мемлекетке агрессор қауіп төндірген кезде). Өзінің басым императивінің арқасында, секьюритизация тактикалық қызығушылық тудырады, мысалы, кез–келген бір мәселеге назар аударудың тәсілі ретінде қызығушылық арттырады. Бірақ, десекьюритизация тиімді, ұзақ мерзімді және стратегиялық таңдау болып саналады.

«Десекьюритизация – саяси қауымдастықтың кез–келген бір нәрсеге құнды референтті объектіге қауіп ретінде қарауын тоқтататын және қауіпті тоқтатуға бағытталған жедел әрі ерекше шараларды қабылдауға шақыруды тоқтататын дискурсивті үрдіс. Десекьюритизация белгілі бір анықталған жағдайға бағытталуы мүмкін немесе жаңа мәселелерге акцент жасау бұрынғы секьюритизацияланған мәселеге бөлінген қажетті назар қысқарған кезде пайда болады [8, р. 489]

Секьюритизация механизмінің жүргізілмейтініне кепіл беру үшін акторлар мәселені шектен тыс шығармау керек. Басқаша айтқанда, мұның міндеті – қауіпті қатерге айналдыру; оқиғаны экзистенциалдық қорқыныш саласынан оны қарапайым тәсілдермен жеңуге болатын салаға ауыстыру болып саналады.

Қауіпсіздік мәселелерін секторлық талдау. Қауіпсіздікті сектор тұрғысынан қарастыру Қырғи қабақ соғысының соңғы он жылдыктарында, әскери–саяси күн тәртібіне жаңа мәселелер қосылған кезде пайда болды. Б. Бузан қауіпсіздікті талдау барысындағы сектор идеясын келесідегідей етіп ұсынды: «Әскери қауіпсіздік мемлекеттердің қарулану, шабуыл жасау

және қорғану қаблеттілігінің екі деңгейлі өзара әрекеттестігіне және мемлекеттердің бір-бірінің мақсаттарын қабылдауына қатысты. Саяси қауіпсіздік идеологияның, үкімет жүйесінің, мемлекеттің ұйымдастырушылық тұрақтылығына қатысты. Экономикалық қауіпсіздік мемлекеттің ауқаттылығы мен қуатын арттыру үшін қажетті ресурстарға, қаржы мен нарыққа қол жетімділікті білдіреді. Социетальдық қауіпсіздік діннің, мәдениеттің, тілдің дәстүрлі құрылымдарының дамуы, сонымен бірге ұлттық ұқсастық пен салт-дәстүрдің тұрақтылығына қатысты. Инвайроментальды қауіпсіздік адамның барлық іс-әрекеттері үшін қажетті болып саналатын жергілікті және планетарлық биосфераны қолдауды білдіреді» [92, p. 19–20].

Зерттеу жұмысында Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мәселелерін зерттеу барысында Б.Бузан және О. Вэвер ұсынған секторларды қарастыру тәсілдері қолданылады: [6]

- әскери;
- саяси;
- экономикалық;
- социетальды;
- инвайроментальды.

Секторларды енгізу талдау үшін толықтықты (тұтастықты) бөліп қарастыруға, өзара әрекеттестіктің жекелеген құрылымдарын анықтауға мүмкіндік береді. Оның міндеті – зерттеуді жүйелеу және оны сандық қысқарту арқылы жеңілдету болып саналады.

Осы тұрғыдан алғанда, әскери сектор күштеу арқылы мәжбүрлеу қатынасымен; саяси сектор – басқарушы мәртебе мен танудың беделіне қатысымен; экономикалық сектор – сауда, өндіріс пен қаржы қатынасына; социетальды сектор – ұжымдық ұқсастылық қатынасымен; инвайроментальды сектор – адамзат қызметі мен планетарлық биосфера арасындағы қатынаспен байланысты.

Талдаудың секторын анықтау қолданатын және зерттейтін мәтіннің тізімін белгілеуге мүмкіндік береді. Зерттеудің диахроникалық (түсіндірмелік) бөлімі тарихи сипаттағы кейбір ортақ (сипаттама) жұмыстарына сүйенеді.

Деңгейлік талдау. М. Каплан [10], және Дж. Сингер [12] еңбектерінен бастап талдаудың деңгейлері жөніндегі пікір–талас халықаралық қатынастар теориясының көпшілігінде, соның ішінде қауіпсіздікті зерттеуде орын алған. Бұл қауіпсіздіктің референтті объектілері (жеке тұлға, мемлекет) жөніндегі сұрақ арқылы немесе шиеленістердің себептері (жүйелілік құрылым, мемлекеттердің табиғат, адам табиғаты) жөніндегі сұрақ арқылы іске асырылады. Сонымен бірге, деңгей деп кішіден үлкенге қарай кеңістік көлемінің диапазоны арқылы анықталатын талдаудың объектісі түсіндіріледі. Ережеге сәйкес, келесі бес деңгей бөліп көрсетіледі: [6, p. 5–6]:

1. *Халықаралық жүйе* – өзінен жоғары жүйелік деңгейі болмайтын, өзара байланысатын немесе өзара әрекеттесетін бірліктердің конгломераттары. Қазіргі уақытта бұл деңгей жаһандық сипатқа ие.

2. *Халықаралық ішкі жүйе* – толық жүйеден бір–бірімен өзара байланысудың немесе өзара әрекеттесудің қарқындылығымен немесе ерекше табиғатымен ажыратыла алатын халықаралық жүйе бірліктерінің топтары. Ішкі жүйе территориялық жағынан байланысуы немесе байланыспауы мүмкін, егер байланысқан жағдайда олар аймақтық болып саналады.

3. *Бірліктер* – әртүрлі топтардан, ұйымдардан, қауымдастықтан және көптеген индивидтерден тұратын, айтарлықтай ұйымшыл және тәуелсіз акторлар. Олар бір–бірінен оңай түрде бөліне алады және одан да жоғары деңгейлердегі орынға ие бола алады (мысалы, мемлекет, ұлт, трансұлттық корпорациялар).

4. *Субьбірліктер* – бірліктердің тәртібіне (бюрократия, лобби) ықпал етуге қабілеті бар бірліктің ішіндегі индивидтер тобы.

5. *Индивидтер* – әлеуметтік ғылымдағы талдау жасаудың соңғы желісі.

Халықаралық қауіпсіздік тұрғысынан алғанда, территориялық жағынан байланысты халықаралық ішкі жүйенің деңгейі – аймақтар немесе аймақтық кешендер қызығушылық танытады және аталған зерттеу үшін маңызды болды.

Аймақтар. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі аймақтардың алатын орнын қарастыру үшін супердержавалар, ұлы державалар және аймақтық державалар дифференциациясын қарастыру маңызды [8, р. 34–37].

Супердержаваны бөліп көрсетудің өлшемдері – барлық халықаралық қатынастар жүйесіне ықпал ету үшін қажетті мүмкіндіктердің спектрінің бар болуы саналады. Супердержавалар қазіргі заманғы әскери–саяси қуатқа ие болып және оны қолдануға қабілетті болуы тиіс. Супердержавалар барлық аймақтардағы секьюритизация үрдісіндегі белсенді ойыншылар болуы қажет.

Супердержаваларға қарағанда, ұлы державалар халықаралық жүйенің барлық шеңберіндегі секьюритизация үрдістеріне белсенді түрде қатысуына және ықпал етуге мүмкіндік беретін қуатқа ие болмайды. Сонымен қатар, ұлы державаның мәртебесі жаһандық деңгейдегі билікті бөлуді бағалау барысында ескеріледі: ережеге сәйкес, ұлы державалар басқа ұлы державаның тарабынан қысқа немесе ұзақ мерзімді болашақта супердержавалар мәртебесіне үміткер болу үшін қажетті әскери, саяси және экономикалық қуаты бар державалар ретінде қарайды. Ұлы державалар үшін мұндай ресурстарға шынайы түрде ие болу міндетті емес. Ұлы державалар өздерінің қуаты бір аймақтың ішінде таралатын айтарлықтай күшті құрылым ретінде қабылдайды. Ұлы державаларға Қытай, Жапония, Ресей, ЕО жатқызуға болады. Супердержавалар мен ұлы державалар қауіпсіздіктің жаһандық деңгейін қалыптастырып, жаһандық деңгейдегі державалар ретінде анықталуы мүмкін.

Аймақтық державалар өздерінің орналасқан аймақтағы секьюритизация үрдістері мен аймақ құрылымын анықтайды. Бірақ олардың аймақтан тыс ықпалы айтарлықтай емес, дегенмен, аймақтық державалар өздерінің жоғары мәртебеге тұрарлық ретінде қарастырады. Халықаралық қауіпсіздік мәселелерін талдаудың орталығы ретінде, аймаққа деген қызығушылық Қырғи қабақ соғысынан кейін халықаралық қатынастардың аймақтандыру сипатына ие болуымен байланысты. Биполярлық жүйенің жаппай күйреуі жаһандық деңгейдегі басты ұйымдастырушы күшті жойды. Жаһандық

деңгейі сақталып қалған державалардың тәртібі идеологиялық бәсекелестік арқылы дәлелденуі тоқтатылды, олар өздерінің жеке мүддесіне қатысы жоқ болған жағдайда халықаралық үрдістерге саяси, әсіресе әскери тұрғыда қатыспауға тырысты. Мұндай жағдай жаһандық деңгейдегі жетекшілік үшін күрес өзінің өткірлігін жоғалтуына алып келді, ал аймақтар кез келген бір мәселені шешу барысында дербес бола бастады.

Не себептен мемлекеттер аймақтық топтарды құруға ұмтылады? Қауіпсіздік аймағын қалыптастыратын механизм қандай? Халықаралық қатынастардың негізгі бірліктері – мемлекет – тұрақты болып саналады. Сондықтан, әрбір мемлекет географиялық жақындығы жағынан басқа да территориялық бірліктердің тарабынан ұйымдастырылған тұрақты аймақтық ортада орналастырылған; сонымен бірге, әрбір мемлекет мұндай жүйедегі ерекше орналастырумен сипатталады.

Қауіпсіздік аймағының қалыптасу механизмі – халықаралық қауіпсіздіктің өзара байланысу мәселесінің болуымен негізделеді. Халықаралық қауіпсіздік қауымдастықтың бір–бірімен қоршаған ортадан шығатын қауіп–қатер тұрғысынан баланысытылығымен анықталады.

Сонымен, кез–келген білім саласын ғылыми тұрғыдан зерттеудің әдіснамасы алдымен негізгі түсініктерді қарастыруды талап етеді. Мұның аймақтық қауіпсіздікті зерттеу мәселесіне де қатысы бар. Сондықтан аймақтық қауіпсіздікті зерттеу, алдымен аймақ түсінігін, одан соң осы аймақта болып жатқан үрдістерді зерттеуді талап етеді.

Өзімізге белгілі, «аймақ» түсінігі күрделі және көпқырлы түсінік. Бұл түсінікті зерттеудің өзі пәнаралық тәсілді талап етеді. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, «аймақ» халықаралық зерттеулер мен қазіргі заманғы аймақтанудағы күрделі түсініктердің бірі. Саяси сөздікте «аймақ» түсінігі соңғы кездері пайда болып, территориялық қауымдастықтың жиынтығы деген мағынаны білдіреді.

Жалпыға белгілі, аймақ – дегеніміз (латынша region – облыс, аудан) табиғи жағдайлары азды–көпті біртекті немесе қалыптасқан инфрокұрылымы және өзге әлеуметтік саяси жағдайына сәйкес келетін үйлесімді табиғи ресурстар кешенінің

негізіндегі өндіріс күштерін дамыту бағыттарымен сипатталатын мемлекеттің немесе бірнеше мемлекеттің белгілі-бір территориясы [242, 331 с.].

Осылайша, «аймақ» түсінігін анықтау барысындағы зерттеу тәсілдерінің ауқымы кең және басқа да халықаралық-саяси категориялармен салыстырғанда жеткіліксіз. Мұның себебі, өткен кезеңде аймақ түсінігін қарапайым түрде қабылдау және түсіну болса, ХХ ғ. аймақтық интеграциялық үрдістердің дамуына байланысты бұл түсінікті зерттеу кеңінен жүре басталды.

Әйгілі саясаттанушы Карл Дойчтың пікірінше аймақ дегеніміз көптеген көрсеткіштері бойынша өзара тәуелді мемлекеттердің бір тобы. Бірақ, қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастардың көрсетіп отырғанындай, көптеген мемлекеттер кез-келген бір аймақтың компоненті бола отырып, басқа салалар бойынша басқа бір аймақпен қарым-қатынас орнатып отыр (мысалы, Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық қарым-қатынасы, Түкіменстан мен Иран) [243, р.2–8].

Еуропалық зерттеуші Э. Маркузен аймақты экономикалық, саяси және мәдени ортадан, сонымен қатар кеңістік құрылымынан тұратын тарихи дамыған территориялық тұтас қауымдастық деп анықтайды [244, р.68]. Американдық зерттеуші М. Рассет аймақ түсінігіне ортақ ішкі саяси өлшемді қосады. Қауіпсіздіктің «қатаң» аспектісіне, соның ішінде әскери-өлшемге сәйкес, аймақ дегеніміз қауіпсіздік саласындағы іс-әрекеттері тығыз байланысты және олардың ұлттық қауіпсіздігін бір-бірінен ажыратып қарастыруға болмайтын мемлекеттердің бір тобы. Отандық және ресейлік ғылымда «аймақ» түсінігі жөніндегі мәселелер аз зерттелген. Бұл түсінік халықаралық аймақтық ұйымдардың әртүрлі аспектілерін зерттеу барысында жанама түрде қарастырылады. Дегенмен, ресейлік авторлардың ішінен теңіз регионализмі жөніндегі А.Ф.Высоцкийдің [245], аймақтық қауіпсіздік жөніндегі Б.Н. Базилевскийдің еңбектерін атап көрсетуге болады [246].

«Аймақ» түсінігіне қатысты мәселенің бірі Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберіндегі қабылданған халықаралық келісімдерде, ШЫҰ-ның Хартиясында «аймақ» түсінігіне анықтама берілмеген және аймақ шеңберін нақты

географиялық шеңбермен шектеу жасалмаған. Сондықтан да ШЫҰ шеңберіндегі аймақ түсінігін, шекарасын анықтау, оның шекарасының Еуразия, Орталық Азия сияқты жалпыға танылған географиялық аймаққа сәйкестігі күрделі мәселе болып табылады. ШЫҰ–ның шеңберінде қабылданған соңғы құжаттарда «ШЫҰ кеңістігі» түсінігі қолданылған.

Дегенмен, осы зерттеу жұмысында ШЫҰ аймағы дегеніміз – бұл ШЫҰ–ның қызметіне қызығушылық танытатын мемлекеттердің ортақ кеңістігінде қалыптасқан халықаралық қатынастардың жүйесі саналады. Бұл жүйе объективті түрде қалыптасып, территориялық жағынан бір–біріне жақын орналасу, саяси ерік, экономикалық мүдденің нәтижесінде дамуын жалғастырды. Бұл Ұйым негізінен мүше–мемлекеттердің территориясымен географиялық жағынан түйіндес, бірақ оған тең емес. ШЫҰ аясындағы аймақтық интеграциялық үрдістерге жана мемлекеттердің қосылуына байланысты жүйе кеңейеді. Бұған мысал ретінде ұйымға мүше бақылаушы мемлекеттердің бұл жүйеге қосылу мүмкіндігін айтуға болады. Сондықтан да ШЫҰ «аймағы» қарым–қатынас жүйесі ретінде мүше–мемлекеттердің ортақ территориясына қарағанда әлде қайда кең және ұйыммен қарым–қатынас орнатқан мемлекеттерді де қамтиды. Біздің ойымызша, мұндай көзқарас ШЫҰ Хартиясының 13–ші бабының ережелеріне сәйкес келеді [30, 25 с.]. Хартияның аталған бабына сәйкес («ШЫҰ өзінің құрамына басқа мемлекеттерді қабылдауға ашық») ШЫҰ «аймағы» Ұйымға кіретін барлық мемлекеттерді біріктіреді. Осыны ескере отырып, ШЫҰ аймағы ғаламшардың қандай географиялық облыстарымен шектесетінін анықтағанды жөн санаймыз. ШЫҰ–ның Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты мүшелері Орталық Азияда орналасқан. Қытай мен Моңғолия Орталық және Шығыс Азияға кіретін кеңістікті алып жатыр. Үндістан географиялық тұрғыдан Оңтүстік Азияға қарайды. Ресейдің территориясы Тынық мұхитынан Еуропаға дейін созылып жатыр. Осыны ескере отырып, ШЫҰ–ның даму бағытын қамтитын географиялық аймағы Еуразияның орталық бөлігі деп айтуға болады. Жоғарыда айтып өткендей, ШЫҰ аймағы белгілі бір географиялық ауданға сәйкес келмейді. Бүгінгі таңда ШЫҰ «аймағы» халықаралық қатынастардың жүйесі

ретінде мүше мемлекеттер мен бақылаушы мемлекеттер территориясымен шектелген. Бірақ, біз зерттеу жұмысында ШЫҰ шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздік ретінде Ұйымға мүше мемлекеттер шеңберіндегі қауіпсіздік мәселесін қарастырамыз.

Сонымен, қауіпсіздік саласындағы жаңа аймақтық үрдістерге деген жаһандық және жеке тәсілдердің арасындағы алшақтықтың орнын толтыру қажеттілігі аймақтық деңгейдегі қауіпсіздіктің жаңа концепцияларының пайда болуына себепші болды. Мұның ең құрылымдалған талпынысы Б. Бузан және О. Вэвердің еңбектерінде өңделген қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы болды. Бірақ аталған теория қауіпсіздікті қабылдаудың конструктивистік элементін ескергенімен, аймақтағы әскери стратегиялық үрдістерді талдауға бағытталып, әлемдік жүйенің трансформациялануы контекстінде пайда болған аймақты қалыптастыратын қауіпсіздік үрдістерінің толық жиынтығын көрсетпеді.

Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясын жеке аймақ мысалында (талдаудың басқа батыстық емес аймақтарға экстраполяциялану мүмкіндігін ескере отырып) дәстүрлі емес қауіп–қатерлер тұрғысынан қайта ойластыру мүмкіндігіне ие. Бірақ, Б. Бузан және О. Вэвердің қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы аймақтық қауіпсіздік үрдістеріне талдау жасаудың бірден–бір ғана тұжырымдамалық құрылымдық талпынысы болып саналады.

Сондықтан, бұл теорияны жекелеген аймақтың шеңберіндегі және қауіпсіздіктің динамикасын және аймақаралық үрдістерді талдау үшін қолдануға болады. Демек, қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясына сүйеніп, ШЫҰ шеңберіндегі аймақтық үрдістерді, қауіпсіздіктің қосымша аспектілеріне талдау жасау теорияның одан әрі қайта ойластыруын ескере отырып тұжырымдамалық түрде негізделген және дәлелденген деп айтуға болады.

ШЫҰ–ның ортақ кеңістігі қауіпсіздіктің дәстүрлі/дәстүрлі емес аспектілері, жаңа қауіп–қатерлерді ескере отырып, аймақтық кешеннің қалыптасуы мен динамикасын талдауға талпыныс жасау шеңберіндегі территориялық объектіден тұрады.

2 ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫНЫҢ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЯСАТЫНЫҢ ДАМУЫ (1996–2018 жж.)

2.1 Шанхай ынтымақтастық ұйымының аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясатының дәстүрлі тәсілі (1996–2001 жж.)

Кеңес Одағының ыдырауы Орталық Азия аймағындағы жағдайды түбегейлі өзгертті. Бұрынғы Кеңес республикаларының орнына тәуелсіз Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Өзбекстан мемлекеттері құрылды. 1991 ж. тәуелсіздік алғаннан кейін әлемдік қауымдастық пен мемлекеттің ішкі жағдайын бекіту және заңды ету үшін белсенді ішкі және сыртқы іс-шараларды жүргізу қажет болды. Белсенді сыртқы саясат пен халықаралық қауымдастыққа ену үрдісі жаңа тәуелсіз мемлекеттерінің құрылуынан соң пайда болған территориялық мәселені шешуді талап етті.

Территориялық мәселелердің қалыптасуын екі деңгейге бөлуге болады. Біріншісі, бұрынғы КСРО мемлекеттерінің арасындағы территориялық даумен байланысты болды. Мұның күрделілігі бұрынғы КСРО әкімшілік бірліктерінің арасындағы шекара халықаралық келісімдерде бекітілмегендігіне байланысты еді. Шекаралық даудың екінші деңгейі КСРО ыдырауынан кейін пайда болған жаңа республикалар мен Қытайдың арасында көрінді. Егер бірінші деңгейдегі шекаралық дауды сол кезеңде кейінге қалдыруға болатын болса, Қытаймен байланысты территориялық дауды тез арада шешу қажет болды. Қытаймен тұрақты қарым-қатынас орнату және қуатты экономикалық ресурстары аймақ мемлекеттерінің қалыптасуы мен дамуы үшін өте маңызды болды.

Осындай жағдайда, 1992 ж. қыркүйекте Мәскеудің бастамасы бойынша, Минск қаласында құрамына Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Қытай делегациялары кірген «4+1 формуласы» бойынша жұмысшы тобы құрылды [24, 566 с.]. Ортақ делегацияның басшысы болып Ресей сыртқы істер

министрінің орынбасары Г.Ф. Кунадзе тағайындалды. Бұл келісімнің негізінде шекараны белгілеу келесідегідей тәртіпте қарастырылды: Ресей, Қазақстан Қырғызстан және Тәжікстан – Алтайдан Памирге дейін. Бұл топтың алдына қойылған негізгі міндет – бұрынғы КСРО республикалары мен Қытай арасындағы шекаралық дауды шешудің механизмін өңдеу болды.

1991–1997 жж. аралығында өткен көпжақты және екіжақты үлгіде өткен келіссөздердің барысында Қытай мен КСРО-ның бұрынғы төрт республикасы арасындағы шекаралық мәселелердің бір бөлігі шешімін тапты.

Кеңес–қытай шекарасын белгілеу ресей–қытай шекарасын шешуден басталды. 1992 ж. наурызда Қытай мен Ресей шығыс бөліктегі кеңес–қытай шекарасы жөніндегі келісім грамотасымен алмасты. 1994 ж. қыркүйекте Цзян Цзэминьнің Ресейге сапары барысында батыс бөліктегі Қытай–Ресей шекарасы жөніндегі Келісімге қол қойылды. Нәтижесінде, осы екі құжат алғаш рет ұзындығы 4300 км. созылған Қытай мен Ресейдің шекарасын заңды түрде бекітті [43]. Бірақ, шиеленскен шекарадағы территориялық дауды шешу мәселесі одан әрі дипломатиялық диалог пен жаңа көзқарастарды талап етті.

Қазақстан мен Қытай арасындағы келіссөз үрдісінің сипаты да Қытай мен Ресей арасындағы сценарий бойынша өтті. Бірінші кезеңде, ортақ және қарама–қайшылыққа ие емес мемлекетаралық шекара мәселесі шешімін тапты. 1994 ж. ҚХР мен Қазақстан арасында қазақстан–қытай мемлекеттік шекарасы жөніндегі Келісімге қол қойылды, бұл келісімде ұзындығы 1400 км. құрайтын шекарадан өту сызығы анықталды.

Қырғыз–қытай шекарасын шешудің негізін 1964–1991 жж. кеңес–қытай келіссөзінің нәтижелері құрады. 1992–1996 жж. аралығындағы дипломатиялық кездесулердің барысында қырғыз–қытай мемлекеттік шекарасы жөніндегі Келісімге қол қойылды [196, р. 300]. 1992 ж. басталған дипломатиялық кездесулердің нәтижесінде бес «даулы аумақтың» төртеуінде шекара сызығының өту мәселелері реттелді. Таласқа түскен Жаныжер мен Иркештамның қай мемлекеттің үлесіне тиісті екендігі жергілікті халықтың шаруашылық қызметін ескеру барысында шешімін тапты. Хан Тәңірі шыңы ауданындағы аумақ мәселесі

күрделі болды. Келіссөз барысында Қырғызстанның ұстанымына сәйкес, Хан Тәңірі шыңына қол жетімділіктің қырғызстандық бөлігі төрт есеге ұлғайды (Қырғызстан – 61 %, ҚХР – 39 %). Қытай ұстанымы бойынша Хан–Тәңірі шыңы толықтай ҚХР үлесінде болу керек еді.

Сонымен, 4+1 келіссөзінің нәтижесінде екі келісімге қол қойылды: «Шекара аудандарындағы әскери саладағы өзара сенімді нығайту Келісімі» [39] және «Шекара бойындағы аудандарындағы қарулы күштерді өзара қысқарту жөніндегі Келісім» [40]. Бұл келісімдер ынтымақтастықтың жаңа аймақтық механизмінің бастапқыда «Шанхай бестігінің», соңынан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының құрылуының алғышарттарын жасады.

1996 ж. 26 сәуірде Шанхайдағы Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан мемлекеттері ел басыларының алғашқы кездесуінде «Әскери сенім шараларын нығайту жөніндегі Келісімге» қол қойылды. Бұл келісімге сәйкес, кеңес–қытай шекарасының екі тарабы бойынша 100 км. радиусты құрайтын зонаны қарусыздандыру бекітілді. Шекаралық зонада шоғырландырылған екі тараптың қарулы күштері бір–біріне шабуыл жасамау, бір–біріне қарсы бағытталған әскери жаттығуларын жүргізбеуі тиіс болды. Ортақ шекараға іргелес 100 км. зонада өткізетін әскери жаттығулары жөнінде бір–бірін ақпараттандыру, өз әскери жаттығуларына екінші жақтан бақылаушыларды шақыру, қауіпті әскери әрекеттері туралы бір–бірін ескерту, әскери қызметкерлер арасында достық қатынасты нығайту қарастырылды. Осылайша, бұл келісім бұрынғы кеңес–қытай шекарасының әскери құрамдас бөлігін жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Әскери сенім шараларын нығайту Келісіміне қол қоюмен қатар, бұл келісімге қатысушылардың арасында жыл сайын кездесулер өткізу туралы келісілді. Бұл өзінің алғашқы өту жеріне байланысты «Шанхай бестігі» деп аталып, «шанхай үрдісінің» тәжірибелік іске асырылуының куәсі болды.

«4+1 формуласы» бойынша өткен келіссөз шекара бойындағы аудандардағы өзара сенім шараларын өңдеу саласы бойынша да өзінің тиімділігін көрсетті. Бұл үрдістің шеңберіндегі

кездесу 1997 жылдың 24–25 сәуір аралығында Мәскеуде өтті. Бұл кездесуде бір жағынан ҚХР, екінші жақтан Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанның ортақ делегациялары кездесті. Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Қырғызстан Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Қытай Халық Республикасы арасында шекара аудандарындағы әскери күштерді өзара қысқарту туралы Келісімге қол қойылды [40].

Бұл келісім бір жағынан Ресей, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, екінші жағынан ҚХР арасындағы 100 км. тереңдікте орналасқан географиялық алқаптағы әскери қатынасты реттеді. Аталған келісімге сәйкес, қол қоюшы тараптар шекара аудандарындағы әскери қатынасты достық қатынасты білдіретін деңгейге дейін қысқартты. Шекара аудандарында шоғырландырылған әскери күштер минималды қорғану деңгейіне дейін қысқартылды. Сонымен қатар, қарулы күштерді қолдану, бір жақты әскери артықшылықтарды иеленуден бас тарту жөнінде келісті. Жаяу әскер, әскери-әуе, шекаралық әскерлердің қатарын және санын қысқартуға шешім қабылданды.

Сонымен, осы екі келісім «Шанхай үрдісі» мемлекеттерінің шекарасындағы аймақтық қауіпсіздіктің тұрақты жүйесін құрудың негізін салды. Жаңа мемлекеттілікке ие болу, жаңа шекара мен территориялық мәселелерді шешу қажеттілігі жағдайында «шанхай бестігінің» қауіпсіздік концепциясы қауіпсіздік туралы дәстүрлі фарватер тұрғысынан, мемлекет пен ұлттық мүдде көзқарасы арқылы дами бастайды.

«Шанхай бестігінің» құрған қауіпсіздіктің шарттары жаңа мемлекеттік шекара мәселесі бойынша мемлекеттердің ұстанымдарын үйлестіру және нығайтуға мүмкіндік берді. Мұның өзі Қытай мен бұрынғы КСРО республикалары арасындағы шекара мәселесінің толықтай шешілуіне және екі жақты келіссөздердің одан әрі дамуына оң әсерін тигізді.

1996–1997 жж. қол қойылған келісімдер тәжірибеде 1997–2004 жж. өткен Қытай мен жаңа республикалардың шекарасын анықтаудың келіссөз үрдісінде маңызды рөл атқарды.

Қазақстан мен Қытай арасындағы келіссөздердің екінші кезеңі «шанхай үрдісінің» дамуынан кейін басталды. 1997 ж. қыркүйектегі ҚХР премьері Ли Пэн және 1998 ж. ҚХР төрағасы

Цзянь Цземиннің Қазақстанға сапарының нәтижесінде Қазақстан мен Қытай арасындағы мемлекеттік шекара жөніндегі қосымша келісімге қол қойылды, мұнда Сарышөлді өзені және Шаған оба мен Баймырза беліндегі соңғы даулы аумақтары қарастырылды [233]. 1999 ж. желтоқсанында Қазақстан екі мемлекеттің арасындағы мемлекеттік шекара жөніндегі келісімді ратификациялады. Бұл келісімге сәйкес, даулы территорияның 407 км. Қытайдың үлесіне, ал 527 км. Қазақстанның үлесіне бөлінді [47].

Қытай мен Тәжікстан арасындағы территориялық қайшылықтар да «Шанхай бестігінің» арқасында шешімін тапты. 1996 ж. дейін Тәжікстан өзінің ішкі саяси тоқыраудың себебінен келіссөз үрдісіне қатысқан жоқ. 1999 ж. Қытай мен Тәжікстан арасында «тәжік–қытай мемлекеттік шекарасы жөніндегі Келісімге» қол қойды. Бұл келісімге сәйкес, Тәжікстан Карзак даулы аумағын өз пайдасына шешсе, Қытайға Маркансу өзеніне жақын 200 км. жерді берді.

Қырғыз–қытай шекарасы жөніндегі келіссөздерінің қорытынды кезеңі табандылықпен өтті, екі мемлекет Хан–Тәңірі бойынша өздерінің ұстанымдарын талап етті. 1999 ж. бірнеше мемлекетаралық және үкіметаралық кеңестерден соң, Қырғызстан мен ҚХР арасындағы мемлекеттік шекара анықталып, Хан–Тәңірінің 69 % территориясы Қырғызстанға, ал 31 % ҚХР үлесіне тиді [45].

Сонымен, Қытайдың белсенді ұстанымының арқасында, «Шанхай үрдісі» тек қана Қытай мен басқа келіссөзге қатысушы мемлекеттердің арасындағы шекаралық мәселелерді шешіп берді. Бірақ, мәселенің бір бөлігі назардан тыс қалды, бұл жаңа Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы шекараны анықтау мәселесі өзінің жалғасын таппады және бұл әлі күнге дейін латентті жағдайда қалып отыр. Мұндай жағдай Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан мемлекеттеріне тән болып отыр. Бұл мемлекеттердің арасындағы территориялық мәселелердің аяғына дейін шешілмеуі, мемлекеттік шекара айналасында шиеленскен жағдайды туғызады. Осының нәтижесінде, аймақтық миграция, суды тиімді пайдалану сияқты аймақтың трансшекаралық мәселесін шешу жөніндегі келіссөз

мүмкіндіктерін кейінге қалдырып, кері әсерін береді. Сондықтан, «шанхай үрдісін» одан әрі тиімді пайдалану үшін Ұйым арасындағы территориялық дау мәселелерін аяқтау керек.

Сонымен, жоғарыда «Шанхай бестігі» механизмінің шеңберіндегі қауіпсіздік саясатының қалыптаса бастауы қарастырылды. Бәрінен бұрын, ұлттық мүдде мен дипломатия және келіссөз үрдісі арқылы территориялық мәселелердің шешлуіне назар аударылды. «Шанхай үрдісінің» қалыптасуының нәтижесі Қытай мен төрт посткеңестік мемлекет (Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан) арасындағы территориялық шиеленістерді шешуден басталды.

Территориялық мәселелерді шешумен қатар, «шанхай үрдісінің» жыл сайын кездесулерінің күн тәртібін кеңейту байқалады. Бұл бірнеше факторлардың арқасында іске асты. Біріншіден, аймақтық деңгейдегі жаңа қауіп-қатерлердің өсуі байқалады. XX ғ. аяғында Орталық Азияда әртүрлі террористік, экстремистік және сепаратистік сипаттағы топтардың тарабынан антиүкметтік қызмет кеңейе бастайды. Халықаралық ұйымдасқан қылмыс пен наркотрафик ағымының ұлғаюы байқалады. Сонымен бірге, Ауғанстандағы «Талибан қозғалысы», радикалдық ислам идеологиясының тарауы ШЫҰ аймағы қауіпсіздігі үшін алаңдаушылық туғызды.

Екіншіден, «шанхай бестігі» форматы поскеңестік кеңістікте алғаш рет Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың ұсынған еуразияшылдық идеясына сай келді. Идеяның авторы Н.Ә. Назарбаев жаһанданудың екі жақтылығына назар аударады: бір жағынан қоғам мен экономиканың жаңарту мүмкіндігін береді, мәдениеттер мен өркениеттер диалогын кеңейтеді, екінші жағынан бірполярлы әлем және батыс елдері жаһандануды субъективті түрде талқылай отырып, Шығыс елдерінің ашықтық үрдісінен төл мәдениетті қысқартып, мәні жағынан мемлекеттердің, халықтың және тәуелсіздіктің әлеуметтік жүйесін өздеріне тиімдісін ғана аладыды.

Жаһандану үрдісінің екі жақтылығын шешудің жолдарын Н.Ә. Назарбаев еуразияшылдық пен «Еуразиялық Одақ» құрудан көреді. Еуразияшылдық идеясының мәні – Солтүстік және Шығыс Еуразия территориясында бірыңғай экономикалық,

стратегиялық, геосаяси және саяси кеңістікті қалыптастыру болды.

Осылайша, еуразияшылдық идеясының тарауы да ШЫҰ шеңберіндегі көп жақты ынтымақтастықтың дамуына әсерін тигізді деп айтуға болады. Мұндай жағдайда «Шанхай үрдісі» оның қатысушылары тарапынан қауіпсіздік пен тұрақтылықтың дамуын қамтамасыз ететін аймақтық құрылым ретінде қарастырыла бастайды.

ШЫҰ шеңберінде Ресей, Қытай және Қазақстанның көпполярлы әлем және батыс институттарының ықпалынсыз баламалы даму және қос стандарт идеяларының негізінде ортақ халықаралық ұстанымдарының көрінісі орын алды. Бұл идеялар одан әрі «Шанхай рухы» деп аталады. 1998–2000 жж. аралығында ШЫҰ-ның саммиттері Алматыда, Бішкекте, Душанбеде шақырылды. Кездесулердің мазмұнына біртіндеп саясат, қауіпсіздік, дипломатия, сауда–экономика, мәдени–гуманитарлық салалар бойынша ынтымақтастық мәселелері ене бастайды. Мемлекет басшыларының кездесуінен басқа сыртқы істер министрлерінің, қорғаныс министрлерінің, экономика, мәдениет министрлерінің т.б. кездесу механизмін құру жөнінде келіссөздер жасалды.

1999 ж. 4 шілдеде болашақта жоғары деңгейдегі кездесулердің маңызды тақырыптарын даярлап берген, «бестіктің» сыртқы істер министрлерінің алғашқы кездесуі өтті [53]. 1999 ж. Бішкекте «Шанхай бестігінің» мемлекет басшыларының саммиті өтті. Бұл іс–шарада ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің қауіпсіздік пен экономика салаларын бойынша көпжақты байланыстардың одан әрі кеңею мәселелері белгіленді [32]

Қауіпсіздік саласында арнайы қызмет бойынша ынтымақтастықты дамытуға басты назар аударылды. Бұл кездесудің басты нәтижесі құқық қорғау органдары жетекшілерінің кездесулерін өткізуге шешім қабылданды. Мұндай бастама ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің терроризм және есірткі заттарының заңсыз айналымға енуіне қарсы күресу саласында ортақ шешім қабылдаудың ұжымдық алаңын құрды. Құжат мемлекетаралық ынтымақтастықтың принциптерін нақты

түрде анықтайды. Олардың ішінде тәуелсіздік пен территориялық тұтастықты сақтау, шиеленістерді әскери күшсіз әдіс арқылы шешу, теңдік пен өзара тиімділік негізіндегі ынтымақтастық, ядролық қаруды таратпау жөніндегі келісімді ұстану орын алды.

1999 ж. ертеректе қабылданған келісімге сәйкес, қауіпсіздік саласы бойынша аймақтық күш-жігерді жұмылдыру ісі жалғастырылды. Құқық қорғау органдары министрлерінің кездесуінің нәтижесінде «Бішкек тобы» құрылды. Бұл топтың басты мақсаты құқық қорғау қызметінің өзекті мәселелері (халықаралық тәжірибеде орын алған ынтымақтастықтың түрлері мен әдістерін пайдалану) бойынша сәйкес келетін органдарды үйлестіру болды [32].

2000 ж. шілдесінде «Шанхай үрдісінің» жаңа өзіндік сәйкестігі (идентификация) ресми түрде жарияланды. Душанбедегі «Шанхай үрдісінің» мемлекет басшыларының кездесуінде «Шанхай бестігін» ынтымақтастықтың аймақтық көп салалы құрылымына айналдырудың жаңа бағытын таңдау туралы шешім қабылданады. Жаңа бағыттың негізгі құрамдас бөлігі кездесу нәтижесінде қабылданған декларацияда бекітіледі [33].

Біріншіден, бұл құжатта дәстүрлі қауіпсіздік мәселелері сөз болды. Аймақтың әскери саласындағы тұрақтылық пен сенім деңгейін нығайту мақсатында жыл сайын қорғаныс министрлерінің отырысын өткізуге шешім қабылданды. Декларацияда зымыран қаруынан қорғану мен ядролық қауіпсіздік мәселесі қарастырылады. 1972 ж. зымыранға қарсы қорғаныс келісімін сақтау қажеттілігі мен ядролық қарудан азат аймақ құруға ерекше мән берілді.

Екіншіден, Душанбе декларациясында жаңа қауіп-қатерлер саласы бойынша бастамалар қойылады. Олардың ішінде халықаралық терроризммен күресуге ерекше мән берілді. «Шанхай бестігінің» антитеррористік құрылымын құру жөніндегі шешімге келеді. Құжатта Шанхай бестігінің халықаралық ұстанымы нақты түрде көрсетіледі. Соның ішінде, «гуманитарлық интервенция» және «адам құқығын қорғау» сылтауы арқылы басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау, жаһандық және аймақтық мәселелер бойынша шешім қабылдауды монополияландыру туралы мәлімделеді

2.2 «Шанхай үрдісі» үлгісіндегі қауіпсіздіктің жаңа механизмінің қалыптасуы (2001–2006 жж.)

Жаңа ғасырдың алғашқы жылы «Шанхай үрдісі» үшін белгілі жыл болды. Біріншіден, Орталық Азияның бес мемлекетінің «Шанхай бестігінің» санын алты мемлекетке кеңейту бастамасы Өзбекстанның тарабынан қолдау тапты.

Екіншіден, ШЫҰ–ның қауіпсіздік саясатының кеңеюі құжат түрінде бекітіліп, оған ынтымақтастықтың антитеррористік векторы енгізіледі. «Шанхай үрдісінің» қызметін жоғары деңгейде кеңейту құжат түрінде бекітіледі. Аймақтық даму мен қауіпсіздіктің өзекті мәселелерін түсінуге қадам жасалды: мемлекеттік қауіпсіздіктің тазартылған концепциясынан «жаңа» әскери емес қауіп–қатерлерді ескеретін қауіпсіздік концепциясының кеңінен түсіну үрдісі байқалды.

2001 ж. 15 шілдеде Шанхайда «Шанхай үрдісінің» мемлекет басшылары және оған қосылған Өзбекстан, ШЫҰ құру жөніндегі Декларацияға қол қояды [31, 20 с.]. Біздің ойымызша, бұл «Шанхай үрдісінің» халықаралық мәртебесінің жоғарлауын және алты мемлекеттің арасындағы аймақтық ынтымақтастықты дамытудың қазіргі заманғы жаңа және берік алаңының қалыптасуының басталуын көрсетіп берді.

Декларация ынтымақтастықтың жаңа аймақтық үкіметаралық механизмін білдірді. Құжатта аймақтық ынтымақтастықтың үлкен тізімі сипатталды, олар – мүше–мемлекеттердің арасындағы өзара сенімді, достық пен көршілік қатынастарын нығайту; мүше–мемлекеттердің арасындағы саяси, сауда–экономикалық, ғылыми–техникалық, мәдени, білім, энергетика, транспорт, экология салалары бойынша тиімді ынтымақтастықты дамыту; аймақтағы бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мен қолдау үшін бірлескен күшті жұмылдыру; жаңа демократиялық, әділ және тиімді саяси, экономикалық халықаралық тәртіпті құру болды.

Сонымен бірге, осы кезеңдегі Шанхайдағы қол қойылған екінші құжат – «Шанхай ынтымақтастық ұйымының терроризмге қарсы күресу конвенциясы» болды [41, 166 с.]. Аталған конвенция ШЫҰ ынтымақтастығының негізгі векторын анықтап

берді. Бұл құжаттың өзектілігін (қол қойылғаннан үш ай өткен соң) АҚШ-ғы 11 қыркүйек оқиғасы дәлелдеп берді. Осылайша, ШЫҰ мүше-мемлекеттері алғашқылардың бірі болып халықаралық ортадағы жаһандық қауіпсіздіктің болашақ векторын анықтап, халықаралық терроризм сияқты құбылыстың әлемдік тәртіпке қауіп-қатер төндіретінін мойындады.

2002 ж. 7 шілдеде ШЫҰ-ның негізгі құжаты – ШЫҰ Хартиясы қабылданды [30, 24 с.]. Бұл құжат алты мемлекеттің ынтымақтастық мақсатын, міндеттері мен принциптерін анықтап, Ұйымның қабылданған Декларациясын нақтылап әрі дамытып, 26 бөлімді құрады. ШЫҰ-ның Хартиясына қол қою арқылы оның келісімдік-құқықтық негізі жасалып, халықаралық құқық субъектісін иеленді.

ШЫҰ Хартиясын талдау барысында, ұйымның қауіпсіздік концепциясының негізгі теориялық аспектісін анықтауға мүмкіндік туды. Бұл құжат, бірінші кезекте Ұйымның қауіпсіздік саясатын құрылымы жағынан кеңейтеді және күрделілендіреді. Құжатта қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-әрекеттер көрсетіледі.

ШЫҰ-ның қауіпсіздік үлгісінде төмендегідей бағыттарды бөліп көрсетуге болады: терроризм, сепаратизм және экстремизмге, есірткі заттар мен қарудың заңсыз айналымға енуіне, трансұлттық қылмыс пен заңсыз миграцияға қарсы тұру; табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және өзара көмек көрсету; мүше-мемлекеттердің халықаралық міндеттері мен олардың ұлттық заңнамасына сәйкес адамның негізгі еркіндігі мен құқықтарын қамтамасыз ету бағыттары.

Даму үлгісіне – еркін тауар, капитал және технология айналымын іске асыру мақсатында сауда мен инвестиция үшін қолайлы жағдайларды қалыптастыру; энергожелісі, коммуникация мен транспорт салалары бойынша инфроқұрылымды тиімді пайдалану және жетілдіру; табиғат пен суды тиімді қолдануды қамтамасыз ету; ғылым мен техника, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, туризм салалары бойынша өзара байланысты іске асыру жатады.

Біздің ойымызша, аймақтық қауіпсіздік саясатын іске асырудың мұндай идеялық көзқарасы халықаралық үрдістің қатысушылар арасындағы өзара мүддені сақтаудың кепілі бола алады және «шанхай үрдісінің» шеңберінде басқа мемлекеттің ішкі істеріне араласу үшін қауіпсіздік концепциясын сылтау ретінде қолдану тәжірибесі (халықаралық ортада кеңінен тараған) жоқ.

Хартияда ШЫҰ–ның ұйымдастырушылық құрылымы анықталған. Құжатқа сәйкес Ұйымның мақсаты мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ететін келесі органдары құрылды: Үкімет басшыларының Кеңесі, сыртқы істер министрлерінің Кеңесі, министрліктер немесе ведомствалар басшыларының Отырысы, ұлттық координаторлар Кеңесі, аймақтық антитеррористік Құрылым, Хатшылық [30, 27 с.].

XX ғ. аяғы – XXI ғ. басындағы аймақтағы күрделі сыртқы саяси жағдай: Ауғанстандағы талибан қозғалысы және ислам экстремизімі қауіпі, жаңадан құрылған мемлекеттердің саяси тәртіптерінің ішкі әлсіздігі, ресейлік Шешенстандағы және қытайлық Шыңжаңдағы (Шыңжаң ұйғыр автономиялық аймақ) жағдай ШЫҰ–ның қауіпсіздік саясатының даму сипатына өзінің әсерін тигізді. ШЫҰ–ның қауіпсіздік концепциясының дамуының екінші кезеңінде (2001–2005 жж.) терроризмге қарсы күресу саласы теориялық–концептуалдық, құқықтық қалыптасу мен институционалдық сипатқа ие болады. ШЫҰ–ның терроризммен күресу саласындағы қызметіне талдау жасау Ұйымның 2001–2005 жж. қауіпсіздік саясатының өзгерістері мен ерекшеліктерін анықтаудың маңызды кезеңі болып табылады.

Жоғарыда аталғандай, халықаралық терроризммен күресу барысындағы өзара тығыз байланыс жасау идеясын тәжірибеде іске асыру 1999 ж. Бішкектегі бес мемлекет басшыларының саммитінде жүзеге асты. Ресейдің құқық қорғау жетекшілерінің, қорғаныс министрлерінің және сыртқы істер министрлерінің кездесуін жүргізу ұсынысы қолдау тапты. «Шанхай бестігінің» ел басылары қол қойған Бішкек декларациясында халықаралық терроризмге, ұлттық сепаратизмге және діни экстремизмге қарсы тиімді іс–шаралары шешуші рөл атқарады деп көрсетілді [98, 14 с.].

2001 ж. 15 шілдеде ШЫҰ–ның антитеррористік саладағы негізгі құжаты – «Терроризм, экстремизм, сепаратизм және экстремизммен күресу жөніндегі Шанхай конвенциясына» [41, 166 с.] қол қойылды. Бұл Конвенция 2000 ж. 5 шілдеде қабылданған Душанбе декларациясының 5–ші бөліміне сәйкес өңделді. Конвенцияға сәйкес, мүше–мемлекеттер қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық жөніндегі көпжақты келісімдерге қол қою қарастырылды.

ШЫҰ–ның Конвенциясы терроризммен күресу саласындағы негізгі халықаралық келісімдермен байланыстырылды. ШЫҰ Конвенциясы негізін ортақ көпжақты антитеррористік конвенциялар құраған антитеррористік келісімдердің кешеніне енді:

– әуе кемелерін заңсыз түрде басып алумен күресу жөніндегі Конвенция (1970 ж.);

– азаматтық авиация қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілермен күресу жөніндегі Конвенция (1970 ж.)

– халықаралық қорғаудағы тұлғаларға, соның ішінде дипломатиялық агенттерге қарсы қылмыстың алдын алу жөніндегі Конвенция (1973 ж.)

– тұтқындарды басып алуға қарсы күресу жөніндегі Конвенция (1979 ж.)

– ядролық материалды физикалық қорғау жөніндегі Конвенция (1980 ж.)

– теңізде жүзу қауіпсіздігіне қарсы бағытталған заңсыз актілерімен күресу жөніндегі Конвенция (1988 ж.)

– бомбалық терроризмге қарсы күресу жөніндегі халықаралық Конвенция;

– терроризмді қаржыландыруға қарсы күресу жөніндегі Конвенция (1999 ж.)

– ядролық терроризм актілерімен күресу жөніндегі Конвенция (2005 ж.)

Осылайша, Шанхай конвенциясының негізін әлемдік тәжірибеде тұрақталған формалар құрайды: негізгі түсініктерді анықтау, ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын құру, оның жүзеге асыруға жауапты органдарды анықтау, құқықтық негізді қалыптастыру болды.

ШЫҰ «терроризм» түсінігінің екі бөлімнен тұратын өзіндік анықтамасын Конвенцияның 1 бабында көрсетеді. Бірінші бөлім келесідегідей: «Конвенцияның Қосымша бөлімінде мойындалған қылмыс деп саналатын қандайда бір қимыл–іс» [41, с.166]. Бұл анықтама терроризмді қаржыландыруға қарсы күресу жөніндегі Халықаралық конвенцияның анықтамасын қайталайды. Бұл «терроризм» түсінігінің бірнеше рет ғылыми деректер мен халықаралық ресми құжаттарда анықталғандығымен түсіндіріледі. Осындай себеппен, көптеген саяси акторлар сілтемелік нормаларды пайдалану тәжірибесін қолданады. Мұндай көзқарастың әлсіздігі оның үстіртіндігі болып саналады. Сондықтан, бірінғай құқықтық саясат шеңберіндегі террористік қауіп–қатердің алдын алу және кесіп өту үшін тиімді жүйеленген түсінік аппаратын өңдеу мәселесі өзекті болып саналады.

Терроризм анықтамасының екінші бөлімінде ШЫҰ өзіндік анықтамасын «қарулы қактығыс жағдайында соғыс қимылдарына белсенді қатыспайтын қандай да болсын азаматтық тұлғаға немесе кез келген басқа тұлғаға, оны өлтіруге немесе оған ауыр дене зақымын келтіруге, сондай–ақ қандай да болсын материалдық объектіге едәуір нұксан келтіруге пара–пар осындай әрекетті ұйымдастыруға, жоспарлауға, оның жасалуына дем беруге, оған арандатуға, егер осындай әрекеттің мақсаты оның сипатына немесе орындалуына орай халықты қорқытуға, қоғамдық қауіпсіздікті бұзуға немесе өкімет органдарын не болмаса халықаралық ұйымды қандай да бір әрекет істеуге немесе оны істеуден қаймықтыруға бағытталған, және де Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес қылмыс ретінде қуғындалушы кез келген басқа әрекеті» [41, 166 с.] деп көрсетеді.

Шешенстандағы Ресейдің және Шыңжаңдайға Қытайдың тәжірибесін ескере отырып, ШЫҰ Конвенциясы терроризммен сепаратизм және экстремизм сияқты құбылыстарды байланыстырады. Конвенцияда «мемлекеттердің аумақтық тұтастығын бұзуға, соның ішінде оның аумағының бір бөлігін одан бөлуге немесе мемлекетті күштеп ыдыратуға, сондай–ақ осыған пара–пар осындай әрекеттерді жоспарлау мен дайындауға, оның жасалуына дем беруге, оған арандатуға

бағытталған, және Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес қылмыс ретінде қуғындалушы қандай да болсын әрекетті» [41, 166 с.] ретінде анықталады.

Ал, Конвенция бойынша экстремизмнің анықтамасы «билікті күшпен басып алуға немесе күшпен ұстап тұруға, сонымен қатар мемлекеттің конституциялық құрылысын күшпен өзгертуге, сонымен пара–пар қоғамдық қауіпсіздікке күштеп араласуға, оның ішінде жоғарыда көрсетілген мақсаттарда заңсыз қарулы құрылымдар ұйымдастыруға немесе оларға қатысуға бағытталған, және Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес қылмыс ретінде қуғындалушы қандай да болсын әрекетті білдіреді». Конвенцияда «Сепаратизм» және «экстремизм» түсініктерініне заңды мағынаға қарағанда, негізінен саяси мән көбірек берілгенін байқауға болады. Терроризмді ұлттық сепаратизм және саяси экстремизммен бір деңгейге қою ғылыми тұрғыдан алғанда онша орынды емес. Экстремизм дегеніміз кез–келген бір мәселеге деген шектеулі көзқарасты ұстанатын құбылыс немесе феномен. Терроризм іс–қимылдың ең қатаң әдістерінің бірі болып саналады. Сондықтан да террористік тәсілдерді сепаратистер, националистер және экстремизмді ұстанатын саяси күштер мен қозғалыстар пайдалана алады [41, 167 с.].

Сонымен бірге, халықаралық тәжірибеде экстремизмді терроризмнің бір мотиві ретінде анықтайтын рәсімдер қалыптасқан. 2001 ж. 28 қыркүйекте қабылданған БҰҰ БА–ның 1373–ші резолюциясында экстремизм мотивіндегі террористік актілердің саны ұлғаюда деп мойындалған.

Конвенцияда ынтымақтастықтың іске асыуы мен дамуына жауапты органдары (мүше–мемлекеттердің орталық құзырлы органдары) көрсетілген. Сонымен қатар, деструктивті құбылыстармен күресудің негізгі әдістері анықталған. Бұл сала бойынша, мүше–мемлекеттердің арасындағы ақпараттық ынтымақтастыққа назар аударылған. Оперативті іздеу шараларын жүргізу үшін ақпарат алмасу механизімі өңделген.

ШЫҰ Конвенциясындағы қауіпсіздіктің теориялық аспектісін қарастыра отырып, бұл құжаттың ШЫҰ–ның қауіпсіздік саясатындағы терроризммен күресудің ресми түрде

енгізілуі мен анықталуын көрсететінін айтуға болады. Қауіпсіздік жөніндегі дәстүрлі көзқарастан алшақтау байқалады. ШЫҰ аймағының қауіпсіздігі үшін қауіп ретінде террористік ұйымдар мен жеке тұлға кейпіндегі экстерриториялық және тәуенді емес акторлар да қарастырылады.

2005 ж. терроризм, сепаратизм және экстремизммен күресу жөніндегі ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің ынтымақтастық Концепциясына қол қойылды [127, 28 с.]. Бұл құжат ШЫҰ–ның қауіпсіздік саясатының антитеррористік векторының дамуының келесі бір қадамы болды.

Құжатта ШЫҰ–мүше–мемлекеттерінің терроризм, экстремизм және сепаратизммен күрес үшін ынтымақтастықтың негізгі мақсаттары, міндеттері мен принциптері, бағыттары айқындалады. Концепцияның «Жалпы ережелер» бөлімінде ешқандай жаңа концептуалдық толықтырулар жоқ: қауіпсіздік пен бейбітшілікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі халықаралық нормалар мен принциптерге сүйенген. Сонымен бірге, ШЫҰ аймағындағы терроризммен өзіндік күш арқылы күресу мүше–мемлекеттердің басым міндеттерінің бірі болып саналады. Концепция бойынша ШЫҰ мүше–мемлекеттері үшін терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресудің негізгі басым бағыттарын бөліп көрсетуге болады: Біріншіден, қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ШЫҰ мүше–мемлекеттердің бірінғай тәсілдерін құқықтық байланыстыру және өңдеу бағыты. Бұл бағыттың негізгі мақсаты – терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресу саласындағы ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің заңнамаларын үйлестіру болып табылады. Екінші бағыт, ақпараттық ынтымақтастық. Бұл бағыттың шеңберінде жедел–іздеу, анықтама, қылмыстық ақпарат және халықаралық іздеу салынған жеке тұлғаны іздеудің бірінғай тізілімін құру қарастырылған. Үшінші бағыт, ортақ антитеррористік оқу–жаттығу жұмыстарын жүргізу және кадрларды даярлау мен біліктілігін арттыру шараларынан тұратын құрылымдық ынтымақтастық бағыты болып саналады. Алдында қабылданған терроризм, сепаратизм және экстремизммен күресу жөніндегі Конвенциядан бұл тұжырымдаманың жаңа концептуалдық ерекшелігін атап өткен

жөн. Бұл құжатта алғаш рет құқықтық, саяси, әлеуметтік–экономикалық т.б. шараларды қамтитын терроризммен күресудің кешенді қажеттілігі көрсетілген. Терроризмге қарсы тұру механизмінде өзгерістер, яғни жеке тұлғалық емес көзқарастан адам қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған көзқарасқа ауысу байқалады.

1999–2005 жж. ШЫҰ қызметіндегі қауіпсіздік концепциясының даму нәтижесі ретінде ШЫҰ аймағындағы қауіпсіздік түсінігін кең көлемде кеңейту атауға болады.

Ұлттық мүддені қорғауға бағытталған дәстүрлі көзқарастармен қатар, бірінші кезекте адам қауіпсіздігіне ықпал ететін жаңа қатерлер және дәстүрлі емес тәсілдерді кеңейту қарастырылады. Терроризм, наркотрафик, трансшекаралық қылмыс, заңсыз миграция, экономика мен экология мәселесі сияқты құбылыстар ШЫҰ–ның жаңа Концепциясында бір жағынан өзара бір–біріне тәуелді, екінші жағынан дәстүрлі қауіпсіздіктің қауіп–қатеріне ықпал ететін мөлшерлес қауіпсіздік ретінде қарастырыла бастайды. 2001–2005 жж. ШЫҰ қауіпсіздік саясатының даму кезеңінде даму мен қауіпсіздік идеясы өзара тәуелді және бір–біріне ықпал ететін категория екенін ұғыну байқалады. Экономикалық және экологиялық мәселелер аймақтық қауіпсіздіктің қауіп–қатері ретінде қарастырыла бастайды.

Сонымен, бұл кезеңде Концепцияның іске асуының сыртқы шекарасын қарастыратын ШЫҰ қауіпсіздік саясатының идеологиялық жағы да қалыптасады. Мұның негізін екі стандартты саясат пен мемлекеттердің ішкі істеріне араласуды жоятын бір–бірін құрметтеу және өзара тиімді ынтымақтастық принциптері құрады. Мемлекеттердің терроризмге қарсы күш қолданудың халықаралық нормалары мен ережелерін өңдеудің өзектілігі, әсіресе Ауғанстандағы, Ирандағы американдық әскери тәжірибені ескере отырып, күн сайын артуда.

Сонымен, 2001–2006 жж. ШЫҰ антитеррористік векторының шеңберінде терроризм табиғатын түсінумен қатар, онымен ортақтасып күресудің тактикасы жөнінде өзгерісті байқауға болады. Егер 2001 ж. Конвенцияда терроризмге қарсы тұрудың қорғаныс және шабуыл жасау әдістері арасында

асимметрия (біріншісінің есесіне) байқалса, 2005 ж. терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресу жөніндегі ынтымақтастық Концепциясында тек қана терроризммен емес, сонымен бірге оның себептерімен күресу қажеттіліктері көрсетілді.

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды тұжырымдай келе, халықаралық құқықтағы жалпыға ортақ құжаттар мен нормалардың негізінде ШЫҰ аймағының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жаңа механизмінің кезең-кезеңмен дамыды деп айтуға болады. Ал, Бесландағы, Мумбайдағы және Нью-Йорктегі оқиғалар терроризммен күресу шеңберіндегі ортақ күшті жұмылдыру қажеттілігін көрсетіп берді.

2.3 Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі ынтымақтастықтың антитеррористік векторының тәжірибелік нәтижелері

Аталған тақырыптың шеңберінде, біз алдымен террористік, сепаратистік және экстремистік ұйымдардың мемлекет бойынша ерекшеліктерін қарастырамыз.

Қазақстан ислам ағымындағы халықаралық террористік ұйымдардың қызметі саласына енеді. Сонымен бірге, Қазақстанның территориясы олардың тарабынан терактілерді жүргізу зонасы ретінде емес, кадрларды тарту және жарылыс әрекеттерін даярлау бойынша консперативті-ақпараттық жұмыс жүргізу үшін база ретінде қарастырылады [247, 88 с.].

Қазақстанда ислам бағытының радикалдық «Хизб ут–Тахрир» ұйымының белсенділігі байқалады. Бұл ұйым, негізінен исламды тарату деңгейі жоғары болып саналатын оңтүстік аймақтарда әрекет етеді.

ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің бағалауы бойынша «Хизб ут–Тахрир» өзінің әлеуметтік базасын белсенді түрде кеңейтуді бастапқыда материалдық тұрмысы төмен тұлғаларды тарту арқылы іске асырса, соңғы кездері оған қоғамның барлық салалары, соның ішінде билік құрылымының адамдарын тарту арқылы жүзеге асырылып отыр.

Бұл ұйымнан басқа, Қазақстанның территориясында құрылымы жағынан «Аль-Каиданың» құрамына енетін «Орталық Азияның жамағат моджахедтері» ұйымының, Өзбекстан ислам қозғалысы, ұйғыр сепаратистік ұйымдарының қызметі белгіленді.

«Хизб ут-Тахрир» ұйымының қызметі Қырғызстанда да көрініс тапты. Бұл ұйым мемлекеттің оңтүстігінде өмір сүріп жатқан этникалық өзбектердің арасынан өз жақтастарын тауып жатыр. Қырғызстанның ұлттық комитетінің материалдары бойынша, республика территориясында «Өзбекстанның ислам қозғалысы», «Шығыс Түркістан ислам қозғалысы», «Түркістанның ислам партиясы» сияқты ұйымдар және Қырғызстанның оңтүстігінде Сауд Арабиясынан, Ираннан келген ваххабиттік Орталық Азияда ислам мемлекетін құруды тарататын уағыздаушылар әрекет етеді.

Тәжікстанда да «Хизб ут-Тахрир» ұйымы қызметінің белсенділігі байқалды. Бұл ұйымның кейбір белсенділері Ауғанстандағы «талибан» қозғалысы жағында соғысқандар.

ШЫҰ аймағында террористік ұйымдардың белсенділігі жағынан Өзбекстан ерекшеленеді. Гааза секторында, Иордан өзенінің батыс жағалауында және Египетте тараған әйгілі сунниттік террористік топтар – «Өзбекстанның ислам қозғалысы», «Ислам джихад» теракт жасауда белсенділердің қатарында болып саналады.

2005 ж. Әндижандағы оқиға радикалды ислам ұйымдары Өзбекстанның қауіпсіздігіне қатер төндіргенін көрсетіп берді. ТМД мемлекеттері Институты сарапшыларының пікірінше, бұл оқиға көрші мемлекеттер мен Фергана аңғарына тұрақсыздықты орнатудың талпынысы болып табылды. Бұл оқиғадан соң Ташкенттің Батысқа қарсы тұруы ұлғая түсті. Американдық конгресс И.Каримовты биліктің елдегі оқиғаға «қырын» қарауы үшін халықаралық трибунал сотына тартпақшы болды.

Ұйғыр мәселесі өз алдына жеке бір мәселе болып табылады, себебі ұйғыр сепаратистік ұйымдарының ШЫҰ аймағындағы тұрақсыздықтың қайнар көзі және Қытайдың қатысуымен әскери қақтығыстың пайда болуына алып келуі мүмкін. Ресми санақтарға сәйкес ШҰАА-тың халық саны 15

млн. астам, олардың ішінде ислам дінін ұстанатын түркі тілдес халықтардың саны 9 млн. (60 %) құрайды, соның ішінде ұйғырлар – 7 млн., қазақтар – 900 000, қырғыздар – 130000 адамды құрайды. Ұйғыр сепаратистерін біріктіретін ықпалды ұйымдардың бірі «Шығыс Түркістанның ислам қозғалысы» ұйымы саналады [178, 225 с.].

Сонымен бірге, ШЫҰ аймағындағы терроризм қауіпін тудыратын негізгі факторлардың ішінен келесіні айтуға болады:

1) жергілікті террористік ұйымдардың «Аль Каида», «Хамаз» сияқты ірі халықаралық террористік ұйымдармен байланысы; 2) халықаралық террористердің негізгі сүйеуіш тіректері қалыптасқан Ауғанстан мен Пәкістандағы тұрақсыздық; 3) халықаралық қатынастардағы этно–территориялық шиелестің бар болуы және оның шешімін табудың ұзаққа созылуы; 4) терроризмді қаржыландырудың қайнар көзі болып есептелетін ШЫҰ кеңістігіндегі және оған көрші территориялардағы наркобизнес.

Осылайша, терроризм тарабынан аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылықтың қатері ішкі және сыртқы себептерге байланысты туындаған. ШЫҰ аймағындағы терроризмнің трансшекаралық сипаты мәселені қиындататын негізгі фактор болып отыр.

ШЫҰ аймағындағы терроризмнің басты мақсаттары – билікті өз қолына алып, шариғаттық басқару формасын құру мақсатындағы жалпы жағдайды тұрақсыздандыру болып саналады.

Жоғарыда қарастырылған терроризмнің аймақтық ерекшеліктерін ескере отырып, ШЫҰ шеңберіндегі тек қана саяси және әскери–ұйымдастырушылық емес, сонымен бірге заң саласын қамтитын антитеррористік ортақ әрекеттердің рөлі артып келеді.

1999–2006 жж. аралығында ШЫҰ қауіпсіздік үрдістерін реттеуге қабілеті бар және аймақтағы алға қойған мақсаттарын орындауға кепіл бола алатын келісімдер мен механизмдердің кешенін жасады. 2002 ж. 7 шілдеде қабылданған ШЫҰ Конвенциясының 10–шы бабын іске асыру мақсатында Аймақтық антитеррористік құрылымды құру жөніндегі Келісімге қол қояды [37, 153 с.]. Біздің ойымызша, мұндай

құрылымның құрылуының өзі ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің антитеррористік ынтымақтастығының жаңа бетін ашып берді.

Аймақтық антитеррористік құрылым (ААТҚ) – терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресу барысындағы Ұйымға мүше–мемлекеттердің құзыретті органдарының байланысы мен үйлестірілуін іске асыру үшін құрылған ШЫҰ–ның тұрақты органы. Құрылымның штаб–пәтері Бишкекте орналасқан, ААТҚ–ның органы – ААТҚ Кеңесі мен атқарушы комитеті болып саналады. Атқарушы комитет жұмыс жасауын қамтамасыз ететін қызметкерлерден және директордан тұрады. Құрылымда барлығы 30 адам қызмет атқарады. Соның ішінде Ресейден –7, Қытайдан – 7, Қазақстанан–6, Өзбекстаннан–5, Қырғызстаннан–3, Тәжікстаннан–2 маман жұмыс жасайды. Құрылымның қаражаты 2 млн.долл. құрайды, және квота бойынша мемлекеттердің төлемдерінен тұрады. Ресей мен Қытай – 24 %, Қазақстан –21%, Өзбекстан – 15 %, Қырғызстан– 10 %, Тәжікстан –6 %. ААТҚ–ның негізгі міндеттері – терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресу жөніндегі ақпараттарды жинақтап және өңдеп, мүше–мемлекеттерге тапсыру, антитеррористік құрылымның мәліметтер банкі құру, аталған сала бойынша ынтымақтастықты дамыту туралы ұсыныстар мен кеңестерді дайындау саналады [37, 154 с.].

ААТҚ–ның қызметін құқықтық қамтамасыз ету шеңберінде ШЫҰ Аймақтық антитеррористік құрылымның мәліметтер банкі жөніндегі Келісімге қол қойылды. Бұл келісім ШЫҰ мүше–мемлекеттердің арнайы органдары арасындағы өзара ақпараттық байланысты дамытудың құқықтық негізін қалыптастырып, автоматтық ақпараттық жүйесін құрды. Келісімнің құзыретіне төмендегі ақпараттар енеді:

- халықаралық террористік, сепаратистік және экстремистік ұйымдар, олардың құрылымы, қызметінің түрлері мен әдістері, қаржыландырудың қайнар–көзі т.б. туралы ақпарат
- терроризм, сепаратизм, экстремизмнің таралуының динамикасы мен тенденциялары жөніндегі ақпарат;
- террористік, сепаратистік және экстремистік ұйымдарға қолдау көрсететін ұйымдар мен тұлғалар туралы ақпарат;

- терроризм, экстремизм және сепаратизмге қарсы күресудің шаралары жөніндегі ақпарат;

ШЫҰ ААТҚ құпия ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі Келісімге сәйкес құпия ақпаратты қолданудың арнайы жүйесі құрылды.

Сонымен, мұндай екі негізгі құжатқа қол қойылуын ШЫҰ-ның ақпараттық саладағы қызметінің құқықтық негізі деп санауға болады. Бұл ШЫҰ ААТҚ мүшелері арасындағы құпия ақпарат алмасу, оны сәйкес деңгейде сақтауды қамтамасыз етудің өзара тиімді байланысын жасауға мүмкіндік беріп, ақпараттық технология саласындағы ынтымақтастықты одан әрі жетілдіруге ықпалын тигізді.

ШЫҰ ААТҚ тарапынан терроризм туралы мәліметтердің ортақ банкін құру жобасы бойынша үлкен жұмыс атқарылды, мұның негізінде «террористік, сепаратистік және экстремистік сипаттағы қылмысқа қатысы бар халықаралық іздеу жарияланған жеке тұлғалардың тізімі» бекітілді. Осындай негізді «ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің арнайы қызмет және қауіпсіздік органдарының бірыңғай іздеу реестрын» қалыптастыру ісі басталды. Сонымен бірге ШЫҰ аймағындағы қызметіне тыйым салынған террористік, сепаратистік және экстремистік ұйымдардың тізімін жасау жұмыстары жүргізілді. Бастапқыда ШЫҰ ААТҚ тізіміне 15 террористік ұйым мен ШЫҰ аймағындағы ең қауіпті террористтердің аты-жөні енгізілді. Қазіргі уақытта бұл тізім (террористік сипаттағы қылмыс жасағаны үшін немесе күдікті болып саналатын, халықаралық іздеуге жарияланған) шамамен 1100 тұлғадан және ШЫҰ аймағына қауіп төндіретін, қызметіне тыйым салынған 42 ұйымнан тұрады [248].

Сонымен, біздің ойымызша, «ШЫҰ мүше-мемлекеттердің территориясында қызмет етуіне тыйым салынған террористік, экстремистік және сепаратистік ұйымдардың тізімінің» және «Террористік, экстремистік және сепаратистік сипаттағы қылмысы үшін және күдікті болып саналып, оған халықаралық іздеу жарияланған жеке тұлғалардың тізімін» құру қызметінің қалыптасуының қорытынды кезеңі ретінде 2006 ж. Шанхайда қол қойылған «ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің территориясына

террористік, сепаратистік, экстремистік қызметтің енуінің жолдарын анықтау мен жабу саласындағы ынтымақтастық Келісімін» атауға болады.

ШЫҰ ААТҚ–ның антитеррористік саладағы жүргізіп жатқан жұмысы тұрақты тәжірибелік нәтижелерге ие. ШЫҰ ААТҚ атқарушы комитетінің экс–басшысы В. Касымовтың сөзіне қарағанда, Құрылым өзінің қалыптасу кезеңінде террористік ұйымдардың 15 басшысының құқықсыз қызметін шектеген және алты мемлекеттің территориясындағы 250 терактының алдын алған. Сонымен қатар, 2009 ж. ШЫҰ ААТҚ–ның тарабынан ісе асырылған ең танымал тұтқынға алу қызметін атауға болады. Бұл кезеңде Қазақстан мен Өзбекстан территориясында «Исламдық джихад тобының» жасырын ұяшығын жою, Мәскеудегі «Түркістанның ислам қозғалысына» мүшелерін тұтқынға алу, Тәжікстан территориясындағы «Аль Каида», «Галибан қозғалысы» сияқты халықаралық ұйымдардың мүшелерін тұтқынға алу істері жүзеге асырылды [57].

Сонымен қатар, айта кету керек, ШЫҰ аймағының көлемінде антитеррористік қызметті ұйымдастырудың қиындықтары да бар. Соның ішінде Өзбекстанның Қазақстан мен Тәжікстанға олардың территориясында Өзбекстанның ислам қозғалысының негізгі базасының орналасуы жөніндегі наразылық тудырады. Өзбекстан 1999–2000 жж. Қырғызстан территориясындағы Өзбекстанның ислам қозғалысының содырлары көтерілген кезде оларды «жойып жібермеу» туралы Қырғызстанға өзінің наразылығын білдірсе, Қырғызстан 2001 ж. қыркүйекте Қазақстанға Алматы базарында сатумен айналысатын және Қазақстанның арнайы органдары тарабынан өткізілген антитеррористік операция барысында тұтқынға алынған 150 қырғыз азаматын өз еліне жіберу туралы нота жіберген болатын. Сонымен бірге, ШЫҰ мүше–мемлекеттері арасында террористік ұйымдарды ортақ идентификациялау туралы қарама–қайшы пікірлер қалыптасқан: ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіретін және қандай ұйымдарды антитеррористік деп санау мәселесі бойынша бір ортақ пікір жоқ [119, 298 с.].

Сарапшылардың бағалауынша, қазіргі уақытта әлемде 500 заңсыз террористік ұйымдар бар. Олардың бюджеті 5 млрд.долл.дан 20 млрд.долларға дейін қаржатты құрайды. Содырларды дайындау үшін орталықтардың тармақтық құрылымдары құрылған. Сондықтан, мұндай жағдайда халықаралық терроризмнің желілік құрылымына тиімді қарсы тұрудың жаңа механизмін өңдеу маңызды болып саналады [249]. Мұндай міндеттерді тәжірибе жүзінде іске асыру мақсатында, ШЫҰ 2002 ж. бастап антитеррористік оқу-жаттығуларды жүргізу арқылы, мүше-мемлекеттердің қарулы күштерін дайындықтан өткізу мен терроризмге қарсы тұрудың шеберліктерін өңдеу шараларын жүргізе бастайды. 2006 ж. Шанхайдағы саммите ШЫҰ шеңберіндегі күнделікті оқу-жаттығуларды жүргізу жөнінде шешім қабылданды.

2002 ж. «Взаимодействие 2002» деп аталатын (Тянь-Шань, қытай-қырғыз шекарасы) алғашқы оқу-жаттығулары өтті. Яғни, ҚХР мен Қырғызстан Республикасы ортақ антитеррористік әскери оқу-жаттығуларын жүргізді. 2003 ж. тамызында Қазақстан мен Қытайда «Взаимодействие 2003» жаттығуы өтіп, бұған Ресей, Қытай, Қазақстан, Тәжікстан және Өзбекстан мемлекеттері қатысты. Сонымен қатар, ШЫҰ мүше-мемлекеттердің қарулы күштері Қазақстан мен Қытайдың территориясында «Союз 2003» атты әскери оқу-жаттығу жұмыстарын өткізді. 2005–2007 жж. аралығында 9 әскери оқу-жаттығуы (2005 ж. 11 қарашадағы антитеррористік тақырыптағы штабтық жаттығу; 2006 ж. 23 қаңтардағы «Чанчэн-2» атты антитеррористік жаттығу; Қытай мен Тәжікстанның өткізген «Восток Антитеррор-2006» атты жаттығуы; «Тянь-Шань 2006» (Жаркент, Қазақстан Республикасы, Үндістан мен ҚХР); 2006 ж. наурызда Өзбекстанда өткен «Восток-антитеррор 2006» атты әскери жаттығу) ұйымдастырылған.

Айта кету керек, 2004 ж. дейін мұндай әскери оқу-жаттығу істері негізінен екі жақты көлемде жүргізіліп және оған аздаған қарулы күштерді тарту арқылы жергілікті сипатта болды.

Бірақ, 2005 ж. Андижандағы оқиға, сонымен бірге жаңа ғасырдың басындағы ТМД кеңістігінде өткен «түсті революцияның» ағымы ШЫҰ шеңберіндегі әскери оқу–жаттығу шараларының әдістері мен көлемін қайта қарастыруға мәжбүрледі. Осыған байланысты, ШЫҰ мүше–мемлекеттер күнделікті штабтық және дала оқу–жаттығуларын жүргізуге шешім қабылдайды. Алғашқы ең ірі көлемдегі әскери оқу–жаттығуы «Бейбітшілік миссиясы 2005» (Циндао, ҚХР) болды. Бұл әсери оқу–жаттығуына Ресей мен ҚХР–ның әскери армиясы қатысты.

2006 ж. сәуірінде ШЫҰ мүше–мемлекеттердің қорғаныс министрлерінің кездесуінде «2007– Бейбітшілік миссиясын» өткізу туралы шешім қабылданды [250, 6 с.]. Осы жылдың шілдесінде бұл шешімді ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің ел басылары мақұлдайды. Бұл әскери шараның бірінші кезеңі басқару–штабтық жаттығу форматында ҚХР–да, ал екінші кезеңі әскери техникаларды қолдану арқылы Ресейде өткізілетін болды.

Антитеррористік «2007 Бейбітшілік миссиясы» ШЫҰ тарихындағы ең үлкен оқу–жаттығу іс–шарасы болды. Бұған Ресейден 2000 адам қатысып, 6 әскери–транспорттық ұшақ (Ил–76), 32 әскери тік ұшақ, 40 бірлік бронетехника және 14 бронетранспорт, сонымен бірге 18 артиллерия қаруы тартылды. Қазақстан десанттық–штурмдық аэромобильді батальонды, Тәжікстан арнайы тағайындалған ротаны, Қырғызстан арнайы тағайындалған взводты, Өзбекстан жоғары және орта бөлімінің офицерлерін қосты [251, 11 с.].

Осы жерде мұндай әскерлер мен техниканың үлкен бөлігін тарту арқылы өткен үлкен көлемдегі оқу–жаттығу халықаралық аренада әртүрлі көзқарастар мен бағаға ие болғандығын айта кету керек. ШЫҰ ресми тұлғалары блоктан тыс және прагматикалық оң көзқарасты білдірді. 2007 ж. 27 шілдеде РФ қорғаныс министрі Бішкекте өткен ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің қорғаныс министрлерінің отырысында «Ресей Федерациясының қорғаныс министрлігі мұндай ірі көлемдегі әскери жаттығу жұмыстарының өтуі ШЫҰ–ның өміріндегі ең

маңызды оқиғаға айналатынына сенім білдіреді» [252] деп мәлімдейді.

Ал, Қытайдың қорғаныс министрі Цао Ганчуань өзінің ресейлік әріптесінің пікірін қолдап, «ШЫҰ–ның антитеррористік әскери «2007 Бейбітшілік миссиясы» аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін жаңа қауіп–қатерге қарсы тұруда маңызды рөл атқарды» [251, 11 с.] деген баға береді. Әскери жаттығу шарасының аяқталуы барысында, В.В. Путин «Бүгінгі жаттығу – ШЫҰ мүше–мемлекеттердің арасындағы қарым–қатынасты нығайтудың бір қадамы. Бұл қадам халықаралық бейбітшілікті, аймақтық қауіпсіздікті, бәрінен бұрын біздің халқымыздың қауіпсіздігін нығайтуға бағытталды» [253] деп атап көрсетті.

Бірақ, ШЫҰ ресми тұлғаларының бұл әскери оқу–жаттығудың блоктан тыс сипатында екенін бірнеше рет мәлімдегеніне және әлемнің 80 мемлекетінен әскери мамандарды шақыру арқылы өткеніне қарамастан, батыс баспасөз беттерінде «жаңа шығыстық анти–НАТО» тақырыбындағы ақпараттық ағым кеңнен тарады. Мысалы, британдық Daily Telegraph «ШЫҰ екінші Варшава келісімі» [254] деп атаса, New York Times «ШЫҰ құрылу себебі – Ресей мен Қытайдың Орталық Азиядағы энергия қорларының үлкен бөлігіне бақылау орнатуға ұмтылысы» [255] деп мәлімдейді.

Сонымен, «2007 Бейбітшілік миссиясы» терроризмге қарсы күресу барысындағы кең көлемді операциялардың, әскери әрекеттердің көрінісі бола алды. Өз алдына күрделі міндет болып табылатын және атқарымды талап ететін әр мемлекетке, бөлімшелерге тиісті және әртүрлі әрекеттерді өзара үйлестіруді оңдеу нәтижесін оң тұрғыдан бағалауға болады.

ШЫҰ ААТҚ–ның құрылуы аймақ мемлекеттеріне терроризмге қарсы күресу барысындағы зерттеу қызметін белсенді қолдануға: ақпарат алмасу және байланыс каналдарын қорғау, әртүрлі тақырыптағы мәліметтер базасын құруға мүмкіндік тудырды. ШЫҰ шеңберіндегі ақпараттық ынтымақтастық Ұйымның антитеррористік қызметіндегі ең дамыған бағыттардың бірі болып саналады. ШЫҰ ААТҚ ұйымға мүше–мемлекеттердің құзыретті органдары арасындағы

ақпарат алмасудың теориялық, тәжірибелік және нормативті негізін құрды.

Бірақ, терроризмге қарсы тұру саласындағы ШЫҰ ААТҚ-ның халықаралық өзара әрекет ету жүйесіндегі рөлін жоғарлату міндеті өзекті болып саналады. Бәрінен бұрын, қалыптасқан қауіпсіздіктің аймақтық құрылымдарымен, соның ішінде Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымымен (ҰҚШҰ) және Тәуелсіз мемлекеттер достастығымен (ТМД) тиімді ынтымақтастықты дамыту қажет. ШЫҰ, ҰҚШҰ және ТМД арасындағы параллелизм мен бәсекелестікті жою үшін және аналитикалық ақпарат алмасуды кеңейту мақсатында ШЫҰ мен ҰҚШҰ-ның антитеррористік құрылымдары және ТМД-нің Антитеррористік орталығы арасындағы байланысты дамыту керек.

ШЫҰ мен ҰҚШҰ арасындағы ынтымақтастықты дамытудың оң қадамы ретінде екі ұйымның арасындағы «ШЫҰ Хатшылығы мен ҰҚШҰ Хатшылығының арасындағы өзара түсінушілік жөніндегі Меморандумды» алуға болады. Бұл құжат қазіргі уақытта екі ұйымның арасындағы ақыл-кеңестердің тәртібі мен ақпарат алмасуды қамтамасыз етеді.

Сонымен бірге, ауған-пәкістан зонасынан төнетін шынайы қауіп-қатерді ескере отырып, АҚШ пен НАТО, екінші жағынан ҰҚШҰ мен ШЫҰ арасындағы тығыз қарым-қатынасты дамыту аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды жағдайы болып саналады. Сондықтан, ШЫҰ-НАТО арасындағы ынтымақтастықтың кейбір басым бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

1) ШЫҰ мен НАТО арасындағы сенім шаралары мен диалогты нығайту. Бұл бағыттың шеңберінде, қауіпсіздік саласындағы екі ұйымның қызығушылықтарының қиылысуын анықтау мақсатында, ШЫҰ-Ауғанстан байланыс тобы мен НАТО арасындағы байланыс жасауға акцент жасау керек. Одан әрі, пікір-талас форматынан бұл ұйымдардың Хатшылығы жетекшілерінің кеңестері мен кездесулер деңгейіне көшуге болады.

2) Ауғанстанмен шекаралас аумақта бірігіп қауымдасу. Ауғанстаннан шығатын терроризм мен есірткі заттардың таралуын анықтау және оның каналдарын жабу.

3) Аймақтағы барланған террористік белсенділік жөніндегі айырбасты күшейту және ШЫҰ мен НАТО шеңберінде терроризм және есірткі қауіпімен күресу үшін Ауғанстан мен Орталық Азия елдерінен мамандарды даярлау.

Бірақ, біздің ойымызша, Украинадағы жағдайға байланысты АҚШ–тың қазіргі уақыттағы ШЫҰ–ның тұрақты мүшесі – Ресейге қатысты ұстанымы ШЫҰ мен НАТО арасындағы ынтымақтастықты орнатуды қиындатады және бұл дәл қазіргі уақытта мүмкін емес.

ШЫҰ–ның антитеррористік қызметінің бір үлкен кемшілігі терроризмнің экономикалық негізін анықтау мәселесі болып саналады. Сарапшылардың пікірінше, есірткі заттарды өндіру мен өткізу трансшекаралық қылмыстық ұйымдардың ең тараған қызметі болып табылады. ШЫҰ аймағы тек қана есірткі заттардың транзитті зонасы емес, сонымен қатар есірткі заттарды қолдану мен өндірудің территориясына айналуға. 1990–2002 жж. аралығында Орталық Азия мемлекеттеріндегі есірткі заттарды тұтыну шамамен 17 есеге өскен. ШЫҰ аймағы арқылы есірткі заттарды тарату мен трафик, терроризммен қатар ШЫҰ үшін басым бағыттардың бірі болып саналады.

Осыны ескере отырып, ШЫҰ мүше–мемлекеттердің құқық қорғау органдары жетекшілерінен тұратын, 1998 ж. Бишкек тобының шеңберінде аймақтағы есірткі заттардың таралуына алғаш рет мән берілді. Соңынан, 2002 ж. Санкт–Петербургтегі ШЫҰ кезекті саммитінде есірткі мен қару–жарактың заңсыз айналымға енуі және басқа да трансұлттық қылмыстардың алдын алу саласындағы ынтымақтастықты дамытудың дайындық жұмыстарын жүргізу қажет деп саналды.

Осының нәтижесінде, ШЫҰ өзінің есірткі заттарға қарсы қызметін ынтымақтастықтың жеке бір векторы ретінде қалыптастырды. Бұл ынтымақтастықтың бірінші қадамы 2004 ж. Ташкент саммитінде «Есірткі заттарының, есауыстандырғыш заттарының заңсыз айналымға енуіне қарсы күресу жөніндегі Келісімге» [38] қол қойды. Бұл келісім ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің құзыретті органдарының арасындағы есірткі заттардың заңсыз айналымға енуіне қарсы күресу саласындағы ақпараттық ынтымақтастығын реттейді.

2005 ж. Ауғанстан–ШЫҰ байланыс тобы құрылды. Бұл топтың мақсаты – өзара тиімді мүдде мәселелері бойынша екі тараптың арасындағы ынтымақтастықты іске асырудың ұсыныстарын өңдеу. ШЫҰ–Ауғаныстан байланыс тобының құрылуы ШЫҰ шеңберіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің және мүше–мемлекеттердің арасындағы ынтымақтастықты дамытудың тағы бір маңызды қадамына айналды.

«Есірткі заттарының, есауыстандырғыш заттарының заңсыз айналымға енуіне қарсы күресу жөніндегі Келісімге» сәйкес, ШЫҰ шеңберіндегі арнайы органдардың өзара байланысы өзінің маңыздылығын көрсетіп берді: ондаған қылмыс істері қозғалып, жүздеген кг.есірткі заттары тұтқындалды. 2009 ж. ШЫҰ мүше–мемлекеттері 11 ортақ операциялар жүргізіп, мұның нәтижесінде 25 есірткі топтары және 50 есірткі каналдары жойылды [256].

Сонымен қатар, мысал ретінде 2010 ж.нәтижелерін келтіруге болады:

1) Ауғанстан мен Тәжікстанның арнайы қызметкерлері 43 ортақ операцияларды жүргізіп, 900 кг. есірткі заттары тұтқындалып, Ауғанстан территориясындағы 12 есірткі заттар лабораториясы жойылды;

2) Ресей мен Қазақстанның арнайы қызметкерлері «Тарнадо» операциясын жүргізу арқылы 306 «ауыр» есірткі заттарын тәркіледі [257].

Мұндай екі жақты байланыстың тиімділігі барынша дамыды және ШЫҰ қызметінің есірткіге қарсы векторының іске асырылуы институционализациялауды қажет етеді, бұл өз кезегінде Ұйымның барлық мүшелерінің реурстарын толық қамтып, оларды бірыңғай үрдіске тартуға мүмкіндік береді. Есірткі заттарға бақылау орнату жөніндегі ШЫҰ–ның жеке органы Ұйымға мүше–мемлекеттердің заңнамаларын үйлесімдеу үрдісін тездетуге, арнайы қызметтер мен ведомствалардың қызметін координациялауға, ақпарат алмасуды (ААТҚ мысалында) тездетуге мүмкіндік береді. ШЫҰ мүше–мемлекеттердің тәжірибелік қарым–қатынасын және тиімділігін арттыру үшін есірткі заттарға бақылау орнату

жөніндегі ШЫҰ–ның құрылымын құру мәселесі Ұйым шеңберінде бірнеше жыл бойы қарастырылып жатыр, бірақ әлі шешімін тапқан жоқ.

2009 ж. 27 наурызда Ауғанстан мәселесіне және бұл мемлекетпен тығыз байланысы бар есірткі заттарының таралуына арналған алғашқы іс–шаралар өтті. Іс шараның қорытындысы бойынша, Ауғанстанның әлеуметтік–экономикалық жағынан қалпына келтіру арқылы, есірткі заттардың заңсыз айналымға енуі және терроризмді жою әдістерінің кешенді тәсілдерін қамтитын әрекет ету жоспары өңделді.

2011 ж. 14–15 шілдесінде Астанада ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің ел басылары Кеңесінің отырысында ШЫҰ аймағындағы және әлемдегі жағдай туралы пікір алмасу болды. Сонымен бірге, отырыста аймақтық және халықаралық жағдайлардың өзгеруіне қарамастан, өзінің он жылдық қызметі барысында ШЫҰ өзін достық және серіктестік қатынастардың тереңдеуінің маңызды механизімі ретінде көрсетіп берді және ШЫҰ аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тиімді көпжақты құрылымына айналды деген тұжырым жасалады. Сонымен бірге, ШЫҰ–ның қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі болашақ іс–жоспарлары Астана декларациясына енгізілді. Астана саммитінде 2001–2016 жж. арналған ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің есірткі заттарға қарсы тұру стратегиясы және оны орындаудың жоспары бекітілді. Мұның өзі ШЫҰ аймағындағы есірткі заттар қауіпімен күресудің алғышарттарын жасап берді.

2012 ж. 6–7 шілдеде Пекинде өткен ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің ел басылары Кеңесінің отырысында аймақтағы тұрақтылық пен қауіпсіздікке, бейбіт өмір сүруге төнетін қауіпті жағдайларға ШЫҰ–ның әрекет ету механизмінің саяси–дипломатиялық шаралары жөніндегі Ереженің жаңа басылымы және 2013–2015 жж. арналған терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресу үшін ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің ынтымақтастық Бағдарламасы бекітілді. Бұл екі құжат қауіпсіздік саласындағы ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің ынтымақтастығының құқықтық негізін одан әрі кеңейтіп берді.

Сонымен бірге, ел басылары ШЫҰ шеңберіндегі халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ынтымақтастықтың маңыздылығын атап көрсетті. Мемлекет басшылары Иранның ядролық бағдарламасының айналасындағы мәселелерді саяси–дипломатиялық әдістермен реттеу керектігіне мән берді.

2013 ж. Шанхай ынтымақтастық ұйымы аймақтық антитеррорлық құрылымдық кеңесінің шешіміне сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында «Қазығұрт–Антитеррор–2013» халықаралық антитеррорлық оқу–жаттығулары өткізілді. Шараға Ұйымға мүше елдердің барлығы дерлік қатысты. Бұған қоса Иран, Ауғанстан, Франция, Үндістан, Пәкістан, Белоруссия және Түркия секілді елдердің өкілдері халықаралық жаттығудың барысын бақылады.

«Ақтас полигонында қолбасшы нұсқауы берілісімен әскери жаттығулардың негізгі бөлігі басталып, ол сәтті аяқталды. Жаттығу барысындағы арнайы операцияны бақылаған шетелдік қонақтар әскерилердің қимылын жіті бақылап, шараның көңілінен шыққандығын мәлімдеді.

2014 ж. 1 сәуірде Тәжікстанда ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің қорғаныс министрлерінің отырысы өтті. Министрлер халықаралық және аймақтық қауіпсіздіктің өзекті мәселелері туралы пікір алмасып, ауған мәселесін реттеу тақырыбы қозғалды.

2014 ж. 24-29 тамыз аралығында ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің қарулы күштерінің бірлескен антитеррористік оқу–жаттығу іс-шаралары «Мирная миссия - 2014» Қытайда өтті және оған Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстанан 7 мыңға жуық әскери қызметкерлер қатысты.

Ал, 2016 ж. 15-21 қыркүйек аралығында ШЫҰ-ның антитеррористік векторына қатысты оқу–жаттығу іс-шаралары – «Мирная миссия - 2016» Қырғызстанда өтті және бұл іс-шара ұйымға мүше-мемлекеттердің әскери басқару органдарының өзара байланыстарын жетілдіруге бағытталды.

Сонымен бірге, 2016 ж. Ташкентте өткен ШЫҰ мүше–мемлекеттері басшыларының Саммитінде бірлескен

антитеррористік жаттығуларды 2018 ж. тамызында Ресейде өткізу жөнінде келіскен болатын.

ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің бірлескен антитеррористік жаттығулары кез-келген бір территориядағы террористік топтарды іздеу, олармен күресу арқылы шектелмейді, сонымен бірге тұтқындарды азат ету, мемлекеттік объектілерді қорғауға бағыттаалған жаттығулар да жүзеге асырылып жатыр.

Біздің пікірімізше, жоғарыда аталған ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің бірлескен антитеррористік жаттығулары ШЫҰ-ның халықаралық терроризммен күресуге дайын екендігін көрсете алады. Толықтай алғанда, өзінің антитеррористік қызметінде бай тәжірибе жинақтап, ұымның терроризммен күресу міндетін іске асыруда.

Қорыта айтқанда, ШЫҰ Орталық Азия аймағындағы, жалпы Еуразиядағы экстремизм және терроризммен күресудегі маңызды инструментке айналды. Ұйымның шеңберінше қабылданған келісім шарттар халықаралық-құқықтық негізде антитеррористік іс-шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік беруде және ішкі аймақтық терроризммен күресу - ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің негізгі мақсаты болып саналады.

2.4 Human security контекстіндегі Шанхай ынтымақтастық ұйымының аймақтық қауіпсіздік саясатының кенәуі (әлеуметтік-гуманитарлық және экологиялық қауіпсіздік мысалында)

XXI ғасырдың басында аймақтың қауіпсіздігі мен тұрақтылығына сыртқы ортаның әртүрлі факторлары ықпал етіп, жекелеген мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың қызметіне әсерін тигізуде. Аймақтық қауіпсіздіктің классикалық әскери қауіп-қатерінен бастап жаңа дәстүрлі емес қауіп-қатерлерді қамтитын аймақтық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру мен кеңейту қажеттілігі анық көрініп отыр. Сонымен бірге, мұндай жүйенің негізі басым бағыттары саяси тұрақтылықтың, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастықтың кепілі болуы керек.

ШЫҰ аймағының сыртқы ортасының факторлары аймақтың дамуына тікелей немесе жанама түрде әсер ететін әртүрлі салалардағы мәселелер болып саналады. Бұларды екі категорияға – элеуметтік–гуманитарлық қауіпсіздік және экологиялық қауіпсіздік мәселеліріне бөлуге болады.

Бірінші категорияға адамдардың өмір сүруіне және адам өмірінің сапасына тікелей әсер ететін мәселелерді жатқызуға болады. Екінші категорияға адамның өмір тіршілігімен байланысы бар экология мен ресурстар мәселесін кіргізуге болады.

ШЫҰ аймағынна тән бірінші категориядағы ең өзекті мәселелердің қатарына – босқындар, заңсыз миграция, адам сату және инфекциялық аурулардың таралу мәселесін жатқызуға болады. Екінші топта экология мен тұщы су ресурстарын бөлу мәселелері өзекті болып отыр.

Қауіпсіздіктің жоғарыда аталған мәселелерінің ықпалымен ШЫҰ–да аймақтық қауіпсіздік концепциясын өзгерту қажеттілігі туындады. 2006 ж. бастап ШЫҰ қауіпсіздік күн тәртібінің кеңеюі байқалады. Ынтымақтастықтың қалыптасқан бағыттарымен қатар гуманитарлық саладағы ынтымақтастық белсенді түрде дами бастады. Ынтымақтастықтың гуманитарлық векторы ШЫҰ Хартиясында ертеректе қарастырылған болатын, бірақ бұл бағыт осы кезеңнен бастап тұжырымдамалық және тәжірибелік даму сипатына ие болды.

Босқындар мәселесі ШЫҰ аймағына тән болып саналады. Бұл мәселенің аймақтағы үш ірі көлемдегі эскалациясын атап өтуге болады. Біріншіден, Өзбекстандағы 2005 ж. Әндижан оқиғасын атауға болады. Бұл оқиғадан соң босқындардың үлкен ағымы көрші мемлекеттерге, соның ішінде үлкен бөлігі Қырғызстанға (Ош, Жалалабат облыстар) ағылды. Олардың саны шамамен 200000 адамды құрады. Үкіметтік емес ұйымдардың мәліметтеріне сәйкес, босқындардың жағдайы ауыр, әртүрлі қысым жасау оқиғалары байқалған [258, 50 б.].

Адамдардың мұндай жағдайға түсуінің негізгі себептерінің бірі Қырғызстан өзінің экономикалық мәселелеріне байланысты, босқындардың мәселесін реттеудің өзіндік іс–шараларымен қамтамасыз ете алмады.

Босқындарды өмір салтын қамтамасыз етудің екінші бір киындығы бұл аймақтағы әртүрлі халықаралық құрылымдардың тиімсіздігі болып саналады. Орталық Азия аймағында БҰҰ–ң арнайы органы – босқындар ісі жөніндегі Жоғарғы Комиссариат жұмыс жасауда және бұл органның өкілдіктері Қазақстанда, Қырғызстанда, Тәжікстанда бар, ал Өзбекстанда 2004 ж. жабылды. Бірақ бұл орган әртүрлі әкімшілік тарапынан кедергілерге кездесіп, шектелген ресурстарға ие. Басқа үкіметтік емес ұйымдардың қызметтерінің тиімсіздігі қаржы ресурстарының жеткіліксіздігімен байланысты.

Сонымен, екінші мысал ретінде Қазақстандағы босқындар мәселесін айтуға болады. Сарапшылардың есеп мәліметтеріне сәйкес, 2002 ж. Қазақстанда босқындар саны немесе бұл мәртебені иеленуді күтіп отырғандардың саны 20 000 адам (Ауғаныстаннан шыққан босқындар – 2350 адам, Шешенстанан 12000 адам, Тәжікстаннан 4000 адам, сонымен қатар Қытайдан ұйғыр ұлттарының өкілдері) болған. Қазақстандағы босқындар мәселесінің ішіндегі ең маңыздысы – босқындардың келуі мен өмір сүруін реттейтін заңдардың жетілдірілмеуі, яғни аталған мәселе бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік–құқықтық базаның қалыптасуына қарамастан, кейбір мәселелері бар [259].

Қазақстанда Қытайдан келген босқындардың жағдайы өте күрделі және мұның екі негізгі жағдайын атауға болады. Біріншісі, Қытай азаматтары ұйғырлар үшін мәртебе анықтау рәсімінің қолжетімсіздігі. Мысал ретінде, 1998 ж. Қазақстан мен Қытай шекарасында үш ұйғыр тұтқындалып, Қазақстанда пана тапты. Олар Ұлттық қауіпсіздік комитетіне 8 айға жабылып, соңынан Қытайға жер аударылып, сонда өлім жазасына кесілген [260].

Қытайдан келетін босқындардың кездестіретін екінші бір жағдайы Қазақстандағы босқындар жөніндегі заңды орындамауымен байланысты. Бұл заң 2009 ж. қабылданды, бірақ бұл заңды қадағаламағаны үшін босқындар құқық қорғау органдарының тарапынан қиянатқа ұшырауда. АҚШ мемлекеттік департаментінің адам құқықтары жөніндегі жыл сайын берілетін

есебінің Қазақстан бөлімінде 2009 ж. ұйғырларды заңсыз түрде Қытайға депортациялау мәлімделген.

Үшіншіден, ШЫҰ аймағындағы босқындар мәселесіне қатысты Қырғызстандағы болған оқиғаны атап өткен жөн. Мұндағы этносаралық қақтығыстардың нәтижесінде Қырғызстаннан көрші мемлекеттерге тараған босқындардың жаппай ағымы орын алды. Сарапшылардың мәліметтері бойынша, босқындардың саны шамамен 100 000 адамды құрады. Олардың көп бөлігі Өзбекстанның Әндижан облысында шоғарланды. Аймақ гуманитарлық апатқа ұшырау жағдайында тұрды: азық-түліктің, медикаменттер мен алғашқы тұтыну тауарларының жетіспеуі байқалды. БҰҰ босқындар ісі жөніндегі комитеті және т.б. үкіметтік емес ұйымдардың тарабынан ұйымдастырылған гуманитарлық көмектің арқасында жағдайды тұрақтандырды [261].

2010 ж. Қырғызстандағы оқиға босқындардың саны жағынан ең көлемдісі болғанын және бұл оқиғаның аймақ елдері арасындағы түсініспеушілікті тудырғанын айту керек. Аймақ елдерінің бұл кезде жүргізген саясаты ұлттық сипатқа ие болды.

Бәрінен бұрын, аймақ мемлекеттері шекарадағы бақылау–жіберу жүйесін реттей алмады: көрші мемлекеттер босқындарға шекара арқылы өтуге мүмкіндік бермеді, әрине мұның өзі жағдайды одан әрі қиындата түсті. Мысалы, «Достық–Достулик» қырғыз–өзбек шекарасында 50 000 өзбек босқындары жиналып қалған. Өзбекстанның ресми билік басқарушылары босқындардың мұндай ағымын бақылай алмай, әлемдік қауымдастықтан көмек сұраған болатын [262].

Қазақстан да Қырғызстанмен шекараны жауып тастады. Кейбір сарапшылар мұның себебін Астананың «түсті революциядан» қауіптенуімен түсіндіреді. Мұндай көзқарас біздің ойымызша шындыққа жанаспайды, бірақ мұндай ақпараттын баспасөз беттерінде жариялануы Қазақстанның халықаралық беделіне кері әсерін тигізер еді [263].

Көріп отырғанымыздай, босқындар мәселесі тұрақты аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін құрудың тізімінде өзекті болып саналады. Бұл мәселенің ықпал етуі ішкі деңгейдеде байқалады: бұл әсіресе есірткі заттары мен адам сату саласы

бойынша аймақтағы ортақ қылмыстық деңгейдің өсуімен сипатталады. Сонымен қатар, босқындар мәселесіне ұқсайтын, адам сату мәселесі өзекті саналады. Бірақта, ШЫҰ аймағындағы бұл мәселеге тоқталмас бұрын, біз алдымен кейбір қажетті түсініктерді анықтап аламыз.

Адам сату дегеніміз «жалдау, тасмалдау, жасырушылық мақсатында қанау немесе күш көрсету, ұрлау, алдау, параға сатып алу жолдары арқылы жеке тұлғаға ие болу. Қанау – шамамен жеке тұлғаны жезөкшелікке, мәжбүрлі еңбек етуден тұрады. Мәжбүрлі еңбек ету – кез–келген жек тұлғаны кез–келген бопсалау арқылы жұмысқа немесе қызмет көрсетуге тартудан тұрады. Сондықтан да құлдық мәжбүрлі еңбек етудің түрінен тұрады және мәжбүрлі еңбек етудің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады: үйде жұмыс жасау, коммерциялық жезөкшелік, астарлы сектор, неке т.б.

ШЫҰ аймағындағы және әлемдегі адам сату мәселесін қарастыра отырып, бұл мәселе бойынша жәбірленгендердің нақты санын айту өте күрделі, себебі адам сату мәселесі тұрақсыз емес және билік тарапынан бақылауға алынбайды. Бірақ, әлемдік қауымдастық аталған мәселеге мониторинг жасаудың кейбір тәжірибесіне ие, соның ішінде мәжбүрлі еңбек етумен күресудегі Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) арнайы бағдарламаларын айтуға болады.

ХЕҰ бағдарламаларының мәліметтеріне сәйкес, Азия мен Тынық мұхиты елдеріне әлемдік адам сатудың 60% сәйкес келеді. Сонымен қатар, мұнда Орталық Азия аймағы және көрші мемлекеттердің ерекшеліктері атап көрсетіледі: Орталық және Шығыс Азияның миграциялық ағымы құрылыс секторына және Ресейге бағытталған. Мұнан басқа Орталық және Шығыс Азия адам сатудың маңызды транзиті саналады.

Қытайда, мемлекеттің ішіндегі ауылдан қалаға бағытталған үлкен миграциялық ағымның нәтижесінде әйел адамдар ауыр жұмыс пен секс–индустрияның құрбанына айналуға. Қытай мигранттары да Еуропа мен Солтүстік Америкада белгілі бір қызмет атқара отырып, контрабанда мен адам сатудың құрбаны болуы мүмкін.

Сонымен бірге, мысал ретінде АҚШ мемлекеттік департаментінің 2009 ж. адам сату жөніндегі баяндаманы келтіруге болады. Бұл баяндамада адам сату саласы кеңінен тараған мемлекеттердің тізімі жасалған. Тізімге ШЫҰ–на мүше–мемлекеттердің барлығы енді.

Соның ішінде Қазақстан Республикасы, Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстаннан Ресейге шығатын жеке тұлғалардың транзиті болып саналады. Мәжбүрлі еңбек ету саласы бойынша Қырғызстан да Өзбекстанан, Тәжікстанан және Түркменстаннан Оңтүстік Азияға шығатын жеке тұлғалардың транзиті болып отыр. Тәжікстан жеке тұлғалардың Қырғызстан мен Ресей арқылы Біріккен Араб Әмірлігіне өту транзитіне айналды. Тәжікстан азаматтары Ресей, Түркия, Иран мен Үндістанның сауда объектілеріне айналууда. Ер азаматтар құрылыс және ауылшаруашылығында қызмет үшін Қазақстанға, Ресейге әкелінеді. Өзбекстаннан шыққан әйел адамдар Біріккен Араб Әмірлігіне, Үндістанға, Қазақстанға, Түркияға, Тайландқа, Малайзияға, Оңтүстік Кореяға коммерциялық мақсатта сатылууда. Ер адамдар заңсыз түрде Қазақстан мен Ресейге құрылыста және темекі өндірісінде мәжбүрлі еңбек ету үшін әкелінеді.

Сонымен, ШЫҰ аймағындағы адам саудасының дамуының негізгі себебі халықтың аймақтық миграция жүйесінің әлсіз дамуы болып саналады. Сондықтан, мәселені реттеу үшін аймақтық мемлекетаралық кооперация деңгейінде келісілген іс–әрекеттердің өңделуін талап етеді және аймақ мемлекеттері тарапынан қатаң бақылауға алынатын миграцияның аймақтық жүйесі қажет.

ШЫҰ шеңберінде жоғарыда аталған мәселеге қатысты дайындық іс–шараларының бірқатары іске асты. 2006 ж. бастап ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің Жоғары сот өкілдерінің отырысын өткізу ұйымдастырылды. 2008 ж. Жоғары сот өкілдерінің 3–ші отырысы өтті, оның нәтижесінде ұлттық және халықаралық деңгейде экологиялық және миграциялық заңнаманы қолдану мәселесі жөніндегі ынтымақтастықты нығайтудың мәлімдемесіне қол қойды. 2009 ж. заңсыз миграцияға қарсы тұру мәселесі бойынша ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің ортақ көзқарастарын өңдеу және миграция мәселесі бойынша сәйкес келетін көпжақты

келісімдерді дайындау туралы ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің сарапшылары деңгейінде кездесу өтті.

Сонымен қатар, ШЫҰ тарабынан миграциялық ынтымақтастық саласындағы халықаралық байланыстарды орнату талпынысы жасалды. 2008 ж. наурызда ШЫҰ бас хатшысы Б. Нұрғалиевтің миграция мәселесі бойынша Халықаралық ұйымның бас директоры Барансон МакКинлимен кездесуі өтті. Кездесудің барысында миграциялық үрдістерді бақылау саласындағы мәселелер талқыға салынды. Халық миграциясы мәселесі бойынша екі ұйымның арасында байланыс орнату, екі құрылымның тәжірибелік жұмысы туралы ақпарат алмасуға деген қызығушылықтары білдірілді.

Бірақ, ШЫҰ шеңберінде аймақтық миграция тақырыбы сегіз жылдан бері қарастырылып келгеніне қарамастан, бұл мәселе ШЫҰ–ның негізгі құжаттарында орын алған жоқ. Сондықтан, бұл мәселеге қатысты сарапшылар тобының жұмысын белсенділігін арттыру мәселесі өзекті болып саналады. ШЫҰ аймағындағы еңбек мигранттары мен жұмыс миграциясы саласындағы бірінғай құқықтық акт қабылдану керек және бұл құжат келесі аспектілерді қамту қажет: еңбек етушілердің құқығы, заңды миграция механизмін құру, миграция мониторинг жүйесін құру, мигранттарды тасмалдаудың несиелік жүйесін жасау, еңбекке тартушы жеке меншік ұйымдардың қызметін бақылау және аккредитациялау механизмін құру т.б.

Құқықтық базамен жұмыс жасаумен қатар, жұмыспен қамту агенттіктері сияқты жұмыс жасайтын ШЫҰ–ның миграциялық орталықтарын құру қажет. Бұл механизмнің шеңберінде төмендегідей бағыттар бойынша жұмыс жасау керек:

- аймақтық және халықаралық нарықты меңгеру – аймақ елдері мен шетелдердегі еңбек етушілерге сұранысты зерттеу, сонымен бірге еңбек нарығына өз аймағынан шыққан тұлғаларды тарту;

- жұмысшылар күшінің жалғасуына бақылау орнату – қуатты еңбек етуші мигранттардың базасын жасау;

- қолдау қызметтерін құру (мысалы, тіл т.б. курстары).

Сонымен, босқындар мәселесін ШЫҰ шеңберінде қарастырмауға болмайды. Жеке тұлғаның босқынға айналуының

саяси–экономикалық, әлеуметтік–экологиялық себептеріне қарамастан, ШЫҰ аймағында мұндай жағдайдағы жеке тұлғаға қолдау көрсетудің инфорқұрылымы жоқ.

Көріп отырғандай, аталған мәселе ШЫҰ аймағында қиындап жатыр, ұлттық және аймақтық қауіпсіздіктің қуатты қауіп–қатеріне айналып отыр. Аймақтағы босқындардың пайда болуы – әлеуметтік және халықаралық шиеленісті нығайтатын факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан, босқындар мәселесінің ерекшелігіне назар аудара отырып, бұл саланың ең басым бағыттарын анықтау қажет. Аталған мәселе бойынша пікір алмасудың халықаралық алаңын жасау және аймақтық концептуалдық көзқарасты қалыптастырған жөн.

Сонымен бірге ШЫҰ аймағының мемлекеттері инфекциялық аурулардың, соның ішінде СПИД және туберкулез ауруларымен байланысты қауіп–қатерлермен кездесуде. Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, СПИД ауруының мемлекет пен оның азаматтарына үлкен қатері бар екенін көруге болады. Бұл аурудың түрі «жеке тұлға» қауіпсіздік концепциясының негізінде адам өміріне және өмір сапасына тікелей қауіп төндіреді. Орталық Азияның орталық геосаяси орналасуы, ұлттың ұлттық–діни құрамы, есірткі заттарының өсуі, адам саудасы, халықтың қажетті медикаменттерге қол жетімсіздігі, денсаулық сақтау жүйесінің қиын жағдайы сияқты факторлардың үйлесуі СПИД ауруын аймақ үшін өзекті мәселеге айналдырып отыр. ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің көбісі аталған мәселенің бар екенін мойындайды, бірақ бұл қатердің таралуына көп назар аудармайды.

СПИД ауруынан басқа ШЫҰ мүше–мемлекеттерінде туберкулез ауруына қатысты қауіп–қатер орын алған. Егер статистикалық мәліметтерге сүйенсек, аймақта Қазақстан туберкулез ауруына шалдыққандардың саны жағынан бірінші орында тұр, мысалы жылына 25000 адам тіркелсе, Қырғызстанда жылына 6000 адам туберкулез ауыруына шалдығады. Сонымен қатар, ШЫҰ аймағында аймақтың халықтарына қатер төндіретін басқад а аса қауіпті ауру түрлері бар. Мысалы, 2008 ж. Қазақстан, Қырғызстан, Түркменстанда сібір язвасының таралуы

тіркелген [264]. 2010 ж. Ресейде Тәжікстаннан келген мигрантарда полиомилит ауыруы байқалған [265].

Сонымен, аймақтық қарқынды даму және миграциялық ағымның белсендеуі жағдайында маңызды мәселелердің спектріне инфекциялық аурулардың таралуы енуде. Аталған аурулар мәселесі қандай да бір мемлекеттік шекараға бағынбайтын болғандықтан ШЫҰ мүше-мемлекеттеріне және көрші елдер үшін аса қауіп-қатер төндіреді.

Сондықтан, соңғы жылдары адам қауіпсіздігінің жоғарыда аталған мәселелеріне қатысты ШЫҰ шеңберінде аймақтық ынтымақтастықтың әлеуметтік бағыты даму үстінде. 2009 ж. бастап денсаулық сақтау саласындағы аймақтық кооперацияның теориялық-құқықтық негізі дамып жатыр. Дәл осы жылы санитарлық-эпидемиологиялық саулықты қамтамасыз ету мәселесіне байланысты қызмет басшыларының отырысы өтті. Екі іс – шара – «ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің инфекциялық аурулар қауіпіне қарсы тұруы жөніндегі ынтымақтастықтың болашағы» және «ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің тұрақты әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастығына әсер ету» атты конференциялар өтті.

Бірінші конференцияның қорытындысы бойынша ШЫҰ аймағында инфекциялық аурулармен күресу мәселесінің өзектілігі көрсетілген резолюция қабылданды. Бұл құжатта жаһандық биологиялық қауіп-қатерге қарсы тұру мақсатында аймақтық ынтымақтастықтың тәжірибелік механизмдерін жетілдірудің негізгі нүктелері көрсетіледі. Олардың ішінде, біріншісі халықты эпидемиядан сақтауды реттейтін ұлттық және халықаралық құқықтық-нормаларды қамтитын заң аспектісі болды.

Екінші аспект, ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің және бақылаушы-мемлекеттердің сарапшыларынан құралған, аса қауіпті инфекцияға қарсы күресетін Координациялық кеңес құруды көздейтін институционалдық аспектіден тұрды. Бұл бағыт бойынша ШЫҰ-ның институттарын дамыту ШЫҰ мүше-мемлекеттеріндегі инфекциялық аурулардың мониторинг механизмін жоғарлатуға мүмкіндік береді.

Аталған резолюция адам қауіпсіздігі саласындағы ШЫҰ дамуының жаңа векторының қалыптасуының бірінші қадамы болды. Сарапшылар қауымдастығының деңгейінде мұндай жаңа бағыттың артықшылықтары мен шекарасы нақты анықталды.

Ал, ШЫҰ–ның жоғарыда аталған екінші конференциясы Н.И.Пирогов атындағы Ресей мемлекеттік медицина университетінде өтті. Бұл конференцияның нәтижесінде ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің медициналық білім беру құрылымдарының интеграциясына бағытталған резолюция қабылданды.

2009 ж. ШЫҰ шеңберіндегі медицина саласындағы ынтымақтастықтың дамуы нәтижесінде ШЫҰ аймағындағы инфекциялық аурулармен күресу жөніндегі мәлімдемеге қол қойылды. Аталған келісім инфекциялық аурулармен күресудің және ШЫҰ аймағы халықтарының санитарлық–эпидемиологиялық саулықты қамтамасыз етудің бірыңғай аймақтық жүйесін құрудың алғашқы қадамы саналады.

Сонымен қатар, 2008 ж. Ресей бастамасы бойынша, ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастықтың спектрында білім саласы пайда болады, ШЫҰ Университетін құру идеясы туындайды. 2010 ж. ШЫҰ Университеті жобасы тәжірибе жүзінде іске асады. Жобаның басты мақсаты бірыңғай еуразиялық білім кеңістігін құру болып саналады.

ШЫҰ Университетінің концепциясы жобаны іске асырудың үш кезеңінен тұрды: 1) 2008–2009 жж. қысқа мерзім, ШЫҰ Университетінің жобасын құру кезеңі, толықтай іске асты.

2) 2009–2010 жж. қамтыды, ШЫҰ Университетін құру жөніндегі шешімге қол қойылды, ШЫҰ Университетінде білім алу жөніндегі құжаттарды берудің нормативтік базасы келісілді.

3) 2010–2012 жж. «бакалавр+магистр» жүйесі бойынша мамандарды дайындау жүйесін іске қосу, ақпараттық қамтамасыз етілу желісін және қашықтықтан білім беру жүйесін құру т.б.

Сонымен, Шанхай ынтымақтастық ұйымы университеті (ШЫҰУ) – мүше мемлекеттер мен бақылаушы елдер (Монғолия, Үндістан, Иран, Пәкістан) университеттерінің жүйесі ретінде жұмыс жасауда. ШЫҰ университеті аясында жоғарғы кәсіби мамандарды дайындау мәдениет, ғылым – білім беру және

экономикалық ынтымақтас қатысушы–мемлекеттер ұйымының тиімді салаларында (энергетика, экология, машина жасау, металлургия, материалтану, құрылыс, транспорт, тарих, лингвистика, IT–технология) жүзеге асып жатыр.

Сонымен берге, қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар жүйесіндегі нөмірі бірінші мәселе бұл экология мәселесі болып отырғандығы белгілі. Себебі өркениеттің дамуы мен табиғат арасындағы қарама–қайшылық шарықтау деңгейіне жетті деп айтуға болады. Экожүйенің ластануы мен азуы, табиғи кешендер тепе–теңдігінің бұзылуы, биологиялық әртүрліліктің жойылуы өмір сүру үшін қажетті биосфераны бұзуда.

ШЫҰ аймағында экологиямен байланысы бар мәселелердің кешені қалыптасты. Солардың ішінде Арал теңізінің мәселесі өзекті болып саналады. Өкінішке орай, аталған мәселе экологиялық мәселеден экологиялық апат категориясына өтті. Бүгінгі таңда Арал – бұл теңіздің көлемі азайып, оның нәтижесінде теңіздің тұздылығы артып кеткен экологиялық апат аймағы болып табылады. Экологиялық тоқыраудың кері салдары бәрінен бұрын Аралдың айналасындағы территорияның әлеуметтік–экономикалық құрылысына ықпал етті. Балық шаруашылығының толықтай күйреуі және ауылшаруашылығының жойылуы аймақтағы жұмыссыздықтың өсуіне алып келді. Сонымен бірге, халықтың денсаулығының нашарлауы белгіленген: өңеш, көмей қылтамағы ауруларының таралуы жиілеп кетті. XX ғ. 90 ж. басында Арал аймағындағы мемлекеттер Арал теңізінің айналасындағы жағдай апатқа ұшырағанын, ал бүлдіргішті экологиялық үрдістер адам өмірінің тікелей қауіп–қатеріне айналғандығын мойындады. Осындай тенденциялардың қысымының арқасында, 1993 ж. Қазақстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан және Ресей мемлекеттерінің арасында Арал теңізінің мәселесін шешу және Арал аймағының әлеуметтік–экономикалық дамуын қамтамасыз ету туралы Бірлескен іс–әрекеттер жөніндегі келісімге қол қойылды.

ШЫҰ аймағының келесі бір экологиялық мәселесі Амур өзені бассейні болып саналады. Амурдың су жынағыш бассейні Ресей, Қытай және Моңғолия территориясының 1,8 млн. шаршы

шақырымын құрайды. Амур фарватері бойынша Ресей мен Қытайдың мемлекеттік шекарасының 3000 шақырымы өтеді. Бұл жерде шамамен 30 этникалық топтардың өкілдері өмір сүреді. Қазіргі уақытта Амур Ресейдің ең ластанған өзендерінің бірі болып саналады. Экологиялық бейімделмеген табиғатты пайдалану Амур өзені бассейнінің ресейлік және қытайлық бөлігіндегі экожүйесінің бұзылуына алып келді. Амур өзенінің ең ластанған бөлігі Төменгі Аргун, Сунгарин және Комсомол аумағы саналады. Амур бассейнінің су ағысына жыл сайын Ресей тарабынан 800 млн.куб, ал Қытай тарабынан 15 млрд.куб тазартылмаған өнеркәсіптік және коммуналдық қоқыс тасталады [266].

Өзен бассейніндегі экологиялық мәселесі соңғы кездері Қытайдың тарабынан Амур өзеніне антропогендік ықпалдың өсуіне байланысты пайда болуда. Амур өзенінің суын негізгі ластаушы Сунгари өзені болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, Амур бассейнінің ластануы халық өмірінің сапасына кері серін тигізуде. Өзен суы микробиологиялық және вирусологиялық көрсеткіштердің талаптарына сай келмейді. Сонымен қатар, соңғы жылдары сумен байланысы бар аурулардың ұлғаюы байқалып жатыр. Ауыз суының бактериологиялық және вирустық ластануы ішек инфекцияларының және «А» вирусты сары ауыруының жоғары деңгейде болына алып келуде.

Экологиялық тұрақтылыққа қауіп төндіретін келесі бір мәселесі өнеркәсіптік ластау мен қалдықтары болып саналады. Кеңес Одағы кезеңінде Орталық Азия мемлекеттерінің территориясына ауылшаруашылығы және суландыру жүйесінің дамуымен қатар ауыр өнеркәсіп объектілерінің құрылысы енгізілді. Орталық Азияны өнеркәсіптік игеру қоршаған орта мен адам денсаулығына ықпал ететін факторлардың ескерілмеуі арқылы іске асты. Мұның нәтижесінде қоршаған ортаның қазіргі замандағы мүшкіл жағдайда қалыптасты. Сонымен бірге, аталған мәселенің трансшекаралық сипатын атап өткен жөн. Аймақ мемлекеттері радиоактивті қалдықтарды жерлеу мәселесін шешуге халықаралық қауымдастықтың назарын аударуға ұмтылуда. Сонымен, экология және экологиялық қауіпсіздікті қамтамсыз ету – бұл әлемдік қауымдастықты алаңдататын,

пікір-талас туғызатын, бірақ тек қана экспертті ұсыныстармен шектелетін сала. ШЫҰ да экологиялық қауіпсіздік мәселесін тек қана мүше-мемлекеттердің жыл сайын өтетін, ел басыларының саммитінің нәтижесінде қол қойылған құжаттарда еске алынды, ал одан кейін оған көп мән берілмеді. Бірақ, 2008–2009 ж. бастап ШЫҰ іскерлік Кеңесі экологиялық саладағы қызметін экологиялық сақтандыру жобасын енгізу арқылы жандандырғысы келді. Бұл арқылы экологиялық және трансшекаралық қауіп-қатерлерге деген жауапкершілікті бизнеске берудің механизмін құру талпынысы жасалды. Сынақ ретінде Амур өзенінің территориясымен шектелетін, экологиялық қатерді сақтандырудың жоспары өңделді. Бұл оқиғаны ШЫҰ шеңберіндегі экологиялық қауіпсіздікті қалыптастырудың басты қадамы деп атауға болады. Бұл жобаны іске асыру шеңберінде екі іс-шара өткізілді: 2008 ж. «ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастығын сақтандыруды қамтамасыз ету» атты Халықаралық конференция және 2009 ж. «ШЫҰ қайта сақтандыру нарығының жағдайы мен болашағы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Осылайша, сақтандыру құралының көмегі арқылы трансшекаралық және трансшекаралық территория мәселелерін шешудің сақтандыру қызмет нарығын дамытудың бірінші қадамын іске қосуға талпыныс жасалды. Бірақ, аталған жоба жақын арада теория ретінде қалып отыр. Бұл жобаны іске асыру үшін алдымен көптеген мәселелерді шешу керек. Соның ішінде, ШЫҰ мүше-мемлекеттердің сақтандыру заңнамасы мен нормативтік-құқықтың базаның үйлестіру негізгі мәселелердің бірі болып саналады.

Жоғарыда аталған мәселелермен қатар, ШЫҰ кеңістігінде тұшы сумен қамтамасыз ету мәселесі маңызды және белгілі бір себептерге байланысты шиеленістік сипатқа ие. КСРО-ның ыдырап, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылғанынан кейін, аймақтың әрбір мемлекеті бір-бірімен келісімсіз өзінің жеке су саясатын жүргізді. Сонымен бірге, КСРО-ның ыдырауынан кейінгі экономикалық тоқыраудың нәтижесінде ауылшаруашылығының әлеуметтік-экономикалық маңызы артып, суландыру жүйесі кеңінен қолданылды. Сондықтанда

тұщы суға деген қол жетімділік мәселесі стратегиялық маңызға ие және мұның ұлттық қауіпсіздік мәселесіне тікелей қатысы бар.

Әлемдік тәжірибеде, егер судың жан басына шаққандағы қоры жылына 1000 куб.м. құраса, мемлекет судың жетіспеуінен жапа шегеді деп саналады. Осы тұрғыдан алғанда, Өзбекстанда жыл сайын жан басына тиісті су қоры 700 текше.м., Түркменстанда 200 текше м.құрайды және бұл екі мемлекетте жағдай қиын болып саналады [267].

Бірақ басқа мемлекеттерде жағдай басқаша: Қазақстанда мұндай көрсеткіш – 4000 текше.м., Тәжікстанда – 11000 текше.м. Қырғызстанда – 10000 текше.м. құрайды [268].

Бұл көрсеткіштерге қарамастан, мәселенің мәні судың көлемінде емес, судың әркелкі бөлінуінде және аймақ елдері арасындағы суды пайдаланудың ортақ шешімінің жоқтығында болып отыр және мұның өзі су қорымен жабдықтаушы және су қорын тұтынушы мемлекеттердің арасындағы шиеленісті тудырады. Сур ресурстарына бай және су ресурстарына тапшы мемлекеттер бірден белгілі болады. Амудария өзенінің ағысын бақылап отырған Тәжікстан және Сырдария өзенінің ағысын бақылаушы Қырғызстан аймақ елдерін сумен қамтамасыз ететін негізгі донор мемлекеттер болып саналады, ал тұтынушы мемлекеттердің қатарына Қазақстан, Өзбекстан, Түркменстан кіреді.

Су ресурстарының донор мемлекеттері өздерінің гидроэнергетикалық қуатын қолдану бойынша әртүрлі жобаларды жоспарлап отыр. Тәжікстан ГЭС желісін құру арқылы өзінің гидроэнергетикалық қуатын дамытуды жоспарлауда. 2015 ж. Тәжікстан Өзбекстаннан келетін көмірсутек жеткізілімін қысқартып, Иран, Пәкістан мен Үндістанға гидроэнергетика экспортын шығаруды жоспарлаған болатын.

Бірақ, су ресурстарының донор–мемлекеттерінің бір жақты жеке жоспарлары тұтынушы мемлекеттердің тарабынан сынға алынуда. Соның ішінде, Өзбекстан мұндай гидротехника жобаларына қатысты қатаң ұстаным білдіруде. Өзбекстан Президенті И. Каримов аймақтағы су–энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану ұстанымын иеленеді.

Қырғызстан да мұндай гидротехникалық жобаларды жоспарлап, Сырдарияның жоғарғы жағында Амбар–ата 1 және 2 ГЭС құру үшін инвестор іздеуде. Сонымен қатар, Тоқтагүл су қоймасынан келісілмеген түрінде суды ағызу мәселесі шиеленіске әкелуде, Өзбекстан мен Қазақстан қысқы уақыттарда суды ағызуды шектетіп, жазғы уақытта оның көлемін ұлғайтуды талап етеді. 1993, 1998, 2001 және 2004–2005 жылдары Тоқтагүл су қоймасынан қысқы уақытта суды көп және жазғы уақытта аз мөлшерде ағызғаны үшін айыпқа тартылды. Мұндай әрекеттер бір жағынан Өзбекстан мен Қазақстандағы ауыл шаруашылығын суару үшін судың тапшылығына алып келді, екінші жағынан қысқы уақыттағы су басқыны егістік жерлерінің сумен шайылуына алып келді [47].

Гидротехникалық жаңартуды дамытумен қатар, Қырғызстан су ресурстарын пайдалануды нарықтық жағдайға шығаруға ұмтылыс білдіріп отыр. Көмірсутегі шикізатына деген экспорттық бағаның өсуіне байланысты Қырғызстан «Қырғызстан Республикасының су ресурстарын, су объектілерін мемлекетаралық пайдалану жөніндегі Заң» [17] қабылдады. Бұл құжат арқылы Қырғызстан бір жақты тәртіп бойынша аймақтың басқа мемлекеттеріне су ресурстарын берудің принциптерін өзінің арқасына бекітуге ұмтылуда. Заңға сәйкес, мемлекетаралық қатынастардағы суды пайдалану үшін төлем ақы алу заңды күшке ие болады. Су ресурстарының көп мөлшерлі қорына ие екінші мемлекет – Тәжікстан бұл мәселе бойынша бейтараптылық танытуда, бірақ Қырғызстанның ұстанымы бұл мемлекет үшін де мысал болуы мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды.

Егер Қырғызстан су саясаты саласында ішкі құқықтық әрекеттерін жасап отырса, бұл саладағы Қытайдың әрекеті өзгеше болып отыр. Қытайдың «Ертіс–Қарамай» каналын және Қара Ертісте су қоймасын салу әрекеттері оның Қазақстанмен шекаралас аудандарындағы гуманитарлық жағдайды Ертістің суын аталған жүйеге тарту арқылы қиындатуда. Жоспарға сәйкес Қытай 1 млрд.куб.м. суды өзіне алады. Бұл жағдайға байланысты және Қазақстан мен Ресей бассейнге жақын өздерінің территориясының құрғап қалуынан қауіптенеді. Мұның

салдарынан ауыз суы қорының бірден қысқару қаупі туады. Сонымен қатар, сарапшылардың қауіптенуі Қытайдың негізгі халықаралық келісімдерге – 1997 ж. халықаралық су ағысын қолданудың құқығы жөніндегі Конвенцияға және 1992 ж. трансшекаралық су ағысын пайдалану мен қорғау жөніндегі Конвенцияға кіргісі келмейтінімен байланысты болып отыр. Сондықтан да, сарапшылардың пікірінше ШЫҰ аймағындағы су ресурстарының мәселесі болашақта одан әрі қыйындайды және осының салдарынан аймақ елдері арасында шиеленістік жағдай пайда болуы мүмкін.

Осылайша, ШЫҰ аймағында трансшекаралық су ресурстарын пайдалану саласында ортақ мәселе қалыптасқанын көреуге болады. Сондықтан, ШЫҰ тұщы суы мәселесін аймақтық реттеудің ең қолайлы алаңы бола алады және аймақтағы тұщы суын тұтынудың жаңа механизмін өңдеу мен оны бақылау үшін көпжақты келіссөздерді ұйымдастыруға ШЫҰ-ның мүмкіндігі бар. Сонымен бірге, ШЫҰ бұл бағыт бойынша жұмыс жасауы Ұйымның халықаралық беделіне оң әсерін тигізеді.

2013 ж. Бішкек қаласындағы өткен саммите Өзбекстан Республикасының Президенті И. Каримов «аймақтағы әлеуметтік–экономикалық қауіпсіздік пен тұрақтылық су энергетика ресурстарын дұрыс орынды түрде қолдануға байланысты» [269] деп мәлімдеген болатын.

Сол себептен, аймақтық су ресурстары мәселесі дәл осы ШЫҰ қауіпсіздік саясатының аясында шешімін табуы тиіс. Қауіпсіздік саласындағы ШЫҰ мүше–мемлекеттері ынтымақтастығының басым бағыттарының бірі төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы кооперация саналады. ШЫҰ аталған бағыттағы қызметі Ұйым Хартиясының 3–ші бабында көрсетілген, ал құқықтық іске асырылуының бірінші кезеңі 2005 ж. ШЫҰ мүше–мемлекеттері арасындағы төтенше жағдайларды жою барысындағы бір–біріне көмек көрсету жөніндегі Келісімге қол қоюдан басталады. Бұл құжатқа сәйкес, ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің арасындағы төтенше жағдайларды жою барысындағы көмек көрсету механизмі бір қалыпқа салынады.

Соның ішінде, көмек көрсету, ақпарат алмасудың бірыңғай формасы өңделді, құзыретті органдарды тағайындау және қатысушылардың арасындағы жауапкершілік зонасын бөлу мәселесі реттелді, үшінші мемлекет арқылы мемлекеттік шекарадан өтудің нақты рәсімі өңделді. Ынтымақтастықтың бұл бағыты бойынша ШЫҰ кооперацияның үш деңгейлі жүйесін құруды көздеп отыр. Біріншісі, ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің сәйкес келетін ведомствалары жетекшілерінің арасындағы диалогты құру, екіншісі, аймақтық деңгейдегі төтенше жағдайлардың алдын алу саласындағы ынтымақтастықты дамыту, үшіншісі, ШЫҰ шеңберіндегі төтенше жағдайлардың алдын алу мен оны жою мәселелері бойынша халықаралық диалогты дамыту.

Сонымен, қазіргі уақытта ШЫҰ гуманитарлық векторындағы төтенше жағдай саласындағы ынтымақтастық дамыған бағыттардың бірі болып табылады. Аталған бағыт бойынша ынтымақтастықтың құқықтық базасы жасалған, мониторинг механизмі және сәйкес келетін ведомствалар арасындағы ақпараттандыру, гуманитарлық көмек көрсету механизмдері өңделді.

Жоғарыда қарастырылған мәселелердің негізінде экология мен ресурстары, босқындар, заңсыз миграция, адам сату және инфекциялық аурулардың таралу қауіптері аталған мәселелердің трансұлттық сипатының қарама-қайшылығын және оларға деген реакцияның ұлттық сипатын көрсетіп отыр деген қорытынды жасауға болады.

Бұл қауіп-қатерлер адам қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі мәселені қозғайды. Аталған мәселелер аяқасқан мәселелер алаңын құра отырып, қауіп-қатерлердің қосымша аспектілері болып табылады. Бұл мәселелердің «қауіп-қатерлік сыйымдылығы» жоғары бағаланбауы мүмкін, бірақ олар аймақтық ішкі жүйенің жағдайымен тікелей арақатынасқа ие.

2.5 Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық: жетістіктері мен мәселелері

Шанхай ынтымақтастық ұйымы аймақтық қауіпсіздікті нығайтуда және мүше мемлекеттердің тұрақты дамуы үшін қауіп-қатерді жоюда маңызды рөл атқарып келеді. ШЫҰ-ның шеңберінде саяси қарым-қатынас пен әскери саладағы ынтымақтастыққа қол жетіп, терроризм, экстремизм, ұйымдасқан қылмыспен күресудің мәселелері шешіліп жатыр. ШЫҰ-ның Хартиясы мен құрылу жөніндегі Декларацияға сәйкес ұйымның негізгі мақсаты аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, демократиялық, халықаралық саяси-экономикалық тәртіпті құруға ықпал ету болып табылады. Осы мақсат-міндеттерге қол жеткізу ұйымға мүше мемлекеттердің экономика саласындағы ынтымақтастықты дамытусыз мүмкін емес.

Сондықтан да, бастапқы кезеңде ШЫҰ қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастыққа бағытталғанымен, қазіргі кезде оның экономикалық құрамдас бөлігі күш алып, экономикалық және энергетикалық ынтымақтастыққа өту байқалады.

ШЫҰ-ның шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықтың міндеттері көппрофильді сипатқа ие және ұйымның мүшелері мен бақылаушыларының арасындағы сауда, инвестиция, энергетика, транспорт, ғылыми-техникалық салалардан тұрады. Яғни, ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық көп жақты қарым-қатынастың дамуының ірге тасы болып табылады. Оның негізгі мақсаты – ұйымға мүше мемлекеттердің арасында сауда-экономикалық серіктестікті нығайтып, барлық мүше мемлекеттердің экономикалық дамуына ықпал ету, жалпы нарықтың бәсекеге қаблеттілігін арттыру, сыртқы экономикалық қатермен күресу болып саналады. Сонымен қатар ұйымға мүше мемлекеттердің экономикалық ынтымақтастықты дамытудың жағдайы қалыптасқан: олар географиялық жақын орналасуы, көптеген салалар бойынша өзара келісімдер, саяси, экономикалық және мәдени байланыстар орнатылған. Осыны ескере отырып, ШЫҰ-ның мүше мемлекеттері ұйымның шеңберінде экономикалық

ынтымақтастықты дамытуға, сауда мен инвестиция салаларында бірігіп қызмет етуге негіз бар екенін атап өтуге болады. Яғни, экономикалық ынтымақтастық – ШЫҰ мемлекеттерінің көпжақты қарым-қатынасының маңызды ірге тасы болып саналады.

Негізінен, 1998 жылдан бастап ШЫҰ-ның мүшелері ұйымның шеңберінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мен кеңейтуге қолдау білдірген болатын. Ал, 1999 ж. Бішкектегі кездесудің барысында экономикалық серіктестіктің шеңберінде жалпыға ортақ транспорттық-коммуникациялық инфрақұрылымды құрудың қажеттілігі талқыланған болатын [270, 21 б.].

2001 ж. 14 қыркүйектегі ШЫҰ мемлекеттерінің бірінші Саммитінде мемлекеттер «ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықты дамытуды, аймақ мемлекеттерінің экономикалық қуатын арттыруды, әлемдік саяси және экономикалық құрылымдағы аймақ мәртебесін арттыруды» мәлімдеген болатын. Сонымен бірге осы кезеңде ШЫҰ-на мүше мемлекеттердің премьер-министрлері аймақтық экономикалық ынтымақтастықтың негізгі бағыттары мен сауда және инвестиция салаларындағы қолайлы жағдайды құру үрдісін іске қосу жөніндегі Меморандумға қол қойды. Бұл құжатта ұйымға мүше мемлекеттердің арасында өзара сауданы дамытудың іс-шаралары анықталып, алты мемлекеттің экономикасының жақындауын, транспорттық коридорды дамыту, кедендік кедергілерді жеңілдетудің қажеттіліктері аталды.

2002 ж. шілдеде қабылданған ШЫҰ-ның Хартиясында да ұйымның негізгі мақсаттарының бірі ретінде сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту көрсетілді.

2003 ж. қыркүйекте Пекинде экономикалық ынтымақтастықтың басым бағыттары мен мақсаттары анықталған көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастық Бағдарламасына қол қойылды. Бұл Бағдарламада экономиканың 11 саласы қарастырылып, 127 жоба анықталды [271, 102 с.] және ең алдымен энергетика, коммуникация, транспорт, ауылшаруашылығы салалары бойынша ынтымақтастықты дамытуға басты назар аударылды. Экономикалық

ынтымақтастықтың бұл Бағдарламасы ұзақ мерзімді сипатқа ие және үш кезеңге бөлініп, 2020 жылға дейінгі аралықты қамтыды. ҚХР–ның Мемлекеттік кеңесінің Премьері Вэнь Цзябао бұл құжатты «Пекиндегі кездесудің ең маңызды әрі үлкен нәтижесі» [272] деп бағалаған болатын.

Сонымен бірге Пекиндегі осы кездесуде еркін тауар қозғалысы үшін кеңістікті құрудың қажеттілігі атап өтілді. Ұйымға мүше мемлекеттер 2020 жылға дейін ШЫҰ–ның ішінде еркін тауар қозғалысын құру жөнінде келісті. Кездесудің барысында Қытайдың тарабынан (Мемлекеттік кеңестің Премьері Вэнь Цзябао) аймақтық экономикалық ынтымақтастықты ынталандыруға бағытталған бірқатар ұсыныстар жасалды. Олар біріншіден ШЫҰ шеңберінде еркін сауда зонасын құруды; екіншіден, ШЫҰ шеңберіндегі тұрақты тауар циркуляциясына кепілдік беретін сауда мен инвестиция үшін инфрақұрылым құру идеясын; үшіншіден кедендік және транспорттық қызметтің нәтижесінде қалыптасатын кедергілерді қысқартуды немесе жоюды; төртіншіден, транспорт, энегететика, телекоммуникация, ауыл шаруашылығы, жеңіл және тоқыма өнеркәсібі сияқты экономиканың негізгі салалары бойынша экономикалық және технологиялық кооперацияның шеңберінде ірі жобаларды іске асыруды ұсынды.

Ал, 2004 ж. шілдедегі ШЫҰ–ның кезекті Саммитінде Қытай ұйымға мүше мемлекеттердің арасындағы сауданың дамуы үшін 900 млн. АҚШ долларын бөлу туралы маңызды мәлімдеме жасады [272]. Бұл Ұйымға мүше мемлекеттердің экспорттық несие алу мүмкіндігін қалыптастырды. Яғни, ШЫҰ мүше мемлекеттерінің ішінде Қытай айтарлықтай өзінің экономикалық қуатымен ерекшеленеді, осының арқасында ұйымның шеңберіндегі көп жақты сауда–экономикалық ынтымақтастықты белсенді түрде ұсынды.

2005 ж. 26 қазанда үкімет басшыларының Кеңесінде ШЫҰ–ның Банкаралық бірлестігін құру жөнінде жарияланып, келісімге кол қойылды. Оның мақсаты қаржы мен ШЫҰ–ның инвестициялық жобаларына қызмет көрсету. Бұл бірлестіктің құрамына Қазақстанның даму Банкі, Қытайдың мемлекеттік даму Банкі, Ресейдің сыртқы экономикалық Банкі, Тәжікстанның

ұлттық Банкі, Өзбекстанның сыртқы экономикалық қызмет Банкі кірді. 2006 ж. 14 шілдеде Шанхайдағы ШЫҰ Банкаралық бірлестігі Кеңесінің отырысында бірлестіктің құрамына Қырғызстанның Есеп–жинақы компаниясы кірді. 2006 ж. 15 шілдеде банк жетекшілері аймақтық экономикалық ынтымақтастықты қолдауға әрекет етудің Бағдарламасына қол қойды.

2006 ж. Шанхайдағы Саммитте жалпы көлемі 742 млн. АҚШ долларын құрайтын ортақ жобаларға несие бөлін жөніндегі алғашқы келісімге қол қойылды [273].

2006 ж. шілдеде Шанхайда ШЫҰ–на мүше мемлекеттердің сауда–экономикалық, ғылыми–техникалық, энергетика, транспорт, коммуникация, ауылшаруашылығы т.б. салалар бойынша ынтымақтастыққа ықпал ету мақсатында ШЫҰ–ның Іскерлік кеңесі құрылды. Бұл Кеңестің функциясы ұйымға мүше мемлекеттердің іскерлік және қаржы топтарының арасындағы байланыстар мен диалогты құру үрдісіне қолдау білдіру. ШЫҰ Іскерлік кеңесінің басты міндеттерінің бірі ұйымға мүше мемлекеттердің, сонымен қатар басқа да мемлекеттердің Сауда–өнеркәсіп палаталарының арасында ақпарат алмасу, мүше мемлекеттердің шетелдердегі шауашылық қызметтерінің дамуына жағдай жасау болды.

2006 ж. қыркүйекте Душанбеде үкімет басшыларының кезекті отырысының нәтижесінде Бірлескен коммюникеге қол қойылды, мұнда көп салалы сауда–экономикалық ынтымақтастықтың мақсаттары анықталды. Сонымен бірге Кеңестің отырысы барысында аймақтық автожол желісі мен ақпараттық магистрал құру жоспарын өңдеу ұсынысы болды.

Сонымен бірге ШЫҰ шеңберіндегі өзара сауданың дамуына бірлескен кәсіпорындардың құрылуы және ынтымақтастық мемлекеттеріндегі ірі өнеркәсіп компанияларының ашылуы да ықпалын тигізді. Мысалы, 2005 ж. Қазақстан мен Ресей аймақтарының арасында мемлекетаралық қарым–қатынастың әртүрлі салалар бойынша 30 астам келесімге қол қойылды. Қазіргі уақытта шекаралық зонада 340 бірлескен кәсіпорындар қызмет етеді, олардың 60 шақтысы 2005 ж. құрылған [274, 103 с.] .

Қытай капиталы да ШЫҰ-на мүше-мемлекеттердің экономикасының дамуында айтарлықтай рөл қосып отыр. Қытай инвестициясы, әсіресе, Қазақстанның мұнай-газ секторына көптеп тартылуда. «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырын іске асыру қазақстан-қытай ынтымақтастығына айтарлықтай әсерін тигізді. Сонымен бірге, Ресей, Қытай, Қазақстанның инвестициясы Орталық Азия мемлекеттерінің экономикасына тартылып жатыр. Соның ішінде Ресей инвестициясы Қырғызстан мен Тәжікстанның энергетикалық секторына салынған. Яғни, осы уақытқа дейін ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған ұйымға мүше мемлекет басшыларының тоғыз саммиті өтті. Соның ішінде бірінші кездесуде көпжақты экономикалық ынтымақтастықтың негізгі мақсаттары мен міндеттері анықталды.

2009 ж. қазанда Пекинде ұйымға мүше мемлекеттердің премьер-министрлерінің 8-ші кездесуі өтті, мұнда 17 сала бойынша ынтымақтастықтың негізгі міндеттері анықталып, бекітілді. Мүше мемлекеттер ұйымға бақылаушы мемлекеттермен және қызығушылық танытқан елдермен сауда-экономикалық байланысты нығайту жөнінде келісті.

Үкімет басшыларының кездесулерінен басқа экономикалық даму мен сауда министрлерінің, транспорт, ауыл шаруашылығы министрлерінің кездесулерінің механизмі қалыптасты. Мысалы, 2002 ж. мамырда Шанхайда ұйымға мүше мемлекеттердің экономикалық даму мен сауда министрлерінің бірінші кездесуі және осы жылдың қарашасында транспорт министрлерінің кездесуі өтті. Бұл кездесуде транспорт саласындағы кедергілерді жоюдың, халықаралық транспорттық дәлізді құру мен жетілдірудің қажеттілігіне назар аударылды. Сонымен, 2010 ж. аяғына қарай экономикалық даму мен сауда министрлерінің тоғыз, ал транспорт министрлерінің төрт кездесуі өтті. 2009 ж. желтоқсанда ШЫҰ шеңберінде қаржы министрлері мен оратылқ банк директорларының отырысы, ал 2010 ж. қазанда Пекинде ауылшаруашылығы министрлерінің алғашқы отырысы өтті.

Сонымен, ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық күннен күнге ұлғайып келеді деген қорытындыға келуге болады. Ұйымға мүше мемлекеттердің әрекеттерінің

аркасында аймақтық экономикалық ынтымақтастық өзінің әрбір кезеңінде айтарлықтай жетістіктерге жетті. ШЫҰ мемлекеттерінің арасындағы сауда айналымының үлесі сыртқы сауда көлемі бойынша жылдан жылға өсіп жатыр, мысалы 2008 ж. Қытай мен ШЫҰ-ның басқа мемлекеттері арасындағы сауданың көлемі 86,8 млрд. АҚШ долларын құрады, бұл 2001 ж. салыстырғанда 8,2 есеге өскен [275]. Ал, 2010 ж. ШЫҰ мүше-мемлекеттері арасындағы сауда айналымы 100 млрд.долл.кұраса, 2012 ж. оның көлемі 120 млрд.долл.жетті. Мұндай өзара тауар айналымының өсуіне ШЫҰ нормативтік-құқықтық базаның, Іскерлік кеңестің, бірлескен кәсіпорындарының құрылуы мен қызметінің нәтижелері ықпал етті.

ШЫҰ экономикалық құндылығы – Ұйым мүше-мемлекеттердің экономикалық қызығушылықтарын үйлестірудің консультативті-реттеуші құралы бола алады және бұл екі жақты диалогтың жекелеген бағыттарына қарағанда, ұжымдық деңгейде (Ұйымның шеңберінде) қарастырылуы тиімді болып саналады.

Сонымен қатар, ШЫҰ аймағында көмірсутек жанармай (Ресей, Қазақстан, Өзбекстан) және гидроэнергетика ресурсының (Қырғызстан, Тәжікстан) айтарлықтай қоры шоғырланған. Екінші жағынан, ұйымға экономикасының қарқынды дамыған және бұл үшін шикізат көздерін кеңінен қажет ететін Қытай ұйымның мүшесі болып саналады. Осылайша, ШЫҰ шеңберінде шикізатпен жабдықтаушылар және тұтынушылар бірлестігі қалыптасты деп айтуға болады. Мұндай бірлестіктің басты міндеті энергетикалық ресурстарды тиімді пайдалану мәселесі болу керек.

ШЫҰ жанармай энергетикалық кешенінің ресурстық базасы (ұйымға бақылаушы мемлекеттерді және Ұйымға Түркменстанның мүше болуы мүмкіндігін ескергенде) зор. Мұны төмендегі кестеден көруге болады.

Кесте 2 – Мұнай қорының көрсеткіштері

ШЫҰ мүше-мемлекеттер	Қор		Өндіру		Тұтыну		Эксп.	Имп.
	Млрд.т.	Әлемдік %	Млрд.т.	Әлемдік %	Млрд.т.	Әлемдік %	Млн.т	Млн.т.
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Ресей	10,9	6,4	491,3	12,6	125,9	3,2	258,6	2,7
Қытай	2,1	1,3	186,7	4,8	368,0	9,3	8,1	126,8
Қазақстан	5,3	3,2	68,7	1,8	83,3	2,1	41,9	3,7
Тәжікстан	м/ж		0,002		0,017		0,005	0
Өзбекстан	0,1	0,05	4,9	0,1	5,8	,01	м/ж	м/ж
Қырғызстан	0,05		0,074		0,079		0	0,005
Бақылаушы-мемлекеттер								
Иран	19,0	11,2	212,1	54	77,0	1,9	132,4	0
Үндістан	0,7	0,4	37,3	1,0	128,5	3,3	0	99,4
Моңғолия	м/ж		0,027		0		0,027	0
Пәкістан	м/ж		3,2		11,4		0	8,6
Түркменстан ды қосқанда	0,1	0,05	9,8	0,3	4,7	0,1	2,5	0

Ескертпе: м/ж – мәлімет жоқ.

Кесте 3 – Табиғи газ көрсеткіштері

ШЫҰ мүше-мемлекеттері	Қор		Өндіру		Тұтыну	
	Трл.т.	Әлем %	Трл.т.	Әлем %	Трл.т.	Әлем %
1	2	3	4	5	6	7
Ресей	44,65	25,2	607,4	20,7	438,8	15,0
Қытай	1,88	1,1	69,3	2,4	67,3	2,3
Қазақстан	1,9	1,1	27,3	0,9	19,8	0,7
Тәжікстан	м/ж		0		0,6	
Өзбекстан	1,74	0,9	58,8	2,0	45,6	1,6
Қырғызстан	0,005		0,03		0,7	

Осылайша, ШЫҰ мүше-мемлекеттер Ұйымға бақылаушы-мемлекеттермен қатар әлемдік мұнай қорының – 23 %, газдың –

55 % ие. Кестеде келтірілген мәліметтердің арқасында, ШЫҰ – бұл энергетикалық супердержавалардың ұйымы деп те айтуға болады. Жоғарыда келтірілген сандық көрсеткіштерге сүйене отырып, кейбір сарапшылар ШЫҰ мұнай мен газды өндіру мен тасмалдаудың тұйық жүйесі болу мүмкін. Бірақ, мұндай жағдайда Ұйымның барлық мұнай ресурстары іске қосылады, мұның өзі ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің басқа елдердің алдындағы ұзақ мерзімді міндеттерін орындауға мүмкіндік бермей қояды. Сондықтан да, өз-өзін қамтудың тұйық жүйе идеясы таза теориялық болып саналады.

ШЫҰ мүше-мемлекеттер мен бақылаушы мемлекеттердің энергетикалық қуаты айтарлықтай зор. Бұл бағыт бойынша мемлекеттер арасында белсенді ынтымақтастық жүргізіліп жатыр. 2002 ж. Пекинде энергетика саласын инвестициялау мен дамыту жөніндегі ШЫҰ алғашқы Форумы өтті.

Энергетикалық фактор – мемлекеттердің экономикалық дамуын қалыптастыратын және экономикалық, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету халықтың өмір сүру деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық өлшем жүйесінің тұрақтылығының ең негізгі шарттарының бірі саналады.

Соңғы кездері, ШЫҰ ортақ экономикалық жобаларға назар аударып келеді. Ынтымақтастықтың механизмі мен түрлерін анықтаудың жаһандық тәсілдерінің мысалы ретінде ШЫҰ энергетикалық рыногын құру жобасы саналады. Ресейді, Орталық Азия мемлекеттерін және Қытайды біріктіретін ШЫҰ кеңістігіндегі қалыптасқан тұрба құбырларының жүйесі ШЫҰ-ның бірыңғай энергетикалық рынокты құрудың негізі бола алады.

Осындай міндеттерді шешу мақсатында, әртүрлі ортақ энергожобаларды іске асыру үшін ШЫҰ-ның Энергетикалық клубын құру идеясы талқыланып келді. 2006 ж. Ресей Президенті В.Путин ШЫҰ мерейтойлық саммитінде энергоресурстарды тасмалдаушы, өңдеуші және тұтынушыларын біріктіретін механизм ретінде ШЫҰ-ның Энергетикалық клубын құру идеясын ұсынған болатын.

ШЫҰ Энергетикалық клубы қалыптасудың ұзақ жолынан өте отырып, 2013 ж. желтоқсанында ақпараттық және пікір-талас алаңы, мамандындрылған институт ретінде құрылды. Энергетикалық клуб консультативті орган функциясын атқарып, энергетика саласындағы көпжақты ынтымақтастықтың көмекші қызметін атқарады.

2015 ж. 9-10 шілдеде Уфа қаласында өткен ШЫҰ Саммитінде «ШЫҰ 2025 ж.дейінгі даму Стратегиясы» қабылданған болатын. Стратегияға сәйкес 2025 ж.дейін экономикалық ынтымақтастық ШЫҰ кеңістігіндегі тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды элементіне айналды.

Сондықтан, Ұйымның дамуының басым мақсаттарының бірі ретінде аталған Стратегия сауда-экономикалық және инвестициялық өзара қатынастарды тереңдетуді көздейді.

2017 ж. 6-27 сәуір аралығында Душанбеде ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің Арнайы жұмысшылар тобының жетінші отырысы өткен болатын және оның шеңберінде ШЫҰ 2025 ж. дейінгі даму Стратегиясын жүзеге асырудың 2016-2020 жж.әрекет ету Жоспарын талқылады.

Сонымен, қазіргі кезеңде ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықтың дамуы 2025 ж.дейінгі даму Стратегия және бұл Стратегияны жүзеге асырудың әрекет ету Жоспарына сәйкес дамып жатырғандығын көре аламыз.

2017 ж. Астанада өткен ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің Саммитінде ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтің ШЫҰ шеңберінде Еркін сауда зонасын құру идеясының маңызы зор болды. Себебі, ШЫҰ өзінің құрылуы кезеңінен бастап қазіргі кезең аралығында Еркін сауда зонасын құру үшін бастапқы объективті негіз қаланды және ШЫҰ мемлекеттері арасындағы қалыптасқан экономикалық қарым-қатынастар Еркін сауда зонасын құрудың алғышарттарын жасап берді деген қорытынды шығаруға болады.

Өзінің құрылуынан бастап осы кезеңге дейін ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықтың жоғарыда қарастырылған белгілі бір жетістіктерімен қатар, оның проблемалары да бар. ШЫҰ–ның барлық мемлекеттері экономикалық ынтымақтастыққа үлкен назар аударғанымен,

тәжірибеде бұл ынтымақтастық көптеген қарама-қайшылықтармен кездесіп отыр.

Біріншіден, ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастықтың негізі берік емес. Көпжақты экономикалық ынтымақтастық ұйымға мүше мемлекеттердің тарабынан өзара қарым-қатынастың қағидалары мен жалпыға ортақ тиімділік жөніндегі консенсуска қол жеткізуді талап етіп отыр. ШЫҰ-ның барлық алты мемлекеті трансформацияланудың өтпелі кезеңінде тұр және оның құрылымы мен экономиканың көлемі, сонымен бірге қалыптасқан заң бір-біріне ұқсас емес, одан басқа мемлекеттердің арасында халықаралық ынтымақтастыққа қатысу мен сауда ережелерін мойындау деңгейінде айтарлықтай айырмашылық бар. Мұндай жағдайда көпжақты экономикалық ынтымақтастық үрдісінде мүше мемлекеттер инфрокұрылым объектілерін құру салаларында саяси ережелерді реттеуге қатысы бар көптеген мәселелерді шешуі тиіс.

Екіншіден, көпжақты экономикалық ынтымақтастықтың қаржы саласында да қиындықтары бар. ШЫҰ мүше мемлекеттердің көбісінде ақша құралдарының тапшылығы байқалады, сондықтан ұлттық экономиканы дамыту инвестицияға жүгінеді. Мысалы, «Көпжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытудың іс-шараларын іске асыру Жоспарының» шеңберінде қарастырылған объектілерді іске асыру үшін шамамен 10 млрд. АҚШ доллары қажет [275]. Сонымен бірге, 2010 ж. Душанбеде өткен үкімет басшыларының кездесуінде Қытай тарапынан ұсынылған ШЫҰ-ның даму банкін құру идеясы бастапқыда басқа мемлекеттердің тарабынан қолдау таппай, бұл мәселе тек қана 2013 ж. 2 желтоқсанда Ташкент қаласында өткен ШЫҰ мүше-мемлекеттердің үкімет басшыларының кездесуінде қайта қарастырылып, қолдау тапты. ШЫҰ Іскерлік кеңесінің төрағасы М. Шаршекеевтің сөзіне қарағанда, ШЫҰ даму банкін құру жөніндегі келіссөзге келуге қол жеткізілді, бірақ тек қана техникалық «кедергілері» қалды. Сонымен бірге, мұндай жобалардың бірі – Қытайдан Ресейге шығатын халықаралық автотранспорт дәлізін құру жобасы бойынша жұмыс жасау мерзімі 10 жылдан асып кетті. 2013 ж. 2

желтоқасндағы үкімет басшыларының Ташкенттегі өткен кездесуінде бұл мәселе бойынша келісімге қол қойылған жоқ.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, көпжақты сауда–экономикалық ынтымақтастықтың объектілерін құру үшін қажетті құралдардың аккумуляциясы – бұл ШЫҰ–ның алдында тұрған маңызды мәселе екенін көруге болады.

Ақша–қаржы қиындықтарымен қатар, ұйымға мүше барлық мелекеттердің тарапынан бірдей қызығушылық танытатын ынтымақтастықтық объектілерінің аздығын ескеру қажет. Өртүрлі экономикалық және ұйымға мүше мемлекеттердің қажеттіліктерінің әртүрлі болуының себептерінен ұйымға мүше мемлекеттер келісімдердің барлық пакетіне қол қойып, ынтымақтастықты барлық бағыт бойынша жүргізу мүмкіндігіне ие емес, сондықтан да негізгі салалар бойынша ынтымақтастықты дамытуға міндетті болып отыр. Өкінішке орай, ШЫҰ барлық мемлекеттерінің тарабынан бірін–бірі толтыратын, кең перспективалы, бәріне ортақ тиімді сипатындағы ынтымақтастықтың объектілері өте сирек кездеседі. Ұйымға мүше барлық мемлекеттер үшін мінсіз ынтымақтастық жобаларының өзі көптеген мәселелермен ұштасып отыр. Яғни, ШЫҰ мүше мемлекеттердің мүдде қызығушылықтарында айтарлықтай белгілі бір айырмашылықтар бар. Мысалы, экономиканың энергетика саласындағы ынтымақтастықты алып қарайтын болсақ, Қытай ШЫҰ–ның басқа мемлекеттерінен мұнай мен газды шығаруға және тиімді трансшекаралық энергетикалық жүйені құруға үлкен көңіл бөледі. Ресей Орталық Азиялық энергия Ресейдің территориясындағы мұнай құбыры арқылы тасмалдап, экспортталатынына көңіл бөлсе, Қазақстан мен Өзбекстан барлау мен игеру, экспортты ұлғайтуға, мұнай химия өнеркәсібін дамытуға үлкен мән береді. Тәжікстан мен Қырғызстан гидроэлектростанция, электроэнергетикалық желі құруға айтарлықтай назар аударады.

Көріп тұрғанымыздай, ұйымға мүше мемлекеттердің арасында белгілі бір саладағы ынтымақтастық бойынша әртүрлі көзқарастар бар және олардың әрқайсысы әртүрлі түсінеді. Сондықтан тәжірибе жүзінде ШЫҰ мүше мемлекеттері алдымен өздерінің мүдделеріне сай жобаларды ұсынып отыр. Осының

нәтижесінде ынтымақтастықтың көптеген жобалары бойынша айтарлықтай жетістікке қол жеткізілмей қалады. Ұйымға мүше мемлекеттердің әрқайсысының экономикалық даму деңгейі әртүрлі және әрбір сала өзінің ерекшеліктеріне тән болғандықтан, кейбір салалар бойынша мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас өзара бірін-бірі толықтырады, басқа жағдайда қатаң бәсеке сипатына ие болады. Сондықтан ынтымақтастықтың әртүрлі әдістерін қолдану керек. Бұл үшін, біріншіден, кейбір басым салалар бойынша ынтымақтастық жобаларын іске асыру үрдісін тездету қажет; екіншіден, қаржы ынтымақтастығын тереңдету керек. Мүше мемлекеттер сауда-экономикалық байланыстың белсенділігін арттырып, инвестициялаудың жаңа әдістерін қарастыру қажет. Үшіншіден, қарым-қатынас арналарын кеңейтіп, ынтымақтастықтың жаңа механизмін өңдеуі керек.

Дегенмен, өзінің құрылуынан бастап осы кезеңге дейінгі уақытта ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық белгілі бір жетістіктерге жетті деп айта аламыз. Атап айқанда, экономикалық ынтымақтастықтың құқықтық негізі қалыптасты, мүше мемлекеттердің үкімет басшыларының, министрлерінің кездесулерінің механизмі өңделді, маңызды құжаттарға қол қойылды. Сондықтан да ШЫҰ шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық одан әрі дамудың қуатына ие, ал аталған мәселелер болашақта өзінің шешімін табады деп сенеміз.

Қорытындылай келе, 1991 ж. Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігінің жариялануы жаңа тәуелсіз мемлекеттердің ішкі жағдайын заңды етіп, бекітудің және әлемдік саясаттың өзіндік акторлары ретінде әлемдік қауымдастықтың мойындауын жүзеге асырудың бірқатар іс-шараларын жүргізуді қажет етті. 1992 ж. бастап Қытайдың аймақтық сыртқы саясатына қатысуға деген белсенді талпынысы байқалды. Осындай жағдайда, өзінің геосаяси артықшылығын пайдалану мақсатында ҚХР бұрынғы КСРО республикаларымен территориялық межелеу ісі бойынша келіссөз үрдісін бастамашылық етті. Сонымен бірге, жаңа тәуелсіз мемлекеттердің территориялық шекарасын анықтаудың қажеттілігі туды. Осы себептен, 1992–1997 жж. аралығында өткен

келіссөздердің нәтижесінде мемлекеттік шекараның өту территориясының үлкен бөлігін шектеуге қол жеткізді.

Бірақ, шекараның даулы бөліктері мәселелерін шешу үшін икемді де ыңғайлы тәсілдер қажет болды. 1996–1997 жж. 4+1 форматындағы келіссөздің нәтижесінде «Шекаралық аудандардағы әскери сала бойынша өзара сенімді нығайту жөніндегі» Келісімге және «Шекаралық аудандардағы өзара қарулы күштерді қысқарту жөніндегі» Келісімге қол қойды. Бұл Келісімдер 1997–2004 жж. екі жақты форматта кеңес–қытай шекарасының ұзындығы бойынша өтетін территориялық даулы мәселелерді шешуге мүмкінді жасады. Сонымен қатар, осы екі келісім «Шанхай үрдісінің», соңынан ШЫҰ құрылуының алғышарттарын жасап берді.

Бірінші кезеңде «Шанхай үрдісінің» шеңберіндегі қауіпсіздік саясатының концептуалдық құрамдас бөлгі дәстүрлі сипатқа ие болды, оның мақсаты мемлекетті әскери қауіп–қатерден құтқару және мемлекеттік шекарадағы әскерлерді қысқарту арқылы мемлекеттік шекараның тұтастығын қорғау болды. Ұлттық қауіпсіздік мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында ШЫҰ мүше–мемлекеттері бұл кезеңде мемлекеттаралық қайшылықтарды шешудің негізгі құралы ретінде келіссөз үрдісін қолданды. Сонымен бірге, аймақтық ынтымақтастықтың институционализациялануында негізгі рөл атқарған екі тенденцияның қалыптасуы – Ресей мен Қытайдың халықаралық ұстанымдарының бір–біріне жақындауы және Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еуразияшылдық идеясының бастамалары байқалды.

2001–2005 жж. ШЫҰ үшін белгілі жыл болды. Біріншіден, «шанхай бестігінің» санын алты мемлекетке ұлғайту жөніндегі бастама Өзбекстан тарабынан қолдау табады, екіншіден, ынтымақтастықтың антитеррористік векторының енгізілуі арқылы ШЫҰ–ның қауіпсіздік саясатының кеңеюі құжат арқылы жасалады.

2001–2017 жж. ШЫҰ–ның антитеррористік векторының шеңберінде терроризм табиғатын және онымен бірлесіп күресудің тактикасын түсінудегі өзгерістерді байқауға болады. Егер 2001 ж. Конвенцияда терроризмге тойтарыс берудің

қорғаныс және шабуыл әдістері арасындағы (біріншісінің үлесіне қарай басым) асимметрия байқалса, 2005 ж. ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің «терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресу жөніндегі» Концепцияда тек қана терроризммен күресу емес, сонымен бірге бұл құбылысты тудыратын оның себептерімен күресу қажеттілігі көрсетіледі. Орталық Азиядағы қауіпсіздік саясатын мәні мен сипаты жағынан көпвекторлы деп мойындап, ШЫҰ мүше-мемлекеттері ұлттық және аймақтық қауіпсіздіктің кешенді табиғатын түсінуде, екінші жағынан Ұйымның көпрофильді сипатын түсінуде маңызды қадам жасады.

Аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа терроризмнің тарабынан төнетін қауіп-қатерлердің ішкі және сыртқы себептері бар. ШЫҰ аймағында терроризм траншекаралық сипатқа ие, ШЫҰ мүше-мемлекеттердің территориясын қамтиды. Террористік ұйымдардың негізгі мақсаттары – билікке келу мақсатында аймақтағы жалпы жағдайды тұрақсыздандыру, басқарудың шарғиаттық түрін енгізу, бірыңғай ислам халифаты идеясын дамыту болып табылады. Бұл өз кезегінде ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің барлық мемлекеттерінің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп-қатер әкеледі.

Антитеррористік қызмет саласындағы ШЫҰ-ның қызметінің тәжірибелік талдау жасау барысында терроризммен күрес жүргізудің тактикасын таңдау барысында кейбір келіспеушіліктерді байқауға болады. Бір жағынан, экстерриториялық террористік бірлестіктерге қарсы күресу үшін ШЫҰ мүше-мемлекеттердің тарапынан «ақпараттық-қызметтік» әдіс таңдап алынды. ШЫҰ ААТҚ құқықтық антитеррористік базасы, ақпараттық ықпалдасу және мүше-мемлекеттердің арнайы органдарының арасындағы үйлестіру жағы өңделді. Соның ішінде 2011 ж. қарай терроризм, экстремизм және сепаратизммен күресу барысындағы ынтымақтастықты регламенттейтін 10 астам құжат қабылданды, террористік ұйымдар мен террористік, экстремистік және сепаратистік қылмыспен байланысы бар халықаралық іздеу жарияланған жеке тұлғалардың бірыңғай реестрі құрылды. ШЫҰ ААТҚ мүше-мемлекеттерді террористік ұйымдармен күресудің түрлері мен

әдістері жөнінде ақпараттандыру мақсатында тоқсан сайын және жарты жылдық арнайы бюллетендер шығарады. Сонымен бірге, ШЫҰ терроризммен күресудің «әскери-штабтық» әдісін дамытып жатыр. Мұнда әскери техника мен қызметкерлердің үлкен бөлігін тарту арқылы кең көлемді әскери оқу-жаттығуларын («Өзара ықпалдастық», «Бейбіт миссиясы», «Тянь-Шянь») жүргізуге басым назар аударылды. Яғни, бұл 2002 ж. бастап ШЫҰ қауіпсіздік саясатының әскери құрамдас бөлігінің ұлғайғандығын көрсетіп берді.

ШЫҰ-ның бірыңғай антитеррористік қызметі стратегиясының жоқтығы аталған бағыттың дамуы мен жетілдірілуіне кері әсерін тигізді. Біріншіден, тойтарыс берудің дәстүрлі әскери механизмін тиімді түрде айналып өтетін желілік террористік ортаның қаблеттілігі сақталып отыр, екіншіден, ШЫҰ-ның антитеррористік векторының бағасы ұлғайып, мүше-мемлекеттердің қосымша бюджеттік қаражатын қажет етеді. Антитеррористік қызмет саласындағы ШЫҰ-ның қызметіндегі жеткіліксіз түріндегі тиімсіз саясаты Ұйымның антитеррористік қызметі бағытындағы біртұтас жүйелі тәсілдің болмауы ШЫҰ-ның қауіпсіздік саясатының беделін түсіру мүмкін.

2006–2017 жж. ШЫҰ-ның қауіпсіздік саясаты human security концепциясымен жақындасады, бірақ, бұл жақындасу іріктеу және біркелкі емес түрінде жүзеге асырылып жатыр. Босқындар, заңсыз көші-қон, адам сату мәселелері ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің күн тәртібінде айтарлықтай өткір тұр, бірақ Ұйымға мүше-мемлекеттердің қауіпсіздік саясатының басым бағыттарынан тыс қалуда. Аймақтың бұл мәселелері Ұйымға мүше-мемлекеттердің сарапшылар қауымдастығы тарапынан назарға алынғанымен, жоғары деңгейдегі қолдауға ие емес. Сондықтан да, ШЫҰ мүше-мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін бұл мәселелер ШЫҰ шеңберінде қажетті деңгейді қарастыруларды талап етеді.

Сонымен жоғарыда қарастырылған материалдар ШЫҰ кеңістігін ШЫҰ шеңберінде дәстүрлі әскери стратегиялық мәселелерден басқа қауіп-қатер шкаласы бойынша топтастырылған дәстүрлі емес қауіпсіздіктің негізгі

мәселелерінің бірқатар жиынтығы бар қауіпсіздіктің бірыңғай аймақтық кешені ретінде қарастыруға болатынын көрсетті.

Аталған типологиялық топтардың әрқайсысы «қауіп–қатер сыйымдылығы», аймаққа деген ықпал ету сипаты жағынан айырмашылыққа ие бола отырып, аймақтық кешеннің шеңберінде ықпал ету саласы мен эпицентрі бар өзінің мәселелік ареалдарын тудырады, сондықтан кейбір мемлекеттер жаңа–қауіп қатердің ықпалына ұшыраса, кейбір мемлекеттер кез–келген бір мәселеге жанама түрде ұшырайды.

ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздіктің дәстүрлі емес аспектілерінің жоғарыда көрсетілген ерекшеліктерін ескере отырып, қауіпсіздіктің аймақтық кешені деп қауіпсіздік саласындағы өзара байланысқан негізгі мәселелердің (сонымен бірге, жаңа қауіп–қатерлермен байланысты мәселелер) жиынтығы және олардың аймақтық кескіндегі эволюциясының логикасы, аталған мәселелер бойынша екіжақты және көпжақты қарым–қатынастың жиынтығы, аймақ мемлекеттерінің барлық қауіп–қатер спектрін қабылдауы мен саралау жүйесі, және ұлттық қауіпсіздік мәселелері бір–бірінен жеке бөліп қарастыра алмайтын мемлекеттердің тобы ұсынылады.

3 ШАНХАЙ ҒЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ ЖҮЙЕСІНДЕГІ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІҢ КЕШЕНІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл тарауда Б.Бузан мен О. Вэвердің қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясының негізінде ШЫҰ–на талдау жасалады және қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің «матрица талдауы» әдіснамалық тұрғыдан негіз ретінде басшылыққа алынды. Ұйымға мүше–мемлекеттердің мемлекетаралық қарым–қатынастары мен ішкі саяси үрдістері призмасы арқылы ШЫҰ шеңберіндегі интеграциялық үрдістердің қалыптасу жағдайына талдау жасалады. ШЫҰ жүйесіндегі қауіпсіздіктің аймақтық кешеніндегі интеграциялық үрдістердің дамуының басты мәселелері анықталды.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп–қатерлер қауіпсіздіктің бес секторы бойынша талданды және әрбір сектордың қауіп–қатерлерінің ерекшеліктері мен оларға тойтарыс берудің әдістері зерттелді. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік мәселелері 1998 ж. 28 маусымдағы Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заң және 2012 ж. 6 қаңтарда қабылданған Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңға салыстырмалы сандық контент талдаудың негізінде қарастырылады. ШЫҰ–ның қауіпсіздік саясатындағы Қазақстан Республикасының рөлі, Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Қазақстан Республикасы үшін бұл Ұйымның маңыздылығына талдау жасалады.

3.1 Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің қалыптасуы

Бастапқыда «Шанхай бесігінің», соңынан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының шеңберіндегі аймақтық ынтымақтастықтың болашағы отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде айтарлықтай қарама–қайшы бағаға ие болды. Әрине, бұл бірқатар объективті жағдайларға

байланысты қалыптасты. Біріншіден, 1990 ж. басталған посткеңестік кеңістіктегі аймақтық қауіпсіздік құрылымының қалыптасу үрдісі әлі аяқталмаған, оның контуры енді ғана салынып басталды. Екіншіден, қазіргі заманғы аймақтық үрдістерге тән емес, мүше–мемлекеттердің әртүрлі құндылықтарына негізделіп қалыптасып жатқан «классикалық» емес халықаралық ұйым деп көрсетеді. Аймақтық ұйымдарды зерттеудің таралған әдіснамалық тәсілдеріне сәйкес, құрылатын ұйым бірқатар құнды белгілерге ие болу керек, оның ішінде барлық тараптардың ортақ ұқсастықтары болу қажет.

2002 ж. 2 желтоқсанда Пекиндегі қол қойылған Ресей мен Қытай арасындағы бірлескен декларацияға сәйкес ШЫҰ «аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты, бейбітшілікті қамтамасыз етудің маңызды факторы, көпполярлы әлем құрылысының негізгі тірек элементтерінің біріне айналып келеді» [34] деп көрсетілді.

Сондықтан, біздің пікірімізше, ШЫҰ қызметі мен тиімділігіне талдау жасау аймақтық деңгейде тоғыстырылуы керек, себебі дәл осы аймақ ерекшелігі ШЫҰ–ның алдына «үш зұлымдықтың түрімен» (терроризм, экстремизм, сепаратизм), сонымен бірге қару жарақ пен есірткі заттарының заңсыз айналымға енуі, трансшекаралық қылмысқа қарсы күресу міндеті, қоршаған ортаны қорғау, азық–түлік қауіпсіздігі және әлеуметтік–экономикалық даму саласындағы міндеттерін қойды.

Осының барлығы ШЫҰ шеңберіндегі аймақтық қауіпсіздік кешенін қалыптастырады. Зерттеу жұмысының бірінші тарауында қарастырылған қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы басында Б.Бузан мен О. Вэвер тұрған қауіпсіздік мәселелерін зерттеудің Копенгаген мектебі тарабынан ұсынылды. Олар өздерінің зерттеулерінде «аймақтық қауіпсіздік кешеніне», оның құрылымына, даму динамикасына, ұлттық және жаһандық қауіпсіздіктің аймақтық кеңістігіне трансформациялануын анықтап берді. Сондықтан, қауіпсіздік салаларының (ұлттық және жаһандық) өзара әрекеттесетін және негізгі оқиғалар мен әрекеттердің қалыптасатын көпірі аймақ болып саналады. Аталған теорияға байланысты дау да жоқ емес, бірақ бұл теория

аймақ призмасы аймақтық динамиканы талдауға және жаһандық қауіпсіздік кешенін құруға мүмкіндік береді.

1990 ж. ортасында Копенгаген мектебінің өкілдері қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясын посткеңістік кеңістіктің мемлекеттеріне, соның ішінде Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты қолданды.

Б. Бузанның пікірінше қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясын мемлекеттердің кез-келген тобына қолдануға болады. Бұл контекстте аймақ екі немесе одан да көп мемлекеттерден құралған бірлестік ретінде анықталады. Бұл мемлекеттер географиялық топты құрайды, олардың арасындағы қарым-қатынас қауіпсіздік саласындағы өзара мүддемен байланыстырылып, аталған аймақтың шеңберінде тар болып саналады. Қауіпсіздік саласындағы мемлекеттердің өзара қатынасы қарқынды және ұзақ мерзімді болу керек. Теорияның екінші бір маңызды аспектісі «қауіпсіздік» түсінігін жаңадан қайта ойлау болып саналады. «Секьюритизация» түсінігі дәстүрлі қауіпсіздік түсінігіне қарағанда өзінің көлемі жағынан кең. Секьюритизация – бұл әртүрлі индивид, саяси элита, мемлекеттік емес акторлардың әрекеттерінің нәтижесі. Одан басқа, алғашында қауіпсіздік мәселесіне қатысы жоқ мәселе қандай да бір кезеңде қауіпсіздік жазықтығына өтуі мүмкін. Аймақтық кешеннің қалыптасуын қарастыру бес сектордан тұратын (әскери, саяси, экономикалық, әлеуметтік және қоршаған орта) қауіпсіздіктің призмасы арқылы өтеді.

Кешен гомогенді және гетерогенді (кешеннің біртекті емес қатысушылары – мемлекет, ұлт, фирмалар) болуы мүмкін. Талдаудың ортасында мемлекет тұрады. Қауіпсіздіктің кез келген аймақтық секторын қарастыру барысында Б. Бузан мемлекеттік ішкі даму деңгейін (премодерн, модерн, постмодерн) ескеретін мемлекеттің белгілі бір жіктелуіне негіз жасайды. Аймақтық ішкі және сыртқы даму факторларының рөлі, аймақтық қауіпсіздік динамикасы Орталық Азия мысалында Б.Бузанның ізбасары Л. Джонсоның [88, р. 9] еңбегінде қарастырылады. Бұл тәсілдің ең басты ерекшелігі – аймақтық қауіпсіздік мәселелерінің салыстырмалы талдау болып табылады.

Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы бойынша ШЫҰ әртүрлі түсіндірмеге ие: кейбір зерттеулерде ШЫҰ бұрынғы КСРО мемлекеттерінен тұратын қауіпсіздіктің еуразиялық кешенінің құрамдас бөлігі болып саналады. Басқа бір зерттеулерде ШЫҰ Орталық Азия субкешенінен тұратын, қауіпсіздік саласындағы қауіпсіздіктің макроаймақтық кешені деп аталады [306]. Қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясын жақтайтын батыс зерттеушілері ШЫҰ қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың әлсіз тиімді құрылымы деп қарастырады.

Бірақ, ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздік пен басқа салалар бойынша ынтымақтастықтың дамуы жүзеге асырылып жатқан ШЫҰ қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің бір нұсқасы екендігіне ешкім күмән келтірмейді.

Сондықтан да, ШЫҰ – құрамына алты мемлекет, соның ішінде Ресей, Қытай, Орталық Азияның төрт мемлекеті – Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және бақылаушы мемлекеттер мәртебесіне ие болған Үндістан, Иран, Моңғолия, Пәкістан кіретін қауіпсіздіктің аймақтық кешені болып саналады. Құрылым ретінде бұл күшті және әлсіз (проблемалық) зонаға ие.

Бірінші тарауда қарастырылғандай, Б.Бузан өзара қарым-қатынастың төрт деңгейіне негізделген қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің «талдау матрицасын» ұсынады. Олар: аймақ мемлекеттерінің ішкі саяси құрамдас бөлігі; аймақтағы мемлекетаралық қарым-қатынастар; қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің басқа аймақтармен қарым-қатынасы; аймақтағы ұлы державалардың рөлі [8, p. 51].

Бірақ, біз қауіпсіздіктің аймақтық кешені ретінде ШЫҰ қарым-қатынастың алғашқы екі деңгейі, сонымен қатар аталған кешеннің шеңберіндегі негізгі қарама-қайшылықтары тұрғысынан қарастырамыз.

ШЫҰ-ның ішкі саяси құрамдас бөлігі қауіпсіздіктің аймақтық кешені ретінде қауіпсіздіктің аймақтық кешені мәселелерін түсінудің негізгі және анықтайтын фактордың бірі. ШЫҰ кіретін мемлекеттер қауіпсіздік ортасына интеграцияланудың мүмкіндіктері мен деңгейі бойынша екі топ мемлекеттерден – «әлсіз» және «күшті» мемлекеттер тобынан тұрады.

Б.Бузанның жіктеуіне сәйкес, қазіргі уақытта жаһандану үрдістеріне белсенді қатысушы және бұл үрдістердің инвесторларынан, постмодерн мемлекеттерінен қалыспауға тырысып жатқан Қытай мен Ресей «модерн» сатысындағы мемлекеттерді құрайды.

Орталық Азия мемлекеттері «премодерн» деңгейіндегі мемлекеттерді құрайды. Яғни, «демократиялық транзит» жолына көшкен, бірақ бұл бағыт бойынша жеткіліксіз түрде шоғырландырылған мемлекеттер тобы. Егер «модерн» мемлекеттері жаһандық халықаралық үрдістерге қатысуды қаласа, «промодерн» мемлекеттері жаһандануға қауіп-қатер ретінде қарайды. Мұндай жағдайда, бұл топтағы мемлекеттер интеграциялық үрдістерге қатысу барысында «ұлы державалардың арасында тепе-теңдікті» ұстап тұруға итермелейді.

Сонымен, Орталық Азия мемлекеттеріндегі ішкі саяси жағдайды жеке қарастыруда талап етеді. 1990 ж. басында Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігі бұл мемлекеттерге өзінің қауіпсіздік кешенін жеке өз алдына анықтауға мүмкіндік берді.

Л. Джонсон мен Р. Аллисон аймақтың дамуының ішкі және сыртқы факторларына, аймақтық қауіпсіздіктің динамикасына, Орталық Азиядағы аймақтық құрылымдар мен басқаруға талдау жасайды [88, р. 10]. Кейбір авторлардың пікірінше, Орталық Азия мемлекеттерінің қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықтың өзіндік жүйесін құру ұмтылыстары Ауғанстанды қамтитын аталған географиялық кешеннің шеңберіндегі ішкі саяси жағдайларға байланысты аяқталмады [276, 76 р.].

Радикалдық мұсылман ұйымдары қызметінің, сонымен бірге ішкі саяси тәртіптің тұрақтануына қауіп төндіретін әртүрлі деңгейдегі әскери топтар қызметінің белсенділігі ішкі саяси тұрақсыздықтың негізгі проблемалық блогы болып саналады. 1992–1997 жж. Тәжікстандағы соғыс, 2005 ж. Қырғызстанға исламистердің басып кіруі, Өзбекстанның Сурхандария облысындағы қақтығыс, Өзбекстанның исламдық қозғалысының қызметі – Орталық Азияны тұрақсыз аймақ ретінде сипаттайды.

Кейбір ресейлік сарапшылардың пікірінше, Орталық Азиядағы экстремистік ұйымдар ықпалының өсуі аймақ елдеріндегі әлеуметтік–экономикалық жағдайдың нашарлауының салдары болып саналады. Аймақтағы таластар мен бәсекелестік аймақтық қауіпсіздіктің өзіндік жүйесін құруға мүмкіндік бермеді, бірақ мұндай құрылымға деген қызығушылық болды. Мысалы, 1998 ж. «Орталық Азия экономикалық ынтымақтастығы» ұйымы, ал 2001 ж. Орталық Азия ынтымақтастығы ұйымы құрылды. Бұл құрылымдардың қызметі ресми сипатқа ие және олар қауіпсіздік мәселесін шешуге қаблетсіз.

Сонымен, Орталық Азияны қауіпсіздіктің үлкен кешені шеңберіндегі Ресейге орталықтандырылған, әлсіз суб–кешен ретінде анықтауға болады [81, р. 220]. Өзіндік экономикалық және саяси мәселелерді шешуге қабілетсіздігі екі жақты және көпжақты келіссөздерге қатысуды қажет етеді. ШЫҰ–на Орталық Азияның тек төрт мемлекеті қатысады, Түркіменстан көп жақты келіссөздерге қатыспайды.

ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің мемлекетаралық қарым–қатынастары айтарлықтай жоғары деңгейге жетті. ШЫҰ–ның құрылымында даму мен қауіпсіздік саласындағы күш–жігерді үйлестіру үшін келесі институттар құрылды: мемлекет басшыларының Кеңесі, сыртқы істер министрлерінің Кеңесі, салалық ведомствалар жетекшілерінің Кеңесі, ұлттық координаторлар Кеңесі, Ташкент қаласында орналасқан атқарушы комитеті бар ШЫҰ ААТҚ құрылып, жұмыс жасауда.

ШЫҰ ААТҚ мүше–мемлекеттер қауіпсіздік Кеңесі хатшылары отырысының механизмі құрылды. Аймақтағы қауіпсіздік мәселелерін реттеудің бірқатар негізгі құжаттарына қол қойылды. Осылайша, ШЫҰ «зұлымдықтың үш түрімен» күресуді негізгі етіп, құрылымдық және құқықтық түрде құрылды. Бірақ, экономикалық және әскери салалардағы мемлекетаралық қарым–қатынас деңгейі жеткіліксіз. Ортақ жобаларға қатысты көпжақты келіссөздерге қарағанда, екі жақты келісімдер көп. ШЫҰ барлық мүше–мемлекеттері қатысқан келіссөздер 2007–2008 жж. бірлескен оқу–жаттығулардың барысында жүзеге асырылды.

Институционалдык интеграцияның қалыптасуының себептері мен мәселелерін төрт деңгейде байқауға болады: олар интеграциялық үрдістерге мемлекеттердің қатысуы немесе қатыспау қабілеттілігі; оларға қатысудағы мемлекеттердің қызығушылықтары; аймақтық қауіпсіздік саласындағы ортақ ұқсастық; мәдени легитимділік болып саналады.

Қауіпсіздіктің ішкі шанхайлық кешенінде қарым-қатынастың төрт түрі көрінеді:

- 1) Орталық Азия елдері арасында;
- 2) Қытай мен Ресей арасында;
- 3) ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің арасында;
- 4) бақылаушы-мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас.

ШЫҰ мемлекеттерінің арасындағы мұндай көп деңгейлі қарым-қатынас жағдайға талдау жасауды күрделендіреді, сондықтан да біз алғашқы үш қарым-қатынастың деңгейін қарастырамыз.

Орталық Азия аймағы мемлекеттерінің ынтымақтастығы мемлекетаралық мәселелер мен қарама-қайшылықтардың толық кешені (экологиялық, гуманитарлық, шекаралық, территориялық) арқылы жүзеге асырылуда. Олардың қатарына, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан арасындағы ортақ гидроқұрылыстарын пайдалану мәселесі бойынша қарама-қайшылық жатады. Су ресурстарын пайдаланудың өзі ШЫҰ мүше-мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастың мәселелер жиынтығын құрайды. Қарым-қатынастың басқада күрделі мәселелерінің ішінен шектелген өмір сүру кеңістігінің жағдайындағы халық санының өсуін (Тәжікстан Ферғана аңғары), Қырғызстан мен Тәжікстан шекарасындағы шекаралық даулар, өзбек-қазақ шекаралық мәселесін, Ферғана аңғарындағы шиеленісті көрсетуге болады. Әрбір мемлекет өз алдына бұл мәселелерді шеше алмайды. Сондықтан ШЫҰ мен ҰҚШҰ-на қатысу Орталық Азия мемлекеттерінің мүдделер саласына кіреді [277, 63 с.].

Қытайдың Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық орнатудағы қызығушылығы, мүддесі оның аймақтағы экономикалық және әскери енуінің нығаюымен белгілі. 2005 ж. басында Пекин Қырғызстандағы өзінің әскери базасын енгізу мүмкіндігін анықтауға тырысты, бірақ бұл идея ШЫҰ-ның басқа

мүше–мемлекеттері тарапынан қолдау таппады [278, 82 с.]. Шыңжаңдағы шиеленіскен ұйғырлардың жағдайы Қытайдың Орталық Азия мемлекеттері тарапына бұрылды. Қазіргі уақытта Қытай аймақта әскери немесе қауіпсіздік саласына қарағанда, экономикалық интеграцияға көп назар аударады.

Ресей Орталық Азия аймағын өзінің жеке қызығушылық зонасы ретінде қарастырады. Ресей Федерациясындағы экстремистік қозғалыстардың белсенділігінің артуы, Шешенстандағы сепаратистік қозғалыстар, сонымен бірге өзінің жеке ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұмтылысы Ресейді ШЫҰ сияқты қауіпсіздіктің аймақтық кешеніне қатысуға мәжбүр етеді.

РФ мен ҚХР қарым–қатынасының блогы тек қана аймақтағы болып жатқан оқиғаларға көзқарастардың бірдей болғанымен, екі мемлекеттің көзқарастарында белгілі бір айырмашылықтар бар. Ресей мен Қытай тарапы Қырғызстандағы американдық «Манас» әскери базасының орналастырылуына қатысты әртүрлі көзқарасқа ие болды. Қытай американдық әскери базаның шығарылуын қолдамады. Қытайдың өзі Орталық Азия аймағында өзінің белсенділігін ұлғайтып жатыр, оның қаржы–экономикалық мүмкіндіктері Ресейге қарағанда басым [279,187 с.]. Екінші жағынан Қытай ҰҚШҰ рөлінің нығаюына, аймақтағы ҰҚШҰ мен ШЫҰ арасындағы ынтымақтастыққа сақтық танытып отыр. Орталық Азиядағы халықаралық терроризм мен радикализмнің қауіп–қатері ШЫҰ барлық мүше–мемлекеттердің әрекеттерін үйлестіруді талап етеді.

Шанхай ұқсастылығының қалыптасуы күрделі және қарама–қайшы үрдіс болып табылады. Мысалы, еуропалық ұқсастылықтың қалыптасуы бірыңғай маңызды кеңістікте жүзеге асты және Шығыс Еуропа мемлекеттерін де интеграциялауға мүмкінді берді. Шанхай мәдени құндылығы үш әртүрлі мәдениеттің – орталық–азиялық, ресейлік және қытайлық негізінде құрылып жатыр.

Орталық Азия мемлекеттерінің де саяси мәдениеті әлі қалыптасу үрдісінде. Ресейдің өзі қазіргі кезеңдегі «кеңестік өткенді сауықтырумен» сипатталатын құндылық жүйесін іздеуде [280, 160 с.]. Қытайдың да құндылық жүйесі трансформациялану

үрдісінде. Жаһандану жағдайындағы Қытай қоғамының дамуының жаңа стратегиясын іздестіру конфуциандық дәстүрлілікті ХХІ ғасырдың талаптарымен біріктіру жолы арқылы іске асып жатыр, мұның өзі нарықтық экономикаға сәйкес келетін басқару жүйесінің этникалық негізінің пайда болуына ықпал етеді. Конфуцианшылдықты қайтадан жаңғырту социалистік нарықтық экономикаға сәйкес келетін этникалық жүйені құру мақсатында іске асып жатыр [281, 10 с.].

Сонымен, ШЫҰ мүше–мемлекеттері мен құндылық жүйелерінің әртүрлілігі аймақтық бірлестіктерге деген жаңа (өркениетаралық) тәсілдемесін қалыптастырады, сонымен қатар «ШЫҰ бірізділігін» құрудың жаңа идеологиялық негіздемесін талап етеді.

«Шанхай рухы» сөйлемі ШЫҰ–ғы құрылым қалыптастырушы түсінікке айналды. 2006 ж. 30 мамырда Мәскеуде өткен ШЫҰ мүше–мемлекеттердің парламент жетекшілерінің 1–ші кездесу нәтижесінің Бірлескен мәлімдемесінде «өзінің құрылу кезеңінен бастап ШЫҰ ең негізгі мазмұны – өзара сенім мен тиімділік, тең құқылық, өзара кеңестер, мәдениет пен өркениеттердің әртүрлілігін құрметтеу, ортақ дамуға ұмтылыс» болып саналатын «шанхай рухы» бойынша үздіксіз жүру арқылы айтарлықтай жетістіктерге жетті» деп көрсетілді [282]. Осылайша, мүше–мемлекеттер ынтымақтастықтың тәжірибесі барысында әсте ақырын қалыптасатын «ынтымақтастықтың шанхайлық құндылықтарына» негізделген ШЫҰ–ның бірізділігінің қалыптасуы жөнінде мәлімдеді.

Қауіпсіздікке деген ортақ тәсілдің қалыптасуы барысында тәжірибелік іс–шаралар маңызды құрал болып саналады. ШЫҰ–ның қауіпсіздік саясатының тәжірибелік іс–шаралары бірлескен антитеррористік оқу–жаттығуларынан, наркотрафикпен күресудің тәжірибесі мен ақпарат алмасу, әскери кадрларды даярлау барысындағы үйлестіруден құралды. Осылайша, бір жағынан ынтымақтастықтың «Шанхай рухы» біріктірілмейтін заттарды жасанды түрде біріктірудің талпынысы болса, екінші жағынан мүше–мемлекеттердің ынтымақтастық тәжірибесі

әртүрлі мәдени негізі бар мемлекеттердің бірігу мүмкіндіктеріне жол ашуда.

Аймақтың аймақаралық және жаһандық деңгейлерінің өзара байланысына негіз болып саналатын, қауіпсіздіктың аймақтық кешені ретінде ШЫҰ тіршілік өмірінің екі деңгейін талдау барысында келесі проблемалық аумақтарды бөліп көрсетуге болады.

Бірінші проблемалық аумақ – Орталық Азияның «әлсіз мемлекеттерінен» және «күшті мемлекеттерден» (Ресей мен Қытай) тұратын ШЫҰ–ның мүшелерінің асимметриясы мүше–мемлекеттердің мүдделерінің әртүрлі бағытта екендігін және аймақтық үрдістерге қатысу мүмкіндігінің әртүрлі деңгейде екендігін көрсетеді. Ресей мен Қытай, әскери және экономикалық саладағы мемлекеттер ретінде Орталық Азия серіктестеріне қарағанда күштірек және ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастықтан пайда алатын көбінесе жалғыз ойыншылары ретінде қарастырылады.

Екінші мәселе – ШЫҰ – ның бірізділігінің қалыптасуында болып отыр. 2006 ж. ШЫҰ «аймақтық түрдегі жалғыз өркениетаралық ұйым» [282] деп аталды. Ортақ шанхайлық ұқсастылықты іздестіру мен өзінің қалыптасуы жалғасын табуы күрделі үрдіс болуы мүмкін, сондықтан да ШЫҰ–ғы мемлекеттердің ынтымақтастығы барлық қатысушылардың өзара тиімді қызығушылықтарына негізделеді.

Үшінші проблемалық аумақ – ШЫҰ–ның шеңберіне қарағанда, ішкі байланыстары тығыз Орталық Азияның аймақтық қауіпсіздігінің субкешені. Өзіндік даму динамикасы және мәселелер шеңбері бар аймақтық қауіпсіздіктің бұл кешені өзін жаһандық деңгейдегі жеке дербес ойыншы ретінде көрсетуін жалғастыруда. Орталық Азия мемлекеттері ынтымақтастықтың үлкен мөлшеріне бағытталған әртүрлі деңгейлердегі көпвекторлы саясатты жүргізуде. Әртүрлі векторлық мүдделердің бар болуы Орталық Азия мемлекеттерінің төрт бағыт бойынша (РФ, Қытай мен Шығыс Азия, ислам әлемі, АҚШ пен ЕО) интеграциялық құрылымдарға қатысуына әкеледі.

ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің арасындағы қарым–қатынастың асимметрия, мүше–мемлекеттердің ортақ құндылық

жүйесінің болмауы, Орталық Азияның жеке ойыншы ретіндегі дербес ұстанымдары ШЫҰ–на жаһандық және аймақтық деңгейде толықтай жұмыс істеуіне мүмкіндік бермейді.

Төртінші проблемалық аумақ – қол қойылған меморандумдар мен декларациялардың негізінде жүзеге асырылып жатқан ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің аймақаралық қарым–қатынас деңгейінің институционализациясы. ШЫҰ мен ЕҚЫҰ арасындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қойылды, ЕурАзЭк және ҰҚШҰ – мен күш–жігерді үйлесімдеу жұмысы қалыптасқан [283, 93 с.]. 2005 ж. сәуірде ШЫҰ мен АСЕАН арасындағы қарым–қатынас жөніндегі меморандумға қол қойылды. 2008 ж. қаңтарда ШЫҰ Хатшылығы мен Азия мен Тынық мұхиты үшін БҰҰ экономикалық және әлеуметтік комиссиясының Хатшылығы арасындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды.

Қол қойылған құжаттар ШЫҰ әрекеттегі аймақтық құрылым ретінде өзін көрсетуге мүмкіндік береді, бірақ аймақаралық тәжірибе бастапқы сатыда болып саналады.

Жаһандық деңгейде ШЫҰ НАТО және ЕО сияқты аймақтық ұйымдармен ынтымақтастық жөнінде ресми құжаттар жоқ. Мұның себебі бұл ұйымдарға кіретін ұлы державалар Орталық Азия мемлекеттерімен тікелей келіссөздерді ұйымдастыруды қолдайды. 2001 ж. 11 қыркүйектегі терактіден кейін АҚШ антитеррористік қызмет бойынша Орталық Азияның барлық мемлекеттерімен екі жақты келіссөздер жүргізді. Терроризммен күресу үшін Өзбекстан мен Қырғызстанға американдық базалар жасақталған болатын.

ЕО мемлекеттерінің энергетикалық саясаты Каспий аймағының Орталық Азиямен аралас мемлекеттер айналасына бағытталған. Орталық Азия мемлекеттерінің энергетикалық секторындағы еуропалық компаниялардың шоғырлануы ЕО–тың ірі мемлекеттерінің инвестициялық мүмкіндіктермен түсіндіріледі. ЕО–тың экономикалық саясатының нақты түрде іске асуы ИНГОЕЙТ (Еуропаға мұнай мен газды тарту бойынша коммуникациялық интеграцияланған жүйесі) және ТРАСЕКА (Еуропа–Кавказ–Орталық Азия көлік дәлізі) бағдарламалары болды [284].

Сонымен, қорытындылай келе, ШЫҰ – посткеңестік кеңістік мемлекеттерінен, Оңтүстік–Шығыс Азия (Үндістан, Пәкістан) мен Таяу Шығыс (Иран) елдерінен құралған, интеграцияланған құрылымы бар қауіпсіздіктің аймақтық кешенін құрайды деп айтуға болады. ШЫҰ шеңберіндегі шешімін тауып жатқан мәселелер аймақтық және ұлттық қауіпсіздік үшін маңызды болып табылады. Бірақ, қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің ішіндегі қалыптасқан мәселелер интеграция жолында қиындықтар туғызып, отандық және шетелдік сарапшылардың зерттеу саласындағы жұмыстарын жалғастыруда.

3.2 Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің мәселелері және Шанхай ынтымақтастық ұйымының рөлі

ШЫҰ мүше–мемлекеттердің ішінде Қазақстан Республикасы аймақ территориясының үлкен аумағын иелене отырып, Орталық Азия аймағында өзінің экономикалық, саяси қуаты бойынша аймақтық жетекші орынға ие және маңызды рөл атқаруда.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігінің бірінші күнінен бастап ТМД–ның территориясы мен Орталық Азиядағы қауіпсіздіктің қосымша кепілін қалыптастыруды қолдап келеді. Қауіпсіздік саласындағы бастамалардың дәл Қазақстан тарабынан ұсынылуы кездейсоқтық емес. ШЫҰ – халықаралық терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күресу, сауда, экономикалық және қауіпсіздікті нығайту салаларындағы аймақтық ынтымақтастықтың маңызды механизмі болып саналады [168, 82 с.] .

Еуропа мен Азияның түйісінде орналасқан Қазақстан еуропалық–азиялық субконтиненттің географиялық орталығы болып саналады. Қазақстан Республикасы 2724,9 мың шаршы шақырым территорияны құрап, Каспий теңізінен таулы Алтайға дейінгі және оңтүстік, оңтүстік–шығыста Тянь–Шань таулы бөктерінен, солтүстіктегі Сібір алқаптарына дейін созылып жатыр. Қазақстан территориясының ұзындығы батыстан шығысқа – 3000 шақырымды, оңтүстіктен солтүстікке қарай –

1700 шақырымды құрайды. Қазақстан өзінің территориясы жағынан Ресей, Канада, Қытай, АҚШ, Бразилия, Австралия, Үндістан мен Аргентинадан кейін тоғызыншы орында. Шығыста, солтүстікте және солтүстік–батыста Қазақстан Ресеймен (шекара ұзындығы 7598 шақырым), оңтүстігінде Орталық Азия мемлекеттері – Өзбекстанмен (2300 шақырым), Қырғызстанмен (980 шақырым) және Түркіменстанмен 380 шақырым), ал оңтүстік–Шығысында Қытаймен (1460 шақырым) шекараласады [276, 6 с.].

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алған кезеңнен бастап, тәуелсіз мемлекетті құру, қазіргі талаптарға сай ішкі және сыртқы саясат жүргізудің іргелі міндеттерімен кездесті. Сонымен бірге, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жаңа тәуелсіз Қазақстан Республикасы үшін ең маңызды және кокейкесті мәселеге айналды. Кеңес кезеңіне тән аймақтағы тұрақтылық деңгейінің төмендеуі күн тәртібіне ең өзекті міндетті – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа тиімді тәсілдерін іздестіруді қажет етті.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының тәуелсіз егеменді мемлекет ретінде дамуының басты шарты болып табылады. Осы мақсатта 1998 ж. 26 маусымда Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы Заң қабылданды [18]. Осы Заң мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың және азаматтардың ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастарын реттеді, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мақсатын, жүйесі мен бағыттарын белгіледі.

Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі Қазақстан Республикасының бұл Заңына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің негізгі міндеттері ретінде: 1) ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп–қатерді болжау және анықтау; 2) ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп–қатердің алдын алу мен оны залалсыздандыру жөніндегі жедел және ұзақ мерзімді шаралар кешенін әзірлеп, жүзеге асыру; 3) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші күштерді құрып, әзірлікте ұстау; 4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жалпыға бірдей және аймақтық қауіпсіздікті

қамтамасыз етуге қатысу болып табылды [18]. Бірақ, қазіргі әлемде орын алып отырған жағдайлар мен ішкі мемлекеттік жағдайлар Қазақстанның қауіпсіздік мәселелеріне басқаша қарауға міндеттейді. Ұлттық қауіпсіздік мәселелері сыртқы саясат, қорғаныс, саяси тұрақтылық сұрақтары, әлеуметтік экономикалық дағдарысты құбылыстар, экологиялық және техногенді апаттар, мемлекет ішіндегі және жақын шетелдегі әлеуметтік, демографиялық, этносаралық мәселелер, қылмыс деңгейінің өсуі, есірткі саудасының ұлғаюы сияқты жаңа қауіп-қатерлермен қиындай түсті деуге болады. Осының нәтижесінде 1998 жылы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңының орнына 2012 жылы 6 қаңтарда жаңа «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заңы қабылданды [19]. Өкінішке орай, бұл заң Қазақстанның ішкі саяси мәселелерінің шиеленісуінен кейін ғана қолға алынғандығы, жалпы қауіпсіздік жүйесінің толықтай қамтамасыз етілмегендігіне назар аудартады. Жаңа заңның қабылдануына соңғы жаңа қауіп – қатерлердің көрініс табуы әсер етті.

Аталған екі заңды өзара салыстыратын болсақ, 1998 жылы 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында ұлттық қауіпсіздік «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі– елдің ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі» делінсе, 2012 жылы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында былай анықтама беріледі: «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі – адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің серпінді дамуын қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі» [19]. Бұл жердегі ерекшелік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің субъектілері нақтыланған. Бұл қатер төнген кездегі қауіптің бағытталу нысанын айқындауда маңызды.

Тұтастай алғанда қауіпсіздік жүйесіндегі төнетін қатерді алдын ала анықтаудың қажеттілігі басым. Аталған заңдарға жасалған сандық контент талдау бойынша ұлттық қауіпсіздік

ұғымындағы маңызды келесідей айырмашылықтарды байқауға болады.

4 кесте – 1998 ж. 26 маусым Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы Заңы және 2012 ж. 6 қаңтар Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы Заңының салыстырмалы сандық талдауы

Негізгі ұғымдар	1998 ж. 26 маусымда қабылданған Заң бойынша	2012 ж. 6 қаңтарда қабылданған Заң бойынша
Қауіп	17	22
Қауіпсіздік	143	168
Ұлттық қауіпсіздік	94	107
Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету	52	61
Ұлттық мүдде	14	18

Бұның себебін бірнеше факторлардан байқауға болады. Ең алдымен, 1998 жыл қарсаңында және одан кейін орын алған оқиғалар Қытай Халық Республикасымен шекараны межелеу, 1998 жылғы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы мәңгілік достық пен серіктестік туралы декларацияның қабылдануы, «Қазақстан– 2030» бағдарламасының қабылдануы және өзге де оқиғалар қауіпсіздік саласында белгілі бір тұрақтылыққа қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Одан кейінгі уақытта ХХІ ғасырда әлемдік жағдай оның ішінде Қазақстанда жағдай күрделене түсті. Әлемдік тәртіптегі өзгерістер, ақпарат толқының жету жылдамдығының артуы, әлемдегі жүріп жатқан өзгерістер оның ішінде, Қырғызстандағы жағдайлар, Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы «Араб көктемі», Еуроозонадағы дағдарыс, біртұтас және тиімді аймақтық қауіпсіздік жүйесінің болмауы, аймақтық диспропорция нәтижесінде болуы мүмкін сепаратизм қаупі, Жанаөзендегі және Маңғыстау облысындағы қарсылық қозғалыстары, Ақтөбедегі қылмыстық топ әрекеттері, жаңадан қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның қабылдануымен байланысты «Халифат солдаттары» радикалды исламдық тобы ұйымдастырған Атыраудағы, Тараздағы және Боралдайдағы террористік актілер жана 2012 жылғы заңның қабылдануына

және ұлттық қауіпсіздік мәселелеріне баса назар аударуға мәжбүрледі [285].

Яғни, «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» жаңа заңы ұлттық қауіпсіздіктің тиімді тетіктерін қалыптастыруға бағытталған. Соған сәйкес қазіргі таңдағы ұлттық қауіпсіздіктің қатерлеріне төтеп беруден гөрі оны алдын-алу аса маңызды болып табылады. Қауіпсіздік саласындағы басты өзгеріс орын алып отырған тәуекел мен дабылдардың қауіп-қатерлерге айналуы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді күшейтуді талап етеді. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етілуінде – жаһандық жаңа шынайылықтарға жедел бейімделуді және ішкі саяси тұрақтылықты күшейту негізгі басымдық ретінде алынуы міндет.

Сонымен бірге, 1991 ж. 19 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Қазақ ССР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің заңды мұрагері болып танылып, 1992 ж. 13 шілдеде Елбасының Жарлығымен Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті болып қайта құрылды. Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік органының тарихы осы күннен бастау алады. Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитеті үшін өткен 22 жыл – даму мен қалыптасудың, тұрақты жетілудің жылдарына айналды. Комитет құрылымындағы барлық өзгерістер әлемдегі және елдегі ахуалмен тығыз байланысты болды, Ол Елбасының тапсырмаларымен және уақыт талабымен анықталып отыр. Барлық реформалардың басты мақсаты – Комитетке жүктелген міндеттерді тиімді шешу, егемен Қазақстанның мүддесін қорғау. Қазір Ұлттық қауіпсіздік комитеті кез келген қатер мен сынаққа шұғыл да барабар жауап бере алатын икемді, әрі жоғары білікті арнайы қызмет болып саналады.

Айта кету керек, 2014 ж. 21 қаңтарда ҚР сыртқы саясатының концепциясы бекітіліп, концепцияның күтілетін нәтижелері ретінде ұлттық, аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті нығайту көрсетілді [15].

Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлердің өзектілігін бірінші тарауда көрсетілген бес қауіпсіздік секторы (саяси, әскери, экономикалық, әлеуметтік,

экологиялық) бойынша қарастырылды. Бес секторға бөлудің өзі белгілі бір жағдайда шартты сипатқа ие. Екінші жағынан, бұл салалардың бір-бірімен өзара байланысы тығыз болғанымен, олардың әрқайсысы өзіндік қауіп-қатерге және оларға қарсы күресу тәсілдеріне ие.

Саяси қауіпсіздік. Қауіпсіздіктің аталған секторына төнетін қауіп-қатерлерді дәстүрлі (сырттан келетін) және жаңа қауіп-қатерлерге бөлуге болады. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін дәстүрлі сыртқы саяси факторлардың ішінен төмендегілерді бөліп көрсетуге болады:

– даулы шекаралық мәселелер және көрші мемлекеттермен (Өзбекстан, Түркіменстан, Қытай) қарым-қатынастың шиеленістік қуаты;

– Каспий мәселесі;

– аймақта ықпал ету үшін ұлы державалардың (АҚШ, Ресей, Қытай) халықаралық-саяси бәсекелестігі.

Жоғарыда аталған факторлардың барлығы дәл осы Орталық Азия территориясында локализацияланған.

КСРО ыдырағаннан кейінгі Орталық Азия мемлекеттеріне мұра болып қалған ШЫҰ шеңберіндегі территориялық-шекаралық мәселелер тамыры жағынан тереңде жатыр. Өзімізге белгілі, аймақтың Ресей империясының құрамына енуінен кейін, оның саяси-әкімшілік картасы түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Кеңес билігінің құрылуынан соң бұл өзгеріс дами түсті. 1924 ж. Орталық Азияның ұлттық-территориялық бөліну барысында, Кеңестер Одағы республикаларының шекарасы әкімшілік, экономикалық және этникалық факторларға сәйкес іске асты. Осының барлығы Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы көптеген территориялық даудың пайда болуы мен дамуына алып келді.

Қазіргі уақытта Қазақстан мен Өзбекстанның арасында шекаралық территорияға байланысты даулы мәселелер орын алды. Соның ішінде, 1966 ж. Н.С. Хрущевтың бастамасымен Өзбекстанға берілген, соңынан оның СОКП ОК төрағасы лауазымынан кеткен соң Қазақстанға қайтарылған Сарыағаш ауданы, Киров, Мақтаарал және Жетісу даулы территориялық аймақ болып саналады. Одан басқа, 1956 ж. Қазақстанның

құрамынан Өзбекстанға Аштық дала, Бостандық аудандарының бір бөлігі беріліп, соңынан 1991 ж. жалға алынып, қайтарылмаған болатын. Егер бұрын мұнда қазақ халқы басым болса, қазіргі уақытта өмір сүріп жатқандардың басымы өзбектер болып отыр. Соңғы жылдары бұл аймақ өзбек экономикасына интеграцияланған болатын, мұның өзі бұл мәселе бойынша қандай да бір шешім қабылдауды қиындатуда [286]. 2000 жылдардың барысында Өзбекстан өзінің қалауы бойынша қазақ-өзбек шекарасының демаркациялануын жүргізуге ұмтылды [287, 17 с.].

Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы даулы территориялық мәселелердің шешімін таппауы қарулы қақтығыстар мен мемлекеттердің шекаралық аудандарындағы тұрақсыздық қауіп-қатерін төндіреді.

Шекараны анықтау саласындағы қазақстан-ресей қарым-қатынастары басқа аймақ мемлекеттеріне қарағанда қиындық туғызған жоқ. Екі мемлекеттің арасындағы шекараны анықтаудың соңғы шешімі 2005 ж. қаңтарында іске асты.

Қазақстан мен Қытай арасындағы қарым-қатынас өзінің стратегиялық серіктестік деңгейіне жетті. Қазақстан Республикасы Қытайдың Орталық Азиядағыдағы ең басты серіктесі болып табылады. Бірақ, басқа жағынан алғанда, Қытайдың сыртқы саясаты Қазақстанның ұлтты мүдделері мен қауіпсіздігіне байланысты күмән тудырады. Мемлектаралық қарым-қатынастарды талдау бәрінен бұрын екі жақтың да кешенді қуатын салыстыру арқылы жүргізілуі керек, ал мұндай салыстыру Қазақстанның пайдасына емес. ҚХР-ның демографиялық қуаты, оның орта-азиялық бағыттағы геосаяси талпыныстары және өзінің батыс бөлігін бірінғай экономикалық және саяси кеңістігіне интеграциялауы Қазақстан тарапынан күдік туғызады.

Территориялық-шекаралық мәселелерден басқа, Каспий мәселесі Қазақстан үшін өте маңызды болып отыр. Бүгінгі таңда, Каспий теңізі әлемнің маңызды энергетикалық қайнар-көзі болып саналады. Мұны әлемдік энергетика саясатындағы негізі рөл атақартын объектілердің барлығы мойындады [288, 28 р].

Қазақстанның ұлттық мүдделері жүйесіндегі Каспий факторының негізгі элементі – Қазақстанның экономикалық

дамуының ұзақ мерзімді болашағын қамтамасыз ететін Каспий аймағы елдің ең басты энергетикалық негізі болып саналады. Қазақстан жетекшілерінің пікірінше, бұл аймақтағы мемлекетаралық қатынастардың тұрақтылығына қол жеткізудің маңызды элементі – Каспий теңізінің тұрақты құқықтық мәртебесін анықтау болды.

Каспий аймағы мемлекеттерінің қарым-қатынастарын айқындайтын фактордың бірі – Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтау болып отыр. Территориялық мәселелерді шешуге, соның ішінде Каспий аймағы мемлекеттерінің су шекарасын анықтауға кедергі келтіретін бұл мәселе Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің және толық аймақтық қауіпсіздіктің қауіп-қатері болуы мүмкін.

Қазіргі уақытта Каспий теңізін бөлу принципі жөнінде екі қарама-қайшы тәсілдеме қалыптасты. Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы мен Әзербайжанды біріктіретін бірінші тәсілдеменің шеңберінде Каспий теңізін теңіз түбінің іргелес түбін орталық линия арқылы бөлуді қарастырады. Каспий теңізінің құқықтық мәртебесін анықтаудың бұл жобасы Қазақстан Республикасының мүддесіне сәйкес келеді, бұл жобаны іске асыру барысында Қазақстан теңіз түбінің 29 % иеленеді. Екінші тәсіл Иран үшін тиімді болып саналатын тең үлестің негізінде ұлттық секторларға бөлуді қарастырады. Түркіменстан күйтырқы саясат ұстануда, мұның өзі аталған мәселенің шешу барысындағы ортақ мәмілеге қол жеткізуді қиындатып отыр [289].

Сонымен бірге, Каспий теңізі Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс мемлекеттерін газ және мұнаймен қамтудың қайнар көзі болып отырған «энергетикалық эллипстің» стратегиялық ортасында тұр. Сондықтан, Каспий аймағы тек қана Каспий аймағы мемлекеттері үшін емес, аймақтан тыс мемлекеттер үшін стратегиялық маңызға ие.

Сонымен, Каспий теңізі мәселесінің аспектісі Қазақстанның саяси қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін сыртқы саяси факторы болып саналады деп айтуға болады.

Мұның дәлелі ретінде Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 11 қазандағы № 161 Жарлығымен

бекітілген «Қазақстан Республикасының әскери доктринасын» атап көрсетуге болады. Бұл доктринада «Каспийдің құқықтық мәртебесі туралы мәселенің шешілмеуі, Каспий маңындағы кейбір мемлекеттердің өз әскери әлеуетін арттыруға ұмтылуы және даулы мұнай кен орындарының болуы болашақта өңірдегі әскери–саяси жағдайдың шиеленісуін тудыруы мүмкін» [29] деп көрсетілген.

Баршаға аян, тәуелсіздік алған кезеңнен бастап Қазақстан сыртқы саяси қызметте көпвекторлы саясатын жариялады. Мұның мәні Орталық Азияға қызығушылық танытатын басқа мемлекеттердің арасында тепе–теңдікті ұстау болып саналады. Қазастанның геосаяси жағдайының ерекшелігі мұндай саясатты ақтайды.

Қазақстан Республикасының саяси қауіпсіздігіне төнетін дәстүрлі ішкі саяси қауіп–қатері қатарына аймақтық сепаратизм мәселесін де жатқызуға болады. Қазақстан Республикасының саяси қауіпсіздігінің қауіп–қатерлері дәстүрлі қауіп–қатерлермен салыстырғанда ауқымды. Елдің саяси қауіпсіздігінің ең басты қауіп–қатерінің бірі – негізінде идеологиялық, діни сенім бар экстремизм болып саналады.

Қазақстандағы радикалды ислам идеяларының тарау қауіп–қатері негізінен Орталық Азияның халық тығыз орналасқан және депрессиялық аудандарынан – Тәжікстаннан, Ферғана алқабынан, Қазақстанның өзінің оңтүстік облыстарынан төніп тұр. Ферғана алқабы – ғалам шардың ең халқы тығыз орналасқан аймағы болып саналады. Халық тығыздығы 1 шаршы шақырымға 360 адамды құрайды. Ферғана алқабының өзбекстандық тарабында халық саны ең тығыз орналасқан – 1 шаршы шақырымға 550 адамды құрайды. Сонымен бірге аймақтағы бала туу жоғары деңгейді сақтап келеді және жұмыссыздық кеңінен етек алған [290, 10 с.].

Бұл мәселені қоғамдық диалогқа алып келетін күшті конструктивті оппозицияның жоқтығы жағдайды қиындатуда. Мұндай жағдайда дінді өз мақсатында қолданатын экстремитстердің популистік идеялары өмір сүру деңгейімен қанағаттанбаған және экономикалық жағдайды жақсартуға деген

мемлекеттің қаблетіне сенімін жоғалтқан тұлғалармен кеңейтілуі мүмкін.

Экстремизмнен басқа, Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне терроризм қауіп-қатер төндіреді. Терроризм қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың дамуындағы негізгі факторлардың бірі болып саналады. Террористтер өздерінің идеологтар желісіне, ізбасарларына және бүкіл әлем бойынша демеушілеріне ие бола отырып, қылмыс жасаудың тиімді, оңтайлы әдістерін қолдануда. Көптеген террористік ұйымдардың трансұлттық сипаты бұл қауіп-қатерге жаһандық сипат береді. Сондықтан, бір мемлекеттің шеңберінде терроризммен күресу тиімсіз саналады. Орталық Азияның көрші мемлекеттеріндегі радикалдық террористік топтар Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне шынайы қауіп-қатер төндіреді. Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім-шарт ұйымына мүше мемлекеттердің қауіпсіздігіне қауіп-қатер төндіретін террористік және экстремистік ұйымдар тізбесі (Қазақстан Республикасына қатысты бөлігінде) жасалып, мұнда 17 ұйым (солардың ішінде «Галибан» қозғалысы), «Орталық Азия моджахедтері жамағаты», «Шығыс Түркістан Ислам партиясы», «Күрд халықтық конгресі» («Конгра-Гел»), «Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы» (ШАТ), «Джунд-әл-Халифат») Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының 2005–2012 жж. аралығындағы қабылданған шешімімен Қазақстан Республикасы аумағында іс-қимылына тыйым салумен террористік деп танылған.

Сондықтан, Қазақстан үшін исламдағы эволюциялық тенденциялардың арнасында қалу өте маңызды. Ислам фундаментализмі революциялық импульсқа ие болғандықтан, Қазақстан мен Орталық Азияның саяси кеңістігі радикалды исламға толып кетпеуіне жол бермеу керек.

Сонымен бірге, ХХІ ғасырдағы шешімін табуы қиын мәселелерге айналған терроризм мен экстремизм мәселесі 1998 ж. 26 маусымдағы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі Заңда террор ұғымы 2 рет, экстремизм ұғымы 1 рет кездесе [18], 2012 ж. 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі жөніндегі Заңда террор

ұғымы 10 рет, экстремизм ұғымы 5 рет қайталанып отырғанын көруге болады [19].

Бұның басты себебін АҚШ–тағы 2001 жылғы 11 қыркүйектегі қайғылы оқиғадан кейінгі әлемдік деңгейдегі халықаралық терроризммен күрестің басталуынан, осы оқиғадан соң «жаңа әлемдік түсініктің» пайда болуы, Ауғанстандағы жағдайлардың шиеленісуі, ел оңтүстігіндегі және батысындағы радикалды ислам топтарының жұмысының күшеюі, Қазақстандағы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңның қабылдануымен байланысты «Халифат солдаттары» радикалды исламдық топ ұйымдастырған Атыраудағы, Тараздағы және Боралдайдағы террористік актілерден байқауға болады. Бұл мәселердің шешілуі Қазақстанда аса өзекті. Сондықтан да бұл тарапта жаһандық қауіптер болғандықтан әлемнің ажырамас бөлігі ретінде Қазақстанды шет қалдырмайды. 2011 ж. 11 қазанда бекітілген «Қазақстан Республикасының әскери доктринасының» әскери қауіпсіздіктің әлеуетті қатерлер қатарында «шекаралас елдердегі халықаралық террористік және радикалды ұйымдардың және топтамалардың, соның ішінде кибертерроризмнің әрекеті, діни экстремизм ұстанымдарының күшеюі» көрсетілген

Әскери қауіпсіздік. Бұл сектор дәстүрлі және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесіндегі ең маңыздылардың бірі болып табылады. Бұл стратегиялық күштер мен ортақ тағайындалған күштердің соғысқа дайындығы мен соғысу қабілеттілігін, майданның инфроқұрылымы мен әскери теориялық және әскери–қолданбалы деңгейнің дамуынан, сонымен бірге әскери–өнеркәсіптік кешеннің жағдайын қамтиды.

Саясат мемлекеттің даму жолын анықтайтын болғандықтан, мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің негізгі құрамдас бөлігі әскери–саяси болып саналады. Саяси құрамдас бөлігі – қоғамның саяси жүйесіне қаланған мүмкіндіктерді қолдану бойынша әскери қауіпсіздік субъектілерінің мемлекетаралық және ішкі мемлекеттік қызметінің бағыттары мен ресми көзқарастарынан тұрады.

Кез келген мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету бір жағынан басқа мемлекеттермен өзіне тиімді қарым–қатынас

орнатумен, екінші жағынан мүмкін болатын әскери қауіп–қатерге қарсы тұрумен байланысты. Сондықтан, қалыптасқан халықаралық және мемлекеттің ішкі қарым–қатынастардың сипатын қарастыру, әскери қауіп–қатерлер мен оладың қайнар көзін анықтау, сонымен бірге бұл қауіп–қатерлерді көрсету құралдарының жағдайын талдау мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің мәселелерін табысты зерттеудің қажетті шарттары болып табылады.

Бастапқыда ҚР–ның қарулы күштері шетелдерден төнетін қауіп–қатерге тікелей тойтарыс беруге бағытталған болатын, бұл өз кезегінде 1993 ж. 9 сәуірде бекітілген (№1500) «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Заңда» (Күші жойылды – Қазақстан Республикасының 2005.01.07. № 29 Заңымен) орын алды. Заңда «Қазақстан Республикасына соғыс шабуылы (агрессия) жасалған ретте әскери басқару және мемлекеттік өкімет пен басқа да басқару органдары соғыс жариялауды күтпестен шабуылға (агрессияға) тойтарыс беру үшін барлық шараны қолдануға міндетті» [20] деп бекітілді.

Бірақ, аймақтағы халықаралық–саяси жағдайдың дамуы мемлекет басшысының әскери қауіп–қатердің қайнар көзі мен субъектілеріне деген көз–қарасына ықпал етті. Халықаралық қауымдастықтың Қазақстанды ядросыз мемлекет ретінде мойындауы ҚР үшін дәстүрлі әскери қауіп–қатердің өзектілігін төмендетті. Сарапшылардың пікірінше, таяу арадағы болашақта басқа мемлекеттердің тарабынан Қазақстанның әскери қауіпсіздігіне төнетін қауіп–қатердің болуы екіталай.

Ал, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы №29 «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Заңға» сәйкес Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері: 1) басқа мемлекеттердің егемендігін, мемлекеттік шекараларының мызғымайтындығын, аумақтық тұтастығын құрметтеу және олардың ішкі істеріне араласпау; 2) әскери саладағы сенімділік және ашықтық шараларын нығайту; 3) халықаралық дауларды бейбіт жолмен реттеу; 4) Қазақстан Республикасы қатысушысы

болып табылатын халықаралық міндеттемелерді сақтау және шарттардың мақсатына қол жеткізуге жәрдемдесу; 5) өзара тиімді ынтымақтастық және өзара түсіністік негізінде барлық елдермен достық қарым-қатынасты ұстану; 6) әскери жанжалдарды болғызбауға, бейбітшілікті қолдау мен қалпына келтіруге бағытталған жаһандық және өңірлік қауіпсіздік жүйелерін құруға қатысу [21] болып табылады.

2000 ж. 10 ақпан №334 «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасында» (Күші жойылды – ҚР Президентінің 2007.03.21. №299 Жарлығымен) бекітілген әскери доктринада басқа мемлекеттердің тарабынан төнетін қауіп-қатерлер ҚР-ның қауіпсіздігінің әскери негізгі қауіпсіздік қауіп-қатерлері арасында орын алмады, көрсетілмеді. Мұндай жағдайда, жаппай жойып жіберу қаруымен жабдықталған көптеген армияның бар болуы емес, локальды әскери қауіп-қатерге тойтарыс беруге қабілетті кәсіби даярланған армиялық бөлімшелер тиімді саналады [27].

Ал, 2007 ж. 21 наурыз №299 «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасында» (Күші жойылды – ҚР Президентінің 2011 жылғы 11 қазандағы №161 Жарлығымен) «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары агрессияға тойтарыс беру, елдің аумақтық тұтастығы мен егемендігін қарулы қорғау, мемлекеттік және әскери объектілердің күзеті мен қорғанысы, әуе кеңістігін күзету, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындау үшін қолданылады» деп бекітілді. Қазақстан Республикасының бұл Әскери доктринасы елдің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің қорғаныстық бағытын айқындады, Қазақстанның кез келген мемлекетаралық қайшылықтар мен жанжалдарды шешудің әскери емес шараларына принциптік бейімділігін растайды [28].

2011 ж. 11 қазан №161 «Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы» мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің қорғаныстық бағыттылығын айқындайды және Қазақстанның мемлекетаралық қайшылықтар мен жанжалдарды шешу

кезіндегі дипломатиялық, құқықтық және әскери сипаттағы емес өзге де шаралардың басымдығы туралы қағидатты ұстанымына негізделеді. Әскери доктринаның ережелерін іске асыру, болжанатын қатерлерге және елдің әлеуметтік-экономикалық даму жағдайларына барабар, қорғанысты қамтамасыз ету жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған өзара байланысты саяси, дипломатиялық, экономикалық, әлеуметтік, ақпараттық, құқықтық, әскери және басқа да шаралар кешенін жүргізу есебінен қамтамасыз етілетін болады. Әскери доктринаның 2-ші бөлімінде «Шанхай ынтымақтастық ұйымы желісі бойынша Қазақстан ұйымның терроризмге қарсы әлеуетін нығайтуға, оның ішінде терроризмге қарсы бірлескен оқу-жаттығуларға қатысу жолымен белсенді қатысады» [29] деп көрсетілген.

Сондықтан, соңғы жылдары қазақстандық әскери күштердің құрылысы дәстүрлі емес немесе жаңа қауіп-қатерлердің түрін (терроризм, экстремизм, сепаратизм) ескеруде. Қазақстанның ғаламшардың Ауғанстан сияқты ыстық нүктесімен жақын орналасуы, шекара арқылы өтетін содырлардың топтарына тойтарыс беруге қабілетті қарулы күштерге деген қажеттілікті нығайтады. Одан басқа, ҚР-ның әскери қауіпсіздігіне кері әсерін тигізетін фактор – ұлттық әскери-өнеркәсіп кешенінің жеткіліксіз даму деңгейін жатқызуға болады.

Осылайша, тұрақсыз Ауғанстанға жақын орналасуының арқасында күшейіп жатқан дәстүрлі емес қауіп-қатерлерге байланысты Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігінің ең өзекті мәселесі – қарулы күштерге деген шынайы қажеттілік пен қарулы күштердің жағдайы арасындағы алшақтық болып табылады. Сондықтан, Қазақстан әскери-саяси қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында қауіпсіздіктің «жұмсақ» күшіне сүйене алады.

Экономикалық қауіпсіздік. Экономикалық қауіпсіздік жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің жалпы ұлттық қауіпсіздік жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып саналады.

Қауіпсіздіктің бұл секторын өзара байланысты екі деңгейге – ұлттық экономиканың ішкі және сыртқы күшке бағынбауы арқылы іске асатын мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі және негізгі мұқтаждықты қанағаттандыратын ақылы жұмыспен

қамтамасыз ету арқылы сипатталатын жеке тұлғаның экономикалық қауіпсіздігі.

Экономика саласындағы қауіп–қатер кешенді сипатқа ие және келесі факторлармен белгіленеді:

- инфляцияның жоғары қарқыны;
- сыртқы қарыздың өсуі;
- экспорттық жеткізілімдегі шикізат және энергетикалық құрамдас бөліктің өсу тенденциясы.

Қазақстанның экономикалық қауіпсіздігінің ең маңызды қауіп–қатерлерінің қатарына жемқорлық пен шаруашылық қызметінің көлеңкелі тұстары жатады. 1998 ж. 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі жөніндегі Заңда» басқа құбылыстармен қатар, паракорлық ұлттық қауіпсіздіктің қауіп–қатері ретінде қарастырылады [18]. Сондықтан, экономикалық қауіпсіздік қауіп–қатерінен басқа, жемқорлық ҚР халқының өміріне әсерін тигізеді.

1998 жылы 6 қаңтарда қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңында экономикалық қауіпсіздік: «экономикалық қауіпсіздік – Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігіне қатер төндіретін ішкі және сыртқы жағдайлардан, процестер мен факторлардан қорғалуының жай–күйі» деп көрсетілсе, 2012 жылы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» заңда «экономикалық қауіпсіздік – экономиканың орнықты дамуы және оның тәуелді болмауы қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының нақты және ықтимал қауіп–қатерлерден қорғалуының жай–күйі» делінеді. Яғни, қазіргі таңда Қазақстанның ұлттық экономикасының тәуелділігін болдырмау басты мәселе болып отыр, тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекетімізге инвестиция тарту маңызды болды. Бұл мәселе шешілгеннен кейін ендігі кезекте оның салдарымен күресу келесі орынға шықты, яғни экономикалық қауіпсіздік мәселесі арта түсті деп атауға болады. 1998 жылғы заңда экономикалық қауіпсіздік сөзі 4 рет [18], ал 2012 жылғы заңда 9 рет [19] қайталанатын. 1997– 1998 жылғы әлемдік қаржылық дағдарыс, 2000 жылғы еуразиялық экономикалық

қауымдастық құру туралы декларацияның қабылдануы, жалпы экономикалық даму саласына басымдық беру экономикалық қауіпсіздікке, экономикалық мәселелерге назар аударуға итермеледі. Ал, 2007–2010 жылдардағы әлемдік қаржылық дағдарыс, Қазақстандық өнеркәсіп салаларындағы өндіруші мен өңдеуші сала арасындағы, аймақтардың әлеуметтік экономикалық дамуының үйлеспеушілігі, халыққа кіретін кірістегі жіктелудің күшеюі экономикалық қауіпсіздікке одан әрі баса назар аудару керектігін көрсетті.

Әлеуметтік қауіпсіздік. Қауіпсіздіктің аталған секторы жеке тұлғаға, қоғамға, әлеуметтік топтарға тікелей қатысы бар қауіп–қатердің әртүрлі аспектілерінен тұрады. Әлеуметтік қауіпсіздіктің негізгі құрамдас бөлігі этномәдени, конфессионалдық, әлеуметтік–демографиялық болып табылады.

Қазақстан Республикасының ерекшеліктерінің біріне халықтың әртүрлі этникалық құрамы жатады. XX ғ. басындағы Столыпин реформасының, 1920 ж. депортацияның, 1940 ж. әскери эвакуациясының, 1950–1960 жж. тың және тығайған жерлерді игеру, 1990 – 2000 жж. басындағы миграцияның нәтижесінде болған тұрақты миграциялық үрдістер Қазақстан халқының этникалық құрамының қалыптасуына ықпал етті.

2013 ж. қазан айының мәліметтеріне сүйенсек, Қазақстанда 17 098 546 адам өмір сүреді. Соның ішінде қазақтар (63), орыстар (25), украиндықтар (2,9), өзбектер (2,8), немістер (1,5), татарлар (1,5), ұйғырлар (1,5) болып табылады [291].

Қауіпсіздіктің конфессионалдық құрамдас бөлігі нақты адамның құқығын, азаттығын, еркін діни сенімін қамтамасыз етуде көрінеді. Қазақстанда мемлекеттің ішкі өмірінде тұрақтандырғыш рөл атқаратын екі дәстүрлі – ислам және православиелік дін бар. Бірақ, қалыптасқан тепе–теңдікке радикалдық–клерикалдық топтардың пайда болуы қауіп төндіруі мүмкін. Халықтың айтарлықтай бөлігін, соның ішінде жастарды кеңінен қамтитын көптеген дәстүрлі емес діни секталардың мықты тірегі идеялық құндылықтардың күйреуі, болашаққа деген сенімсіздік, әлеуметтік күйзеліске ұшырау болып отыр. Соның ішінде, ваххабизм идеяларының, исламның ымырасыз тармақтарының импортталуы мұндай түрдегі қауіп–қатерді

төндіреді. Бұл мәселе көрші Өзбекстан мен Қырғызстанда қауіп туғызып отыр. Әлемнің басқа аймақтарындағы сияқты, әлеуметтік қауіпсіздіктің қауіп-қатерлері Орталық Азия аймағынның ішкі мәселелерімен (көпшіліктің әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауы, қоғамның мүліктік және әлеуметтік-құқықтық жіктелуі, демографиялық жағдай, маңызды өмірлік ресурстарының жетіспеуі, идеологиялық және діни өмірлік құндылықтарды жоғалту, адам құқығын қорғау жөніндегі құқық қорғау органдарының, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың әлсіздігі) тығыз байланысты.

Сонымен бірге, Қазақстанның әлеуметтік қауіпсіздігіне, мемлекет халқының денсаулығына төнетін өткір қауіп-қатерлердің бірі – мемлекеттің территориясы арқылы есірткі заттарының транзиті болып отыр. Бүгінгі таңда есірткі заттарын өндіруші ірі мемлекет Ауғанстан болып саналады. Сондықтан, онымен көршілес мемлекеттердің бір қатары, соның ішінде Орталық Азия мемлекеттері есірткі заттарын Еуропаға шығарудың жолына айналды.

Қазақстанның территориясы «ауыр» есірткі заттарды Оңтүстік-Батыс Азияның территориясынан Ресей арқылы Еуропаға тасмалдаудың транзиттік дәлізі ретінде қолданылады. Мысалы, 2011 ж. 21 желтоқсанда Қазақстан Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері сегіз мемлекет арқылы өтетін наркотрафикті анықтап, алты тоннаға жуық Ауғанстан есірткісін қолға түсірді. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Алматы қалалық департаментіндегі Есірткіге қарсы күрес басқармасының өкілі Д. Ахметовтың айтуынша, маусым айында Ауғанстаннан Тәжікстан, Өзбекстан шекарасы арқылы темір жол бойымен Қазақстанға келген контейнерге тексеру жүргізілген. Нәтижесінде сығымдалған ағаш ұнтақтарынан жасалған құрылыс материалдарының (ДВП) арасына жылтыр қағазға оралып, мұқият жасырылған алты тоннаға жуық гашиш табылған. ДВП тақтайшаларының арасына бірге құйылып жасырылған есірткінің ірі партиясы Ауғанстанда жасалып, Солтүстік Америкаға жөнелтілгені анықталды [292].

Наркотрафикпен күресу мәселесі ұйымдасқан қылмыс және трансшекаралық контрабандамен тығыз байланысты. Әлеуметтік

қауіпсіздікке қатысы бар келесі бір қауіп-қатер – Орталық Азия және басқа мемлекеттер азаматтарының Қазақстан территориясына миграциясы болып саналады.

Қазіргі уақытта, заңсыз миграция – әлемнің көптеген мемлекеттерінің алдында тұрған мәселе. Мемлекеттер экономикалық даму деңгейдің әртүрлі сатысында болғандықтан, адамдардың көпшілігі экономикасы жақсы дамыған мемлекеттерге барып табыс табуға, кез-келген жұмысты атқаруға дайын. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанда 2013 ж. қорытындысы бойынша заңсыз еңбек мигранттарының саны 300 000 адамды құраған [293]. Бұл әсіресе Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан мемлекеттерінің азаматтары болып табылады. Сонымен, 2013 ж. үшін Қазақстанда шетел азаматтарының өмір сүру ережелерін бұзған 99298 адам әкімшілік жауапкершілікке тартылған, бұл көрсеткіш 2012 ж. салыстырғанда 11,7 % өскен [294].

Қазақстан Республикасының ішкі істер министрінің миграциялық полиция департаментінің төрағасы С. Саиновтың мәлімдеуі бойынша 2013 ж. миграциялық заңды бұзғаны үшін 3402 шетел азаматы елден шығарылған, сонымен бірге, осы жылы миграциялық заңды бұзғаны үшін 272 қылмыстық іс қозғалған, бұл көрсеткіш 2012 ж. салыстырғанда 34 % өскен [295]. Біздің ойымызша, мұның өзі Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатердің бірден бір көрінісі болып табылады.

Экологиялық қауіпсіздік. Экологиялық қауіпсіздік Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің негізгі стратегиялық компоненттерінің бірі және мемлекеттік артықшылықтардың маңызды аспектісі болып саналады.

Көптеген отандық және шетелдік зерттеушілердің пікірінше қоршаған ортаның ластануы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму жолындағы бірден-бір кедергі болып саналады. Республикада қалыптасқан ауыр радиациялық жағдай әртүрлі аурулардың санының өсуіне, онкологиялық аурулардың, иммундық жүйенің бұзылуы салдарынан адам өліміне алып келуде.

Қазіргі уақыттағы өзекті экологиялық мәселелердің бірі Қазақстан Республикасының су ресурстарының жағдайы болып саналады. Су ресурстарының бар болуы және жағдайы елдің экономикалық дамуына ықпал ететін өмірлік маңызды фактор болып табылады. Сонымен бірге Қазақстан Республикасындағы су ресурстарының сапасы мен жағдайы айтарлықтай нашарлауда және қарқынды түрде ластануы қоршаған ортаға кері әсерін тигізеді. Мысалы, Шу өзенінің ластануының негізгі қайнар көзі Қырғызстанның өнеркәсіп орындарының ағынды сулары болып табылады.

Өзбекстанның тарапынан Сырдария өзенінің су бөгеттерінің кеңейтілуі Қазақстан мен Өзбекстанның күрделі экологиялық мәселесінің бірі болып отыр. Өзбекстан тарапынан су бөгеттерінің қысқартылуы хайуанаттар мен өсімдік әлемінің кеңеюі, дем алу органдарына байланысты халықтың ауру санын қысқаруы сияқты бір қатар әлеуметтік-экономикалық және экологиялық мәселелердің шешілуіне мүмкіндік береді.

Қытай жағынан Қазақстанның территориясы арқылы 23 трансшекаралық өзен ағып өтеді. Қазіргі кезеңде су ресурстарын қолдану саласы бойынша екі жақты қазақ-қытай қатынастарының негізгі проблемалық жағдайы Қытай территориясындағы Іле мен Ертіс өзендерінің су бөгеттерінің ұлғаю мәселесі болды. Қытай тарапының Іле мен Ертіс өзендерінің су ресурстарын пайдалануды кеңейте түсуі, Қазақстан үшін бірқатар әлеуметтік-экономикалық және экологиялық сипаттағы салдарын көрсетеді. Олардың ішінен, шынайы су тепе-теңдігінің және Зайсан мен Балқаш көлдері аймағындағы табиғи теңдіктің бұзылуы, қоршаған ортаның ластануы, балық шаруашылығына зақым тигізу, аулышаруашылық дақылдарының шығымдылығын атап көрсетуге болады.

Сонымен, жоғарыда аталған экологиялық қауіпсіздіктің қауіп-қатерлерінің кең спектрі қоршаған ортаға төнетін қауіптің алдын алу мен жоюға бағытталған іс-шаралардың ұлттық, аймақтық, болашақта жаһандық жүйелерін бірінғай механизмге қосу қажеттігін көрсетеді.

Экономикалық қауіп-қатерлермен бірге, қазіргі уақытта Қазақстанның *ақпараттық қауіпсіздігіне* төнер қауіп-қатер

деңгейі жоғары. Бұл, ең алдымен, Қазақстанның тұрақсыздығына қатері – дайын ақпараттық өнімнің импортына деген тәуелділігіне байланысты. XX ғасырдың аяғында ақпарат кеңістігін, ақпарат алмасуын XXI ғасырдағы ақпарат толқынымен, ақпараттың таралу деңгейімен салыстыруға келмейді. Оның көрінісін мынадан көруге болады: 1998 жылғы заңда «ақпараттық қауіпсіздік – мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен қоғам мүдделері қорғалуының жай-күйі» деп көрсетілсе, 2012 жылғы заңда «ақпараттық қауіпсіздік – елдің орнықты дамуы және ақпараттық тәуелсіздігі қамтамасыз етілетін, ақпарат саласындағы нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен мүдделерінің, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі» деп көрсетіледі, сонымен қоса ақпараттық инфрақұрылым – ақпаратты қалыптастыру, жасау, өзгерту, өңдеу, беру, пайдалану және сақтау техникалық құралдары мен жүйелерінің жиынтығы; ақпараттық кеңістік – жеке және қоғамдық санаға, ақпараттық инфрақұрылым мен ақпараттың өзіне де ықпал ететін, ақпаратты қалыптастыруға, жасауға, өзгертуге, өңдеуге, беруге, пайдалануға, сақтауға байланысты қызмет саласы деген негізгі ұғымдармен толықтырылған. 1998 жылғы ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы заңда ақпараттық қауіпсіздік ұғымының 2 рет [18], 2012 жылы 5 рет [19] қайталанғандығы қазіргі уақытта ақпараттық қауіпсіздік қауіп-қатерлері күшейе түскендігін көрсетеді. Атап айтсақ жағымсыз қоғамдық ой қалыптастыруға бағытталған дезинформация, мемлекеттік, қорғаныс, банктік, коммерциялық басқару салаларындағы қолданылатын байланыс каналдарының әлсіз техникалық қорғалғандығы, ақпараттық, телекоммуникациялық технологиялардың төменгі сапасы, ақпараттық ресурстардың санының артуы және жаңа технологиялық мүмкіндіктердің пайда болуы, БАҚ арқылы мәдени және идеологиялық экспансияның күшеюі сияқты мәселердің көрініс табуы ақпараттық қауіпсіздікті күшейте түсуді міндеттейді. Ақпараттық тәуелділіктің бағыныштылығы одан әрі артып келеді. Соған қарамастан отандық БАҚ-тан тарайтын

акпарат ресурстарының жеткіліксіздігі және ондағы таратылымның көп бөлігі ресейлік акпарат екендігін байқай аламыз.

Сондықтан да жоғарыда көрсетілен Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлердің алдын алу, онымен күресудің аймақтық деңгейі және ШЫҰ өте маңызды.

Қазақстан Республикасы ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастыққа үлкен назар аударады. Тарихи, әлеуметтік-экономикалық және саяси себептерге байланысты Қазақстан тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Орталық Азия мемлекеттерімен екі жақты және көп жақты келіссөздерді жүргізуге стратегиялық тұрғыдан қызығушылық танытады.

Қазақстан өзінің ұлттық қауіпсіздігінің жүйесін өңдеу барысында ядролық қуаты бар екі ұлы державаның (Ресей мен Қытай) түйісінде орналасқан және бір жағынан еуропалық, екінші жағынан азиялық өркениеттерге жақын орналасқан геосаяси факторларды ескеру өте маңызды.

Сонымен бірге, Қазақстанның шығыс-мұсылман аймағы мен Ресейдің арасындағы буферлік жағдайда бола отырып, ШЫҰ аймағындағы мемлекетаралық қарым-қатынаста саяси жетекшілік пен өзіндік ұстаным ұстауға мүмкіндігі бар. Осы тұрғыдан алғанда, қауіпсіздік интегративті функция атқаратын болғандықтан және саясаттың тиімділігі жеке тұлғаның, топтың және мемлекеттің қауіпсіз даму жағдайын жүзеге асыру призмасы арқылы қарастырылатын болғандықтан қауіпсіздіктің геосаяси аспектісіне назар аудару маңызды.

1998 ж. 26 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік» туралы Заңында сыртқы қауіпсіздікке «Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің шет мемлекеттер, шетелдік ұйымдар мен азаматтар тарапынан туындайтын қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі» [18] деп анықтама берілген.

Ал, 2012 жылы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңының «Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуы» деп аталатын 25-ші бабында «Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздіктің халықаралық кепілдіктерін алу мақсатында

ұлттық қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі болып табылатын халықаралық (жаһандық, өңірлік) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысады» деп анықталып, Қазақстан Республикасының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметі ретінде төмендегілер көрсетілген [19]:

1) жаһандық бейбітшілік тәртібін қалыптастыру мәселелерінде Қазақстанның рөлін нығайтуды;

2) Қазақстанның геосаяси айналасында ұжымдық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін қалыптастыру мен нығайтуды;

3) қызметі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мүдделеріне сай келетін халықаралық ұйымдар мен форумдарға қатысуды;

4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес елден тыс жерлерде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларға қатысуды;

5) қажет болған жағдайларда шекаралас мемлекеттермен бірлесіп, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мәселелерді шешуді;

6) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі мүдделеріне сай келетін халықаралық шарттар жасасуды көздейді.

Осы тұрғыдан алғанда, ШЫҰ қауіпсіздік саласындағы тиімді аймақтық ұйым ретінде қарастыруға болады. Қазақстан Республикасы Ресей және Қытаймен қатар ШЫҰ құрылуына қызығушылық танытқан болатын, себебі бұл Ұйым Қазақстанның аймақтағы күш тепе-теңдігін сақтап тұруға және көп векторлы сыртқы саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасы өзінің сыртқы саяси стратегиясында өзін «орта-азиялық интегратор» ретінде ұстаным ұстауға ұмтылуда, ал Қазақстанның бастамаларының бірқатары, тәжірибе көрсеткендей, ШЫҰ шеңберіндегі серіктестері тарабынан оң түрде қабылдануда. Сондықтан да Қазақстанның ШЫҰ-на мүше болуы оның ұлттық мүдделеріне сай келеді. Бұл бәрінен бұрын, екі негізгі мемлекет – Қытай мен Ресейдің арасында орналасқан геосаяси жағдайымен ерекшеленеді. Қазақстанның ШЫҰ-на қатысуы діни экстремизм және терроризммен күресу мәселелері бойынша ынтымақтастық саласымен өзекті болып отыр.

2009 ж. 15–16 маусымда Екатеринбургте (Ресей) Шанхай интымақтастығы ұйымының кезекті саммитінде Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев радикалды жаңару деп аталатын жоспарды іске асыру үшін ЕурАзЭҚ, ШЫҰ және ЕуроОдақтың бірігуін ұсынды. Қазақстанның сыртқы саясаты осындай одақ құруға деген талпынысты қолдайды. Келесі жылдан бастап Республика ЕҚЫҰ төрағалық етті. ҚР Президенті халықаралық ұйымдар шеңберінде өз саясатының негізгі басымдықтарын атап өтті: ең бірінші, Қазақстан Еуразия арқылы көлік коридорының жобасын іске асыруға ұмтылады, ал екіншіден, ЕҚЫҰ төрағасы ретінде Қазақстан НАТО және ШЫҰ, ЕҚЫҰ және АӨСШК араларындағы қауіпсіздік саласында диалогты орнына келтіруге мүдделі. Бұдан басқа Қазақстан Президенті валюталық-қаржылық бірлестіктердің мәселелерін талқылауды ұсынды. «Қазір ЕурАзЭҚ елдерінде ШЫҰ сияқты гендік ақаулы әлемдік валютаның біздің еліміздің экономикасына дағдарыстың жүктемесін барынша азайту үшін барлық негіздер бар – деп атап көрсетті Н.Ә. Назарбаев. «Біз валюталық-қаржылық интеграциялық бірігуді құруға іс жүзінде кірісуіміз керек. Оның ішіне өзінің меншікті бірыңғай мемлекетаралық ұлттық ақшасыз есеп айырысудың тұрақты есептік төлем бірлігі енгізілуі мүмкін». Н.Ә. Назарбаев «Постиндустриалды қоғамды қалыптастыру стратегиясы және өркениеттер серіктестігі» атты соңғы кітаптарының бірінде ШЫҰ қызметін және ондағы Қазақстанның рөлін талдайды. Президент халықаралық қауіпсіздікті, терроризммен, сепаратизм және экстремизммен күресті қамтамасыз етудегі ұйымның маңызын ерекше атап көрсетеді, сондай-ақ өндірістік циклі бар ұлтаралық кластер құру және тұтас аймақтық-көліктік жүйе құрудың жаңа мүмкіндіктерін көрсетеді. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев ШЫҰ ислам, христиан және конфуциялық өркениетті өзара байытуға мүмкіндік беретініне сенімді [4, 69 с.].

2011 жылы 15 маусымда Астана қаласында ШЫҰ құрылуының он жылдығына арналған мерейтойлық саммит өткені мәлім. Ұйым үшін осындай маңызды іс-шараның Қазақстанда өтуі – ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халықаралық сахнадағы жоғары беделінің, ШЫҰ-ның құрылуы

мен қалыптасуына қосқан ерекше үлесінің, сондай-ақ, Қазақстанның саяси, демократиялық, әлеуметтік-экономикалық, индустриалды және рухани дамуда қол жеткізген қомақты жетістіктерін мойындау болып табылатыны айғақ. Саммитті өткізердің алдында Қазақстан тарапы бір жыл бойы ШЫҰ-ға төрағалық етіп, ұйым аясында 120 маңызды іс-шараларды өткізіп, бұрын соңды болмаған жетістіктерге қол жеткізді. Осы мерзім ішінде атқарылған жұмыстың арқасында мемлекет басшыларының отырысына Қазақстан тарапының ұйымдастыруы және тікелей басшылық етуінің арқасында терең мазмұнды, саликалы құжаттардың топтамасы дайындалды. ШЫҰ он жылдығының Астана декларациясында [35] өткен кезеңде атқарылған жұмыс сарапталып, келешекке деген бағыт-бағдар белгіленді. Отырыста ШЫҰ он жыл ішінде халықаралық және аймақтық жағдайдың терең өзгерулеріне қарамастан өзін тату-көршілік, достық және серіктестік қатынастарды тереңдетудің маңызды тетігі, сондай-ақ, түрлі өркениеттер арасындағы үнқатысудың үлгісі, халықаралық қатынастарды демократияландыруға бағытталған дүниежүзілік талпыныстардың белсенді факторы ретінде көрсете білді деп қорытындыланды. ҚР Президенті осы отырыста сөйлеген сөзінде Қазақстанның ШЫҰ аясындағы өзара әрекеттесуге мүдделілігін тағы да баса айтып, Ұйымның жұмысын одан ары жетілдіру мәселелеріне ерекше назар аударды. Ол ШЫҰ жұмысына жан-жақты талдау жасап, жалпы өзінің оң бағасын бере отырып, Ұйымның келешектегі басымдықтарын қазіргі замаңғы түрлі қауіп-қатерлердің алдын алуға бағыттау қажеттілігіне тоқталды.

Ұйымға мүше мемлекеттерінің сарапшылары Қазақстан Президентінің аймақтық және өңірлік дауларды шешу жөніндегі кеңесті, ғаламтордағы қылмыскерлікпен күресу жөніндегі «Киберпол» сынайлы арнайы органды, ШЫҰ Болжамдау орталығын, Көліктік-инфрақұрылымдық интеграция жөніндегі комитетін және Су-энергетика комитетін құру туралы саммитте жасаған тың бастамалары стратегиялық сипатқа ие Ұйымның одан ары нығаюына ерекше маңызы бар көрегендік ұсыныстар деп бағалады. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың мерейтойлық саммитте «ШЫҰ-ның бірегейлігі мен тартымдылығының себебі

өзінің саяси–дипломатиялық істерінің ептілігіне және оларды ШЫҰ аясындағы ынтымақтастық Қазақстан басымдықтарының бірі өз мақсаттарына икемдеудегі қадамдарына байланысты. ШЫҰ–ға мүше елдердің бәрі де аумақтарының, тарихы мен мәдениеттерінің әртүрлілігіне карамастан, тең және бірдей дауысқа ие. ШЫҰ–ның нақ осы қасиеті әлемде қызығушылық тудыруда. Сондықтан да әлем біздің Ұйымымыздан үлкен үміт күтеді» [48], – деген тұжырымы ШЫҰ қызметінің түйіні деуге келеді.

2012 жылы 7 маусымда Бейжіңде өткен ШЫҰ–ның кезекті Саммитінде қабылданған құжаттарды дайындау барысында ҚР Президентінің бастамаларын іске асыру мақсатында Сыртқы істер министрлігімен үлкен жұмыс атқарылды. Отырыстың нәтижесі бойынша бекітілген Орта мерзімді болашаққа бағытталған ШЫҰ даму стратегиясының негізгі бағыттары атты құжатқа бұл сұрақтарды одан ары пысықтауға қажетті негіз қаланды. Сыртқы істер министрлігінің басты міндеті – екі жақты негізде және ШЫҰ іспеттес көпжақты құрылымдар аясында ҚР Президентінің сыртқы саяси бағытын іске асыру, Қазақстанның егемендігін, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын және шекараларының мызғымастығын, оның басқа мемлекеттермен өзара қарым–қатынастардағы және халықаралық сахнадағы саяси, сауда–экономикалық және өзге де мүдделерін дипломатиялық құралдар мен әдістер арқылы қорғауды қамтамасыз ету болғандықтан СІМ ұжымы бұл сұрақтарды өзінің күнделікті жұмысында басшылыққа алып, Қазақстанның халықаралық істердегі беделін одан ары арттыру мақсатында аянбай еңбек атқаруда.

2013 ж. 13 қыркүйекте Бішкекте өткен ШЫҰ саммитінде мүше мемлекеттердің арасындағы өзара байланысты тәжірибе жүзінде дамытудың негізгі тәсілдері көрсетілген Бішкек деларациясына қол қойылды [36]. Бішкек саммитінде ШЫҰ кеңістігінде өмір сүретін халықтардың мүддесін ескере отырып, ғылыми–техникалық, мәдени–гуманитарлық салалардағы достық қарым–қатынасты одан әрі нығайтуға, мәдениетаралық диалогты дамытуға мән берді.

2017 ж. Астанада өткен ШЫҰ мүше-мемлекеттері ел басыларының Саммитінде кол қойылған экстремизмге тойтарыс беру жөніндегі Конвенция жаңа қауіп-қатерлерге қарсы күресу жөніндегі халықаралық-құқықтық базаның нығайтуына алып келді. Аталған Конвенция ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің қауіпсіздігін нығайтуға бағытталды [296, с.97].

2018 ж. 10 маусымдағы Циндаода қабылданған ШЫҰ Декларациясының үлкен бөлімі қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне арналған. Декларацияның мазмұнын талдаудың негізінде ШЫҰ мүше мемлекеттерінің 2019-2021 жылдарда терроризм, экстремизм және сепаратизмге тойтарыс беру жөніндегі ынтымақтастық Бағдарламасын жүзеге асыруға басты наазар аударылғандығын анықтауға болады. Сонымен бірге, Декларацияда 2017 ж. 9 маусымда Астанада қабылданған экстремизмге тойтарыс беру жөніндегі ШЫҰ Конвенциясының күшіне енуін тездету қарастырылған.

Декларацияда 2017 ж. 11 қазанда Мәскеуде және 2018 ж. 28 мамырда Пекинде өткен «ШЫҰ-Ауғаныстан» Байланыс тобының отырыстарының қорытындыларын атап және Ауғаныстан реттеуі жөніндегі диалог пен ынтымақтастық механизімі жұмыстарын одан әрі белсендетуге ынта білдірген.

Сонымен бірге Декларацияда 2018 ж. 27 наурызда Ташкентте өткен Ауғаныстан бойынша жоғары деңгейдегі «Бейбітшілік үрдісі, қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық және аймақтық байланыс» атты Халықаралық конференцияның қорытындыларын Ауғаныстандағы бейбітшілік пен тұрақтылықты қайта қалпына келтіру үрдісіне қосқан маңызды оң үлесі ретінде қабылдағандығын айқындауға болады.

Декларацияның ерекшелігі ретінде құжаттың мазмұнында ШЫҰ мүше мемлекеттерінің Интернет желісі арқылы таралатын террористік идеологияның таралуына және насихатталуына қарсы күресу жөніндегі ынтымақтастықты нығайтуға деген қадамдарын атап көрсетуге болады. Сонымен қатар, Декларацияда 2017 ж. Қытайда өткізілген «Сямнь-2017» аталатын террористік, сепаратистік және экстремистік мақсаттарында Интернет желісін қолдануға тойтарыс беру бойынша антитеррористік жаттығуларға жоғары баға берілген.

Сонымен бірге 2018 ж. 10 маусымдағы Циндао Саммитінде ШЫҰ мүше мемлекеттерінің «Ұзақ мерзімді достық және ынтымақтастық жөніндегі» Келісім шарттың ережелерін жүзеге асыру үшін 2018-2022 жылдардағы әрекет ету Жоспары және 2019-2021 жж.терроризм, экстремизм, сепаратизмге тойтарыс беру жөніндегі ынтымақтастықтың Жоспары қабылданды. Сонымен бірге аталған Саммите ШЫҰ мүше мемлекеттерінің басшылары 2023 ж.дейінгі ШЫҰ-ның антинаркотиктік стратегиясын бекітті. Біздің пікірімізше, аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын аталған құжаттардың қабылдануы қазіргі кезеңдегі ШЫҰ-ның аймақтық қауіпсіздік саясатының ерекшелігін көрсетеді.

Сонымен, Қазақстанның ұлттық қауіпсіздік мәселесі мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Ол аймақтық саясаттың кез-келген мәселесімен тығыз байланысты. Аймақтық деңгейдегі терроризм, діни экстремизм, сепаратизм секілді қазіргі заманғы қауіп-қатерлер мен бой көрсетулер мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіруде. Сонымен бірге заңсыз есірткі және қару-жарақ саудасы, заңсыз миграция, адам саудасы және ұйымдасқан қылмыс та Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің басты мәселелеріне айналды. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық-нормативтік негізі қалыптасқанымен, соңғы кездердегі қауіп-қатерлер мен бой көрсетулер мемлекеттерді бірлесе қарсы тұруға итермелейді. Осыған орай, ортақ мәселелерді шешу жолындағы интеграциялық үдерістерді кеңейту және әлемдік қоғамдастықтың іс-әрекетін үйлестіру мақсатында мемлекеттер өздеріне ерікті түрде міндеттемелер алып, өздерінің кейбір қызметтері мен өкілеттіктерін ұлттық биліктен жоғары деңгейде әрекет жасайтын халықаралық ұйымдарға (ШЫҰ) беруі заман талабына сай келеді. Қазақстан Республикасы өз дамуына негізделген ұлттық саясатты айқындап, ұлттық саясаттың басты ұстанымын – ұлттық құндылықтар негізінде экономикалық, саяси, рухани тәуелсіздігін, ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және аумақтың біртұтастығын мәңгі сақтауға негіздейді. Бүгінгі күні Қазақстан халықаралық алаңда тұрақтылықтың

негізін қалаушы елдердің бірі десе де болады. Ол халықаралық қатынастар жүйесінде өзекті әлемдік және аймақтық мәселелерді шешуге, жаңа әлемдік тәртіпті құру ісіне белсенді түрде араласуда. Өзімен іргелес жатқан елдермен шекара мәселелерін толыққанды айқындаудың негізінде оны халықаралық шарттармен бекітіп, көршілес және әлемнің жетекші елдерімен достық және өзара пайдалы ынтымақтастық қатынастарын орнатты.

Қазақстан Республикасы өзінің сыртқы саяси қызметін жүзеге асыру барысында барлық мемлекеттермен ынтымақтастық және достық қатынастарды дамыту саясатын, сонымен қатар халықаралық құқық нормалары мен принциптерін құрметтеуді ұстанады (ҚР Конституциясының 8 бабы). Мұнан басқа, ҚР Конституциясы Қазақстан Республикасы қызметінің келесі негізгі принциптерін бекітеді: 1) қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық; 2) экономикалық даму (ҚР Конституциясының 1 бабы).

Сондықтан, ШЫҰ қызметі Қазақстан Республикасының мүдделеріне (қызығушылықтарына) толықтай сәйкес келетіндігін атап көрсетуге болады, себебі мемлекеттің ішкі тұрақтылығын және экономикалық дамуын қамтамасыз ету жаһандық/аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және көрші мемлекеттермен сауда-экономикалық қатынастарды дамытумен тығыз байланысты.

Осы тұрғыдан алғанда ШЫҰ өзінің дамуының кемшіліктері мен жетістіктеріне қарамастан және қауіпсіздіктің аймақтық кешенін құрап, Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторы болып саналады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазіргі кезеңде жаһандану сипатымен, әлемдік жүйенің жаңа ұйымдастырушылық түрінің қалыптасуымен, бейбіт саяси қарым-қатынастың пайда болуымен, саяси және әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа қарама-қайшылықтарымен байланысты әлемдік трансформацияның контекстінде «қауіпсіздік» түсінігін қайта түсіндірмесіне ықпал еткен бірқатар құбылыстар қалыптасты. Мұндай қайта бағалау қауіпсіздік саласына халықаралық қатынастардың жаңа акторларынан шығатын дәстүрлі қауіп-қатермен қатар дәстүрлі емес жаңа қауіп-қатерлерді және халықаралық жүйедегі мемлекеттердің өзара тәуелділігінің өсуі және жаһандану үрдісімен байланысты әскери емес қауіп-қатерлерді жатқызудан көрінді. Жаңа және дәстүрлі емес қауіп-қатерлер жүйелік сапасы және дәстүрлі әскери қауіп-қатерлерге қарағанда мемлекетке ықпал ету сипатымен ерекшеленеді. Олардың ерекшелігі, бұл қауіп-қатерлер мемлекетті «жойып» жібермейді, бірақ оны эрозияға ұшыратады. Аталған қауіп-қатерлердің көрінісі трансшекаралық құрамдас бөлікке ие. Трансұлттық сипатқа қарамастан, қауіпсіздіктің дәстүрлі емес қауіп-қатерлері ұлттық мемлекеттердің шекарасынан шығып, ортақ жаһандық құбылысқа айналған жоқ, аймақтық деңгейде анық көрінді. Сондықтан, жаһандық мәселелер мен дәстүрлі емес қауіп-қатерлер аймақтардың деңгейінде маңызға ие болды, себебі олардың көрінісі дәл осы деңгейде айқын көрінеді және аталған қауіп-қатерлерге тойтарыс берудің күш-жігерін біріктірудің мүмкіндіктері туған.

Ұлттық және аймақтық қауіпсіздіктің әртүрлі теориялық және саяси концепциялары (кооперативті қауіпсіздік концепциясы, адамзат қауіпсіздігінің концепциясы, демократиялық әлем теориясы, ортақ қауіпсіздік концепциясы, интегративті қауіпсіздік концепциясы, қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясы) қазіргі заманғы қоғамның өмір сүруінің әртүрлі салаларындағы қауіпсіздіктің жаңа қауіп-қатерлерінің пайда болуымен және оларға тойтарыс берумен сипатталатын

қауіпсіздік категориясының мазмұнына сапалы зерделеудің талпыныстарын көрсетті.

Зерттеу жұмысының бірінші тарауында қарастырылған материалдар қауіпсіздіктің аймақтық кешені теориясын қазіргі уақыттағы ең өңделген теория екендігін көрсетті. Бірақ, бұл теория қауіпсіздіктің әскери–стратегиялық мәселелерін және аймақ мемлекеттерінің бірін–бірі «дұшпан–дос–бәсекелес» ретінде қабылдауын талдауға негізгі екпін жасалғандықтан, қауіпсіздік саласындағы қазіргі заманғы тенденцияларды ескермейді, сондықтан бұл тенденциялардың аймақтық өлшемдері жөнінде сайма–сай көрінісін қалыптастырмайды. Бұл тенденцияны, әсіресе, қазіргі уақытта бір жағынан, экономикалық тұрғыдан дамып жатқан, ал екінші жағынан, өзінің даму ерекшеліктеріне байланысты жаңа қауіп–қатерлердің кешеніне тап болған ШЫҰ мысалында көруге болады. Сондықтан, бұл аспект қауіпсіздіктің жаңа аспектілерін ескере отырып, қауіпсіздіктің аймақтық кешені түсінігін қайта бағалау бағытында ескеруді талап етеді.

Зерттеу жұмысының екінші тарауында қарастырылған дәлелді материалдар дәстүрлі әскери–стратегиялық мәселелермен қатар қауіп–қатер шкаласы бойынша топтастырылатын дәстүрлі емес қауіпсіздік мәселелері бар болып саналатын ШЫҰ қауіпсіздіктің бірыңғай аймақтық кешені ретінде қарастырыла алатындығын көрсетті.

ШЫҰ–ның қауіпсіздік саясатының дамуының үш кезеңін бөліп көрсетуге болады: 1996–2001 жж. аралығында қауіпсіздік жөніндегі дәстүрлі көзқарасты негізге ала отырып, дипломатиялық тәсілдердің негізінде, Орталық Азия мемлекеттерінің арасындағы территориялық мәселелерді шешуге бағытталумен сипатталады. ШЫҰ мүше–мемлекеттерінің шешім қабылдаудың консенсустық механизмін таңдауы 1996–2001 жж. территориялық мәселелерді шешіп және бұрынғы кеңес–қытай шекарасындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Территориялық дипломатиялық үрдістермен қатар аймақ елдерінің сыртқы саяси бағыттарының трансформациялануы жүреді. Жаңа ХХІ ғасырдың басына қарай Ресей мен Қытай

арасындағы қарым–қатынастар стратегиялық серіктестік деңгейіне жетеді.

Сонымен бірге, бұл кезеңде Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың еуразияшылдық идеясы теориялық тұрғыдан қалыптасады. Осы екі фактор «Шанхай бестігінің» институционализациялануында маңызды рөл атқарды.

ШЫҰ–ның қауіпсіздік саясаты дамуының екінші кезеңі 2001–2006 жж. деп көрсетуге болады. Бұл кезеңдегі көпжақты аймақтық ынтымақтастықтың катализаторы Орталық Азия мемлекеттерінің саяси тұрақтылығына қауіп–қатер төндіретін радикалды ислам топтарының белсенділігімен қатар жүрген Ауғанстандағы шиеленістің ушығуы болды.

Бұл кезеңде ШЫҰ қауіпсіздік саясатының маңызды түзетулері байқалады және бұл Ұйымның негізгі құжаттары мен мүше–мемлекеттердің әрекеттерінде көрінді. ШЫҰ–ның ұлттық–мемлекеттік мүддені қорғауға бағытталған саясаты қауіпсіздіктің дәстүрлі түсіндірмесінен адам қауіпсіздігіне (терроризм, экологиялық апаттар, инфекциялық аурулардың тарауы, қару мен есірткі заттарының заңсыз айналымға енуі, заңсыз миграция т.б.) төнетін қауіп–қатерлерді жоюға бағытталған концепцияға өту байқалады.

2006 ж. бастап ШЫҰ қауіпсіздік саясатының күн тәртібінде бағыттардың айтарлықтай өзара қарым–қатынасы байқалады. «Шанхай үрдісінің» шеңберінде гуманитарлық қауіпсіздік мәселесі белсенді түрде өңделе бастады.

2009 ж. бастап денсаулық сақтау мен инфекциялық аурулар мәселесіне назар қойылады. ШЫҰ шеңберінде алғашқы ұйымдастырушылық қадамдары жасалды: аталған сала бойынша ынтымақтастықтың архитектурасын анықтайтын екі резолюцияға қол қойылды. ШЫҰ–ның денсаулық сақтау саласындағы бастамалары адам қауіпсіздігін дамытудың, халықтың өмір сүру деңгейін жоғарлатудың, сапалы медициналық қызметке деген қол жетімділіктің дамуы үшін негіз бола алады.

2006 ж. бастап ШЫҰ–ның қауіпсіздік концепциясы тек қана ұлттық қауіпсіздік пен мемлекетті қорғау мәселелерін емес, сонымен бірге адам қауіпсіздігінің айналасына шоғырландырылған гуманитарлық бағытқа ие бола бастайды.

Бірақ, ШЫҰ–ның жеке тұлға қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қызметі кең бағыт спектры бойынша жүргізілуіне қарамастан, адам қауіпсіздігі мәселесіне деген таңдау (сайлау) тәсілі сақталып отыр. Жек тұлға қауіпсіздігінің көптеген мәселелері ШЫҰ–ның құжаттары мен резолюцияларынан тыс қалып қойған. Қалыптасқан жағдайда ШЫҰ–ның қауіпсіздік саясатының ұзақ мерзімді болашақтағы Орталық Азияның қауіпсіздік жүйесінің концептуалдық негізінің жақсы мүмкіндігі бола алатын human security концепциясына жақындауын көруге болады. ШЫҰ қауіпсіздік саясатының гуманитарлық векторының одан әрі дамуы қауіпсіздік қызметінің аймақтық нарығындағы ұйымның идентификациясының негізі бола алады.

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік мәселесі мемлекеттің өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Бұл аймақтық саясаттың кез келген мәселесімен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта әр елдің даму барысында халықаралық саясаттың қауіпсіздік саласындағы көптеген өзекті мәселелері алдыңғы орынға шығуда. Мәселен, терроризм, діни экстремизм, сепаратизм секілді қазіргі заманғы қауіп–қатерлер мен бой көрсетулер мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіруде. Сонымен бірге заңсыз есірткі және қару–жарак саудасы, заңсыз көші–қон, адам саудасы және ұйымдасқан қылмыс та Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің басты мәселелеріне айналды. Осы тұрғыдан алғанда, ШЫҰ маңызды болып саналады.

ШЫҰ шеңберіндегі қауіпсіздіктің аймақтық кешенінің интеграциялық үрдістерінің дамуының басты мәселесі – бірізділіктің болмауы және ұйымға мүше–мемлекеттердің қызығушылықтарының әртүрлі бағытта болуы саналады. Шанхайлық бірізділіктің қалыптасуы күрделі әрі қарам–қайшы үрдіс. Шанхай мәдени құндылықтары үш әртүрлі діннің (орталық–азиялық, ресейлік және қытайлық) негізінде құрылып жатыр.

Бүгінгі таңда ШЫҰ алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі ұйымның кеңеюі мәселесі саналады. ШЫҰ кеңею тақырыбы 2004–2005 жж. Моңғолия, Пәкістан, Үндістан және Иран

бақылаушы–мемлекет мәртебесін алған кезеңнен бастап өзекті бола бастаған болатын.

2017 ж. Астанада өткен ШЫҰ мемлекет басшыларының Саммитінде Үндістан мен Пәкістанның ШЫҰ-ға қабылдану рәсімінің аяқталғандығы және екі мемлекетке ШЫҰ мүше-мемлекеттерінің мәртебесін беру жөніндегі құжаттарға қол қойылды. ШЫҰ-на Үндістан мен Пәкістанның мүше болуының нәтижесінде ШЫҰ географиялық тұрғыдан алғанда Арктикадан Үнді мұхитына дейінгі және шығыста қытайлық Ляньюньганнан бастыта Калининградқа дейінгі территорияны қамтиды. Арине, Үндістан мен Пәкістанның ШЫҰ мүше болып кіруінің оң жақтарымен қатар қайшылықтары да бар. Себебі, өзімізге белгілі екі мемлекеттің арасындағы Кашмир мәселесі орын алған. Сондықтан ендігі кезекте ШЫҰ осы Кашмир мәселесін шешудің алаңына айналуы тиіс. Мұнан басқа, ШЫҰ-ның тұрақты мүшелерінің – Қытай мен Ресейдің ұстанымдары бір емес, егер Ресей Үндістанды қолдаса, Қытай Пәкістанға қолдау білдіреді. Мұның өзі ШЫҰ ішінде кейбір қиындықтарды тудыруы мүмкін. Ал, Моңғолия Ресей, Қытай және Батыс арасындағы тепе-теңдік саясатын ұстанып отыр. Моңғолия Азиядағы посткоммунистік демократиялық мемлекет бола отырып, АҚШ-қа бағытталған сыртқы экономикалық саясатты ұстанады. Осындай үрдістердің бар болуы ШЫҰ-ның тиімді жұмыс жасауына кедергілер келтіруі мүмкін.

Жалпы алғанда ШЫҰ-ның халықаралық аренада және Орталық Азияда қауіпсіздік мәселесімен айналысатын ойыншы-наватор ретінде рөл атқаруға және аймақтағы тұрақтылықты қамтамасыз етудің оң тәсілдерін ұсынуға қабелті бар деген қорытынды жасауға болады.

ШЫҰ-ның бейбітшілікті, тұрақтылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша субаймақтық ынтымақтастықтың жаңа жүйесі ретінде қалыптасуы мен дамуында Қазақстан маңызды рөл атқарды. Ұйым шеңберіндегі ынтымақтастықтың механизмдерін жетілдіру бойынша Қазақстанның бастамалары ШЫҰ Астана декларациясында көрсетілген.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Назарбаев Н.А. Стратегия независимости. – Алматы: Атамұра, 2010. – 324 с.

2 Назарбаев Н.А. Стратегия становления постиндустриального общества и партнерства цивилизации. – М.: Экономика, 2008. – 398 с.

3 Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на 47-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН. НьюЙорк, 5 октября 1992 // http://www.s-cica.org/page.php?page_id=364&lang=2&parent_id=82

4 Назарбаев Н.А. Казахстан – 2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента страны народу Казахстана. – Алматы: Билим, 1997. – 256 с.

5 Назарбаев Н.А. «Стратегия «Казахстан–2050»: новый политический курс состоявшегося государства» // <http://www.akorda.kz/>

6 Buzan B., Wæver O., de Wilde J. Security: A New Framework For Analysis. – Boulder, CO: Lynne Rienner, 1998. – 239 p.

7 Neumann I. Identity and the Outbreak of War: Or Why the Copenhagen School of Security Studies Should Include the Idea of ‘Violisation’ in its Framework of Analysis // The International Journal of Peace Studies. – 1998. – № 3 (1). – P. 7–23.

8 Buzan B., Wæver O. Regions and Powers: The Structure of International Security. – Cambridge: Cambridge University Press, 2003. – 564 p.

9 Wæver O. Securitization and Desecuritization // On Security / ed. by R. Lipschutz. – New York: Columbia University Press, 1995. – P. 46–86.

10 Kaplan M. System and Process in International Politics. – New York: John Wiley, 1957. – 283 p.

11 Waltz K. Man, the State and War. – New York: Columbia University Press, 1959. – 263 p.

12 Singer D. International Conflict: Three Levels of Analysis // World Politics. – 1960. – N 12 (3). – P. 453–461.

13 Singer D. The Level of Analysis Problem in International Relations // The International System: Theoretical Essays / ed. by K. Knorr and S. Verba. – Princeton: Princeton University Press, 1961. – P. 77–92.

14 Боришполец К. Методы, методики и процедуры прикладного анализа международных отношений // Международные отношения: социологические подходы / под ред. П. Цыганкова. – Москва: Гардарики, 1998. – С. 159–192.

15 Концепция внешней политики Республики Казахстан на 2014 – 2020 годы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1400000741>

16 Конституция Республики Казахстан // 10 лет независимости Республики Казахстан: сборник законодательных актов. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001. – С. 386–416.

17 Закон Кыргызской Республики «О межгосударственном использовании водных объектов, водных ресурсов и водохозяйственных сооружений Кыргызской Республики» // http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=78

18 Закон национальной безопасности РК 1998 г // <http://adilet.zan.kz/rus/docs>

19 Закон о национальной безопасности РК 2012 г // <http://online.zakon.kz/Docum>

20 Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Заңы. 1993 ж., 9 сәуір (№1500) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930001500_

21 Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Заңы. 2005 ж., 7 қаңтар (№29) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000029_#z5

22 Правительство Республики Казахстан. О реализации Указа Президента Республики Казахстан от 6 июля 2000 г. № 417 О структуре Вооруженных сил Республики Казахстан: Постановление от 3 августа 2000 г. № 1177 // <http://www.zakon.kz/law/ssylki/pp%201177-00.rtf>

23 Соглашение между Правительством Республики Казахстан, Правительством Кыргызской республики и Правительством Республики Узбекистан «О сотрудничестве в борьбе с незаконным оборотом наркотических средств и психотропных веществ и злоупотреблением ими» от 5 апреля

1996 г. // Сборник документов по международному праву / под ред. К. Токаева. – Алматы: САК, 1998. – Т. 1. – С. 541–546.

24 Соглашение между правительствами Республики Казахстан, Киргизской Республикой, Республики Таджикистан и Российской Федерации о ведении переговоров с правительством Китайской Народной Республики по пограничным вопросам от 8 августа 1992 г. // Сборник документов по международному праву / под ред. К. Токаева. – Алматы: САК, 1998. – Т. 1. – С. 566–570.

25 Соглашение о сотрудничестве между правительствами государств членов Шанхайской организации сотрудничества в борьбе с незаконным оборотом оружия, боеприпасов и взрывчатых веществ от 20.08.2008 // Сборник документов по международному праву / под ред. К. Токаева. – Алматы: САК, 1998. – Т. 1. – С. 575–580.

26 Стратегия национальной безопасности Республики Казахстан на 2012–2016 годы // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1100001191>

27 Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы. 2000 ж., 10 ақпан (№334) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U000000334_

28 Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы. 2007 ж., 21 наурыз (№299) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U070000299_#z12

29 Қазақстан Республикасының Әскери доктринасы. 2011 ж., 11 қазан (№161) // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1100000161>

30 Хартия ШОС. Шанхайская организация сотрудничества – десять лет по пути безопасности и сотрудничества. Основные документы ШОС: сборник документов. – Астана, 2011. – С.24–34.

31 Декларация о создании Шанхайской Организации Сотрудничества. Шанхайская организация сотрудничества – десять лет по пути безопасности и сотрудничества. Основные документы ШОС: сборник документов. – Астана, 2011. – С.20–23.

32 Бишкекская Декларация глав государства Республики Казахстан, Китайской народной Республики, Киргизской Республики, Российской Федерации и Республики Таджикистан от 25.08.1999 // <http://www.sectsco.org>

33 Душанбинская декларация глав государств Республики Казахстан, Китайской Народной Республики, Киргизской Республики, Российской Федерации и Республики Таджикистан от 5. 07.2000 // Жэньминь Жибао. 2002. – 19 сентября.

34 Совместная декларация Российской Федерации и Китайской Народной Республики от 2 декабря 2002 г. Китай, Пекин // <http://www.Russia.org.cn/rus/?SID>

35 Астанинская декларация десятилетия Шанхайской организации сотрудничества. 15.06.2011 г. // <http://www.sectsko.org/RU123/show.asp?id=474>

36 Бишкекская декларация глав-государств-членов Шанхайской организации сотрудничества. 13.09.2013 г. // <http://www.sectsko.org/RU123/>

37 Соглашение между государствами-членами ШОС о Региональной антитеррористической структуре от 07.06.2002 // Шанхайская организация сотрудничества – десять лет по пути безопасности и сотрудничества. Основные документы ШОС: сборник документов. – Астана, 2011. – С.153–155.

38 Соглашение между государствами — членами Шанхайской организации сотрудничества о сотрудничестве в борьбе с незаконным оборотом наркотических средств, психотропных веществ и их прекурсоров от 17.06.2004 // http://www.mid.ru/BDOMP/spm_md.nsf/0/CAECF025955A692

39 Соглашение между Российской Федерацией, Республикой Казахстан, Киргизской Республикой, Республикой Таджикистан и Китайской Народной Республикой о взаимном сокращении вооруженных сил в районе границы от 25.04.1997 // http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z980000243_

40 Соглашение между Российской Федерацией, Республикой Казахстан, Киргизской Республикой, Республикой Таджикистан и Китайской Народной Республикой об укреплении доверия в военной области в районе границы от 26.04.1996 // http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z960000057_

41 Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом от 15.06.2001 // Шанхайская организация сотрудничества – десять лет по пути безопасности и

сотрудничества. Основные документы ШОС: сборник документов. – Астана, 2011. – С.166–175.

42 Конвенция Шанхайской организации сотрудничества против терроризма (Екатеринбург, 16 июня 2009 г.) // <http://nac.gov.ru/content/3899.html>

43 Соглашение между Российской Федерацией и Китайской Народной Республикой о российско–китайской государственной границе на ее Западной части от 3.09.1994 // http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z990000003_

44 Соглашение между Республикой Казахстан и КНР о казахстанско–китайской государственной границе от 26.04.1994 // <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002331>

45 Соглашение между Киргизской Республикой и Китайской Народной Республикой о киргизско–китайской государственной границе от 13.08.1999 // http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=4948

46 Президент Республики Казахстан. Казахстан–2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: Послание Президента народу Казахстана // Казахстанская правда. – 1997. – 11 октября.

47 Президент Республики Казахстан. Стабильность и безопасность страны в новом столетии: Послание народу Казахстана // Казахстанская правда. – 1999. – 15 декабря.

48 Назарбаев Н.Ә. ШЫҰ Шанхайдан Астанаға дейінгі үлкен жолды басып өткен халықаралық қатынастарда бірегей институтқа айналды // <http://www.inform.kz/kaz/article/2388098>

49 Президент Республики Казахстан. Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации. Послание народу Казахстана // Казахстанская правда. – 2005. – 19 февраля.

50 Выступление И.Каримова на саммите ШОС в 2007 г. // <http://www.compatriot/61115>

51 Пресс–конференция Исполнительного секретаря ШОС Чжан Дэгуана от 1 июля 2005 Электронный документ. / Сайт ШОС. URL: <http://www.sectso.org>

52 Интервью Генерального Секретаря ШОС Б. Нурғалиева газете «Жэньминь жибао» от 18.01.2007. Электронный документ.

// ЖЭньминь жибао. URL:
<http://russian.peopledaily.com.cn/31521Z5296937>.

53 Интервью Генерального секретаря ШОС Б. Нурғалиева французской телекомпании «КАПА» от 4 июня 2007 года Электронные документ. / Сайт ШОС. URL:
<http://www.sectSCO.org/html/01388.html>

54 Интервью Генерального секретаря ШОС Б. Нурғалиева корреспонденту газеты «Российская газета» от 3 марта 2008 Электронные документ. URL: <http://infoshos.ru/ru/?idn=1494>

55 Интервью генсека ПАТС ШОС Иманалиева РИА Новости 3 июня 2010 года РИА новости. URL:
<http://www.rian.ru/defensesafety/20100603/>

56 Интервью Н. Бордюжа российскому телеканалу «Россия 24» от 09.09.2010 Электронный документ. / Вести 24. URL:
<http://www.vesti.ru/doc>.

57 Интервью директора исполнительного Комитета ПАТС Дженисбека Джумабекова корреспонденту информационного агентства «Жахон» от 29.04.2010. URL:
<http://www.centrasia.ru/news>

58 Военный энциклопедический словарь. – Москва: Большая российская энциклопедия, РИПОЛ–Классик, 2001. – 1664 с.

59 The Military Balance (2005–2006). – London: Oxford University Press, 2005. – 448 p.

60 The Military Balance (2006–2007). – London: Oxford University Press, 2006. – 447 p.

61 Akiner Sh. Central Asia: New Arc of Crisis? – London: Institute for Defence Studies, 1993. – 79 p.

62 Dani A. New Light on Central Asia. – Delhi, Renaissance Publications House, 1993. – 208 p.

63 Gleason G. Federalism and Nationalism: The Struggle for Republican Rights in the USSR. – Boulder: Westview Press, 1990. – 170 p.

64 Fuller G. Central Asia: The New Geopolitics. – Santa Monica: Rand Corporation, 1992. – 86 p.

65 Critchlow J. The Ethnic Factor in Central Asia Foreign Policy. – Washington, D.C.: College Park (MD): Russian Littoral Project, 1993. – 27 p.

66 Gillet Ph. Ethnic Balance and Imbalance in Kazkahstan's Regions // Central Asia Monitor. – 1993. – № 3. – P. 17–23.

67 Managing Ethnic Tension in the Post-Soviet Space. The Examples of Kazakhstan and Ukraine. A Reference Guide / ed. by M. Drohobycky. – Washington, D.C.: AAAS, 1995. – 197 p.

68 Baryliski R. The Russian Federation and Eurasia's Islamic Crescent // Europe-Asia Studies. – 1994. – Vol. 46, № 3. – P. 389–416.

69 Pipes D. The Event of Our Era: Former Soviet Muslim Republics Change the Middle East // Central Asia and the World / ed. by M. Manbelbaum. – New York: Council on Foreign Relations Press, 1994. – P. 47–93.

70 Critchlow J. Uzbekistan and the West: Time for a New Departure // Central Asia Monitor. – 1993. – № 5. – P. 17–21.

71 Dannreuther R. Creating New States in Central Asia. – London: IISS, 1994. – 83 p.

72 Roy O. The New Central Asia: The Creation of Nation. – New York: I.B.Tauris, 1998. – 256 p.

73 Rashid A. Jihad: The Rise of Militant Islam in Central Asia. – New Haven: Yale University Press, 2002. – 282 p.

74 Peimani H. Regional Security and the Future of Central Asia: The Competition of Iran, Turkey and Russia. – London: Praeger, 1998. – 151 p.

75 Heuer B. Schmeizttiegel Zentralsaien // Internationale Politik. – 1999. – № 9. – 36 p.

76 Starr F. The War Against Terrorism and US Bilateral Relations with Central Asia // Testimony to the U.S. Senate, Committee on Foreign Relation, Subcommittee on Central Asia and the Southern Caucasus December 2001. – http://www.cacianalyst.org/Publications/Starr_Testimony.htm.

77 Panner B. Step Back for Democracy: Kazakhstan // Transition. – 1995. – Vol. 1, № 11. – P. 62–66.

78 Bremer I., Welt C. The Trouble with Democracy in Kazakhstan // *Central Asian Survey*. – 1996. – Vol. 15, № 2. – P. 179–199.

79 Barylski R. Central Asia and Post Soviet Military System in the Formative Years: 1992 // *Central Asia Monitor*. – 1992. – № 6. – P. 18–19.

80 Allison R. *Military Forces in the Soviet Successor States: An Analysis of the Military Policies, Force Dispositions and Evolving Threat Perceptions of the Former Soviet States*. – London: Brassey's (UK) Ltd, 1993. – 86 p.

81 Allison R. *Central Asian Military Reform: National, Regional and International Influences* // *Oil, Transition and Security in Central Asia* / ed. by S. Cummings. – London and New York: Routledge Curzon, 2003. – P. 219–233.

82 McDermott R. The Armed Forces of the Republic of Uzbekistan 1992–2002: Threats, Influences and Reform // *Journal of Slavic Military Studies*. – 2003. – № 16 (2). – P. 27–50.

83 McDermott R. The Crisis in the Kazakh Armed Forces // *Central Asia and the Caucasus*. – 2002. – N 4 (22). – P. 65–75.

84 O'Malley W., McDermott R. *Kyrgyzstan's Security Tightrope: Balancing its Relations with Moscow and Washington* // *The Journal of Slavic Military Studies*. – 2003. – N 16 (3). – P. 72–111.

85 Giragosian R., McDermott R. *US Military Engagement in Central Asia: "Great Game" or "Great Gain"* // *Central Asia and the Caucasus*. – 2004. – № 1 (25). – P. 53–61.

86 Brzezinski Z. *The Grand Chessboard. American Primacy and Its Geostrategic Imperatives*. – New York: Collins, 1997. – 223 p.

87 Olcott M. *Central Asia's Second Chance*. – Washington, DC: Carnegie Endowment, 2005. – 389 p.

88 Jonson L., Allison R. *Central Asian Security: Internal and External Dynamics* // *Central Asian Security: The New International Context* / ed. by L. Jonson and R. Allison. – New York: Brookings Institution Press. London: Royal Institute of International Affairs, 2001. – P. 1–23.

89 Коппитерс Б. Партнерство ради мира с Центральной Азией // *Этнические и региональные конфликты в Евразии: в 3*

кн.: Кн. 3 Международный опыт разрешения этнических конфликтов / под ред. Б. Коппитерса, Э. Ремакля, А. Зверева. – Москва: Весь мир, 1997. – С. 181–206.

90 Rorder Ph. From Hierarchy to Hegemony: The Post-Soviet Security Complex // Regional Orders: Building Security in a New World / ed. by D.Lake and P.Morgan. – Pennsylvania: The Pennsylvania State University Press, 1997. – P. 219–244.

91 Jotun P. Regionalization in Caucasia and Central Asia // Regionalization in a Globalizing World: A Comparative Perspective on Forms, Actors and Processes / ed. by M. Schulz, F. Söderbaum and J. Öjendal. – London and New York: Zed Books, 2001. – P. 100–124.

92 Buzan B. People, States and Fear: An Agenda for International Security Studies in the Post-Could War Era. – Hemel Hempstead: Harvester Wheatsheaf, 1991. – 393 p.

93 Alison R. Regionalism, regional structures and security management in Central Asia / R. Alison // International Affairs. 2004. – Vol. 80, No. 3. – P. 463–483.

94 Murphy T. East of the Middle East: The Shanghai Cooperation Organization and U. S. Security Implications Electronic document. // Electronic library Columbia University. URL: <http://www.ciaonet.org/wps/cdilQ00/index.html>.

95 Goldsmith B. Here There Be Dragons: The Shanghai Cooperation Organization. Electronic document. / Electronic library Columbia University. URL: <http://www.ciaonet.org/wps/cdi014/index.html>

96 Feigenbaum E. The Shanghai Cooperation Organization and the Future of Central Asia Electronic document. / US Department of State. URL: <http://www.state.gov/p/sca/rls/rm/2007> (дата обращения 20.04.2007).

97 Lanteigne M. The Development of the Shanghai Cooperation Organization as a Security Community / M. Lanteigne // Pacific Affairs. 2006. Vol. 79, – No.1. – P. 605–623.

98 Гуанчэн Син. Шанхайская организация сотрудничества в борьбе с терроризмом, экстремизмом и сепаратизмом // Центральная Азия и Кавказ. – 2002. – №4(22). – С. 13–21.

99 Гуан, Пан Шанхайская организация сотрудничества в контексте международной антитеррористической компании // Центральная Азия и Кавказ. – 2003. – №3(27). – С. 56–62.

100 Хрусталева М. Центральная Азия во внешней политике России. – Москва: Московский государственный институт международных отношений, 1994. – 38 с.

101 Боришполец К. Центральная Азия как региональная подсистема международных отношений // Восток/Запад: региональные подсистемы и региональные проблемы международных отношений / под ред. А. Воскресенского. – Москва: Российская политическая энциклопедия, 2002. – С. 184–212.

102 Воскресенский А., Малетина Н. Азиатско-Тихоокеанский регион и Центральная Азия – контуры безопасности. – Москва: Российская политическая энциклопедия, 2002. – 355 с.

103 Мукамджанова Р. Страны Центральной Азии: Азиатский вектор внешней политики. – Москва: Научная книга, 2005. – 206 с.

104 Боронин О. К вопросу о приоритетах российской политики в постсоветской Центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. – 2003 – №3 (27). – С. 96–106.

105 Поляков С. Нужны ли России среднеазиатские русские // Россия и Восток: проблемы взаимодействия / под ред. С. Панарина. – Москва: Туран, 1993. – Ч. 1. – С.46–56.

106 Панарин С. Центральная Азия: интеграционный потенциал и перспективы миграции // Миграция русскоязычного населения из Центральной Азии: причины, последствия, перспективы: научные доклады Московского Центра Карнеги. – Москва: Центр Карнеги, 1998. – С.11–40.

107 Ислам в СНГ / под ред. А. Малашенко. – Москва: Институт востоковедения РАН, 1998. – 176 с.

108 Дружиловский С. Исламская модель развития как альтернатива вестернизации восточного общества (вопросы теории и практики) // Мусульманские страны у границ СНГ / под ред В. Белокреницкого и А. Егорова. – Москва: Крафт, 2001. – С. 96–115.

109 Мальшева Д. США и Россия на постсоветском востоке: что впереди? // Центральная Азия и Кавказ. – 2003. – №1 (25). – С.117–127.

110 Шарапова С. Треугольник США – Западная Европа – Россия и Центральная Азия // Центральная Азия и Кавказ. – 2003. – №1 (25). – С. 73–82.

111 Трофимов Д. Россия и США в Центральной Азии: проблемы, перспективы, интересы // Центральная Азия и Кавказ. – 2003. – №1 (25). – С. 82–94.

112 Зонн И., Жильцов С. Россия и США в Центральной Азии и на Кавказе: поиск региональной стабильности // Центральная Азия и Кавказ. – 2003. – №1 (25). – С. 127–136.

113 Агафонов Г. Д. Взаимодействие России с Китаем и другими партнерами по Шанхайской организации сотрудничества. – М.: ИДВ РАН, 2008. – 180 с.

114 Васильев Л.Е. Проблемы безопасности в Центральной Азии: борьба с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом в формате ШОС // Шанхайская организация сотрудничества: к новым рубежам развития. М.: ИДВ РАН, 2008. – С. 224–246.

115 Васильев Л.Е. Проблемы безопасности в восточной Евразии. Борьба с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом. – М.: Учреждение Российской академии наук Институт Дальнего Востока РАН, 2009. – 172 с.

116 Комиссина И.Н., Куртов А.А. Шанхайская организация сотрудничества: становление новой реальности. – М.: РИСИ, 2005. – 119 с.

117 Клименко А.Ф. О некоторых организационных мерах в военной области по подготовке ШОС к нейтрализации вызовов и угроз // Россия и Китай в Шанхайской организации сотрудничества. – М.: ИДВ РАН, 2006. – С. 185–210.

118 Клименко А.Ф. Стратегическое партнерство между Россией и Китаем в Центральной Азии и некоторые пути совершенствования региональной системы безопасности // Проблемы Дальнего Востока. – 2005. – №2. – С. 18–24.

119 Клименко А.Ф. Стратегия развития Шанхайской организации сотрудничества: проблемы обороны и безопасности. – М.: ИДВ РАН, 2008. – 347 с.

120 Боровой В. Р. Возникновение Шанхайской организации сотрудничества и стратегия КНР в Центральной Азии // Вестник БГУ. – 2004. – № 3. – С. 35–40.

121 Логвинов Г.А. Шанхайская организация сотрудничества качественный шаг вперед // Проблемы Дальнего Востока. – 2002. – №5. – С. 614–625.

122 Совастеев В.В. Шанхайская организация сотрудничества (ШОС): генезис и основные тенденции развития // Вестник Морского государственного университета. Серия обществоведческие науки. – 2006. – № 11. – С. 63–69.

123 Троицкий Е.Ф. Становление и развитие шанхайской организации сотрудничества (2000–2007 гг.) // Вестник Томского государственного университета. – 2009. – №323. – С. 180–182.

124 Троицкий Е.Ф. Центральная Азия в системе международных отношений (1992 — 2009 гг.): автореф. ... док. ист. наук. – Томск: ТГУ, 2010.–43 с.

125 Болятко А.В. Вопросы дальнейшего развития ШОС в области безопасности // Шанхайская организация сотрудничества: взаимодействие во имя развития. – М., 2006. – С.59–68.

126 Змеевский А.В. Шанхайская конвенция о борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом // Московский журнал международного права. 2001.– №4.– С. 3–10.

127 Морозов Б. Влияние ближневосточного кризиса на национальные интересы государств ШОС // Проблемы Дальнего Востока. – 2012. – № 4. – С. 27–40.

128 Рускова О.Ф., Русков В.М. Стратегия soft power в дискурсивном комплексе государств–членов ШОС // Философия образования. – 2013. – № 6. – С. 112–119.

129 Воробьев В. Некоторые аспекты подготовки стратегии Шанхайской организации сотрудничества // Международная жизнь. – 2013. – № 7. – С. 126–132.

130 Барский К. Шанхайская организация сотрудничества накануне саммита в Бишкеке: основные задачи момента // Международная жизнь. – 2013. – № 5. – С. 18–36

131 Лузянин С. Российско–китайские измерения Шанхайской организации сотрудничества. Модель – 2013 г. // Проблемы Дальнего Востока. – 2013. – № 3. – С. 42–49.

132 Быков А.В. Экономическое сотрудничество в рамках ШОС. – М., 2011. – 230 с.

133 Касенов У. Безопасность Центральной Азии. – Алматы: Университет «Кайнар», 1998. – 280 с.

134 Лаумулин М. Казахстан: гражданский фактор в формировании политики национальной безопасности // Гражданский контроль национальной политики безопасности: Опыт стран СНГ / под ред. Р. Домисевич, Ю. Назаркина. – Москва: DCAF, 2004. – С. 172–188.

135 Лаумулин М. Стратегия и интересы Запада в Центральной Азии: «старая» и «новая» геополитика // Безопасность Центральной Азии и интересы внешних сил. – Москва: ЦСПИ, Фонд Р.Люксембург, МИСП. – 2004. – С. 67–92.

136 Лаумулин М. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика, политология. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан и Информационно–аналитический центр «Континент», 2000. – 477 с.

137 Лаумулин М. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2005. – 704 с.

138 Лаумулин М. ШОС – «грандиозный геополитический блеф»? Взгляд из Казахстана. – Алматы, 2006. – 20 с.

139 Военно–политическая расстановка сил в Каспийско–Центральноазиатском регионе / под ред. М. Ашимбаева. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2003. – 207 с.

140 Бакаев Л. Военно–политическая безопасность Казахстана // Центральная Азия и Кавказ. – 1999. – № 3 (4). – С. 64–73.

141 Дубовцев Г. Фронт без линии фронта // Континент. – 2001. – № 21 (59). – С. 16–19.

142 Дубовцев Г. Военно–политические аспекты региональной стабильности: Место и роль Казахстана // <http://www.kisi.kz/old/Parts/NatSec/12–24–02Dubovsev.html>

143 Военно–политические конфликты в Центральной Азии / под ред. Е. Карина. – Алматы: Центральноазиатское агентство политических исследований, 2000. – 120 с.

144 Бурнашев Р. О возможности системы региональной безопасности в Центральной Азии (методологические аспекты) // Центральная Азия и Кавказ. – 2001. – № 1 (7). – С. 14–25.

145 Бурнашев Р. Динамики присутствия НАТО в Центральной Азии: Анализ на основе теории регионального комплекса безопасности // США и страны Центральной Азии: реалии и перспективы взаимоотношений. – Алматы: Казахский национальный университет им. аль Фараби, 2004. – С.26–37.

146 Акимбеков С. Афганский узел и проблемы безопасности в Центральной Азии. – Алматы: Континент, 2003. – 399 с.

147 Сыроежкин К. Л. Мифы и реальность этнического сепаратизма в Китае и безопасность Центральной Азии. – Алматы: Дайк–Пресс, 2003. – 733 с.

148 Сыроежкин К.Л. Проблемы Современного Китая и безопасность в Центральной Азии. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2006. – 299 с.

149 Сыроежкин К.Л. Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений: Монография. – Астана – Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2014. – 432 с.

150 Турсунбаев Т.А. Международные связи Республики Казахстан (1990–2000). – Москва: Эконом–информ, 2002. – 232 с.

151 Турсунбаев Т.А. Развитие независимого Казахстана в условиях современного глобального мира. – Алматы: Wink, 2006. – 252 с.

152 Хафизова К. Сепаратизм в Синьцзян–уйгурском автономном районе Китая: динамика и потенциал влияния на ситуацию в Центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. – 2003. – № 1 (25). – С. 7–20.

153 Ибрашев Ж. Политика нового соседства // Европейский диалог. – 2004. – № 2. – С. 12–14.

154 Байзакова К.И., Узыханова А. Угрозы национальной безопасности стран Центральной Азии и военно–политическое соперничество великих держав // Вестник КазНУ. Серия Международные отношения и международное право. – 2003. – № 4 (12). – С. 33–38.

155 Байзакова К.И. Сотрудничество Казахстана и России в рамках Договора о коллективной безопасности // Центральная Азия и Кавказ. – 2004. – №2 (32). – С. 97–102.

156 Байзакова К. Роль государства в борьбе в международным терроризмом // Сборник материалов научно–практической конференции «Европейский Союз и Центральная Азия: подходы к борьбе с международным терроризмом». – Алматы, 2003. – С. 42–49.

157 Кукеева Ф.Т. Партнерств США и ЕС в борьбе с международным терроризмом // Европейский диалог. – 2002. – №3. – С. 17–22.

158 Kukeeva F.T. Central Asia and the USA (Central Asian Views on the Support of democracy) // Безопасность через сотрудничество: теория, методология, практика. – Алматы, 2006. – С. 81–90.

159 Губайдуллина М.Ш. Каспийский региона в стратегии энергетической безопасности Европейского Союза // Центральная Азия во внешней политике Европейского Союза / под ред. Ж. Ибрашева. – Алматы, 2004. – С. 153–165.

160 Губайдуллина М. Новые глобальные вызовы и тредности интеграционных усилий стран Центральноазиатского региона // ОБСЕ: Хартия европейской безопасности: сборник материалов научно–практической конференции / под ред. Ж. Ибрашева. – Алматы, 2000. – С. 47–53.

161 Губайдуллина М. Геополитические контуры Центральной Азии: факторы и риски // Казахстан–спектр. – 2000. – № 1 (11). – С. 101–116.

162 Мовкебаева Г., Курганбаева А. Центральная Азия: геополитический дискурс // Интересы ЕС, КНР, России и США в

Центральной Азии: материалы круглого стола. – Бишкек, 2004. – С. 14– 60.

163 Сапанов С. Исторические и духовно-культурные аспекты проблемы безопасности в Центральной Азии // Европейский Союз: десять лет после Маастрихта: сборник материалов международных научно-практической конференции и семинара, посвященных десятилетию подписания Маастрихтского договора. – Алматы, 2002. – С. 55-56.

164 Макашева К.Н. ШОС и СВМДА как механизмы обеспечения региональной безопасности // Казахстан в глобальных процессах. – 2011. – №1. – С.101-103.

164 Макашева К.Н. Шанхайская организация сотрудничества и вопросы интеграции в области образования // Қазақ өркениеті=Казахская цивилизация. – 2011. – № 3. – С. 56-61.

166 Борьба с терроризмом и религиозным экстремизмом: опыт США и НАТО для Центральной Азии / под ред. К. Байзаковой и Ф. Кукеевой. – Алматы, 2006. – 218 с.

167 Байзакова К.И. Роль Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в определении внешнеполитического курса страны в сфере региональной безопасности // Казахстанское общество и проблемы обеспечения безопасности в условиях глобализации: сборник мат. семинара – круглого стола.– Алматы, 2012 – №1. – С.10–18 .

168 Байзакова К.И. Роль ШОС в противодействии угрозам и вызовам региональной безопасности // Шанхайская Организация Сотрудничества Как перспективный механизм многостороннего взаимодействия в Центральной Азии: основные достижения и проблемы деятельности. Сборник мат. круглого стола института Востоковедения. – Алматы, 2012. – №1. – С. 82 – 87.

169 Байзакова К.И. Вопросы обеспечения региональной безопасности в Центральной Азии и деятельность ШОС // 10th International Conference On The Crossroad Of Civilization: Aspects Of Language, Culture And Society. – 2013. – №1. – С. 224 – 231.

170 Байзакова К.И. Процесс вовлечения ШОС в афганское урегулирование // Проблемы безопасности в Центральной Азии и

перспективы урегулирования Афганского кризиса после 2014 года. Сборник материалов межд. научно–практич. конф. – Алматы, 2013. – №1. – С.11 – 19.

171 Европейский Союз и Центральная Азия / под ред. Ж. Ибрашева. – Алматы, 2000. – 353 с.

172 Ибрашев Ж. Осмысление паназицентризма // Безопасность через сотрудничество: теория, методология, практика. – Алматы, 2006. – С.10–13

173 Черных И. Международный терроризм и политика в области безопасности государств Центральной Азии: дискурсивный анализ // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. – 2007. – №1. – С. 38–44.

174 Черных И. Эволюция восприятия безопасности в Центральной Азии: дискурсивный анализ // Казахстан–Спектр. – 2006. – №3. – С.43–51.

175 Жабина Ж.Р. Роль международных организаций в глобальном мире // Саясат–Policy. – 2009. – С. 19–22.

176 Жабина Ж.Р. Международные организации: политика и основные факторы усиления их роли и значения // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия Международная жизнь и политика. – 2010. – № 2. – С. 32–40.

177 Смагулова Г.М. ЕҚЫҰ қызметіндегі демократияландыру мәселелері аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ретінде (Орталық Азия мысалында) // ОБСЕ и вызовы региональной безопасности. Сборник материалов междунар.науч.–практ.конф., 18 ноября 2008 г. – Алматы, 2009. – С.230–236.

178 Смагулова Г.М. Интеграционная политика Казахстана как один из факторов стабильности в Центральноазиатском регионе // Мир Центральной Азии–3: сб.науч.ст.–Улан–Удэ; Иркутск: Оттиск, 2012. – С.234–236.

179 Становление и развитие социально–экономических, политических и правовых механизмов обеспечения безопасности личности, общества и государства в современном Казахстане. – Алматы: Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, 2004. – 96 с.

180 ШОС и проблемы безопасности и сотрудничества в Центральной Азии: материалы междунар. научно-практ. конф. – Алматы.: КИСИ при Президенте РК. – 2008. – 152 с.

181 Председательство Казахстана в ШОС в 2010-2011 гг.: материалы междунар. научно-практ. Конф. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2011. – 108 с.

182 Омаров Н. На пути к глобальной безопасности: Центральная Азия после 11 сентября 2001 года. – Бишкек: Кыргызско–русский славянский университет, 2002. – 87 с.

183 Омаров Н. Внешняя политика Кыргызской Республики в эпоху «стратегической неопределенности». – Бишкек: Илим, 2005. – 320 с.

184 Омаров Н. Гуманитарные аспекты безопасности Кыргызской Республики в XXI веке: вызовы и ответы. – Бишкек, 2001. – 119 с.

185 Омаров Н. Основные этапы становления системы безопасности и антитеррористической деятельности государств Центральной Азии в 90–е годы 20–го – начале 21–го веков // Предупреждение проявлений экстремизма в странах Центральной Азии / под ред. Б. Нурмухамедова и Э. Полетаева. – Алматы, 2004. – С. 51–60.

186 Иманалиев М. Центральная Азия в системе совместной безопасности // Центральная Азия и Кавказ. – 1999. – № 3 (4). – С. 19–23.

187 Молдалиев О. Религиозный экстремизм и ислам // Предупреждение проявлений экстремизма в странах Центральной Азии / под ред. Б. Нурмухамедова и Э. Полетаева. – Алматы, 2004. – С. 61–72.

188 Мирсайитов И. К вопросу о противодействии распространению идей «Хизб–ут–Тахрир» в Кыргызстане // Казахстан–Спектр. – 2006. – № 3 (37). – С. 31–38.

189 Князев А. Афганский кризис и безопасность в Центральной Азии: XIX – начало XXI в. – Душанбе, 2004. – 639 с.

190 Афганистан и безопасность Центральной Азии / под ред. А. Князева. – Бишкек: Илим, 2004. – 166 с.

191 Абдуллаев Е. Устойчивое неравновесие: Отношения с Россией в политике Узбекистана // Международные процессы. – 2005. – № 3 (2). – С. 12-16.

192 Сайфулин Р. Узбекистан: формирование системы управления безопасностью и роль гражданского контроля // Гражданский контроль национальной политики безопасности: Опыт стран СНГ / под ред. Р. Домисевича, Ю. Назаркина. – Москва: DCAF, 2004. – С. 267–306.

193 Арипов Э. Внешнеполитические аспекты деятельности Конгресса США в контексте глобального политического развития (на примере Центральной Азии и Кавказа): автореф. ... канд. полит. наук. – Ташкент, 2001. – 27 с.

194 Хамраев Ф. Влияние американского фактора на политику России и Китая в Центральной Азии // Политика США в Центральной Азии. – Алматы, 2003. – С. 33–46.

195 Киндалов В., Лиманов О. Россия и Китай в Центральной Азии: изменяющаяся геополитическая ситуация // Центральная Азия и Кавказ. – 2003. – № 3 (27). – С. 83–89.

196 Babadjanov B. Islam in Uzbekistan: From the Struggle for «Religious Purity» to Political Activism // Central Asia: A Gathering Storm?. – New York: M.E. Sharpe, 2002. – P. 299–332.

197 Rothschild E. What is Security? – Daedalus. – 1995. – Vol.124, Iss 3. – 260 p.

198 Walt S.M. Alliance Formation and the Balance of World Power. // International Security. – 1985. – Vol. 9, N. 4. – P.201–212.

199 Walt S.M. Revolution and War. Ithaca: Cornell University Press, 1996. – 255 p.

200 Цыганков П.А. Теория международных отношений. – М., 2002. – 269 с.

201 Воскресенский А.Д. Восток/Запад: Региональные подсистемы и региональные проблемы международных отношений. – М., 2002. – 307 с.

202 Ефимова К.А. Модели взаимодействия неравновесных участников МО (на примере Китая, Индии и Мьянмы). – М., 2004. – 260 с.

203 Богатуров А.Д. Великие державы на Тихом океане. История и теория международных отношений в Восточной Азии после Второй мировой войны. 1945–1995. – М.: Сьюита. – 353 с.

204 Аристотель Поэтика; Риторика; О душе. – М.: Мир книги, Литература, 2007. – 400 с.

205 Гоббс Т. Сочинения: в 2 т./ пер. с лат. и англ.– М.: Мысль, 1991.– Т.2. – 726 с.

206 Локк Дж. Сочинения: в3 т./ пер. с англ. и лат. Т.3. – М., 1988. – 668с.

207 Руссо Ж.Ж. Рассуждение о происхождении и основаниях неравенства между людьми // в кн.: Об общественном договоре. Трактаты / пер. с фр. М.: «КАНОН–пресс», «Кучково поле», 1998. – С. 51–150.

208 Монтескье Ш. Избранные произведения. – М.: Госполитиздат, 1955, – 800с.

209 Макиавелли Н. Государь / пер. с итал. К.А. Тананушко. М.: ООО «Издательство АСТ», 2003. – 704 с.

210 Morgenthau H. Politics Among Nations. The Struggle for Power and Peace. 6th edition. – New York: Knopf, 1985. – 448 p.

211 Morgenthau H. Scientific Man vs Rower Politics. Chicago: Univ. of Chicago Pr., 1974.–430 p.

212 Кант И. К вечному миру // <http://filosof.historic.ru/books/item/f00>

213 Waltz K. Structural Realism after the Cold War // International Security. – 2000. – Vol.25, issue 1. – P. 5–41.

214 Waltz K. Theory of International Politics. – N.Y.: McGraw–Hill. – 1979. – 255 p.

215 Парсонс Т. О структуре социального действия. – М.: Акад.Проект, 2002. – 230 с.

216 Easton D. Systems Analysis of Political Life. – Chicago: University of Chicago Press, 1979. – 265 p.

217 Almond O. The Civic Culture. – Boston: Little, Brown and Company, 1965. – 221 p.

218 Wendt A. Anarchy is What States Make of It. // International Organization. – 1992. – Vol. 46, № 2. – P.69–116.

219 Walker R. One world, many worlds. Struggle for a just world peace. – London, 1998. – 233 p.

220 Huntington, Samuel P. The Clash of Civilizations? // Foreign Affairs. – 1993. – Vol. 72, № 3. – 1993. – P. 22–49.

221 Gilpin R. Global Political Economy: understanding the International Economic Order. – New Jersey: Princeton University Press, 2001. – 260 p.

222 Uliman R. Redefining security // International security. – 1983. – Vol. 76, №1. – P. 249–259.

223 Buzan B. People, States and Fear. – Brighton: Wheatsheaf, 1983. – 262 p.

224 Коэн Р. Безопасность на базе сотрудничества: от индивидуальной безопасности к международной стабильности // Безопасность на базе сотрудничества: новые перспективы международного порядка. – 2001. – №1. – С. 10–16.

225 Михалка М. Безопасность на базе сотрудничества: от теории к практике // Безопасность на базе сотрудничества: новые перспективы международного порядка. – 2001. – №1. – С. 58–69.

226 Коэн Р., Михалка М. Безопасность на базе сотрудничества: новые перспективы международного порядка // Публикация Центра им. Маршалла –George C. Marshall European Center for Security Studies. – Garmisch–Partenkirchen, 2004. – № 3. – P. 63–79.

227 Krasner S. Structural Causes and Regime Consequences: Regimes as Intervening Variables // International Regimes. Ithaca: Cornell University Press, 1983. – P. 1–22

228 Keohane R. O. Nye J. S. Power and Interdependence. – NY.: Longman, 2001. – 334 p.

229 Mearsheimer J. The false promise of international institutions // International security. – 1994–1995. – Vol. 19, №3. – P. 69–83.

230 Ruggie J. G. International Regimes, Transactions, and Change: Embedded Liberalism in the Postwar Economic Order // International Organization. – 1982 (Spring). – Vol. 36., №2. – P. 379–415.

231 Янг О.Р. Политические разрывы в международной системе // Теория международных отношений/ Сост., науч. ред. и коммен. П.А. Цыганкова. М.: Гардарики, 2003. – С.241–250.

232 Security Communities / Ed.by Emanuel Adler and Michel Barnett. Cambridge, 1998. – 230 p.

233 Тилли Ч. Демократия. / пер. на русский язык Т.Б.Менской. – М.: Published by Cambridge University Press, 2007. – 263 с.

234 Väyrynen R. Regional Conflict Formations: An Intractable Problem of International Relations // Journal of Peace Research. – 1984. – N 21 (4). – P. 337–359.

235 Deutsch K., Burrell S., Kann R., Lee M., Lichterman M., Lindgren R., Loewenheim F., van Wagenen R. Political Community and the North Atlantic Area: International Organization in the Light of Historical Experience. – Princeton: Princeton University Press, 1957. – 227 p.

236 Brown W. Politics Out of History. – Princeton: Princeton University Press, 2001.– 193 p.

237 Jayasuriya K. September 11, Security, and the New Postliberal Politics of Fear // Critical Views of September 11: Analyses from around the World/ed. by E. Hershberg and K. Moore. – New York: The New Press, 2002. – P. 131–147.

238 Остин Дж. Слово как действие // Новое в зарубежной лингвистике. Выпуск XVII: Теория речевых актов. – М.: Прогресс, 1986. – С. 22–129.

239 Bourdieu P. Ce que parler veut dire: l'economie des echanges linguistiques. – Paris: Libreire Arthème Fayard, 1982. – 243 p.

240 Schmitt C. Political Theology: Four Chapters on the Concept of Sovereignty. – Massachusetts: MIT Press, 1985. – 70 p.

241 Bartelson J. A Genealogy of Sovereignty. – Cambridge: Cambridge University Press, 1995. – 317 p.

242 Политическая энциклопедия.– М., 1999. – Т.2. – С. 331–332.

243 Deutsch K. On nationalism, world regions and nature of the West. – Oslo–Toronto, 1981. – 250 p.

244 Markusen, A. Regions: Economics and Politics of Territory / A. Markusen. – Rowman and Littlefield Publishes, 1987. – 230 p.

245 Высоцкий А.Ф. Регионализм в международно-правовом регулировании морской деятельности государств. – Киев, 1986. – 366 с.

246 Базилевский Б.Н. Международно-правовые аспекты региональной безопасности. – М., 1983. – 243 с.

247 Стамбулов С.Б., Оразбекова Г.Б. Республика Казахстан и Шанхайская Организация Сотрудничества: история и перспективы развития // Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. – 2012. – №4 (68). – Б.87-93.

248 Доклад Региональной Антитеррористической структуры ШОС Совету глав государств-членов ШОС о деятельности Региональной антитеррористической структуры ШОС в 2004 г. // <http://www.mid.ru/ns-rasia.ns>

249 Гушер А.И. Внутренние вооруженные конфликты и международный терроризм. Взаимосвязь и методы борьбы // http://www.nasledie.ru/terror/25_3/

250 Грибцов И. «Мирная миссия»: предупреждение мировому терроризму // Российское военное обозрение. – М., 2007. – №8 (43). – 53 с.

251 Мухин Ю. «Мирная миссия 2007»: антитеррор в действии // Российское военное обозрение. – М., 2007. – №9 (44). – 63 с.

252 Пономарева А. Страны ШОС готовы начать учения // <http://www.uralpolit.ru>

253 Военные игры ШОС // Российская газета. 18.08.2007.

254 Blomfield A. Putin praises strength of Warsaw Pact 2. <http://www.telegraph.co.uk/news/worldnews/1560604/Putin-praises-strength-of->

255 David L. Stem At Asian Security Meeting, Russian and Iranian Criticize the US // <http://www.nytiems.com/2007/07/17/word>

256 Страны ШОС сотрудничают в сфере борьбы с наркотиками // <http://www.infoshos.ru/ru/?idn=4633>

257 Спецслужбы Таджикистана и Афганистана за год изъяли 900 килограммов // <http://www.infoshos.ru/ru/?idi=7294>

258 Стамбулов С.Б., Дауренова А. Human security контекстіндегі Шанхай ынтымақтастық ұйымының аймақтық саясатының кеңуі // Қазақ Ұлттық университетінің хабаршысы.

Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – 2015. – №2 (70). – Б.49-55.

259 Интервью главы представительства Верховного комиссара по делам беженцев ООН в Казахстане А.К. Гуля 20.06.2002. // <http://www.news.gazeta.kz>

260 Столповский О.А. Проблема уйгурского сепаратизма в китайско–центральноазиатских отношениях или о необходимости постановки новых задач для ШОС // <http://www.easttime.ru/reganalitic/1/184.html>

261 Султанов Р. Киргизские беженцы на узбекской границе // <http://www.rus.ruvr.ru>

262 Раимов А. Страна беженцев // Новые известия. 17.06.2010.

263 Казахстан закрыл границу с Кыргызстаном из-за опасения «цветной революции» и потока беженцев // <http://www.ru.trend.news.politics>

264 Власти центральной Азии борются со вспышками сибирской язвы и тифа // <http://www.asiaplus/news>

265 Онищенко Г.Г. Вспышка полиомиелита в Таджикистане // <http://www.aif.ru>

266 Лоторев А.М. Международные механизмы страхования международных рисков в рамках ШОС // <http://www.budgetrf.ru/publication>

267 ЮНЕП. Доклад «Устранение экологических угроз в Центральной Азии» // <http://www.envsec.org./pub/envsund.pdf>

268 Доклад «Центральная Азия регион Фергана–Ош–Худжанд» // <http://www.envsec.org./pub/envsund.pdf>

269 Президент И. Каримов на заседании ШОС выступил по сирийскому и афганскому вопросу // <http://maxala.org/socium/17419-ikarimov-na-zasedanii>

270 Стамбулов С.Б. Шанхай ынтымақтастық ұйымының шеңберіндегі экономикалық ынтымақтастық; жетістіктері мен проблемалары // ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – 2010. – №1 (57). – Б. 21–25.

271 Рахматулина Г.Г. Потенциал экономического взаимодействия государств ШОС // ШОС в поисках нового

поимания безопасности: междунар. науч. конф. – Алматы, 2008. – С. 101–109.

272 Об участии премьера Госсовета КНР Вэнь Цзябао в 10-й встрече глав правительств стран-членов ШОС // <http://russian.cri.cn/841/2011/10/31/Zt1s40255>

273 Казахстан и ШОС: приоритеты взаимодействия // <http://easttime.ru/analytics/kazakhstan/kazakhstan-i-shos-prioritety-vzaimodeistviya>

274 Додонов В.Ю. Потенциал и перспективы ШОС в процессах повышения глобальной экономической устойчивости // Председательство Казахстана в ШОС в 2010–2011 г.: материалы междунар. научно-практич. конф. – Алматы, 2011. – С. 102–111.

275 Сунь Чжуанчжи. Успехи экономического сотрудничества государств-членов ШОС // http://www.kitaichina.com/se/txt/2011-06/09/content_365978.htm

276 Stambulov S.B., Zhukenova A. S. SCO and NATO: comparative evaluation of the activity in the foreign research // Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series. – 2016. – №1 (81). – P.72-77.

277 Региональная безопасность: геополитические и геоэкономические аспекты (теория и практика). /под.общ.ред. А.В. Возженникова. – М., 2006. – 260 с.

278 Михеев В. Китай: глобализация проблем развития // Год планеты: ежегодник. Экономика, политика, безопасность. – М., 2007. – 280 с.

279 Россия и Китай: взгляд на ШОС // Россия в глобальной политике. – 2009. – №4. – С. 186–189.

280 Каспэ С. Постсоветские нации в саду расходящихся тропок // Россия в глобальной политике. – 2009. – №6. – С.154

281 Фоктистов В.М. Культурно-цивилизационные ценности концепции национальной безопасности КНР в условиях глобализации: дис. ... канд. филос. наук. – Чита, 2007. – 137 с.

282 Совместное заявление участников первой встречи руководителей парламентов государств-членов ШОС // <http://www.russia.org.cn/rus>

283 Никитина Ю.А. ОДКБ и ШОС: модели регионализма в сфере безопасности. – М., 2009. – 263 с.

284 Уразов А. Политика ЕС в странах Центральной Азии // <http://www/centralasia.ru>

285 Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілу көрінісі // <http://www.sarap.kz/index.php/ru/rubikon/114-2013-05-22-05-21-43>.

286 Қазақстан–Узбекистан – спорные территории // <http://www.karty.narod.ru>

287 Чеботарев А.Е. Конфликт интересов в системе между Казахстаном и Узбекистаном // Саясат. – 2000. – С.16–17.

288 Stambulov S.B., Baturina L.L. Revival of the «Silk Road» in the context of regional security in Central Asia // Bulletin of the Karaganda University. History. Philosophy Series. – 2016. – №1 (81). – P.27-33.

289 Демирчи М. Правовой режим Каспийского моря: позиция Ирана // <http://www.iras.ir/russian/Ddefault>

290 Трусбаева Г.А. Геополитические факторы обеспечения национальной безопасности – составные параметры государственной политики Республики Казахстан // Казахстан–спектр. – 2005. – №2. – С.9–16.

291 Қазақстан – численность населения и этнический состав // <http://www.advantour.com/rus/kazakhstan/people.htm>

292 Қайыржан Т. 130 миллион доллардың есірткісі тәркіленді // <http://knb.kz/kz/media/>

293 Қазақстанда 300 мың мигрант заңсыз жұмыс жасап жатыр // Ақпараттық сараптамалық сайт/ <http://serke.org/news/>

294 Сұлтанов Қ., Әбішев Т. Қазақстан Республикасындағы мигранттар құқықтарының ахуалы туралы. – Астана, 2013. – 160 б.

295 Былтыр елімізге үш мыңнан астам шетелдік заңсыз келген // http://m.tengrinews.kz/kaz/kazakhstan_news/891

296 Стамбулов С.Б., Жабина Ж.Р. Позиция КНР во взаимоотношениях с государствами-наблюдателями ШОС // Вестник Казахского национального университета. Серия Международные отношения и международное право. – 2014. – №1 (1). – С. 96-101.

Ғылыми басылым

Стамбулов Серик Бердибаевич

**ШАНХАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ҰЙЫМЫ
ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК**

Монография

Автордың түпнұсқасынан басылды

Басуға 15.08.2018 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16. Қағазы
офсеттік. Көлемі 13,56 б.т. Таралымы 100 дана. Тапсырыс № 83.

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ баспасының баспаханасында басылып шықты
100012, Қарағанды қ., Гоголь к-сі, 38. Тел. (7212) 51-38-20. E-mail: izd_kargu@mail.ru